



1921 жылғы
қыркүйектен
шыға бастады

АҚИҚАТ

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖУРНАЛ

Журнал 1976 жылы Халықтар Достығы орденімен, 2002 жылы Қазақстан Журналистика Академиясының «Алтын Жұлдыз», 2008 жылы Қазақстан Журналистер Одағының сыйлығымен марапатталды

№2, АҚПАН, 2014

МАЗМҰНЫ

ЗАМАНХАТ

Алдан ӘЙІМБЕТОВ. Бізге намыс жетпей тұр.....3

ҚАЗАҚСТАН 2050: МӘНГІЛІК ЕЛ

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ.....5

Қазақстан халқы Ассамблеясының ел азаматтарына үндеуі.....14

Самат ЕСҚАЛИЕВ. Ұлы мақсаттарға жетелейтін Жолдау.....15

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА. Қазақстандық «электронды демократия» мәселелері және болашағы.....17

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

Жания ӘБДІБЕК. Дін және дәстүр.....22

КЕЛЕЛІ КЕҢЕСКЕ ОРАЙ

Зікірия ЖАНДАРБЕК. Салт-дәстүр ұлттың генетикалық коды30

ЕКІ МАҚАЛА – БІР ТАҚЫРЫП

Амангелді АЙТАЛЫ. Ұлтшылдық у ма, бал ма?.....32

Қазақ ұлтсыздығы.....34

САЯСИ САРАПТАМА

Сейілбек МҰСАТАЕВ. Геосаясат – күшті елдердің көкпар тартысы.....39

ЕСКІРМЕГЕН ЕСКІ ХАТ

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ. Қазақ тілі туралы пікір.....44

ЕРКІН ОЙ МІНБЕРІ

Жарас СЕЙІТНҰР. Ұлттық элита қандай болуы керек?.....49

ЗАУАЛ

Нұрлыхан ҚАЛҚАМАН. Қазақ неге қырылды?.....54

МӘНІ ЖОҒАЛМАҒАН МАҚАЛА

Мархабат БАЙҒҰТ. «Беретінін бермесең...».....57

ДҮНИЕТАНЫМ ДИАЛЕКТИКАСЫ

Шыңғыс ЕРГӨБЕК. Интеграция тәуелділік пе тиімділік пе?.....63

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Досай КЕНЖЕТАЙ. Дін және мемлекет қатынасы өтпелі жел емес.....67

БОЯМАСЫЗ ӨМІР	
Иген ӘЙМЕН. Көкейдегі қалың ой.....	70
ТҰЛҒА. ТАҒДЫР. ТАҒЫЛЫМ	
Дидахмет ӘШІМХАНҰЛЫ. Профессор. Редактор. Корректор.....	75
Гүлбиғаш ОМАРОВА. Қазақ өз Толағайынан айырылды.....	77
Шындықты «Казахская правда» айтсын.....	79
ҰЛТТАНУ	
Тұрсынжан ШАПАЙ. Қазақтың жаны.....	82
СЫН СИПАТЫ	
Ақжол ҚАЛШАБЕК. Модернизм мәні.....	83
Гүлзия ПІРӘЛІ. Қазіргі қазақ прозасы және Әуезов дәстүрі.....	87
ӘРІПТЕС ТУРАЛЫ ӘНГІМЕ	
Талғат АЙТБАЙҰЛЫ. Күйінгенде де шығады-ау ащы сөзің.....	91
АҚЫН ТУРАЛЫ СЫР	
Думан РАМАЗАН. Асығы алшысынан түскен ақын.....	94
БІЛГЕНГЕ – МАРЖАН	
Серік ЕРҒАЛИ. Түркілік жыл маусымдары.....	99
ҒАЛЫМ МІНБЕРІ	
Сәуле НҮРКЕЕВА. Мұғалім шеберлігі – оқушы жеңісі.....	101
Күлімхан ЖӘЙШІБЕКОВА. Отбасы тәрбиесінің өзекті мәселелері.....	102
Бақытгүл АҚШАЛОВА. Қазақ тіліндегі кейбір экономикалық терминдердің қолданылу аясы.....	104
Берік КУДИНОВ. Қазақстанның қаржылық-несие жүйесі.....	107
Мақпал АСАНОВА. Инновациялық педагогика қызметін ұйымдастыру.....	110
ОҚЫРМАН ХАТЫ	
Есбол ҮСЕНҰЛЫ. Нәпсі мен нала.....	113
ҚАЛАЙ БОЛСА СОЛАЙ	
Толымбек ӘЛІМБЕКҰЛЫНЫҢ әзіл-оспақ беті.....	115
Жұрналдың орысша, ағылшынша мазмұны.....	116

ҚҰРЫЛТАЙШЫ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ:

«Қазақ газеттері» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор – Редакторлар кеңесінің төрағасы Жұмабек КЕНЖАЛИН

БАС РЕДАКТОР: Аманхан ӘЛІМҰЛЫ

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ: Ораз ҚАУҒАБАЙ, Қыдыралы ҚОЙТАЙ (редактордың орынбасары – жауапты хатшы), Серікқали ХАСАН.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС: Сарбас АҚТАЕВ, Есберген АЛАУХАН, Ерлан АРЫН, Әділ АХМЕТОВ, Бүркітбай АЯҒАН, Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ, Раушанбек ӘБСАТ-ТАРОВ, Ғарифолла ЕСІМ, Бақытжан ЖҰМАҒҰЛОВ, Әбіш КЕКІЛБАЕВ, Уәлихан ҚАЛИЖАН, Ғалымқайыр МҰТАНОВ, Нұрлан НЫҒМАТУЛИН, Серік ПІРӘЛИЕВ, Кенжеғали САҒАДИЕВ, Қуаныш СҰЛТАНОВ, Ерлан СЫДЫҚОВ, Кеңес ҮШБАЕВ, Әбдісағит ТӨТІҒҰЛОВ, Бектұр ТӨЛЕУҒАЛИЕВ, Зарема ШӘУКЕНОВА.

«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» ЖШС-нің облыстардағы өкілдері: Шәрипа БЕКМАМБЕТОВА (Ақтөбе облысы) – 8-713-2-55-31-48, Батырбек МЫРЗАБЕКОВ (Қарағанды облысы) – 8-710-2-90-19-73, Толымбек ЫБЫРАЙЫМ (Астана) – 87013457938 Оразалы ЖАҚСАНОВ (Қостанай облысы) – 87772307184

БІЗГЕ НАМЫС ЖЕТПЕЙ ТҰР

Совет заманында жүрегінде оты бар азаматтар үнсіз, күн көрушілік жолында бұғып келдік емес пе? Менің биографиям да, географиям да өсуге сай емес еді. Оның үстіне жағымпаздықты қаламайтын, турашыл мінезім де бөгет болса керек, жай философияның доценті, кейінірек профессор болып келдім. 60-қа таяғанда ғана кафедра меңгерушісі болдым. Қоғамға деген теріс пікір сонау студенттік шақтан-ақ қалыптаса бастаған еді. КПСС-тің ең озбыр партия екеніне ерте көзім жетті. Лениннің ілімін де, әсіресе, оның ұлт саясатының көзбояу, жалған саясат екенін де тез түсіндім. Күн көру үшін орысша сауатты болуға тырыстым, орыстың өзін үйрететін (еврейлерше) дәрежеге ұмтылдым. Соның арқасында өлшеулі нанымды адал тауып келдім. Ешкімнен пара алған емеспін, пара берген де емеспін.

Жетісудың Бекболат батыры да пайғамбар жасына келгенде найза ұстады емес пе? Мен 60-қа таяғанда қазаққа ел болудың ақтық мүмкіндігі туып, мұнымен қабат сол мүмкіндіктен айырылып қалар қаупі де барлығын түсіндім. Мұның себебі, қазақтың қамын ойлап, толғанып отырған басшылар жоқтың қасы. Әркім өз қамының құлы болып тұрған зар-заман. Бұған қосымша білім де саяз, ақыл да тапшылау болса керек, тек тіл мен жаққа, күшке сүйенушілік. Соңғы Конституцияны қабылдағанда ұлттық идея дегенді өз еркімізбен аластатып, қазақ халқының төбесіне «Қазақстан халқы» дегенді отырғыздық емес пе?.. Ал, енді, экономиканың төте жолы туралы әңгімеге келсек, мен алдымен жоғалтып алған экономика жолына түсу мәселесін алға қояр едім. Сонан кейін ғана соның төте

жолын қарастыруға болар еді. Қазақстан «Ө» дегеннен-ақ экономикаға ешбір қатысы жоқ жабайы да, тұрпайы күн көру жолына түсіп, есеңгіреп тұрса керек. Бұл ретте биік мінберлерден жиі естіліп тұрған жартылай ғылыми, жартылай «сырғай» әңгімелер – бос сөз. Ең үлкен қателігіміз, шаруашылықты ұйымдастыру міндетінен бас тартуымыз. Капитализм осылай екен дейтін жалған түсінушілік. Бұл кешірілмейтін надандық. **Қайсыбір мемлекет болмасын, қай заманның мемлекеті болмасын, ол әрине, саяси ұйым десек те, ең алдымен саяси-экономикалық күш. Осы жағдайды түсінген, халыққа осыны түсіндіретін шын мәнінде білімді маман болмағаны өкінішті-ақ.**

Қысқасы, «асық ойнап» азып, «доп ойнап» тозып тұрамыз. Халық меншігіне жататын елдің бар байлығын ат төбеліндей «атқамінерлер мен дөкейлер», олардың туыс-жекжаттары, тамыр-таныстары, жора-жолдастары әкесінен қалған дүниедей бөлісіп, мәз-мәйрам болып тұрған жағдай. Егер, зейнеткерлердің зейнетақысын, қызметкерлердің жұмыс ақысын төлеуге үкіметтің қауқары жетпей тұрса, қалай сезіктенбеске? Ау, қыруар байлықты сатқанда қырық тесіктің біреуіне де тығын болмады дегенге қалай сенерсің! Мұндай сұрақты басшыларымыз ұнатпайды, қанша қайтала, жұмған аузын ашпақ емес. Жоқ, не десең о де, бұл нарықтық экономика емес, капитализм мұндай болмайды, мұны «құлдық» заман десек шындықтан алыс кетпеспіз.

Капитализмнің ең басты принципі – жекеменшік салтанаты. Дәл осы мәселеге келгенде халық бұқарасына сымбылдың сирағы да бұйырмады. Жекешелендіру дегеніміз, жеке жымқыру болып шықты, ауыл тұрғындары

(олардың басым көпшілігі өзіміз) көзбояушылықтың құрбаны болып қала берді. Менің айтпағым: Жалпыға бірдей мүмкіндік бер. Қазақ күн көру үшін даладан шұбырып қалаға келді. Үкімет тарабынан көмексіз не бітірмек? Бар білгені көтерме базардан зат алып, сату. Бірақ, бұл да оңайға түсіп тұрған жоқ. Милиция қағып кетеді бір, рэкет тонайды екі, аудандық әкімнің аларман-шабармандары қорқаудай тиеді үш. Қысқасы, қайда барса да алдынан шығатыны «Қорқыттың көрі». Мұның салдары белгілі: маскүнемдік, нашақорлық, жезөкшелік, сот, абақты. Жоқ, бұл «құрт-құмырсқа», «қоңыз» күнкөріс өркениеттікке емес, «Ақтабан шұбырындының» жаңа вариантына төте жол.

Мен қазақтың еңіреп өткен ерлері Сырымды, Исатай мен Махамбетті пір тұтам. «Үйде тұрып түзде өлген жігітте арман бар ма екен» дейтін ұл қазақта бар деп сенем, сондай азамат қана оған бас бола алады. Менің міндетім сондай ұлды қайрау, ерлікке, ізгілікке итермелеу, қазаққа қамқорлыққа жетелеу.

Құдай кепіл, мен антисемит емеспін, мені антисемит етіп жүргендер сужүрек, өзгеге жағымпаз өзіміздің қандастарымыз.

Қазақ өлмес жолға түспейінше тақырыбым өзгермейді. Рас, жекебатырлық оңайға түсіп тұрған жоқ. Қазақ ұйқыда, саяси жезөкшелікке түсіп кеткендер де аз емес. Көмек жоқ, тіпті, қолын да қорқа-қорқа береді. Өзара айтсақ, бізге намыс жетпей тұр, қанымыз сұйылып, ағарып барады.

Бас редакторлыққа орыс қауымы шақырды. Ташкенттіктер де жылы ишарат білдірді. Қазақтан мүлдем күдер үзсем, шетелге кетуім мүмкін. Сырым батыр да Хиуаға кетуге мәжбүр болды емес пе? Оның үстіне абсолютті тәуелсіз газет бо-

луы мүмкін емес, оның пайдасынан зияны көбірек болар.

Ұлтаралық татулыққа не жетсін, бірақ, қазақтың тіліне, дініне, ел болуына қарсы халықпен ауыз жаласа алмаймын. Бұл елге шапқан жаумен бірдей емес пе, онымен қалай айналыспақпын?

Ішкі саясат туралы біраз сөз айтылды ғой, сыртқы саясатқа келсек, ол да қилы-қилы кезеңнен өтті-ау. Алғашқыда Ресейге жалтақтаушылық, тіпті, табынушылық та болмады емес.

Қазақ тілінің тағдырына келетін болсақ, оның бірден-бір амалы санамыздың өсуіне тірелер. Егер, қазақ сан жағынан басым болса, ешқандай айтыс-тартыссыз-ақ тіліміз жеңіске жетпек. Бірақ, мұны ойлап тұрған жан бар ма, керісінше, Қазақстанды «тоғыз рудың» торабы болдырғысы келетіндей. Бұған әлсіз көші-қон, азаматтық заңдары айғақ.

Орыс тілді газеттердің мықты демеушілері бар – мемлекет немесе бай орыстар. Ол газеттердің 15-25-30 қызметкерлері бар, дүрілдейтіні осыдан. Мен болсам бастан-аяқ бір өзім, жазушы да, компьютерде теруші де, верстка жасаушы да, суретші де, фотограф та, шофер-механик те, керек десеніз, газет бумаларын тасушы әрі таратушы да өзім. Ал, ақшаны қайдан тауып жүргенімді білесіз бе? Егер, әлемде менен басқа 66 жастағы және бір адам дәл менің халімде халқы үшін азапқа батып, газет шығарып тұрғанын дәлелдесе, мен сол сәтте тоқтаймын. Қазақ халқын аңқаулықты қоюға, саяси деңгейін көтеруге, ақ пен қараны ажырата білуге, ұлтжанды болуға, халқы үшін тозаққа да кетуге дайын болуға, алаштың туы мен іслам дінінің төңірегінде бірігуге шақырамын.

Алдан ӘЙІМБЕТОВ,
«Жас Алаш» газеті, 1989 жыл



Қазақстан жолы – 2050:

БІР МАҚСАТ, БІР МҮДДЕ, БІР БОЛАШАҚ

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың
Қазақстан халқына Жолдауы

Қымбатты қазақстандықтар!

Құрметті депутаттар!

Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті.

Қазақ елі өткен 22 жылда қыруар іс тындырды. Біз үлгілі дамудың өзіндік моделін қалыптастырдық. Әрбір отандасымыздың жүрегінде елімізге деген шексіз мақтаныш сезімін орнықтырдық. Қазақстандықтар ертеңіне, елінің болашағына сеніммен қарайды. Халықтың 97 пайызы әлеуметтік ахуалдың тұрақтылығын және оның жыл өткен сайын жақсара түскенін айтады.

Бүгінде Отанымыздың жетістіктері – әрбір азаматтың ұлттық мақтанышы. Күшті, қуатты мемлекеттер ғана ұзақмерзімдік жоспарлаумен, тұрақты экономикалық өсумен айналысады. «Қазақстан-2050» Стратегиясы – барлық саланы қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолы. Ол – елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын, сынала жүріп шыңдалатын үлкен емтихан. Стратегияны мүлтіксіз орындап, емтиханнан мүдірмей өту – ортақ парыз, абыройлы міндет!

Құрметті отандастар!

XXI ғасырдың Қазақстаны – талантты,

еңбекқор, толерантты халықтың небәрі екі онжылдықта «нөлден» бастап құрған елі. Бұл – біздің бәріміз мақтан тұтатын ортақ жемісіміз! Бұл – біздің шексіз сүйетін ұлы туындымыз!

Біз қазақстандықтардың ел болашағының тұтқасын нық ұстауы үшін «Қазақстан-2050» Стратегиясын қабылдадық. Бүгінде көптеген табысты елдер – Қытай, Малайзия, Түркия ұзақмерзімді жоспар бойынша жұмыс істеуде. XXI ғасырда стратегиялық жоспарлау ең өзекті қағида болып саналады. Егер ел өз бағыты мен баратын айлағын білмесе, ешқандай жел оңынан соқпайды. 2050 Стратегиясы айқын шамшырақ секілді басты мақсатымыздан көз жазбай, азаматтарымыздың күнделікті тіршілігінің мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Бұл біздің 30-50 жылда емес, жыл сайын халық тұрмысын жақсартатынымызды білдіреді.

Стратегия – күннен күнге, жылдан жылға елімізді, қазақстандықтардың өмірін жарқын ете түсетін нақты практикалық істер бағдарламасы. Бірақ нарықтық жағдайда аспаннан нәпақа күтпей, тиімді еңбектену керектігін әркім-ақ түсінуі тиіс. Мемлекеттің міндеті – осыған барлық жағдайды жасау. Мен әлемнің озық елдері арасындағы Отанымыздың лайықты Болашағы ғана қазақстандықтарды мәңгілікке біріктіретініне сенімдімін.

Бүгін мен дамыған 30 елдің қатарына

кіру жоспарымызды ұсынғым келеді. Менің тапсырмам бойынша Үкімет нақты тұжырымдама жобасын жасады. Осы Жолдаудағы менің тапсырмаларым ескеріле отырып жөнделгеннен кейін түпкілікті бекітілетін бұл құжатты жалпы алғанда қолдадым. Көптеген болжамдар бойынша, алдағы 15-17 жыл Қазақстанның ауқымды серпілісі үшін «мүмкіндіктер көзі» болмақ. Бұл кезеңде сыртқы ортаның қолайлылығы, ресурстарға, энергияға және азық-түлікке сұраныстың артуы, Үшінші индустриялық төңкерістің пісіп-жетілуі сақталады. Біз бұл кезеңді пайдалана білуге тиіспіз.

Біз 2050-дің мақсатына қарай күрделі жаһандық бәсекелестік жағдайында ілгерілейміз. Алдағы онжылдықтарда біз қазірдің өзінде біліп отырған сын-қатерлер, жаһандық нарық пен әлемдік саясаттағы болжаусыз жағдайлар, жаңа дағдарыстар аз кездеспейді. ХХІ ғасырда «жеңіл-желпі жүріп өту» деген болмайды. Ғасыр ортасы да таяп қалды. Әлемнің дамыған елдері соған сай нақты стратегияларын дайындауда. ХХІ ғасырдың орта тұсы күрделі болары даусыз, ал жаһандық отыздық тобының тізіміне кіретін үміткерлер саны тым шектеулі болады. Мен «дамыған ел» ұғымының уақытқа сәйкес өзгеріп тұратын категория екенін бірнеше рет айттым. Дамыған елдерде халықтың мүлде жаңа өмір сапасы пайда болуда.

Бүгінде дамығандықтың іргелі көрсеткіштерін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттер көрсетіп отыр. Оған әлемдік ішкі жалпы өнімнің 60 пайыздан астамын өндіретін 34 ел кіреді. ЭЫДҰ-ға кіруге тағы 6 ел – Бразилия, Қытай, Үндістан, Индонезия, Ресей және Оңтүстік Африка Республикасы үміткер болып отыр. Ұйымға мүше барлық елдер терең жаңғыру жолынан өтті, инвестицияның, еңбек өнімділігінің, шағын және орта бизнесті дамытудың, халық өмірі стандарттарының жоғары көрсеткішіне ие болып отыр. Әлбетте, ЭЫДҰ елдерінің болашақ ұзақмерзімді қарқыны ескерілгендегі индикаторлары – жер жүзінің дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру жолындағы біздің базалық бағдарымыз осы.

Мен Қазақстанда ЭЫДҰ-ның бірқатар

қағидаттары мен стандарттарын енгізу жөнінде міндет қойдым. Олар Тұжырымдама жобасында көрініс тапқан.

Экономикада ішкі жалпы өнімнің жыл сайынғы өсімін 4 пайыздан кем қылмау жоспарлануда. Инвестиция көлемін қазіргі 18 пайыздан бүкіл ішкі жалпы өнім көлемінің 30 пайызына дейін ұлғайту керек. Экономиканың ғылыми қамтымды моделін енгізу Қазақстанның экспорттық әлеуетіндегі шикізаттық емес өнімнің үлесін 70 пайызға дейін арттыру мақсатын көздейді.

Экономиканың жоғары технологиялық жаңа салаларын құру ғылымды қаржыландыруды ішкі жалпы өнімнің 3 пайызынан кем емес деңгейге дейін арттыруды талап етеді. Ішкі жалпы өнімнің энергия тұтыну ауқымын 2 есе азайту маңызды. Шағын және орта бизнес 2050 жылға қарай Қазақстанның ішкі жалпы өнімінің қазіргі 20 пайызы орнына кемінде 50 пайызын өндіретін болады. Еңбек өнімділігін 5 есеге – қазіргі 24,5 мыңнан 126 мың долларға дейін арттыру керек.

Әлеуметтік саланы дамытудың 2050 жылға дейін басты бағдарлары нақты индикативті цифрларда көрсетілген. Біз ішкі жалпы өнім көлемін жан басына шаққанда 4,5 есе – 13 мың доллардан 60 мың долларға дейін арттыруымыз керек. Қазақстан халық құрылымында орта тап үлесі басым елге айналады. Урбанизацияның жаһандық үрдісіне орай қалалық тұрғындар үлесі барлық халықтың қазіргі 55 пайызынан 70 пайыздай деңгейге дейін өседі. Қазақстанның қалалары мен елді мекендерін сапалы жолдар мен көліктің барлық түрінің жүрдек бағыттары байланыстырады.

Саламатты өмір салтының орнығуы, медицинаның дамуы қазақстандықтардың өмір сүру ұзақтығын 80 жасқа дейін арттырады. Қазақстан медициналық туризмнің жетекші еуразиялық орталықтарының біріне айналады. Озық және бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін құру аяқталады.

Қазақстан әлемде адамдар үшін қауіпсіз және тұруға жайлы елдің біріне айналуға тиіс. Бейбітшілік пен тұрақтылық, әділ сот және тиімді құқық тәртібі дегеніміз – дамыған елдің негізі.

Құрметті отандастар!

Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 ел-

дің қатарына кіру тұжырымдамасында алдағы жұмыстың ұзақмерзімді басымдықтары белгіленген. Біз мына басым бағыттар бойынша бірқатар мәселелерді шешуіміз керек.

Бірінші. Инновациялық индустрияландыру трендін түзеу және күшейте түсу маңызды. Мен Үкіметке 2016-2019 жылдарға арналған Үдемелі индустрияландырудың Екінші бесжылдығы жобасы жөнінде бірқатар тапсырмалар бердім. Индустрияландыру басымдықтары санын шектеу керек.

Бізге дәстүрлі өндіруші секторлар тиімділігін арттыру маңызды. Бұлар – біздің бәсекедегі табиғи артықшылықтарымыз. Бізге мұнай-газ секторының экспорттық әлеуетін сақтай отырып, басқару, өндіру және көмірсутектерді өңдеудің жаңа тәжірибелері керек. Мұнай мен газ өндірудің ықтимал сценарийлері бойынша түбегейлі шешімге келу керек. Сирек металдардың ғылыми қамтымды салалар – электроника, лазерлік техника, коммуникациялық және медициналық жабдықтар салалары үшін маңыздылығын ескере отырып, оларды игеру ауқымын ұлғайту қажет.

Қазақстан геологиялық барлау саласы бойынша әлемдік нарыққа шығуға тиіс. Тиісті заңнаманы жеңілдеті отырып, бұл салаға шетелдік инжинирингтік компаниялардан инвестиция тартқан жөн. Жалпы, дәстүрлі салаларға қатысты біздің оларды дамыту жөніндегі бөлек жоспарларымыз болуы керек. Әрбір келесі бесжылдықтың нақты нәтижесі экономиканың жаңа салаларын қалыптастыру болуға тиіс. Бірінші бесжылдық аясында автомобиль және авиақұрастыру, тепловоз, жолаушылар және жүк вагондары өндірісі жолға қойылды. Оларды кеңейтіп, сыртқы нарықтарға шығару керек.

Сонымен, 2050-ге дейінгі қалған жылдар жеті бесжылдыққа бөлінеді, олардың әрқайсысы бір мақсат – дамыған 30 елдің қатарына кіру мәселесін шешеді.

Екінші және одан кейінгі бесжылдықтарда мобильді, мультимедиялық, нано және ғарыштық технологиялар, робот техникасы, гендік инженерия салаларын, болашақтың энергиясын іздеу мен ашудың негізін салған жөн. Мемлекет жұмысының негізгі бөлігі Қазақстан бизнесін, әсіресе шағын және

орта бизнесті дамытуға барынша қолайлы жағдай жасау болмақ. Таяудағы 10-15 жылда ғылыми қамтымды экономикалық базис жасау керек, онсыз біз әлемнің дамыған елдері қатарына қосыла алмаймыз. Мұны дамыған ғылым арқылы шешуге болады.

Екінші. Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенін инновациялық бағытқа түсіру маңызды. Бұл – біздің дәстүрлі саламыз. Азық-түлікке деген қажеттілік арта береді. Бұл секторға инвестиция көбірек салынады. Сондықтан бүгінгі фермерлер тек уақытша әрі ауа райына байланысты кездейсоқ жетістіктерді малданып қалмай, өндірістің өсімі жөнінде ойлануға тиіс. Жаһандық ауыл шаруашылығы өндірісінде бәсеке өсе беретін болады. Жермен жұмыс істейтіндер, ең алдымен, жаңа технологияларды енгізіп, өнімділікті үздіксіз арттыратындар, жұмысын әлемдік стандарттар негізінде жүргізетіндер болуы керек.

Бірінші кезекте, әсіресе баға қалыптастырудың ашық механизмдері арқылы тиімді жер нарығын құру маңызды. Ауыл шаруашылық жерлерін инвестиция тарту және озық технологиялар енгізуді ескеріп жалға бергенде ғана бәсеке күшейеді. Ауыл шаруашылығында бизнестің дамуына, фермерлер кооперациясы үдерісіне, жерді тиімді пайдалануға бөгет жасайтын барлық кедергіні жойған жөн.

Болашақ – аграрлық секторда, әсіресе, шағын және орта бизнес түріндегі жаңа өңдеу кәсіпорындары желісін құруда. Бұл тұста біз бизнесті несие арқылы қолдауға тиіспіз. Фермерлер ұзақмерзімді қаржыландыру мен өткізу нарықтарына делдалсыз, тікелей шыға алатын болуға тиіс. Ауыл өндірушілерінің қарыздарын кепілдендіру және сақтандырудың тиімді жүйесін құру да өзекті мәселе.

Қазақстан ет және сүт өнімдерін экспорттайтын өңірлік ірі елге айналуға тиіс. Егін шаруашылығында суды көп қажет ететін тиімділігі төмен дақылдар көлемін қысқарту, оларды көкөніспен, майлы және азықтық өнімдермен алмастыру жолына бет бұру керек. Агрохимикаттарды тиімді тұтынудың, қуаң жерлерде топырақты нөлдік өңдеудің заманауи технологиялары мен өзге де инновацияларды қолдануды кеңейтудің кешенді шаралары қажет.

«Жасыл» экономикаға көшу жөніндегі қабылданған тұжырымдамаға сәйкес, 2030 жылға қарай егіс алқаптарының 15 пайызы суды үнемдеу технологияларына көшірілетін болады. Біз аграрлық ғылымды дамытып, сынақтық аграрлық-инновациялық кластерлер құруымыз қажет. Уақыт көшінен қалмай, табиғи азық-түлік өндірумен қатар құрғақшылыққа төзімді гендік-модификацияланған өнімдер өндірісін де жүргізу маңызды. Айтылған міндеттерді ескере келіп, Үкіметке агроөнеркәсіп кешенін дамыту жоспарына түзету енгізуді тапсырамын.

Үшінші. Ғылыми қамтымды экономика құру – ең алдымен Қазақстан ғылымының әлеуетін арттыру. Бұл бағыт бойынша венчурлік қаржыландыру, зияткерлік меншікті қорғау, зерттеулер мен инновацияларды қолдау, сондай-ақ ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру жөніндегі заңнаманы жетілдірген жөн. Үкіметке биылғы жылдың 1 қыркүйегіне дейін тиісті заң жобалары топтамасын әзірлеп, Парламенттің қарауына енгізуді тапсырамын. Ғылымды қаржыландыру көлемін біртіндеп арттырып, оны дамыған елдердің көрсеткіштеріне жеткізу жөнінде нақты жоспар қажет.

Шетелдерден инвестиция тартуды толықтай елімізге білім мен жаңа технологиялар трансферттеу үшін пайдалану керек. Шетелдік компаниялармен бірлесіп, жобалық және инжинирингтік орталықтар құру қажет. Бізге ірі мұнай-газ және тау-кен металлургиялық нысандарында жұмыс істейтін жетекші транснациональді компанияларды олар осында өз қажеттілігі мен сервисін қамтамасыз ету үшін өндірістер құруға шақырғанымыз жөн. Мен кейбір ірі компаниялардың бұған дайын екендігін білемін. Үкімет осы мәселені қайта пысықтап, қажет болған жағдайда бұл үшін барлық жағдайды жасағаны жөн. Жабдықтарды өз елімізде өндіруімізге де болатын кезде шет елден тасымалдаудың қажеті жоқ.

Ұлттық инновациялық жүйенің, оның негізгі институттарының тиімділігін арттыру маңызды. Олардың белсенділігін арттыру және венчурлік мәмілелердің бастапқы кезеңдеріне қолдау көрсетуге бағыттаған жөн. Ірі қалалық агломерациялардағы, әсіресе

Астана мен Алматыдағы технологиялық парктердің жұмысын жандандыру керек. Алғашқы зияткерлік-инновациялық кластер қазір Астанадағы Назарбаев университетінің арқауында табысты жұмыс істеуде. Ал Алматыда мұндай кластер – «Алатау» ақпараттық технологиялар паркі. Технопарктерде қазақстандық ірі компаниялардың қосалқы өндірістерін орналастыру үдерісін ынталандыру шараларын ойластыру маңызды.

Төртінші. Инфрақұрылымдық ұштаған – агломерацияның, көліктің, энергетиканың қарқынды дамуын қамтамасыз ету керек. Агломерациялар – Қазақстанның ғылыми қамтымды экономикасының ұстыны. Елдің орасан зор аумағын, халықтың орналасу тығыздығының төмен екенін ескерсек, агломерациялар қалыптастыру мен дамыту – маңызды мәселе. Қазақстанның алғашқы заманауи урбанистік орталықтары ірі қалалар – Астана мен Алматы, одан соң – Шымкент пен Ақтөбе болады. Олар халықтың және инвестициялардың шоғырлану орталықтарына айналады, сапалы білім беру, медицина, әлеуметтік-мәдени қызметтер көрсетеді.

Көлік инфрақұрылымы – индустриялық экономика мен қоғамымыздың тамырына қан жүгіртетін жүйе. Сапалы заманауи магистральдарсыз дамыған ел болмайды деп мен талай рет айттым. Бұған қоса, Қазақстанның қатынас жолдары оның Еуропа мен Азия, Солтүстік пен Оңтүстік арасында орналасуы тұрғысынан маңызды мәнге ие. Елде жолдар желісін жасау үшін біз «Астана – Қарағанды – Алматы», «Астана – Павлодар – Өскемен», «Алматы – Қапшағай – Өскемен» автожолдарын салуды бастадық. Осы бағыттар бойынша пойыздар қазірдің өзінде екі есе жылдам жүріп жатыр.

Логистикалық қызмет көрсету секторын дамыту қажет.

Ең алдымен біздің жүктерімізді тасымалдау үшін Кеден одағы аумағын барынша пайдалану туралы сөз болып отыр. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» дәлізінің құрылысы да аяқталуға таяу, Парсы шығанағына шығу үшін Түрікменстан мен Иранға теміржол тартылды. Келешекте Қазақстан теңізге шығатын жолдары бар елдерде логистика орталықтарын құруға инвестиция салуға тиіс. Жүктерді кедендік өңдеу мерзімдерін

қысқартып, шекара өткелдерінің өткізу мүмкіндігін арттырып, Ақтау портының қуаттылығын күшейтіп, экспорт-импорт операцияларының ресімдерін жеңілдету керек.

Біз ұзындығы 1200 шақырым болатын Жезқазған – Шалқар – Бейнеу жаңа теміржолын салып жатырмыз. Ол орталықтың көптеген аудандарына жан бітіріп, елдің шығысы мен батысын тікелей байланыстырады. Бұл орасан құрылыс 2015 жылы аяқталады. Бұл магистраль Каспий мен Кавказ арқылы Еуропаға шығуға мүмкіндік береді. Ал шығыста Тынық мұхиттағы Ляньюньган порты арқылы шығамыз, бұл жөнінде ҚХР-мен келісім бар.

Біз энергетиканың дәстүрлі түрлерін дамытатын боламыз. Жылу-электр стансаларынан шығатын қалдықтарды тазарту жөніндегі ізденістер мен жаңалықтарға, өндіріс пен тұрмыста жаңа технологиялар арқылы жаппай электр қуатын барлық жерде үнемдеуге қолдау көрсету қажет. Тауда Еуроодақтың ірі компанияларының алғашқы ондығы Еуроодақтың әйгілі жасыл экономика тұжырымдамасы негізінде қабылданған энергетикалық стратегиясына қарсылығын жариялады. Еуроодақ оны жүзеге асырған төрт жылда 51 гигаватт энергия қуатын жоғалтты. Жасыл экономика бағдарламасымен жұмыс жүргізе отырып, біз осы қателікті ескеруіміз керек.

Астанадағы Дүниежүзілік ЭКСПО-2017 көрмесіне дайындықты болашақтың энергиясын іздеу және жасау жөніндегі озық әлемдік тәжірибені зерделеу мен енгізу орталығын құру үшін пайдалану керек. Мамандар тобы Назарбаев университетінің қолдауымен осы жұмысқа кірісуге тиіс. Біз қоғамдық көлікті отынның экологиялық таза түрлеріне көшіруге, электромобильдерді енгізуге және олар үшін тиісті инфрақұрылым қалыптастыруға жағдай жасауымыз керек. Еліміз бензинді, дизель отынын, авиация керосинін молынан өндіруді қажет етіп отыр. Жаңа мұнай өңдеу зауыттарын салу қажет.

Сонымен қатар, ядролық энергетиканы дамытудың келешегін ұмытпау керек. Әлемнің таяудағы даму келешегінде арзан атом энергиясына деген қажеттілік өсе түсетін болады. Қазақстан – уран өндіруде әлемдік көшбасшы. Біз АЭС отыны үшін

төл өндірісімізді дамытып, атом стансасын салуға тиіспіз.

Бесінші. шағын және орта бизнесті дамыту – ХХІ ғасырдағы Қазақстанды индустриялық және әлеуметтік жаңғыртудың басты құралы. Мұндағы менің ұстанымым айқын екенін білесіздер, оны талай айтқанмын. Экономикамызда шағын және орта бизнестің үлесі артқан сайын Қазақстанның дамуы да орнықты бола түседі. Бізде шағын және орта бизнестің 800 мыңнан астам субъектісі бар, онда 2,4 миллионнан астам қазақстандық еңбек етеді. Бұл сектордағы өнім көлемі төрт жылда 1,6 есе өсті және 8,3 млрд. теңгені құрап отыр.

Жаһандық рейтингке сәйкес, Қазақстан бизнесті жүргізуге ең қолайлы жағдайы бар елдер тобына кіреді және біз бұл үрдісті өрістетіп түсуге тиіспіз. Шағын және орта бизнес – біздегі Жалпыға ортақ еңбек қоғамының берік экономикалық негізі. Оны дамыту үшін жеке меншік институтын заңнамалық тұрғыда нығайтатын кешенді шешімдер қажет. Бизнесті дамытуға кедергі келтіретін барлық енжар құқықтық нормалардың күшін жою керек. Шағын бизнес ұрпақтан-ұрпаққа берілетін отбасы дәстүріне айналуға тиіс.

Шағын бизнесті мамандандыруды келешекте оларды орта деңгейге көшіру перспективасымен дамыту шараларын қабылдау маңызды болмақ. Осы сектор субъектілерінің банкроттығының айқын тетіктерін енгізген жөн. Шағын және орта бизнес жаңа инновациялық кәсіпорындар төңірегінде дамуға тиіс. Мен Үкіметке индустрияландырудың екінші бесжылдығы жоспарын «Бизнес-2020» жол картасымен үйлестіруді тапсырдым. Үкімет Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, жұмысын жаңа бастаған бизнесмендерге әдістемелік көмектің тиімді тетіктерін жасауы керек.

Алтыншы. Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Бұл үшін біз не істеуіміз керек?

Біріншіден, барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. 2020 жылға қарай Қазақстандағы 3-6 жас

аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен 100 пайыз қамту жоспарлануда. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс.

Таяудағы 3 жыл ішінде, 2017 жылға дейін орын жетіспеушілігін жойып, қажетті жерлерде елдегі барлық мектепті екі ауысыммен оқытуға көшіру керек. Үкімет пен әкімдер осы міндетті орындау үшін бюджет қаражатының бөлінуін қарастырғаны жөн. Таяудағы 2-3 жылда дуальдік, техникалық және кәсіптік білім берудің ұлттық жүйесінің негізін қалыптастыру керек. Келешекте жастардың техникалық білім алуын мемлекеттік кепілдендіруге көшіруді қарастыру қажет. Үкіметке 2014 жылғы 1 маусымға дейін осы мәселе бойынша нақты ұсыныстар енгізуді тапсырамын.

Жетекші университеттерді академиялық және басқарушылық автономияға біртіндеп көшіруге жоспарлы түрде кірісу қажет. Үлгерімі жақсы студенттер мен оқушыларды қолдаудың тиімді жүйесін жасау қажет деп санаймын. Үкіметке 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап стипендиялар мөлшерінің 25 пайызға өсірілуін қамтамасыз етуді тапсырамын.

Екіншіден, денсаулық сақтау саласындағы басты басымдық – алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамыту. Міндетті медициналық сақтандыру енгізу мәселесін зерттеген жөн. Мемлекеттің, жұмыс берушілердің және қызметкердің денсаулық үшін ортақ жауапкершілігі – медициналық қызметтің барлық жүйесінің басты қағидаты. Спортпен шұғылдану, дұрыс тамақтана білу, жүйелі профилактикалық тексерілу – аурудың алдын алудың негізі.

Үшіншіден, жалпықазақстандық мәдениетті дамытуға жаңаша серпін берген жөн. Мәдени саясаттың ұзақмерзімді тұжырымдамасын әзірлеу қажет. Онда қазақстандықтардың бәсекеге қабілетті мәдени ментальдігін қалыптастыруға, заманауи мәдениет кластерлерін дамытуға бағытталған

шаралар белгілеу керек.

Қазақ тілі бүгінде ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Қазақ тілінде білім алатындардың саны жыл өткен сайын көбейіп келеді. Еліміз бойынша мемлекеттік тілді оқытатын 57 орталық жұмыс істейді. Олардан мыңдаған азаматтар қазақ тілін үйреніп шықты, әлі де үйренуде. Былтырғыға қарағанда биыл қазақ тілін білемін деген өзге ұлт өкілдерінің саны 10 пайызға өскен. Бұл да біраз жайттан хабар береді. Тек соңғы 3 жылда мемлекеттік тілді дамытуға республика бойынша 10 миллиард теңге бөлінді. Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн.

Төртіншіден, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау қызметкерлерінің әлеуметтік пакеттерін қайта қарастырған жөн. Үкіметке азаматтық қызметшілер еңбекақысының жаңа үлгісін әзірлеуді және 2015 жылғы 1 шілдеден бастап енгізуді тапсырамын. Ол қызметкерлердің еңбекақыларын денсаулық сақтау саласында – 28, білім беру саласында – 29, әлеуметтік қорғау саласында 40 пайызға дейін арттыруды қамтамасыз етуге тиіс.

Бесіншіден, мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз. Бүкіл әлем осымен айналысады. Мүмкіндігі шектеулі адамдар тұрмыстық қызмет көрсету, тағам өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жұмыс істей алады. Мен барлық кәсіпкерлерге оларды жұмысқа орналастыруға көмектесіңіздер деп тағы да айтқым келеді. Сондай-ақ, 5-10 адамға арналған арнайы квотаны енгізу мүмкіндігін қарастыруға болады.

Біз оларды белсенді өмірге тартамыз, олар тек жәрдемақы алып қана қоймайды, сонымен бірге, өздерін қоғамның мүшесі, пайдалы еңбеккер ретінде сезінетін болады. Біздің барлық әлеуметтік институттар, үкіметтік емес ұйымдар, «Нұр Отан» партиясы осы жұмысты қолға алғандары жөн. Егер қажет болған жағдайда Үкімет бұл мәселені барлық компаниялармен бірлесе

пысықтап, тиісті шешім қабылдауы керек. Мүгедектігіне және асыраушысынан айрылуына байланысты әлеуметтік жәрдемақы көлемін Үкіметке 2015 жылғы 1 шілдеден бастап 25 пайызға арттыруды тапсырамын. Мүгедектер бірлестіктері қызметінің құқықтық базасын жетілдірген жөн.

Үкіметтен бастап жергілікті әкімдерге дейінгі барлық мемлекеттік органдардың олармен жұмысын күшейткен маңызды. Кедейлік деңгейін одан әрі төмендетіп, жұмыссыздықтың өсуін тежеген жөн. Бұл ретте масылдық пиғылдың өрістеуіне жол бермеу маңызды.

Мемлекеттік көмек алушылардың барлығы үшін жұмыспен қамту және әлеуметтік бейімделуге көмектесетін бағдарламаларға міндетті қатысу туралы ереже енгізу керек.

Жетінші. Мемлекеттік институттар жұмысын жетілдіру. Әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ұмтылыс кезінде бізге адал бәсекелестік, әділеттілік, заңның үстемдігі және жоғары құқықтық мәдениет ахуалы қажет. Мемлекеттің үкіметтік емес сектормен және бизнеспен өзара іс-қимылының жаңартылған тәсілдері керек. Заң алдындағы теңдік құқық тәртібінің шынайы негізі болуға тиіс.

Сот жүйесі іс жүзінде ашық және қолжетімді, қарапайым және барлық дауды тез шеше алатындай болуға тиіс. Барлық құқық қорғау жүйесі жұмысының сапасын арттыру қажет. Зор өкілеттілік пен құқық иеленген шенділер мінсіз мінез-құлқымен және жоғары кәсіби деңгейімен ерекшеленуі тиіс.

Аса маңызды міндет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру. Әкімшілік реформа қажетсіз қағазбастылық пен құжат айналымының қолайсыз үдерісіне айналмауға тиіс. Халық алдында есептілігін арттырып, нәтижеге деген жауапкершілігін күшейте отырып, жергілікті жерлердегі басқару органдарына көбірек дербестік беру керек. Үкіметке Президент Әкімшілігімен бірлесіп, биылғы 1 шілдеге дейін осы айтылған барлық мәселелер жөнінде кешенді ұсыныстар енгізуді тапсырамын.

Мемлекеттік кәсіпорындардың, ұлттық компаниялар мен бюджеттік мекемелердің

кадр саясатына меритократия қағидаттарын енгізуді жалғастыру қажет. Үкіметке «Б» корпусы мемлекеттік қызметшілерінің еңбекақысын 2015 жылғы 1 шілдеден бастап – 15 пайызға, ал 2016 жылғы 1 шілдеден бастап – тағы 15 пайызға арттыруды қамтамасыз етуді тапсырамын.

Мемлекетіміз бен қоғамымыз алдында тұрған әлемнің дамыған 30 елінің қатарына қосылу жолындағы нақты міндеттер осындай. Біздің алдымызда оларды заң жүзіне және нақты шешімдерге айналдыру міндеті тұр.

Құрметті депутаттар және Үкімет мүшелері!

Әлемнің дамыған 30 елінің қатарына қосылуға ұмтылысымызды біз екі кезеңде жүзеге асыруымыз қажет.

Бірінші кезең ХХІ ғасырдағы «мүмкіндіктер көзін» пайдалана отырып, жаңғыру серпілісін жасау қажет болатын 2030 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Қазақстан осы уақыт ішінде дамыған елдердің өткен жүзжылдықтағы индустриялық дүмпу кезінде жасағанын жүзеге асыруы қажет. Мұны іске асыруға әбден болады. Оңтүстік Корея, Сингапур осындай жолдан өтті. Бұл кезеңде біз экономикамыздың дәстүрлі салаларының қарқынды өсімін қамтамасыз етіп, қуатты индустриялық өңдеуші сектор құрамыз.

Екінші кезеңде 2030-2050 жылдар аралығында еліміздің ғылыми қамтымды және жасыл экономика қағидаттарына негізделген орнықты дамуын қамтамасыз ету қажет. Біз қуатты өңдеуші өнеркәсіп қалыптастырамыз. Дәстүрлі салаларда жоғары өңделген өнімдер шығаруға көшу жүзеге асырылып, ғылыми қамтымды экономиканың базасы ретінде инжинирингтік қызметтер дамиды.

Көп нәрсе қалай бастауға байланысты екенін ескере отырып, енді биыл атқарылуға тиіс шараларға тоқталайын.

Үкімет пен Ұлттық банкке осы жылға арналған нақты тапсырмалар беремін.

Бірінші. Үкімет биыл экономика өсімін 6-7 пайыз деңгейінде қамтамасыз етуге тиіс. Бұл орайда биылғы жыл қорытындысы бойынша, халықтың жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім 14,5 мың доллардан кем болмауға тиіс.

Екінші. Ұлттық банк пен Үкіметке 2014

жылғы 1 мамырға дейін инфляцияны орта мерзімді перспективада 3-4 пайызға дейін төмендетудің кешенді шараларын әзірлеуді тапсырамын.

Үшінші. Үкімет Ұлттық банкпен бірлесіп, 2014 жылғы 1 маусымға дейін Қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі кешенді бағдарламасын әзірлеуі қажет.

Төртінші. Үкімет «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, мемлекеттің қатысы бар барлық компанияларға талдау жүргізіп, жеке секторға берілетін кәсіпорындар тізімін анықтауы керек. Тура осындай жұмысты қалған мемлекеттік секторларда да жүргізу қажет. Биылғы жылдың бірінші тоқсанында Жекешелендірудің 2014-2016 жылдарға арналған кешенді бағдарламасы қабылдануға тиіс.

Бесінші. Үкімет жылдың соңына дейін Астана және Алматы қалаларында агломерациялар қалыптастырудың 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиясы жобасын әзірлеуі керек.

Алтыншы. Үкімет халықаралық сауданы іске асыру кезіндегі кедергілерді алып тастау мәселелерін қарастыра отырып, Қазақстанның транзиттік әлеуетін дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасын 2014 жылғы 1 қыркүйекке дейін әзірлесін.

Жетінші. Төртінші мұнай өңдеу зауыты мен атом электрстансасының орны, инвестициялар көзі мен құрылыс мерзіміне қатысты мәселелерді Үкімет биылғы бірінші тоқсанның соңына дейін шешкені жөн.

Құрметті қазақстандықтар!

Менің серіктестерім!

Біздің Стратегия-2050-дегі басты мақсаттарға жетуді көздейтін барлық іс-әрекеттеріміз нақты қағидаттарға негізделуге тиіс.

Біріншіден, қабылданатын барлық шешімдердің прагматизмі мен эволюциялылығы қағидаты.

Экономикада, саясат пен әлеуметтік тұрмыста ешбір секіріске, жөнсіз сынақ пен авантюраларға жол беруге болмайды. Айналамыздағы әлем қалай тез өзгертін болса, еліміз бен қоғамымыз да солай жылдам өзгеруге тиіс.

Екіншіден, өзара тиімді ашықтық қағидаты.

Біз экономикамызға шетелдік инвестициялар, технологиялар мен инновацияларды

кеңінен тартатын боламыз. Инвесторлар үшін жұмысқа қолайлы жағдайлар жасаймыз. Біз дамыған 30 елдің тобына кірудің осы маңызды тетігі арқылы экономикамыздың өңірлік, жаһандық экономикалық жүйемен терең ықпалдасуын айқын көріп отырмыз. Бұл, ең алдымен, Еуразиялық экономикалық одақ қалыптастыруға қатысуымызға, Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруімізге байланысты.

Үшіншіден, бұл – қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру қағидаты. Қарапайым адамдардың әлеуметтік көңіл-күйі біздің басты мақсатқа ілгерілеуіміздің маңызды индикаторы болуға тиіс.

Төртіншіден, бүкілхалықтық қолдау қағидаты маңызды мәнге ие.

Менің халыққа Жолдауым біздің мақсаттарымыз бен міндеттерімізді түсіндіретін басты құжат болып табылады. Әрбір министр, әкім, кәсіпорын басшысы осы Жолдауды түсіндіру жұмысына және оған баршаны қатыстыру ісіне жетекшілік етуге тиіс. Жолдаудың мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру жөніндегі нақты шаралардан әрбір қазақстандық хабардар болуы қажет. Бұл «Нұр Отан» партиясы қызметінің негізгі мәселелерінің біріне айналады деп сенемін.

Ол үшін ең алдымен мемлекеттік қызметшілердің өздері Стратегиямыздың идеяларын білуге және мәнін терең ұғуға тиіс.

Президент Әкімшілігі мен Үкіметтің бүкіл құрамының, барлық деңгейдегі әкімдердің жұмысы барлық осы міндеттерді орындауға бағытталуға тиіс. Жалпы, мемлекеттік органдардың құрылымы алдағы міндеттердің шешімімен үйлесім тауып, 2050 Стратегиясының мақсаттарын іске асыруды қамтамасыз етуі керек.

Қымбатты отандастар!

Біздер, қазақстандықтар – бір халықпыз!

Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шанырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы.

Егеменді дамудың 22 жылында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды.

Олар көктен түскен жоқ. Бұл құндылықтар – уақыт сынынан өткен Қазақстандық жол тәжірибесі.

Біріншіден, бұл – Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы.

Екіншіден, бұл – қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.

Үшіншіден, бұл – зайырлы қоғам және жоғары руханият.

Төртіншіден, бұл – индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім.

Бесіншіден, бұл – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы.

Алтыншыдан, бұл – тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы.

Жетіншіден, бұл – еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

Осы құндылықтар арқасында біз әрдайым жеңіске жеттік, елімізді нығайттық, ұлы жетістіктерімізді еселедік.

Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің идеялық негізі осы мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтарда жатыр.

Президент Әкімшілігіне, Үкіметке, Қазақстан халқы Ассамблеясына «Қазақстан-2050» жалпыұлттық қозғалысымен бірлесіп, «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін әзірлеп, қабылдауды ұйымдастыруды тапсырамын.

Біз өз халқымыздың игілігі жолында ұлы мақсаттарды алға қоямыз, сондықтан мен барлық саяси партияларды, қоғамдық бірлестіктерді, барша қазақстандықтарды 2050 Стратегиясының басты мақсатына жету жөніндегі жұмысқа белсене қатысуға шақырамын!

Әсіресе, жастарымызға мынаны айтамын. Бұл Стратегия сіздерге арналған.

Оны жүзеге асыратын да, жемісін көретін де сіздер. Өз жұмыс орындарыңызда отырып, осы жұмысқа әрқайсысыңыз атсалысыңыздар. Немқұрайлылық танытпаңыздар.

Елдің болашағын барша халықпен бірге жасаңыздар!

Қадірлі халқым!

Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы.

Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең

қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді.

Оларман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді.

Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық.

Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы.

Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді.

Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық.

Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады.

Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!

Мен Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру әлдеқайда қиын.

Бұл – әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама.

Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік Ел болу біздің өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек.

Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек.

«Қазақстан-2050» – Мәңгілік Елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол. Осы жолдан айнамайық, қадірлі халқым! Әрбір күніміз мерекелі, әрбір ісіміз берекелі болсын! Дамуымыз жедел, келешегіміз кемел болсын! Жарқын іспен күллі әлемді таң қылып, Жасай берсін Елдігіміз Мәңгілік!

Қазақстан халқы Ассамблеясының ел азаматтарына ҮНДЕУІ

Құрметті отандастар!

Бүгін біз шын мәнінде тарихи оқиғаның куәсі болдық. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев **«Қазақстандық жол 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»** атты Қазақстан халқына Жолдауын жария етті.

Жолдау «Қазақстан 2050» стратегиясында» айқындалған ерекше ауқымды міндеттерді іске асыру жолдарын ашып, дамыта түседі. Біз Жолдау тақырыбы мен **«Қазақстан 2050» стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр»** атты Мемлекет басшысының Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясындағы сөзінің саяси бірізділігін көреміз.

Бұл заңдылық және Елбасы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тұрақты және гүлденген Қазақстанды қалыптастыру, қуатты мемлекет, дамыған экономика және жалпыға ортақ еңбек мүмкіндіктерін пайдалана отырып берекелі қоғам құру жолындағы саяси бағытының бірізділігімен негізделеді.

Президент Жолдауы Қазақстан халқы үшін үлкен маңызға ие болды. Қазақ халқының мыңдаған жылғы тарихи тәжірибесінен, Тәуелсіздік жылдары жүріп өткен қазақстандық жолдан туындаған **«Мәңгілік Ел»** ұлттық идеясы жария етілді.

Бір мақсат – бұл **«Мәңгілік Елді»** нығайту, біздің Отанымыз – Қазақстанның Тәуелсіздігін нығайту!

Бір мүдде – бұл біздің ортақ құндылықтарымыз, еркін және өркендеген елде өмір сүруге деген талпынысымыз!

Бір болашақ – бұл Мәңгілік елдің біздің ортақ үйіміз Қазақстан Республикасының гүлденуі!

Қазақстан халқы Ассамблеясы және біртұтас елдің азаматтары **«Мәңгілік ел»** патриоттық актісін әзірлеу туралы тапсырманы ерекше шабытпен қабылдады.

«Мәңгілік елдің» жеті қағидасы біздің дамуымыздың базалық құндылықтарын, Қазақстан халқының ортақ мүддесі мен тарихи тағдырын айшықтайды.

Біз бұның Елбасы анықтаған міндеттерді орындаудағы күшті жұмылдырушы бастауға айналатынына сенімдіміз.

Жолдауда Президент **Қазақстанның әлемнің дамыған 30 елінің қатарына жоспары ену жөнінде** айтты.

Осы мақсатта Мемлекет басшысы ІЖӨ-ні 4,5 есеге, жан басына шаққанда 13 мың АҚШ долларынан 60 мыңға дейін көбейтуді тапсыр-

ды. Сол кезде Қазақстан орта таптың үлесі көп елге айналады.

Ол үшін Қазақстан Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұжымының стандарттарын енгізуді қолға алып, ішкі жалпыөнімнің жылсайынғы өсуін 4%-дан кем емес пайызға, инвестициялар көлемін жалпы ІЖӨ көлеміне шаққанда 18%-ден 30 %-ға дейін өсіруді қамтамасыз ету керек. 2050 жылы шикізаттық емес экспорт Қазақстан экспортының жалпы құрылымында 70%-ға жету керек.

Ассамблея ауыл шаруашылығы, геобарлау, мұнай өңдеу салаларындағы инновациялық бастамаларды ерекше атап өтеді.

Ассамблея ғылым бағытын қаржыландыруды 3 %-ден кем емес пайызға өсіру, Мәдени саясатты дамыту мәселелерінің көтерілгенін қолдайды.

Басқа елдерде экономикалық дағдарыстың арқасында әлеуметтік көрсеткіштердің төмендеп бара жатқан кезеңінде Қазақстанда азаматтық қызметкерлердің еңбек ақысын көтеру халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартудың жаңа кезеңі болып отыр.

Біз, бұл міндеттердің нақты іске асырылатынына сенеміз.

Қазақстан халқы Ассамблеясы, Елбасының бұдан бұрын берген барлық тапсырмаларының Қазақстан халқы тарапынан толыққанды орындалғанын айта отырып, осының барлығы еліміздің жарасымды бірлігі, Нұрсұлтан Назарбаевтың теңдесі жоқ қоғамдық келісім моделі арқасында жеткен жетістік деп бағалайды.

Президенттің бүгінгі қойып отырған міндеттері елімізде жүргізіліп жатқан индустриалды-инновациялық даму, әлеуметтік реформалар, білім мен мәдениетті қолдау жұмыстарының тиімділігін айқындайды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы, еліміздің әр азаматына және баршамызға арналған, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жолдауын толығымен қолдайды.

Бүгінгі Жолдаудың міндеттерін іске асыру еліміздің дамуындағы биік жеңістерге жеткізетініне біз сенімдіміз.

Қазақстан -2050 Стратегиясын орындау – Отанымыздың әрбір патриотының азаматтық парызы мен борышы деп білеміз.

Біз Қазақстан халқын Елбасы алдымызға қойған ұлы міндеттерді іске асыру, қасиетті қазақ жерінде парасатты қоғам құру мақсаттары айналасында ұйысуға, жұдырықтай жұмылуға шақырамыз!

Қазақстан халқы Ассамблеясы



Самат ЕСҚАЛИЕВ,
тарих ғылымының кандидаты,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік мемлекеттік университеті
Тарих факультетінің деканы

Кеше ғана біз бәріміз Елбасымыздың барша Қазақстан халқына арнаған жыл сайынғы дәстүрлі, жолдауын тыңдап, еліміздің дамуының жаңашыл бағдарламасының куәсі болдық. Еліміздің тәуелсіздіктің 22 жылында тындырған қыруар істерін бағалай, саралай келіп, бұл жолдау Президентіміздің өткен жылғы «ел дамуының 2050 жылға дейінгі стратегиялық саяси бағдарламасын» орындаудың табысты да сенімді тәсіл, жолдарын толықтыра бағдарлайтын, пысықтайтын кең ауқымды құжат болды. Жолдау - «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы жаңа дәуірдің, кемел де келісті келбетін айшықтап, өтер жолдарды саралап берді деп толық сеніммен айтуға болады. Жолдаудың, «Қазақстан 2050», стратегиясы бойынша 35 жыл ішінде - дүние жүзіндегі дамыған 30 елдің қатарына қосылудың негізгі құжаты саналып, «Мәңгілік Қазақстан» жобасы деп аталуда әрбір отандасымыздың жүрегіне өз еліне деген мақтаныш сезімін ұялатып және оны орындау жолындағы сенімін нығайтты.

Елбасы жолдауды жариялай отырып, қандай да болмасын өзінің болашағын, даму мақсатын ең жоғары деңгейге көтеруді жоспарлайтын елдердің, оның азаматтарының сол мақсат үшін, ауқымды ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарламаларды жасақтап экономикалық өсуді қамтамасыз етумен айналысатындығын баса ескертті (мысалы: Қытай, Сингапур, Малайзия, Түркия т.б.). Бүгінгімен ертеңін ғана ойлап, бір күнгі кеңшілікті ойлаудан, оған қызығудан түсер пайда қазіргі жаһандық даму, бәсекелестік заманында түкке тұрмас тіршілік екендігін де баса айтты.

Ол - «Мәңгілік Қазақстан» жобасы - елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын, сынала жүріп шыңдалатын үлкен сынақ, осыдан мүлтіксіз орындап, сүрінбей өту - ортақ парыз, абыройлы міндет» деп ашып көрсетті. ХХІ - ғасыр ешбір елдің оның ішінде біздің еліміз үшін де даму жолында жеңіл саяхат болмасы баршаға мәлім. Ел

ҰЛЫ МАҚСАТТАРҒА ЖЕТЕЛЕЙТІН ЖОЛДАУ

дамуының негізгі өзегі болып - экономикалық дамудың деңгейі бола бермек. Оған мысал, қазіргі жаһандық дамудың үлгі - көрінісі болып отырған, құрамына 34 ел кіретін «Экономикалық ынтымақтастық пен даму» ұйымы дүние жүзілік жалпы ішкі өнімнің 60 пайызынан астамын өндіріп отыр. Сондықтан да көптеген елдер жоғарыдағы елдердің санына кіруге аса мүдделі болып ұмтылуда. Олар: - Бразилия, Қытай, Индия, Индонезия, Ресей, ЮАР. Мінекей біздің Елбасымыздың да алдағы қойып отырған ауқымды міндеті мен ұзақ мерзімді мақсаты сол елдердің қатарынан көрініп, халқының өмір сүру сапасын барынша жоғары көтеру болып табылады.

Ол үшін деп көрсетті, Президент, Қазақстанда да жоғарыдағы елдердің даму принциптері мен стандарттарын қолдану, енгізу қажет. Ел экономикасына құйылатын инвестиция мөлшерін жыл сайын жалпы ішкі өнім көлемінен қазіргі 18 пайыздан 30 пайызға көтеріп және жаңашыл ғылыми әдістемелерді кеңінен енгізе отырып сыртқы шығарылатын шикізаттық емес өнімдер көлемін 70 пайызға жеткізуді қамтамасыз ету керек. Сонымен бірге экономиканы дамытуда өзі ақтап шыққан жолы - ел ішіндегі шағын және орта бизнесті өркендету арқылы, оларды «елдің ұлттық табысының» 50 пайызын өндіруші дәрежесіне жеткізу жолы болып табылады.

Мінекей осы және басқа да тиімді даму жолдарын толықтай енгізу арқылы - елімізде еңбек өнімділігін қазіргі - 24,5 мың доллардан - 5 есе арттырып - 126 мың долларға көтеріп, нәтижесінде, әрбір отандастарымызға жан басына шыққанда келетін жалпы ішкі өнім көлемін қазіргі таңдағы 13 мың доллардан 60 мың долларға дейін жеткізу зор мақсатымыз болмақ. Сөйтіп, 2050 жылға дейінгі қалған мерзімді 7 бесжылдыққа бөле отырып, бәрімізде, әр бес жылдықты еліміздің дамыған 30 елдің қатарына қосудың маңызды мерзімі деп бағалап, қажырлы еңбек етіп, оларды табысты атқаруға зор белсенділікпен үлес қосуымыз керек.

Ең бастысы Қазақстан болашағын - барша халқымыздың, оның ішінде қазіргі жас ұрпақтың, жарқын болашағын құрып, қамтамасыз ету болып табылады.

Болашақ, жастардыкі - оны құратын, әрі да-

мытатын, сол дамыған елдің жемісін көретін де жастар. Ол үшін басты талап елімізде белсенді де білімді, денсаулықтары мықты жас ұрпақ тәрбиелеп өсіру, осы отырған аға буынның асқақ міндеті болмақ.

Қазіргі ғаламда, бәріміз көріп отырғандай, барлық дамыған елдерде жоғары сапалы білім беру жүйесі қалыптасқан. Сондықтан да бізге ең бірінші кезекте ұлттық білім беру жүйесін жақсарту, жаңарту қажет. Ол үшін, 2020 жылға дейін 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды түгелдей мектепке дейінгі білім беру жүйесімен қамтамасыз ету, бірінші кезектегі талап болады.

Жалпы орта білім беру аясын, жаңадан ашылып жатқан Назарбаев интеллектуалды мектептер деңгейіне жеткізу, оларды бітіріп шығушылардың қазақша, орысша, ағылшын тілдерінде еркін сөйлеуге үйрету керек.

Сондай - ақ, алдымыздағы үш жыл ішінде, елдегі барлық мектептерде, оқу орындарының жетіспеушілігін жоя отырып, 2 кезекті білім беру жүйесіне көшіру жұмысы толық орындалуы қажет. Осымен қатар алдағы, жақын мерзімдерде еліміздің жастарына мемлекеттік тапсырыс бойынша техникалық білім беруді қамтамасыз ету міндеті тұр. Жалпы жоғарыдағы аталған мәселелерді жүзеге асыру шараларын жасап дайындау Қазақстан Үкіметіне осы жылдың 1-маусымына белгіленді.

Сондай - ақ, Елбасы Үкіметке бұған дейінгі жоғары және кәсіби орта білім беру жүйесіндегі жаңалық, реформаларды жалғастыра отырып еліміздегі университеттерді бірте – бірте автономды академиялық басқару жүйесіне көшіруді жүзеге асыруды міндеттеді. Яғни, осындай жолмен болашақта оларды жеке меншікті білім ордаларына айналдыру көзделуде.

Осы жерде біздің облыс көлеміндегі өткен және үстіміздегі жылдардағы білім беру жүйесіндегі жағымды жаңалықтарды, осы отырған бәріңіз де білесіздер ғой деп ойлаймын. Қалада және аудандарда мектептер салынып сол мектептерді ұстаз мұғалімдермен қамтамасыз етуде университет ұжымы ауқымды жұмыстар атқаруда.

Ең бастысы, 2013 жылы көктемнен басталып, қазір толығынан аяқталған Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты мен Жұбанов атындағы университетінің қосылып, «Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті» аталымды құрылымы ұжымы да жаңаша қойылған талап, мақсаттарға сай педагогикалық ұстаз және техникалық мамандарды дайындау ісіне биылғы Президент жолдауы ауқымында жұмыстар атқаруға зор әзірлікпен кірісуде.

Біздің университеттің оқытушылар ұжымы Елбасының кешегі жолдаудағы республикадағы университеттер ішінен үлгі боларлық бірнеше жоғарғы оқу орындарын тандап алып ұстаз кадрларды дайындауды жаңаша сатыға көтеру талабына ат салысуға әзір. Әсіресе, Елбасының

мемлекеттік дамуымыздың негізгі шарттары инфрокұрылымдық үштіктің: агломерация, көлік және энергетиканың қарқынды дамуын қамтамасыз етуде, еліміздің көлемнің кеңдігін, халықтың шашыраңқы орналысқанын есептей отырып, халықты барынша шоғырландыру керектігі жөніндегі, оның ішінде, сол арқылы халықты ғана емес, ғылым мен инвестицияны кең көлемде тартатын урбанды қалалар санатына Астана мен Алматыдан кейін Шымкент пен Ақтөбе қаласының атап көрсетілуі Ақтөбеліктерді ерекше жігерлендіріп, ерен еңбекке жетелейді.

Жолдауда жоғары оқу орындарында дәріс алып жатқан үлгерімі жоғары студенттерді қолдап отырудың тиімді жүйесін құру қажеттілігі баса аталып, сондай ақ 2016 жылдың I қаңтарынан оларға стипендия көлемін 25 пайызға өсіруге үкіметке тапсырма берілді. Бұл шараның жоғарыда аталған, оқып жатқан жастардың әлеуметтік жағдайын жақсартып, олардың білімге деген құштарлығын арттырары сөзсіз.

Сондай ақ, жолдау барысында Президент Үкіметке елдегі азаматтық қызметшілерге еңбек ақы төлеудің жаңа моделін жасап, енгізуді тапсырды. Ол тапсырыс 2015 жылдың I шілдесінен: денсулық сақтау қызметкерлеріне 28 пайызға, білім беру қызметкерлеріне 29 пайызға, әлеуметтік қорғау саласы қызметкерлеріне 40 пайызға дейін артуын қамтамасыз ету» деді Мемлекет басшысы. Осындай елеулі әлеуметтік шаралардың жоғарыда аталған салалар қызметкерлерінің ыстық ықласына, ризашылық сезіміне бөленгені баршаға аян шара болды және олардың өз істеріне деген жауапкершілігін жаниды.

Қандай да болмасын ауқымды да, келелі жалпы халықтық істерді орындау кім көрінгеннің қолынан келе бермесі ақиқат. Ол үшін халықты ұйыстырып ұлы мақсаттарға жетелейтін патриоттық, ұлттық идея керек екені, күмәнсіз шындық. «Ол идея мәңгілік Ел идеясы» деп көрсетті Елбасымыз. Соның арқасында халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Еліміз тәуелсіздігіміздің тірегі - Мәңгілік Елордамызды қысқа мерзімде тұрғызды. Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры - Ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналды. Ендігі Ұрпақ Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Қазақ Елінің Ұлттық идеясы Мәңгілік Ел.

Мен жолдау туралы қысқаша ғана ой түйнегімді сүйікті Елбасымыздың төмендегідей ыстық қанатты сөздермен тәмамдағым келеді. Ол «Қазақстан 2050» Мәңгілік Елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол. Осы жолдан айнымайық, сүйікті халқым! Әр бір күніміз мерекелі, әр бір ісіміз берекелі болсын! Дамуымыз жедел, келешегіміз кемел болсын! Жарқын іспен күллі әлемді таң қылып, Жасай берсін Елдігіміз Мәңгілік!



Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,
саяси ғылымдарының докторы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің
профессоры

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ «ЭЛЕКТРОНДЫ ДЕМОКРАТИЯ» МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

Билік пен бұқараның байланысы арасындағы жаңа әдіс – электронды байланыс болуы заңды да. Соңғы жылдары дамыған әлем елдерінің озық технологиялар саласындағы жетістіктері мен прогрессивті қадамдары билік пен қоғам арасындағы байланыстың жаңаша инновациялық форматтарын дүниеге әкелді. Десек те, билік тарапынан электронды демократия орнатудың көптеген проблемалары күн тәртібінде тұрады. Ал, көне замандардан, Демокрит дәуірінен билікті қарапайым халықтың бақылай, қадағалай алуы жайлы демократиялық құндылықтар қашан да қай заманда болмасын шешімі табылмаған күрделі мәселе күйінде қалып отыр. Әлем елдерінде биліктің қоғаммен байланысында ең үздік үлгі мынау дерліктей дайын модель жоқ. Бұл әр елдің, әр ұлттың, әрбір халықтың мәдениетінің, салты-ғұрпы мен рухани құндылықтарының ерекшеліктеріне және олардың ешбір қайталанбас даралығынан туындаса керек.

Демократиялық қоғамға ұмтылған Қазақстан билігі мен қоғам арасында да байланыс орнатудың жаңа замандық үлгісі өмірге батыл еніп келеді. Оның нәтижесі биліктің халыққа жақындай түсуі, әр азаматтың көкейіндегі мұң-мұқтажын айқындау мүддесінен туындаса, ал, халық барынша қоғамның қажетті бөлігі ретінде өзін бір табан болса да билікке жақындай түсуін сезіне алады. Ақпараттық дамудың нәтижесі ретінде «электронды үкімет» жүйесінің құрылуын атауға болады. Бүгінде «e-governments» қалыптасуының тиімді

де кешенді шешімдері табыла қоймады. Әдетте оқшауландырылған мәліметтер базасының арналары бар қолжетімді инфрақұрылым қандай да бір ауқымды территорияда жаңа типті мемлекеттік құрылым моделін жүзеге асыруға мүмкіндік бермесе керек. «Электронды үкімет» қалпына (стандартына) жақындай түскен мемлекет ретінде Сингапур – территориясы шектеулі және ол авторитарлық басқару режимінде.

Ақпараттық қоғамға өтудің басты құралы ретінде мемлекет, қоғам және бизнестің мүмкіндіктерін шоғырландыратын әдетте арнайы мемлекеттік бағдарламалар дайындалады. Тұтас алғанда балама бағдарламалар көптеген еуропалық елдерде, Орталық және Оңтүстік Америка мен Оңтүстік-Шығыс Азияның бірқатар елдерінде қабылданған. Мұндай бағдарламалардың басты элементтері – арзан да жалпыға қолжетімді Интернетпен қамту, «электронды үкіметтің» дамуы, онлайн бизнесі мен білім беруді арттыру саналады. Ресейді «Электронды Ресей» бағдарламасы 2001 жылдан басталса, Қазақстанда «электронды үкімет» мемлекеттік бағдарламасы 2005 жылдан басталды. Электронды үкіметті қолданысқа енгізудің әлемдік тәжірибесі көрсеткендей, мемлекеттік ақпараттық саясат Концепциясындағы отандық моделін жүйелі түрде қарастырған абзал. Мемлекеттің ақпараттық кеңістігін жүйелі сараптау және толық ақпарат ағымын басқаратын объект ретінде қарастыру нәтижесінде мемлекеттің ақпараттық саясатының негізгі стратегиялық мақсаты мен толыққанды функционалдық міндеттері анықталуы тиіс. «Электронды үкімет» жобасының ең басты міндеті, Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістігін құру және дамыту болып табылады.

Қазақстанда «электронды үкімет» құрудағы мемлекеттің ақпараттық саясаттың басты жетістігі ұлттық моделінің қалыптасуы саналады. Бұған Қазақстан Республикасында 2005-2007 жылдары «Электронды үкімет» құрудың Мемлекеттік бағдарламасы, «Ақпараттандыру туралы» ҚР Заңы және ҚР ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын құру және дамыту Мемлекеттік бағдарламасы болды.

Қазақстанда «электронды үкіметті» енгізу бағдарламасының негізгі идеясы мемлекеттік ақпараттық технологияларды басқару саналады. Электронды үкіметтің стратегиялық мақсаты азаматтардың мүдделері негізінде мемлекеттік мәселелердің жүзеге асуына ықпал ету, мемлекеттік басқару процесіне белсенді түрде қатысуын қамтамасыз ету. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі ішкі және сыртқы қарым-қатынасты ақпараттық коммуникативтік технология және желілік инфрақұрылым негізінде трансформациялау саналады. Бұл халыққа мемлекеттік қызмет көрсету процесінің белсенділігін арттыру, барлық азаматтардың билікпен қатынасын жетілдіру. Аталған мәселе мемлекеттік қызметті реформалауда өзекті болып табылады. Бүгінгі таңда Қазақстандағы экономикалық өркендеу – ақпараттық қоғамның қалыптасуына, дамушы мемлекеттер қатарына қосылуына, ақпараттық технологияның дамуына өз ықпалын тигізеді. Азаматтардың толыққанды ақпарат алуына шектеу қоймау басты талап саналады. Ақпарат пен білім әр адамға қолжетімді болу керек. Мемлекеттік ақпараттық саясаттың қабылдануы демократиялық құндылықтар мен теңдікке, сандық теңсіздіктерге тосқауыл қоюға, әлемдік ұйымдармен араласуға жол ашады. Ақпараттық жүйе – телекоммуникация, ақпараттық технология, өнім мен қызмет, мобильді байланыс нарықтың дамуына, мемлекеттік басқару мен банктік жүйенің қалыптасуына, ақпараттық-коммуникациялық ортаның дамуына үлес қосады. **Жаһандық ақпараттық инфрақұрылыммен байланыс орнатуға негіз болады. Мемлекет саясатының ашықтығы мен**

өркендеуінің басты айқын құралы азаматтардың қоғам үшін маңызды ақпаратты жеңіл әрі тез алуы болып табылады. Азаматтардың еркін ақпарат алуы демократиялық мемлекеттің бірден бір көрінісі. Ақпараттық саясат қоғам үшін өзекті мәселелердің түйінін табуға қарапайым азаматтардың атсалысуына, өз пікірін еркін жеткізе алуына атсалысып, азаматтардың ақпаратқа қолжетімдігін анықтайды. Әйтсе де, зерттеуші-ғалымдар электронды үкімет енгізудегі мәселелерге назар аударады. Ақпараттық жүйенің әр түрлі мемлекеттік құрылымдармен байланысы, келісімі жоқтығы аңғарылады. Бұл мәселе дамушы мемлекеттерде көтеріліп, соңында түрлі жүйені біріктіру үшін қосымша қаражат қажет болды. Біздің мемлекетте бұл мәселе әр түрлі деңгейдегі басшылықтың ақпараттық жүйемен жұмыс істеуге дайын емес болғандықтан әлдеқайда күрделі. Соның айқын дәлелі кейбір мемлекеттік органдарда ескі дәстүр бойынша, интернетке қосылу үшін қосымша қаражат қарастырмаған.

Қоғамдық кеңістікте электронды үкіметтің дамуы мен қалыптасуына кедергі болатын жайттар бар. Технология кеңістігінде технология құрылымының, қолданып отырған тәсілдердің департаменттер мен түрлі деңгейдегі билік арасында бірігіп қолдануда кедергілер кездеседі. Экономикалық кеңістікте реттеуші механизмдерге, қаржылық модельдерге сонымен қатар ретке келтірілмеген қаржылық төлемдер электронды үкімет жұмысына кері әсерін тигізеді анық [1, 202].

«Электронды үкімет» енгізудің саяси аспектілерін талдаған зерттеушілердің бірі Е. Алияровтың пікірінше, ақпараттық қоғамға көшу, «электронды үкіметті» енгізу саяси өмірге Интернеттің енуінен көрініс табады. Бұл процесті екі кезеңге бөліп қарастыруға болады: **Бірінші кезең** – Интернетті саяси мақсатта қолдануды – ақпараттық деп атасақ болады. **Екінші кезең** – саяси процеске электронды үкіметтің енуі, қоғам мен мемлекет арасында кері байланыс орнауымен байқалады. Нақ осы кері байланыс туындаған мәселені

шешуге, саяси жүйеге серпін береді.

Бірінші кезеңде саяси ақпарат Интернетке орналастырылады. Көбіне бұл саяси партиялардың және қоғамдық бірлестіктердің, жеке саяси лидерлердің газет сайттары мен журналдар, сонымен қатар электронды басылымдары мен сараптау және зерттеу ұйымдары [2, 219].

Қазіргі билік үшін саяси күрес ақпараттық қолдаусыз мүлдем мүмкін емес. Дегенмен, шетелдегі және Қазақстандағы сайлау науқандарының тәжірибесі электронды және мерзімді басылым арқылы жүргізілген насихат электоратқа өте ықпалды екенін танытты. Бірақ, бұл дәстүрлі әдіспен насихат жүргізу қиындықтар туғызуы мүмкін. Қазіргі заманда әлдеқайда қолайлы түрі сайлаушыларға интернет арқылы ықпал ету. Интернеттің дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарына қарағанда бірнеше артықшылықтары бар. Кез келген ақпаратты орналастыру жеңіл әрі оңай, тіпті, әдеттегі мерзімді басылымдарға рұқсат бермейтін материалды да жариялауға болады. Бұл процесс болашақта да жалғасын таппақ: саяси партиялар мен қозғалыстардың сайттар күннен-күнге көбейіп, Интернеттің ақпараттық ролі арта түспек. Күндердің күнінде Интернет ақпараттың негізгі көзі болып, дәстүрлі БАҚ-ты екінші кезекке ысыратыны анық. Дәстүрлі БАҚ ақпараттық монолог режимінде жұмыс істейді (*біржақты коммуникация*), яғни, кейбір бағыныңқылы субъектілерге әсер етіп, бақылай алады. Ал, компьютерлік технология көпқырлы коммуникацияға жол ашты. Желіге қосыла алатын әрбір тұтынушы ақпарат ала алады, сонымен қатар, ақпарат орналастыра алады.

Азаматтық қоғамның институттарына: маңызды мәселелерден хабардар болып, мемлекеттік мәселелерді өңдеуге және қоғамның бірігуіне ықпал ету; саяси шешімдер мен бастамалардың жүзеге асуына атсалысу; адамдардың кәсіби деңгейін көтеру үшін азаматтардың жауапкершілігі, басқару мен жоспарлауға арналған ақысыз оқыту бағдарламаларын жүзеге асыру; мемлекет шешімдеріне ықпал етіп, тек жоғарыдан емес төменнен

де басқару; мемлекет қызметін бақылау арқылы жемқорлыққа қарсы күресуге мүмкіндіктер беріледі деп санайды қазақстандық зерттеушілер.

Бүгінгі Қазақстандағы Интернеттің даму қарқынын қалай бағалайсыз?



Сурет 1 – Бүгінгі Қазақстандағы Интернеттің даму қарқынын қалай бағалайсыз? (% сұрау салғандардың жалпы санынан)

Автордың пайымдауынша, демократиялық даму жолындағы Қазақстан жағдайында электронды үкімет құрудың оң нәтижелері қоғамның одан әрі модернизациялануына негіз болмақ. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың жылдам өріс алуы ғылыми қауымдастықпен қатар БАҚ-та электронды демократия теориясы жайлы пікірсайыстарды өрбіте түсті. Бүгінде ғалымдар мен саясаткерлер арасындағы өткір пікірсайыс Интернеттің демократиялық институт пен үрдістерге әсері жайлы болып отыр. Қазақстандық зиялы қауым арасында аталған мәселелер төңірегінде жүргізілген авторлық сараптама зерттеулерінің нәтижелері төмендегіше.

Бүгінгі Қазақстандағы Интернеттің даму қарқынын респонденттердің теңдей бөлігі - 34% жоғары әрі орташа деп бағалайды. Ал, сарапшылардың 26%-ның пікірінше, еліміздегі Интернет дамуы әлі де болса төмен деңгейде деп отыр (1 сурет). Әлем елдерінің дамуын айқындайтын басты факторлардың бірі ақпаратқа қолжетімдік және ақпараттық теңдік мәселесі болса, қазіргі Қазақстан үшін де бұл дамытуды қажет ететін өте маңызды сала болып отыр. Еліміздің азаматтарының бүкіләлемдік желіге қолжетімдік деңгейі сарапшылардың теңдей 20%-ның пікірінше, аса жоғары

және жоғары деңгейде болса, үштен бір бөлігінің - 31% пайымдауынша, ғаламдық торға қолжетімдік деңгейі орташа.



Сурет 2 – Қазақстан тұрғындарының Интернет-қорларға қолжетімді деңгейі (% сұрау салғандардың жалпы санынан)

Респонденттердің 17% азаматтардың Интернет желісіне қолжетімдік деңгейі өте төмендігін айтады. Сонымен, сарапшылардың берген бағасынан орташа көрсеткіші Интернет қорларына қолжетімдік деңгейі «орта» деңгейде екендігін білдіреді (2 сурет). Бүгінде «электронды демократия», «электронды үкімет», «кибердемократия» ұғымдары ғылыми лексиконға ене бастады. Әлемнің дамыған елдеріндегідей Қазақстанда да «электронды үкімет» жобасы жүзеге асырылуда. Ақпараттық қоғамды зерттеушілердің еңбектері қазақстандық электрондық үкімет құру тәжірибесін сараптауға негіз болды. Электрондық үкімет жобасы 2005-2007 жж. Қазақстан Республикасында «электрондық үкімет» қалыптастырудың мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асты. 2006 ж. 12 сәуірде 377 ақпараттық қызмет қоры бар «электрондық үкімет» веб-порталы ашылды.

«Э-үкімет» жобасын дамыту үшін тұтас алғанда, елдегі Интернеттің дамуына инвестиция тартылып, кәсіби мамандар мен мемлекет тарапынан қолдаулар қажет. Интернет дамуындағы маңызды фактор – «бүкіләлемдік желі» қызметіне бағаның төмендеуі болмақ. Дегенмен, бұл тек Интернет порталдарындағы kz доменінің дамуына айтарлықтай әсер етпейді. Интернет пайдаланушыларының саны ұлғайғанымен, доменнің белсенділігі

артпай отыр. Отандық Kaznet-тің проблемасы «э-үкімет» дамуымен де тығыз байланысты.

Қазақстандағы «электронды үкімет» жобасының таяу болашағын сарапшылардың 35% - биліктегі бюрократизм мен жемқорлықтың төмендеуіне ықпал етсе, ал, тепе-тең бөлігі 24% - билік халықтың сұранысына жедел түрде жауап қатуы және мемлекеттік құрылымдар қызметінің ашықтығына қол жетеді деген оптимистік болжамдар жасады (3 сурет).



Сурет 3 – Қазақстандағы «электронды үкімет» жобасының таяу болашағын қалай бағалайсыз? (% сұрау салғандардың жалпы санынан)

Ақпараттық қоғамда азаматтық қоғам мен мемлекет, тура және өкілетті демократия арасындағы байланысты тасымалдау механизмінің қандай болу керектігі де әлі де шешімі табыла қоймаған проблема болып отыр. Интернеттің бұқаралық саяси коммуникация құралы ретінде азаматтардың электоральдық мінез-құлқына әсерін де бір жақты бағалауға болмайды. Ақпараттық қоғамда демократияның қай түрі қалыптасатындығы саяси сарапшылар үшін әзірге беймәлім. Міне, осылайша, бүкіл әлемде, сондай-ақ, Қазақстанда да ақпараттық технологиялардың дамуы демократия теориясында қызу пікірталас тудырып отыр.

Қазақстанда «э-үкімет» жобасын дамыту үшін тұтас алғанда, елдегі Интернеттің дамуына инвестиция тартылып, кәсіби мамандар мен мемлекет тарапынан қолдаулар қажеттігін күн тәртібіне қоюда; Отандық Интернет пайдаланушыларының саны ұлғайғанымен, доменнің белсенділігі артпай отыр. **Технология қоғамдағы**

реттеу тәсілдерін өзгерткенімен, оның мәнін өзгерте алмайды. Әлем елдерінің тәжірибесі көрсеткендей, «e-government» жүйесі тиімді пайдаланылғанымен, мемлекеттің әлеуметтік және технологиялық даму деңгейі арасындағы қарама-қайшылық жойыла қоймады; электрондық революция, тіпті, керемет деген IT-жобаның өзі демократияға тірек бола алмайтындығы, керісінше, технологияның арқасында үкімет үшін қоғам соғұрлым ашық, яғни, қоғам бақыланатындығы байқалуда; қызметі нашар ұйымдастырылған мемлекет электрондық үкімет арқасында жақсы болып кете алмайды, артта қалған қоғам тұрғындары қандай болмасын ақпараттық қорларға қол жеткізе алғанымен, посттоталитарлықтан демократиялық қоғамға аттап өте алмайды.

2009 ж. Қазақстанда барлық сайттар, чаттар, блогтар, Интернет-дүкендері мен электронды кітапханалардың дәстүрлі БАҚ ретінде азаматтық және қылмыстың істерге тартылатынына қатысты Қазақстандағы «Ақпараттық-коммуникациялық желілер мәселелері жөніндегі республикалық кейбір актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасының қабылдануы бұқара мен халықаралық қауымдастық тарапынан өте көп наразылықтарды туындатты. Әрине, халықаралық қауымдастықтың тәжірибесінде бар виртуалдық кеңістікті бақылау шаралары көбінде азаматтарды да, қоғамдық ұйымдардың да наразылықтарын тудырып отыр.

Қорытынды тұжырымдар. Ақпараттық дамыған шет елдерде «электрондық үкіметті» енгізу бюрократиялық процедуралардың жеңілдеуіне, азаматтардың билік институттарына сенімінің артуы, олардың саяси процестерге қатысу белсендігі артуы сияқты факторлармен айқындауға болады. **Авторлық сараптамалық зерттеу нәтижелері көрсеткендей**, елімізде электронды үкіметтің жүзеге асуы бюрократизм мен қоғамда сыбайлас жемқорлықпен күресте оң нәтиже береді деп күтілуде. Электронды үкімет платформасында азаматтар мен үкіметтің жақындасуы мемлекет тұрақтылығын қамтамасыз етіп, әлеуметтік-саяси теңдікті сақтауға ықпал етеді. **Автордың пікірінше**, дамыған демократиялық мемлекеттерде Интернет мемлекеттік басқарудағы биліктің алға жылжуына, мемлекеттің азаматтық қоғаммен

байланысын орнатуға ықпал етуде. Қазіргі кезде Қазақстандық электронды үкіметті қалыптастыру әлі де мемлекет пен оған қатысушы субъектілердің қолдауын қажет етеді. **Автордың ойынша**, Қазақстандағы IT-индустриясы дамуы мен космосқа шығудың алып жобаларының жүзеге асуы «э-үкіметтің» перспективалық бағыттарын болжауға мүмкіндіктер береді. Әйтсе де жаңа институционалдық құрылымның пайда болуы еліміздегі бұрынғы саяси институттардың функциясын жеңілдете қоймайды. Ақпараттық қоғамда азаматтық қоғам мен мемлекет, тура және өкілетті демократия арасындағы байланысты тасымалдау механизмінің қандай болу керектігі де әлі де шешімі табыла қоймаған проблема болып отыр. **Қазақстандағы электронды демократия құру проблемаларына:** халықты жаппай компьютерлік сауаттандыру және бұқара арасындағы «ақпараттық теңсіздік» мәселесін жою; ақпараттық технологиямен қамтамасыз ету, яғни «сандық теңсіздікті» жою; kz доменінің іздестіру қызметі мен белсендігін дамыту; ауыл тұрғындарының ерекшеліктеріне қарай мемлекеттік ақпараттық және ағарту бағдарламаларын жүзеге асыру сияқты факторлар жатады. **Приоритеттері:** жаһандық ақпараттық интеграциялық процеске табысты ену; ақпараттық қоғам құрудағы негізгі алғышарттардың жүзеге аса бастауы; мемлекеттік ақпараттық саясаттың табысты жүзеге асуы; әлемнің бәсекеге қабілетті 30 елінің қатарына ену стратегиясының жүзеге асуының кепілі ретінде айқындалады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Алияров Е.К. Государственная информационная политика РК в условиях глобальной информатизации. – Алматы, 2006. – 400 с.
2. Алияров Е.К. Государственная информационная политика РК в условиях глобальной информатизации. – Алматы, 2006. – 400 с.
3. <http://www.e.gov.kz>
4. <http://comport.region.kz/forum/viewtopic.php?p=18438>
5. Информация от Центра Компетенции с Правительства РК: Индексы инфокоммуникационного развития Малайзии и Казахстана за 2005 г.
6. http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakhstan-podnyalsya-v-reytinge-oon-porazvitiyu-elektronno-go-pravitelstva-209277/



Жания ӘБДІБЕК,
журналист

ДІН ЖӘНЕ ДӘСТҮР

Құран Кәрімде: «О, Халық! Не нәрсені де талқыла, сонда сен шындыққа жетесің» деп көрсетеді де, көзқарастар қайшылығынан ақиқатқа қол жеткізу болатынын меңзейді. Ендеше, қазіргі кең етек алған дін мен дәстүр қарым-қатынасының қандай болуы керектігі мәселесі уақыт тудырған проблемалардың бірі. Оған қоса ендігі бір тұстардағы айтылып жүрген тәңіршілдік ұстанымын алға тартсақ, онда мәселе тіпті күрделене түседі. Тәңіршілдікке келсек, оны теориялық жағынан негіздейтін кітап та, канон да жоқ. Ол бар болғаны қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүр, күнделікті тыныс-тіршілігіндегі қарым-қатынасқа сіңісіп, мұсылмандықпен астасып кеткен наным-таным, айта берді сенім. Сондықтан, тәңірлік ұлттың «сәбилік» шағының белгісі. Ол халқымыздың өткен табиғи-тарихи процесі. Оған еш қайта орала алмаймыз. Демек, бүгінгі келелі кеңесте көтеріп отырған мәселеміз дін мен дәстүр қарым-қатынасының қаншалықты болып, қандай деңгейде дамуы керектігі болса, ол ешкімді де таңқалдыра қоймас. Дейтұрғанмен, соңғы уақыттағы жат ағымдардың кері әсерінен болар, дәстүріміздің дінге қайшы тұстары көп айтылып жүр. Дәстүрлі дін мен салт-санамыздың ара жігі неге ажырап бара жатыр. Бұл қоғамның өзге ағымдардың әсерінен арандауға ұшырағаны ма, әлде «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» демекші, салт-дәстүріміз иманға қайшы болғаны ма? Осы және өзге де дін мен дәстүрге қатысты мәселелерді алға тартып, келелі кеңес ұйымдастарған едік. Кеңеске «Нұр-Мұбарак» университетінің проректоры, профессор Шәмиәддин Керім, ҚР Мәдениет қайраткері, жазушы Кұдияр Біләл, з.ғ.д., профессор Зайлағи Кенжаалиев, философ Әбдірашит Бәкірұлы, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері Жарылқасын Боранбай, ҚМДБ уағыз-насихат бөлімінің меңгерушісі, PhD доктор, теолог Ершат Оңғаров қатысып, дін мен дәстүр сабақтастығы тәңірегінде ойларын ортаға салған еді...

– Соңғы кездері мерзімді басылымдарды былай қойғанда, қалың қауым халықтың арасында дін мен дәстүр өзекті мәселе болып отырғаны өздеріңізге мәлім. Шынында да, осы бір қасиетті ұғымдардың аражігін ажыратып, бөле-жара қарауға бола ма, әлде олар бір-бірімен астасып, үндесіп кеткен түсініктер ме?



Жарылқасын Боранбай: – Қазақ халқы еш уақытта дінсіз болмаған. Оған дәлелдер өте көп. Соның бірі, барлық қасиетті кітаптарда Адам ата, Хауа ана айтылады. Ал, қарап отырсаңыз, әлем халықтарының ішінде Адам деген сөздерді қазақтар ғана айтады. Хауа ананы ана деп

атаймыз. Екінші бір дәлел, қазақта Тәңір, Құдай, Алла деген сөздердің барлығы бір Алланың хақ екендігіне арналған. Мұхаммед пайғамбар келгенге дейін басқа халықтарда, тіпті арабтардың өздерінде пұтқа табыну басым еді. Және пайғамдарды Алла Тағала жібергенде де сол халықты тыныштандыру, тәрбиеге шақыру, мәдениетке жеткізу деген ниет болған. Сондықтан да, біз Құдай арқылы, Тәңір арқылы Алланы тез қабылдадық. Себебі, ислам діні алғаш таратыла бастаған кезде біздің қазақтың қанында, жанында, болмысында бір тәңірге сену құбылысына еш қарсылық болған жоқ. Мемлекет болу үшін, халық болу үшін төрт бірлік керек: тін тарих, территория және хан. Ал, мұндағы тін дегеніміз тіл, діл, дін. Осы нәрселер біздің халқымызды ұйыстырады. «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген осы. Бұдан

шығатын ой, дін бүкіл салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды қабылдады.

2011 жылы мектеп оқушылары мен ЖОО-на арнап Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университетінің оқытушысы Бақтияр Сманов екеуіміз бірігіп, «Ұлттық тәрбие және дін мәселесі» деп аталатын кітап жазып шықтық. Бұл кітапты шығарудағы басты мақсатымыз оқушыларға, студенттерге дін мен ұлттық дәстүрдің байланысын түсінікті, діни терминологияны мейлінше аз қолдана отырып түсіндіру болды.



Зайлағи Кенжалиев: – Алла деп бастайық. Құрметті пікірталасқа қатысушылар! Дін және дәстүр тақырыбы қазақ қоғамы үшін өте нәзік және жанды тақырып. **Қазақ халқының дәстүрлі**

діні – ислам діні. Және бұл айтылған ой бүгінгі кезде қоғамда дау тудырмайды. Өмір шындығына сай тұжырым ретінде қабылданады. Қуантатыны, бұл ойды мемлекет те мойындайды және өзінің ресми идеологиясының құрамдас бөлшегі ретінде қарастырады. Оған дәлел «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы II қазанда қабылданған мемлекетіміздің Заңы, Елбасының ресми сөздері, оның ішінде «Қазақстан–2050 Стратегиялық бағдарламасы» секілді маңызды құжаттардағы ислам діні туралы айтылатын ойлар. Аталмыш заңның преамбуласында: «Ханафи бағытындағы исламның халықтың мәдениеті мен рухани өміріндегі тарихи ролін Қазақстан Мемлекеті ресми мойындайтынын және танытынын бекітеді», – делінген. Ал, Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан–2050 Стратегиялық бағдарламасында»: «Біз мұсылманбыз. Оның ішінде Әбу-Ханафи масабын ұстанатын суннитерміз», – деп қадап айтты. Және де Елбасы: «Бабаларымыз ұстанған бұл жол ұлттық салт-дәстүрді, ата-анасы сыйлауға негізделген. Ендеше бүгінгі ұрпақ та әлемдегі ең ізгі дін ислам дінін қадірлей отырып, ата-дәстүрін ардақтағаны абзал», – деді. Бұдан шығатын қорытынды, егер ислам діні қазақ халқының дәстүрлі діні болса, қазақтың дәстүрі де ислам дініне негізделуі тиіс. Дін мен дәстүрді айыруға болмайды. Олар біртұтас құбылыс. Дін дәстүрдің ішкі мәні-мағынасы болса, дәстүр оның сыртқы келбеті. Мәнсіз, мағынасыз дәстүр болмайтыны белгілі. Әрине, кейбір дәстүрлер бір емес, бірнеше қабат дәстүрлерге ие болуы

мүмкін. Және бір қарағанда олар дінмен еш байланысы жоқ секілді болып көрінеді. Бірақ, байыптап қараған адам дәстүрдің түпкі мәні діни сенімге негізделгенін көре алады. Айталық, дәстүрлі наурыз мейрамының табиғат заңын танып-білу мейрамы, күн мен түннің теңелуін, жаңа жылдың келуін қарсы алып, қуану мейрамы екендігі рас. Бірақ, наурыз мейрамының мәнін, оның табиғаттық сипатымен шектеуге тырысушылар аз емес, олардың пікірінше бұл мейрамның бастауы табиғаттан бастау алады және мағынасы мен мақсаты табиғатты мойындау мен соны дәріптеумен шектелуі тиіс. Бұл мейрамның исламмен еш қатысы жоқ. Ал, мұсылман қауымы үшін табиғатты жаратушы Алла. Демек, қыстың орнына көктемді әкеліп, жаңа жылға бастау болатын наурыз айының түсуін, ол айдағы күн мен түннің теңелетін күнін де белгілейтін бір Алла Тағала. Олай болса, наурызды мерекелеу Алла Тағалаға ризашылығымызды білдіру деген сөз. Яғни, ислам ғылымы, оны ұстанушы мұсылман қауымы наурыз мейрамының табиғат мейрамы екенін жоққа шығармайды. Бірақ, бұл мейрамның түпкі мәнін табиғат пен табиғат заңымен шектемейді. Мәселені, тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сөйтіп, табиғаттың жаратылуы негізінде Алла Тағаланың қалауының жатқандығын ескеруді алға тартады.



Қудияр Біләл: – Дін тақырыбы жұрт күтіп отырған, өзекті тақырып. Көп мәселе шешілмеген, жабық күйінде қалып келе жатыр. Ислам дінін ғасырлар бойы ұстанып келеміз десек те, бүгінгі таңда енді біліп, енді танып жатқандаймыз. Оның өзіндік себептері бар. Сондықтан да, дәстүр мен діннің үндестігі, бірлестігі туралы тақырыптың көтерілуі орынды деп ойлаймын. **Дәстүр мен діннің үндес екенін ұғынғаннан кейін, біз оны «дәстүрлі дін» деп қабылдаймыз. Кейбіреулер бізден ислам дінін неге бөлшектейтініміз туралы сұрайды. Ислам біреу ғана емес пе, неге оны «дәстүрлі дін» деп бөле-жара қарайтын, әлде өзгелер ұстанатын исламнан бір ерекшеліктері бар ма деген секілді сұрақтар туындайды. «Дәстүрлі дін» дегенде ішінен қазақтың өзіне ыңғайлап алған жаңа тармақ бар ма деген секілді сауалдар пайда болады. Рас, дәстүрлі дін дегеннен қашпауымыз керек. Өйткені, ислам дінінің қазіргі күннің өзінде 73 тармағының бар**

екендігі ақиқат. Сондықтан, олардың ішінен екішеп, қазақтың ұстанған дінін хақиқи дін екендігі дәлелдеуімізді қажет етеді. Мәселе осы төңіректе өрбу керек. Дін мен дәстүрді біз бөлмей «дәстүрлі дін» деп біріктіріп жіберуіміз керек. Мына бір жайтқа назар аудару қажет қазақтың халық болып қалыптасқанға дейінгі кезеңдердегі сенім-наным ұстанымдарының барлығы Ислам дінінің терең етек жаюын тездетіп, халықтың санасына мұсылмандықты сіңірді. Дәстүр – ислам дінімен егіздесіп кеткен ұғым. Қазақтың дәстүрін ислам діні қалыптастырды. Екеуінің үндесіп кетуінің себебі осында жатыр. Дәстүрсіз жалаң исламның өзін ұстанған ұлт болады деу өте қате. Ислам дінін ұстанып отырған қаншама мемлекет бар. Бірақ, олар бір дінде, бір шариғатта, бір масхабта болғанымен, діні бір ұлт қалыптастыра алмайды. Өйткені, бұл әу бастағы Алла Тағаланың «Сендерді ұлттар мен ұлыстарға бөлдім» деген хақиқатына қарсы. Сондықтан, міндетті түрде дәстүр болады және дін ұлттың дәстүрін қалыптастырады. Біздің ұстанған кез келген жолымыз осы ислам діні арқылы үндесіп, қалыптасып кетті. Ұлттық дәстүрді сақтап отырғандықтан біз әлі діннен де, дәстүрден де ажырамай отырмыз. Біздің негізіміздің мықтылығының өзі осында. *Алдағы кезеңдерде, жаһандану жағдайында қазақтың болмысын дін мен дәстүрдің сабақтастығы арқылы ғана сақтап қаламыз.* Сондықтан, біз дінді айтқанда дәстүрді, дәстүр дегенде дінді айтатымыз, екеуін бөліп ажырата алмаймыз.



Шәмшәдин Керпім: – Ислам діні және ұлттық дәстүр деген мәселе қазіргі қоғамымызда неліктен көкейтесті болып отыр. Бұның себебі, ислам дінінің күшеюімен байланысты. *Ислам діні күшейгеннен кейін біздің елімізде жастар дінге қарай бет бұрды, сонымен бірге сырттан, әсіресе миссионерлер, дінді тарататын құралдар, формалар, дін жолын ұстанатын жастар көбейді. Осымен байланысты екінші проблема туды. Жастарымыз тек ислам жолымен, шариғат бойынша жүреміз деп, кейбір салт-дәстүрімізді шариғатта жоқ деген пікірлер айта бастады.* Осыдан кейін біздің қоғамымызда дәстүрге қарсылық туды. *Біздің аруаққа сену секілді әр түрлі ұғымдарымызды ислам дінінде жоқ деп шықты. Қыздардың да киім кию*

формалары, қазақ жігіттерінің сыртқы көріністері өзгере бастады. Сондықтан, біз қазақ елі болғандықтан, өзіміздің ұлттық болмысымызды қалай сақтап қаламыз деген үлкен сұрақ туындайды. Тек қана біздің қазақ қоғамында ғана емес, барлық әлемдік жаһандану заманында халықтардың дәстүрі өзгеріп, кейбір ұлттар жоғалып жатыр. Жаһандану дәуірінде біз көптеген дәстүрімізден қаласақта, қаламасақта айырыламыз. Келесі ғасырға біз қазақтығымыздан не алып барамыз деген проблема тұруы керек. Ислам діні қазіргідей кең түрде, дендеп ене бастаған кезде де біз дәстүріміздің қайсысын алып қаламыз деген тағы да мәселелер туады. Сонымен бірге, ислам діні ешқашан дәстүрге қарсы шықпаған. Сондықтан біз қазіргі дәуірде өзіміздің ұлттық дәстүрлерімізді, исламды сақтай отырып, қазіргі заманға лайық халық болып қалыптасуымыз керек. *«Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар».* Қаласақта, қаламасақта, кейбір салт-дәстүрлер қалады. Бірақ, дәстүрімізден айырылып қалсақ, біз ұлттық келбетімізден де айырылып қалуымыз мүмкін. Бар мәселе, осы дәстүрлердің қайсысын біз болашаққа алып барамыз? Сондықтан, біздің қазіргі философтар, қоғамтанушылар да қазақ халқының ең жақсы, заманымызға лайықты құндылықтарын сақтап қалуымыз керек деген ой айтуда. Мына заманда ислам дінін берік ұстамаған жағдайда да бізге халық ретінде жоқ болып кету қаупі тағы бар. Қазіргі кезде біз он миллионнан асатын халықпыз, көп емеспіз. Жаһандану дәуірінде өзіміздің ұлттық келбетімізді сақтап қалуды ойлауымыз керек. Биыл Қазақстан Мұсылмандар діни басқармасында биылғы жыл «Дін және дәстүр жылы» деп аталады. Бұл мәселе өте өзекті. Осыған байланысты біз ұлттық дәстүріміздің дінге қайшы келмейтіндігін, үндестігін көрсетуіміз керек. Сөйтіп, бір жағынан ислам дінін ұстау болса, екінші жағынан ұлттық құндылықтарымызды сақтау, жоғалтпау мәселесі қазір көкейкесті болып отыр. Бұл кейбір біржақты діни ағымдарға тосқауыл қойылудың бір жолы деп есептеймін.

Ершат Оңғаров: – Бисмилла Рахмани-Рахим! Ассалаума-ғалейкум, ардақты ағалар! Шынында, дін және дәстүр мәселесі қазір өте өзекті болып отыр. Соны ескере отырып, ҚМДБ төрағасы, Бас мүфти Ержан қажы Малғажыұлы



негізгі бағыт ретінде осы дін мен дәстүрдің сабақтастығы басты назарға алдынды. Және биылғы 2014 жылды дін және дәстүр жылы деп жариялады. Осы мәселе туралы көптеген еңбектер жазылуда. *Осы орайда, «Дін және дәстүр» деген кітаптың бірінші бөлімін алып келдім. Бұл кітап сериялы түрде жазғасын көретін болады. Бұл жерде дәстүр деген не, дәстүрдің біздің мәдениетіміздегі орны, оның діндегі орны, діндегі дәстүрдің терминдік мағынасы қандай деген секілді мәселелерге тоқтала кеткен. Және бұл кітаптың ұтымды бір тұсы біздің мәдениетіміздегі, салт-дәстүріміздегі, әдет-ғұрпымыздағы құндылықтар исламмен қалай сабақтасқан, неге негізделген деген секілді сұрақтарға жауап іздеуге тырысқан.* Осы мәселелер жөнінде кітаптан мысалдар табуға болады. Өзімнің де «Қазақ мәдениеті және Ислам құндылықтары» атты монографиялық еңбегім бар. Қазақ мәдениетіндегі ислам құндылықтарының орны деп аталатын докторлық диссертациямның ізіменен жазылған ғылыми еңбек.

Біздің салт-дәстүріміз, әдет-ғұрпымыз ислам дініндегі құндылықтармен синкреттелген, біте қайнасып, сабақтасып кеткен. Кез келген мәдениетіміздегі құндылықты, салт-дәстүрді алып қарасақ діннен негізін табамыз. Қарапайым халық олардың діндегі сүннет, мұстахат, уәджіп екенін білмеуі мүмкін. Бірақ, ол діндегі негізгі құндылықтардың бірі. Ал, дәстүрдің анықтамасына тоқтала кетсек, *«салт-дәстүр – әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес жасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі тұрғызған мінез-құлықтың үлгілері, күнделікті қолданыста бір мәдени топты екіншісінен айыратын және бейресми жолмен реттейтін қабылданған мінез-құлық ережесіне немесе әлеуметтік әрекеттерді жөнге келтіретін термин»*. Бір топтың немесе халықтың екіншісінен ерекшеліктері бар ғой. Осы ерекшеліктер Құранда да айтылып кеткен. Адамзат бір-неше ұлттан тұрады, әр ұлттың өзінің мәдениеті бар. Алла Тағала о баста осылай жаратқан. Бұл Алланың хикметі. **Бұл Шура әл-Хаджира сүресінің 13-аятында: «Уа, адам баласы, шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйел адамнан, яғни Адам мен Хауа анадан жараттық. Сондай-ақ, бір-біріңнің таңу үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық. Шынында, Алланың қасында ең ардақтыларың тақуаларың, яғни ақ пен қара нәсілдің ешқандай айырмашылығы жоқ. Артықшылығы тек имандылығында,**

тақуалығында», – деп нұсқайды. Ал, дәстүр және ғұрып деген сөздер де араб тілінен алынған сөз. Біздің лексикологиямызға енген терминдерді алып қарасақ, 30-40%, жалпы, білім, ғылымға арналған, адамның интеллектуалдылығын бағалайтын терминдердің барлығы араб тілінен енген.

Зайлағи Кенжалиев: – Мен бір ой қоса кетейін. Қазақ пен арабтың көне сөздерінің түбі бір. Біздің қазақта Адам деген сөз қолданылады. Басқа халықтардың бәрінде басқаша айтылады. Ол, арабтың сөзі емес, қазақтың сөзі. Яғни, түбі бір сөздер арабқа да, қазаққа да ортақ десек шындыққа жақынырақ келетін сияқтымыз. Арабтардан келді дегеннен гөрі, ортақ сөздеріміз бар деген дұрыс сияқты.

Ершат Онғаров: – Жаксы, адам деген сөз ағылшын тілінде де – Адам. Оларда таласуы мүмкін. Бірақ, басқа әңгіме. Ортақ әңгімемізге келсек, әдет-ғұрып сөзі де Құраннан алынған. Қазақ тіліне бұл араб тілінен енген. Мысалы үшін, Алла Тағала «Аарат» сүресінің 199-аятында: «Ғафу жолы ұста, ғұрыппен өмір ет, надандардан теріс айнал», – дейді. Бұл жердегі «урф» сөзі адамзатты осы белгілі бір мәдениеттің, халықтың ерекшелігін, замандар бойы қалыптасқан дағдыларын айтады. Ғұрф шарияттың үкімін шығару үшін қолданылатын негізгі категориялардың бірі. Бұл урф фарыз, уәджіп, сүннет, мұстахаф, мубах, харам, макрух нормативтік шариғи актілерді белгілейтін категориялардың бірі. Ұрфтың өзі, яғни әдет-ғұрыптың өзі ақылға сүйену арқылы халықтың қалыптасқан жазылмаған қағидаларын көрсетеді. Мысалы, Алла Тағала Құран Кәрімде бес нәрсені харам деп белгіледі. Олар өлексе, бауыздағанда ағатын қара қан, доңыздың етін, сүзіліп өлген, буынып өлген малды харам етті. Ал, қалған жыртқыштарды пайғамбар қосымша Алланың әмірімен қосты. Пайғамбар (с.ғ.с) жыртқыш аңдардың етін жеуді харам деп санады. Сойдақ тістері бар, тырнақтары бар, құстардан мұрны имек болып келгендерінің еті харам деді. Бірақ, піл секілді айтылмаған және жыртқышқа жатпайтын аңдар бар ғой. Піл не Құранда, не хадисте айтылмады. Сондықтан, араб елдерінде пілдің етін жеуге рұқсат берілмеді, себебі араб халқы пілдің етін жеуді жактырмады. Сол секілді, араб халқының кейбір ғұрыптары шарияттың да анықтағыш нормасына айналды. *Ислам дінінің төрт масхабында да әдет-ғұрып шарияттың нормасы ретінде саналады. Мысалы, қалыңмал беруде әр қоғамдық топтың өзінің белгілеген құндары бар. Мәселен, әке-шешесі жоқ немесе үйленіп*

жсатқан кезде қалыңмалын атап айтпаған қызға сол қоғамдағы әдет-ғұрыпқа сай беріледі. Бұл біздің дініміздегі салт-дәстүрдің орнын көрсетсе керек. Мысалы үшін, қазақтың салт-дәстүрінде, ұлттық педагогикасында жазылмаған заңдар бар. Мұның барлығы ислам дініндегі белгілі бір құндылықтарға сай болып табылады. Ауыз әдебиетінде де мысалдар жетіп артылады. Хадисте: *«Береке сендердің үлкендеріңмен бірге келеді»* делінеді. Қазақта: *«Қариясы бар үйдің қазынасы бар»* дейді. Жасы үлкен адамдарды төрге шығарамыз, сыйлаймыз, бас тартамыз. Бірақ, үлкенді құрмет тұту бізде бұрыннан бар еді, ислам енгеннен кейін сол құндылық болып қалыптасып кетті. Ислам дініндегі құндылықтар біздің салт-дәстүрімізде де болғандықтан, ол тез сіңіп, халық тез қабылдап алды. Сондықтан, менің ойымша, біз салт-дәстүрімізді жандандырсақ, онда ата дінімізді жандандырған болып есептелеміз. Сондықтан, жат ағымның ықпалында жүріп, исламды дұрыс түсіне алмай жүргендерге айтарымыз: «Сіздер қазақ халқы ұстанған ислам дінінен, салт-дәстүрінен өзгені ұсынбаңыздар, айтпаңыздар, қазақтың ұстанымын жандандырсаңыздар, дінде бөлінбей, айрандай ұйып келген ынтымағымызды осы дәстүр мен діннің сабақтастығы арқылы алып шығуға болады».



Әбдірашит Бәкірұлы: – Көтеріліп отырған мәселе өте маңызды. Өйткені, дінде, дәстүр де қоғамды біріктіруші рухани бастаулар болып табылады. Сондықтан қоғамдық санада дін қағидаттары мен

салт-дәстүрлерімізде қайшылық болмауы қажет. Егерде қоғамда ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыптарға дәстүрлі дін қарсы келсе, онда қоғамда діннің де, дәстүрдің де іргесі шайқала бастайды. Осының әсерінен қоғамда берекетсіздік пайда болады. Ендеше, дін мен дәстүр үйлесімділігін қоғам қашанда назарында ұстап, діни уағыздың дәстүр аймағында болуын үнемі қадағалап, олардың арақатынасы алшақтап кетпеуін қамтамасыз етіп отыруы тиіс. Мәселені дұрыс талдау барысында мынадай мәселелер көтеріледі: біріншіден, «діннің ішкі қайшылығы ұлттық дәстүрлердің беріктігіне залалын тигізбейді ме?» деген. Біз қазір дәл осындай жағдайға келіп тірелдік. Тәуелсіздіктен кейін біз өзіміздің жан дүниемізді айқара ашып қойдық та, барлық

діндердің елімізге енуіне мүмкіндік бердік. Өртүрлі діндердің миссионерлері келді. Оларға қазақтың өзіндік ділі, мәдениеті, дүниетанымы ешбір қажет емес еді. Олар тек «қазақтың жүрегін жаулауды» мақсат тұтты. Сондықтан, аздаған уақытта, өзге дінге өткендер саны артып қойған жоқ, сонымен бірге, олардың діни қайшылықтарын да қабылап үлгердік. Сөйтіп, олардың ішкі тартысы қазақтың бас ауруына айналды. Нәтижесінде біз қоғам ретінде жарылудың алдында тұрмыз. Сондықтан, бізге қазір халық ретінде монолиттану аса қажет. Оған, ең алдымен, қалқан болатын нәрсе – ұлттың ділі мен ұлттық болмысы болмақ! Болмаса, әлемдік діндердің, не болмаса, ислам дінін жамылған небір секталардың өзара айтыс-тартысының көкпары болып кетер түріміз бар. *Қазір біздің бір ғана нәрсеге көзіміз анық жетуді тиіс – өзара айтысып жсатқан діни ұстаным бізді де ұлт ретінде тұтастыра алмайды. Мысалы, салафиттер «бізге келсең мықты боласың» десе, уаһабтар, тіптен, «әлемдік мұсылмандар халифатқа бірігейік» дейді, «құраниттер» – заң емес, құран сөзімен жүр десе, өзгелері – өзге дінге тартады. Сөйтіп, өздері берекетсіз болып отырған діни ағымдар жан-дүниесі айқара ашық қазақты да берекетсіздікке бастап бара жсатыр.* Екіншіден, осыған дейін талай замандары халықтың бет-бейнесін анықтап тұрған дәстүрлердің де озығы бар, тозығы бар. Бірақ, оның «озық-тозығын» анықтап отыратын не нәрсе? Дін бе, болмаса, басқа ма? Меніңше, діннің басты мақсаты «дәстүрді дамыту» емес, әруақытта «өзгеру үстіндегі дәстүрге» бейімделу арқылы адам жүрегіне имандылықты ұялату, бір Аллаға деген сенімді орнықтыру болып табылатын сияқты. *Мысалы, «соқыр сенімдегі» адам – бір бөлек те, Алла жолына «саналы» жолмен барған адам – екі бөлек болып келеді. Алғашқысына діннің сыртқы атрибуты маңыздырақ. Сондықтан, ол қазақтың дәстүрін тәрк етіп, өзі дін идеалы санайтын бөтен елдің киім үлгісі мен салтын, мысалы, қысқа балақ пен қауға сақалды міндет санайтын фанат. Әдетте, ондайлар қарсы уәжге төзімсіз келеді – өз ұлтының дәстүр атаулысына астамшылықпен қарап, қажет болса шыққан тегіне қарсы «жсихад» жариялай алатын «ислам солдаттарына» айналады. Ал, Аллаға санамен жсеткен жан әруақытта «жсүзінен иман төгілген», оған – имандылық парыз! Мінеки, бұл жердегі елеулі айырмашылық осында ма деймін! Ал дәстүр оған кедергі емес. Қайта ол өзінің дәстүрі аясында адам ретінде*

де, Алланың пендесі ретінде де одан әрі кемелдене түседі. Мейлі, дәстүр замана ағымына сай «елу жылда ел жаңа» дегендей өзгере берсе де...

— Біз, қазақ халқы ислам діні арқылы араб әлемі, Пәкістан, Иран, Ирак елдерінің киім кию мәдениетін, адами, азаматтық кейбір қарым-қатынастарын, тіпті ендібір іс-әрекеттерін қабылдау арқылы өзіміздің ұлттық болмысымызды, салт-санамызды, мәдениетімізді өзгертіп алмаймыз ба?

Ершат Онғаров: — Бұл жерде мына қағиданы алға тартуға болады. Құран және сүннетке, ижмаққа (*ижмақ деген ғұламалардың бір ауыздан келісіп, нормативтік, құқықтық, азаматтық, жалпы актілердің жинағы. — Е.О.*) қарсы келмеген әр халықтың ұлттық салт-дәстүрі, мәдениетіндегі ерекшеліктеріне, әдет-ғұрпына ислам қарсы шықпайды. Мысалы үшін, өздеріңіз айтып өткендей Арабиядағы, Индия, Пәкістандағы мұсылмандардың жүріс-тұрысы, киіну мәдениеті күнделікті өмір салты, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, мұның бәрі әр елде өзгеше. Ал, ислам оларға шек қойып жатқан жоқ. Біздегі қате түсінік сол елдердегі мәдениетті бізге әкеліп, жастарымызға, халқымызға таңып жатыр. Құранның түскен жері Сауд Арабиясында өздерінің салт-дәстүріне сай киінеді. Яғни, ер адамдар ұзын ақ көйлек және қызыл орамал. Ол Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с) кезінде болған емес, ол сүннеттің өзі емес, бірақ ол киім стилі исламға қарсы болғаннан соң қалыптасып кетті. Кувейтте ақ орамал, Палестинде қара-ақ түсті орамал. Пәкістанда да соған ұқсас. Себебі ол елдерде өте ыстық. **Біздің халықтың да өз киім кию дәстүрі бар. Абайдың киіміне қараңызшы. Басында тақия, тік жағалы көйлек, бешпент, шекпен, кең балақты шалбар. Осы киім исламның қай қағидасына қайшы келіп жатыр. Қазақтың өзінің ұлттық киімі емес пе? Мәселен, әйел адамдардың киінетін киіміне тоқталар болсақ, сәукеле, егде жастағы әуелдердің кимешегі, қоғамдағы статусына қарай киінуі — мұның барлығы өзіміздің мәдениетімізге тән. Бұл исламдағы қағидаларға да қайшы келмейді. Басқа елдің мәдениетін, салт-дәстүрін бізге әкеліп таңу — сауатсыздық. Бұның бәрі буыны қатпаған, бұғанасы бекімеген жастарымыздың сол елдерде оқып, жат елдің салт-дәстүрін исламның негізгі қағидалары, құндылықтары деп қабылдап, соны бізге әкелулерінен шығып жатыр.** Әсіресе, ондай жастардың дені орысша тәрбиеленген, қазақтың менталитеті, қазақи тәрбиені білмейтін, саналарына сіңірмеген жастар. Мысалы, балағын кесіп,

сақалын қауғадай қылып жіберген салафи жолындағы, уахаби жолындағы жастардың бәрі орысша сөйлейді. Қазақтың тәрбиесінен сырт қалған, дәстүрден алшақтаған жастар. Елбасының бастамасыменен, ҚМДБ қолдануымен «Нұр-Мұбарак» университеті ашылды. Ондағы мақсатымыз, санасы әлі қалыптаспаған жастарды, өзіміздің елде, әдет-ғұрыптармен, менталитетімізді білетін жолменен бакалавр деңгейін оқыту болатын. Ал, магистр деңгейінде ғана шетелде оқуына мүмкіндік жасаймыз. Бұл өте дұрыс. Себебі, бакалавр бітіргенше жастардың санасы өзіміздің ұлттың менталитетті қабылдап, қалыптасып үлгереді.

Құдияр Біләл: — Барлық кілтпан мынада: бүгінгі дәстүрлі дінге қарсы шығып жатқандардың — біздің дәстүріміздің мәнін ұғып, түсіне алмауында. Дәстүр қалай қалыптасты, дәстүр негізінде не жатыр, біздің дәстүрімізден ислам діні қалай көрініс табады. Біз дәстүріміздің мәнін ашып, түсіне алмай жатырмыз. Дәстүрдің мәні ашылса, кез келгенінің негізінде ислам дінінің тұрғандығы байқалады.

Зайлағи Кенжалиев: — Киімге байланысты айтылатын бір нәрсе ислам ғылым ғой. **Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с) бізге ақиқат алып келген кісі. Киімнің «модасын» алып келген жоқ. Ол бізге жаңа дүниетаным, көзқарас, әлемді ақиқат көзімен қарай білу, соған сай сөз сөйлеу, іс әрекет жасауға үйретті. Және Құранда айтылады: Сенің киімің — тақуалығың, сыртыңдағы емес, ішкі дүниең. Осы арасын ескерсек, болды.** Яғни, ислам үшін адамның тақуалығы, иманы бәрінен жоғары. Екіншіден, дін және дәстүр тақырыбына байланысты басты мәселелердің бірі — осы екеуінің қайсысы бірінші тұруы керек. Егер, олардың арасында түсініспеушілік туындап жатса. Бұл сұрақтан қашуға болмайды. Себебі, бұл сұраққа кім қалай жауап береді және осы сұрақты өзі үшін кім қалай шешеді, соған сай ол өзінің дүние-танымын білдіреді. Мұндай жағдайда ислам діні бірінші тұруы керек деген адам өзінің ақиқат жолында екінін көрсетсе, дәстүр дінге қайшы келсе дәстүр бірінші тұру керек деген жан дәстүрді өз дініне айналдырып жібергенін білуі тиіс. Дәлірек айтсақ, ислам дініне қайшы келетін дәстүрдің негізінде жатқан наным-сенімді өз дініне айналдырып алғанын білу керек. **Қазақ халқының салт-дәстүрі ислам дінімен егіз, әлімсақтан діннің негізінде қалыптасқан, сондықтан салтымыздың осы қырларын ашып көрсетіп, осыған байланысты насихаттауымыз керек.**

Шәмшәдин Керім: — Біздің ислам

елдеріне барып жүрген жастардың арасында ислам діні мен арабты шатастыру бар. Араб деген 300 млн. астам халық. Олардың іштерінде де өз дәстүрімен келген халықтар бар. Қазақ секілді әртүрлі өзінің дәстүрлері мен ислам дінін қатар ұстанып келе жатқан ұлттар бар. **Сондықтан, араб дәстүрінің барлығы исламға тән деп түсінбеуіміз керек. Қазақ жастары араб елдеріне барып, арабтардан көргенінің бәрін ислам деп ұғады. Біз осыдан шатаспауымыз керек. Сонымен қатар, екінші айтылатын арабтардың киім киюіне байланысты әртүрлі климаттық, географиялық жағдайларға байланысты немесе исламға дейінгі олардың қалыптасқан дәстүрлері бар.** Сондықтан, кейбір жағдайда қазақтың дәстүрлері ислам діні келмегенге дейін қалыптасып және дінге сәйкес келетін дәстүрлер бар. Мысалы, аманатқа беріктік, «Уәде – Алланың сөзі» дейміз, тазалық, қайырымдылық, кешірімділік, дархандылық, қонақжайлылық сияқты мінез-құлықтары жағынан алып қарағанда біз араб халықтарынан да жоғары тұрамыз. Біз арабтармен қарым-қатынаста жиі боламыз. Олар кейде сөздерінде тұрмау, өтірік алдап кету, өтірік құлу, тағы басқаларға көп ерік береді. Сондықтан, біздің көп дәстүрлеріміз ислам дінімен сәйкесіп жатады. **Біз өзіміздің жақсы құндылықтарымызды жоғалтпауымыз керек. Ал, исламға жат, Кеңес үкіметінен қалған арақ ішу, зинақорлық секілді аманат дәстүрге айналып бара жатқан әдеттерімізден арылуымыз керек. Осы орайда, бізге ислам діні көмектеседі.** Біз дәстүрлеріміздің жақсы жақтарын, исламмен байланысты тұстарын айтуымыз керек. Ислам дініндегі біздің ұлтымызды алға тартатын құндылықтарын алып, ысырапшылдық, даңғойлық, қайырымсыздық, ата-анаға қарамау, біздегі суицид деген бала сүймеу, түсік тастау секілді теріс мінездердің қажеті жоқ. Қазақты халық ретінде құртып жіберетін жау осы. Ислам діні көп балалықты жақсы көреді. Сондықтан біз исламның жақсы жақтарын насихаттауымыз қажет.

Зайлағи Кенжалиев: – Ислам – ғылым, ғылыми ойлау және ақиқат білімдер жүйесі. Ал, басшылыққа алынған ислам ғылымы – ислам діні деп аталады. Исламды ақиқат ғылым, ақиқат дүниетаным деп бағалай алмаған оны дін ретінде де ұстай алмайды. Біз исламды уағыздағанда оның ғылым ретіндегі мәніне баса көңіл бөлуіміз керек. Сондықтан осы ғылымды, ой ойлауда да, сөз сөйлеуде де, іс-әрекетте де басшылыққа алу мұсылман қазақ қауымының айнымас дәстүріне айналуы керек. Әрине, ол үшін ең алдымен исламның басты өзегі – Құранды қазақшаға жүйелі

түрде дұрыс аудару ісі мемлекеттік деңгейде қолға алынса. Ал, бұл салада атқарылар іс әлі қыруар. Құранның қолда бар қазақшалары әр алуан. Діни сауаты өсіп келе жатқан қазақтың талабын толық қанағаттандыра бермейді. Осы ескерілсе. Айталық, халифатун сөзі «орынбасар» деп, ал, орыс аудармаларында «наместник Бога» деп аударылып кеткен. Алла Тағалада бала да, серік те, орынбасар (наместник) те болмайтыны – исламның басты қағидасы емес пе! Бұл сөзді сол күйінде беру керек, және аудармасы «Алла әмірімен бір қалыптан келесі қалыптарға өтіп, Жаратқанға қайтып оралушы қалып (хал)» деген мағынаға қарсы келмейтінін ескеру керек. Сонда әрбір адам – халифа – Аллаға қайтып оралушы болып шығады және Жаратушы жер бетіне – халифатунды (халифатты) – Өзіне қайтып оралушы адамдар қауымын әуел бастан орнатып қойғаны анық болады. Әрине, бұл сөздің толық ақиқат астары бір Аллаға ғана аян.

Әбдірашит Бәкірұлы: – *Бізге дінді бала тәрбиесі жүйесіне ретсіз енгізе беруден сақ болу қажет. Дін – күнәға батып үлгергендердің кешірімге жету, түзелу жолы. Яғни, саналы қадам және сана арқылы жеткен Сенім! Мектеп жасындағы баланың бойына әуелі, діннен бұрын, заманауи ғылым-біліммен бірге ұлттық болмыс, салт-дәстүр, тыйым тәрбиесін енгізу әлдеқайда маңызды! Қазақтың даналық пен адамгершілікке негізделген этнотәрбиесін дін алмастыра алмайды. Бұл сөздер «дінсіздікке» шақыру емес. Әр нәрсе өз уақытында. Ал, алдымен «нағыз қазақ» болған балаңыз һәм адамгершілікті, һәм иманды боларына кім де болса күмән келтіре қоймас. Жалпы, барлық имандылықты тек діннен іздеу, «тек дін ғана түзу адамды тәрбиелеп шығады» деген түсінік – діннің өзіне нұсқан келтіруі мүмкін. Өйткені, ол түсініктің астарында мен жоғарыда айтқан себептердің салдарынан «Қай дін?» деген екіұдайы ой, сұрақ жатады. Сол үшін қазақ (Шәкәрім) – «адам Құдаймен ақылдың күшімен қауышпады» деп бекер айтпаса керекті... **Бала – періште! Оны уақытынан бұрын «күнәлі» етпейік. Олар қазақтың мақал-мәтелдерін игерсін, ертегі, батырлар жыр-ын оқысын. Сол жеткілікті. Бала бала болып ойнасын! – одан артық қандай қуаныш бар!? Онда да дін жөнінде аз айтылмайды.** Мысалы, осыған дейін біздегі дін «қазақ болмысын» зерделемей келді. Міне, енді, осының салдарынан кейбіреулердің «**атаның сақалына жармасуға**» немесе қолына қару алып, өзге елдерге «**дін жолындағы соғысқа**» аттануға немесе «**түзу жол**» деген жалған сеніммен өзін-өзі шейт етуге бара бастағанда ғана, біздің **Дін басқармамыз мынадай – «Дін***

және дәстүр» деген кітапты шығарыпты. Бұл өте тамаша нәрсе. Осы кітапты оқыған жасағат енді діннен үрікпейтін болады, дәстүр мен дін сабақтастығын ұғып, олардың арасында қайшылық жоқ екеніне көздері жете бастайды. Жалпы, қазақтың даналық сөздері өзіміздің төл дінімізбен астарласа жымдасып, үндесін кеткен. Кейде, дінге жетелеу үшін мақал-мәтелдерді жиі қолданатынымыз да сол себепті емес пе? Қазақтың ондай дана сөздерінде имандылық тұнып тұр. Сондықтан, біздегі діни уағыз өзара бір пәтуаға келгенше діни сауаттылықты этноәрбиемен жымдастырып отыру аса қажет. Жеке басым, немерелеріммен әр кез мақалдар мен мәтелдердің мағынасын талқылап отырамын. Сонда, балаңыздың ой-өресі қаншалықты дамып, өсе бастағаны көз алдыңызда өтіп жатады. Бұл – газжап құбылыс! Оны біздің бабаларымыз білген, сондықтан олардың алдында «діни қайшылық», «ушығу» деген мәселелер де туындамаған. Біз де одан бас тартпай, соны жалғастыра беруіміз қажет.

Ершат Оңғаров: – «Өзін өзі таныған –Құдайын таныған» деген қазақта аталы сөз бар. Бұл сөз хадистен алынған. Пайғамбар (с.ғ.с): «Кім өзінің нәпсісін таныса, раббысын таниды», – дейді. Тағы бір дәлел, «көпшілікпен бірге болыңдар, шынында қасқыр да шетке шыққан қойды жейді» дейді, ал қазақта «бөлінгенді бөрі жейді». Бұл секілді хадистерден, Құраннан алынған қазақтың күнделікті өмірде кездесетін жүздеген сөздер бар. Қазақ –ұятқа, ар-намысқа берік халық. Астарында әзіл бар әңгіме бар. Арабтар қазақ жеріне дін таратуға келсе, қазақтың дәстүрін көріп, «мыналар бізден бұрын мұсылман болып қойыпты ғой» деген екен. Демек, қазақтың исламға дейінгі бар дәстүрлері дін келгеннен кейін сабақтасты да, өркениеттің шыңына көтерілді. Біз әдет-ғұрпымызды танысақ, өзімізді өзіміз танысақ, біз құдайды да танимыз. Біз Алла Тағала Құран Кәрімде: «Аллаға бой ұсыныңдар, одан кейін Алланың елшісіне бой ұсыныңдар, одан кейін өздеріңнің араларыңнан сайланған басшыларыңа бой ұсыныңдар!», – дейді. Ол біздің қазіргі қоғамда елбасы, рухани өмірімізде ол мұфтиіміз. Сондықтан, Елбасының саясатын қолдап, діни бағытымызды ҚМДБ туының астында берік ұстансақ, Иншалла біз елдігімізді сақтаймыз. Біздің алдыға қойған мақсатымыз анық, болашағымыз жарқын болып, биік белестерден өтеміз. Дінімізді, ата-бабамыздың салт-дәстүрін, жазылмаған қағидаларын берік ұстанайық, ағайын!

Суреттерді түсірген
Азамат ҚҰСАЙЫНОВ

ЖОЛДАУДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНА ЕНЕТІН 10 КРЕАТИВТІ ИДЕЯ

1. ПАТРИОТИЗМ. Қазақстандық қоғамның шешуші құндылықтарын бекітетін жаңа құжат – «Мәңгілік Ел» Патриоттық актісі әзірленіп, қабылданатын болады.

2. ИННОВАЦИЯЛАРДА. Экономиканың жаңа салаларын, бірінші кезекте – мобильді және мультимедиялық, нано және ғарыштық технологиялар, роботты техника, гендік инженерия, болашақтың энергиясын іздеу және ашу әрбір келесі бесжылдықтың нақты нәтижелеріне айналмақ.

3. ГЕОЛОГИЯДА. Қазақстан геологиялық барлау саласында әлемдік рынокқа енуі тиіс. Бұл салаға тиісті заңнаманы қарапайымдандырығаннан кейін шетелдік инжинирингтік компаниялардың инвестициялары тартылады.

4. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА. Аграрлық ғылымның, оның ішінде гендік жаңғыртылған дақылдар әзірлеудің арқасында Қазақстан өңірлік ірі ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттаушылардың біріне айналады.

5. ҒЫЛЫМДА. Шетелдік инвестициялар бүтіндей біздің елімізге білімдер мен жаңа технологияларды трансферттеу үшін пайдаланылатын болады. Шетелдік компаниялармен бірге жобалау және инжинирингтік орталықтар құрылып, технопарктерде ең ірі қазақстандық компаниялардың қосымша өндірістері орналасатын болады.

6. АУМАҚТЫҚ ДАМУДА. Ең ірі қалалар Астана мен Алматы, одан әрі Шымкент пен Ақтөбе алғашқы қазіргі заманғы урбанистік орталықтарға айналады. Олар сондай-ақ ғылымның және инвестициялар мен халықты тарту орталықтарына да айналмақ.

7. КӨЛІКТЕ. Логистикалық қызмет секторы белсенді дамитын болады. Жүктерді тасымалдау үшін Кеден одағы аумағы барынша пайдаланылмақ. Болашақта Қазақстан теңізге шығатын елдерде логистикалық орталықтар құруды инвестициялауды бастайтын болады.

8. ЭНЕРГЕТИКАДА. ЭКСПО-2017-ге дайындық барысында Астана болашақтың энергиясы мен жасыл экономиканы іздеу мен құру жөніндегі озық әлемдік тәжірибені зерттейтін және енгізетін орталыққа айналады. Жаңа мұнай өңдеу зауыты салынып, ядролық энергетика, оның ішінде атом стансасы құрылысы дамиды.

9. ШОБ. Шағын және орта бизнес жаңа инновациялық кәсіпорындар төңірегінде дамитын болады. Ол үшін индустрияландырудың екінші бесжылдығының жоспары «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасымен біріктіріледі.

10. ЭКОНОМИКАДА. Қазақстандық экспорттық әлеуетте шикізаттық емес өнімнің үлесін 70 пайызға дейін ұлғайтуға жағдай жасайтын экономиканың ғылымды қажет ететін моделі енгізілмек. Ғылымды қаржыландырудың өсуі ЖӨ-нің 3 пайызынан кем емес деңгейді құрайтын болады



Зікірия ЖАНДАРБЕК,
тарих ғылымының
кандидаты

САЛТ-ДӘСТҮР ҰЛТТЫҢ ГЕНЕТИКАЛЫҚ КОДЫ

немесе дін мен дәстүр туралы

Осы күнге дейінгі біздегі қалыптасқан пікір бойынша дін мәдениеттің құрамдас бөлігіне жатады деген тұжырым бар. Мұндай тұжырымның қалыптасуына 17-18 ғасырларда Батыс Еуропа елдерінде дін мен қоғам арасындағы қайшылықтың туындауы тікелей ықпалын тигізді. Алайда, бұл тұжырымның дұрыс еместігін уақыт сан мәрте дәлелдеп берді. Дін мәдениеттің құрамдас бөлігі бола алмайды. Өйткені, дін адам баласының ойынан шығарылған нәрсе емес. *Дін адамзат қоғамынан тыс ортада пайда болып, сол жіберілген қоғамның игілігі үшін қызмет жасайтын ілімдер жүйесі. Адамзат қоғамында жалпы мәдениет пе, салт-дәстүр ме, әдет-ғұрып па, мемлекеттік жүйе ме барлығы діни ілім мен діни таным негізінде қалыптасады. Сол себепті, дін ешқашанда мәдениеттің құрамдас бөлігі бола алмайды. Керісінше, дін мәдениеттің құрамдас бөліктерін қалыптастыратын негізгі қозғатушы күш болып табылады.* Дін мен діни танымнан тыс қоғамның рухани-мәдени өмірі мен қоғамдық қатынас жүйелерінде ешнәрсе болмайды. Өйткені, қоғамдағы барлық жүйелер осы діни таным негізінде қалыптасып, сол діни таным шеңберінде қызмет етеді. Бұл діннің қоғамдағы қызметінің сан-салалы екендігін көрсетеді. Сондықтан, мәдениет әркезде дінге тәуелді болады. Діннен тыс ешқашан мәдениет болмайды. *Діннің қоғамдағы ролінің артуы – ол қоғамның нұрлануына, гүлденуіне, мәдениетінің жаңа сатыға көтерілуіне әкелсе, діннің қоғамдағы ролінің төмендеуі, керісінше, қоғамның азғындауына, тоқырауға ұшырап, ыдырауына әкелетін қауіпті факторға айналады.*

Діннің қоғамдағы ролінің қаншалықты жоғары екендігі туралы XX ғасыр басындағы орыс ойшылы В. С. Соловьев былай деп жазады: *«При таком внутреннем соединении (а несмешении) религиозной идеи с народностью выигрывает и та и другая сторона.*

Народность перестает быть простым этнографическим и историческим фактором, получает высший смысл и освящение, а религиозная идея обнаруживается с большой определенностью, окрашивается и воплощается в народности, приобретает в ней живую историческую силу для своего существования в мире. И чем значительнее народная сила, тем выше она должна подниматься над национальным эгоизмом, тем полнее она должна отдаваться своему вселенскому служению». В. С. Соловьевтің бұл пікірі кез-келген халықтың деңгейі, рухани қуаты діни идеяның халықтың ой-санасынан қаншалықты терең орын алуына байланысты екендігін көрсетіп отыр. *Басқаша айтқанда, халықтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрінің, жалпы мәдениетінің қай бағытта дамитынын айқындайтын – діни, діни таным. Егерде кез-келген халық өзінің дәстүрлі дінінен, діни таным негіздерінен ажырайтын болса, онда ол халық өзінің рухани мәдени болмысынан ажырайды.* Жаңа қабылдаған діннің талабына қарай жаңа мәдениет пен дәстүр қалыптастыруға мәжбүр болады. Осы тұрғыдан келгенде Президент Жолдауындағы *«Дәстүр халықтың генетикалық коды»* деген тұжырымын – қазақ халқының болашағына алаңдаушылығы деп түсінген дұрыс. *Сондықтан, дін халықтың міндетті түрде салт-дәстүрімен сабақтас болуы шарт. Олай болмаған жағдайда ол дін халықтың рухани, мәдени болмысы мен салт-дәстүріне қауіп төндіретін факторға айналады.*

Әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің қиселілік сипаты

Салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа анықтама бермес бұрын, бұл сөздердің шығу тегіне қысқаша тоқталып, бұл сөздердің түпкі мәнін білдіретінін анықтап алғанымыз жөн. **Дәстүр** – ұрпақтан-ұрпаққа ауысатын, тарихи қалыптасқан нормалар мен үрдістер. Ол – халықтың мінез-құлқының, іс-әрекетінің рухани негізі. Дәстүр мәдениетпен тығыз байланысты, сондықтан мәдениеті дамыған ел дәстүрге де бай. Ата-ананы құрметтеу, үлкенді

сыйлау, адалдық, әділеттілік, мейірімділік сезімдері озық дәстүрлерге жатады. Сейид Хусейн Наср атты түркі ғалымы: «Дәстүр» сөзі уаһи жолымен адамдарға білдірілген қасиетті, әрі осы иләһи хабарлардың адамзат тарихы бойынша тоқтамастан ашыла беруі мағынасында қолданылады. Дәстүр – Иләһи хабар, әрі Негізге жақындататын үздіксіздік мағынада дей келе Аллаға ғашықтық ақиқатына жалғаған түп-тура байланыс құралы ретінде сипаттайды. Сөйтіп, ол ойын ары қарай былайша тұжырымдайды: «Дәстүр дінді және оның заңдылықтарын қамтыған» дейді. Ал, Дін болса, қалыптасқан дәстүрге айналған Сүннет болып табылады және сопылықтағыдай дәстүрлі өмірдегі ой толғанымдары мен өмірдің әр дәуірін, әр кезеңін және әр ғасырын Негізге жалғайтын шынжыр, тізбек, яғни *Силсала*. Осы себептер арқылы дәстүрдің тамыры Иләһтан келген уаһида орналасқан. Бұтақтары мен өзегі ғасырлар бойы дамыған алып бір бәйтерекке ұқсатуға болады. Дәстүр ағашының негізінде дін, оның негізінде ағаштың өмір сүруін қамтамсыз ететін уаһидан нәр алып тұрған *берекет* орналасқан. Дәстүр, киелілік, басы және соңы, ақиқаттары: таусылмайтын хикметі мен ақиқаттың ауыспас принциптерін әртүрлі уақыт пен мекен шарттарында әрқашанда іске асып отырады.» Бұл дәстүрдің пайда болуы жайдан жай емес, Жаратушының әр халыққа белгілеп берген өмір сүру жолын белгілеген қағидалар жүйесі екендігінен хабар береді.

«Салт» сөзін қазақша мағынасына келер болсақ, қатты, қатты болу, берік болу, төзімді болу дегенді білдіреді. Егерде, осы талдауларға сүйенер болсақ, онда «салт-дәстүр» ұғымының мағынасы – айнымайтын, берік қоғамның тұтастығы үшін жаратушы тарапынан жіберілген қағидалар жүйесі дегенді білдіреді. Араб тілінің сөздіктерінде: «Әдет» деген сөз араб тілінде - 'адат-әдет, бір істі немесе әрекетті жиі қайталау. Бұл сөздің негізгі түбірі «*ада*» - *اذا* - қайта оралу, өз қалпына келу деген мағыналарға саяды. «*ұрып*» сөзі негізінен арабтың «*арафа*» деген сөзінен шығады. Араб тілінде –«*арафа*» сөзінің мағынасы білу, тану, қабылдау, өте жақсы білу. Сонымен «Салт-дәстүр, әдет-ғұрып» деген сөздер түгелдей дерлік діни сөздер. Қазақ халқына араб тілінен еніп, төл сөзімізге айналған. Бұл сөздер халқымыз тұтастай Ислам дінін қабылдаған тұстан бастап қолданысқа енген кірме сөздер.

«Мәдениет» (маданийат) – сөзінің этимологиялық төркіні арабша қала, қоғам, қауымдасу т.с.с. мағыналарды білдіреді. Мәдениет пен дін сөздері бір түбірден (дана/йадину етістігінен) шыққан. *Дін арапиша - дин, сөздік мағынасында жол, сенім, үкім, қағида т.с.с. мағыналарды білдіреді. Мәдениет қала, қауымды білдіретін «...Тәңір тарапынан белгіленген (жолы), этикалық, әлеуметтік, экономикалық және*

діни құлшылық ету қағидалары мен сенімдік жүйеге негізделген, Тәңірмен байланыс құруға арналған табыну орны (мешіт, шіркеу, синагога т.с.с.) бар қауымның тіршілік әдісін, тұрағын анықтайтын ұғым (термин). «Маданийат» ұғымы кейіннен уақыт ішінде қала, қалалық, отырықшы т.с.с. сипатқа ие болып, латын тіліндегі «культура» ұғымымен тең мағынаға ие болған».

Егерде, қазақ халқының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі негізінде Құдайлық негіз болса, онда, олардың барлығының киелілік сипаты бар жүйе.

Иасауи Ислам шариғатындағы негізгі бес негіз – бес парыз бен осы бес парыздан туындайтын қырық парызды қалдырып, қоғамдық қатынастарды реттеу жолы толығымен көне дәстүрге берді. Бұл басқаша айтқанда, бұдан жан мен тән қажеттілігіне қарай адам болмысының екіге бөлінгенін көруге болады. *Тариқат жолы тән қажетіне байланысты мәселелерді қарастырмайды, адамның рухының қажеттігін өтейтін амалдарды қарастырады.* Осы дәстүрдің бүгінгі күні кванттық физикағылымы тарапынан толығымен дәлелденіп отыруы Иасауи бабамыздың бұл саладағы білімінің қаншалықты терең болғандығын көрсетсе керек. *Демек, бұл қазақ дәстүріндегі шариғатта жоқ деп жүрген амалдардың негізі бар екендігін және олар тариқат жолы арқылы қалыптасқандығын көрсетеді. Өйткені, қазақ халқының жылдар бойына жинақталған рухани мұрасы мен мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы дінмен байланыс жолы негізінде қалыптасты. Ал, қазіргі күні келіп, қазақтың ана салт-дәстүрі, мына әдет-ғұрпы Құранда жоқ, исламға жат деп үкім шығару – қазақтың дәстүрлі діни танымына қайшы екендігін көпшілігіміз түсіне бермейміз.*

Демек, қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы қазақ халқының діні мен діни танымымен тығыз байланысты. Бүгінгі күні «әсіре исламшылдар» әулиелерге зиарат ету, әруақтарға арнап ас беру, зікір ғибадаты сияқтыларға шабуылдаумен шектеліп отырған жоқ. Дін мен дәстүр негізінде қалыптасқан бүкіл әдет-ғұрып, салт-дәстүрге қарсы шабуылын үдетіп отыр. Халықтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері халықтың діни танымының материалданған көрінісі, символдары. Халықтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрін өзгерту діни таным негіздерін, киелі саналған бүкіл символдарын жояды. Бұл халықты діни танымымен қоса, рухани, мәдени болмысынан толық ажыратуға әкеледі. Басқаша айтқанда, қазақ халқын тамырымен қопарып, тарих сахнасынан кетіреді. Сондықтан, қазақ халқының дәстүрлі діні мен діни таным негіздерін, осы негіздермен сабақтас қалыптасқан дәстүрін сақтап қалу бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Өйткені, салт-дәстүр халықтың генетикалық коды.



Амангелді АЙТАЛЫ,
философия ғылымдарының
докторы, Қ. Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік
университетінің профессоры

ҰЛТШЫЛДЫҚ У МА, БАЛ МА?

Ұлттық сана мен ұлттық болмыс әр халықта өзін басқалармен салыстыру барысында қалыптасып, өзгеріп, жағдайларға икемделеді. «Біз» бен «оларды» саралап, өз тілімізді, мәдениетімізді, дәстүрімізді ажыратып, кейде, тіпті, таласып та жатамыз. Дегенмен, әр халықтың тарихына байланысты белгілі бір ұлттармен ғана қарым-қатынасқа түскендіктен, солар туралы жағымды, жағымсыз пікірлер, стереотиптер санаға орнығады. Ол байланыс әртүрлі деңгейде көрінеді. **Қазақ халқының ұлттық санасында бірінші деңгейде Қазақстанда тұратын этностардың бейнесі, олардың ішінде орыс этносының тарихи жағдайларға байланысты келбеті қайшылықты, күрделі қарама-қарсылықтарға толы. Патша үкіметінің отарлау саясаты, қазаққа қиянаты кезінде «Орыстан досың болса, айбалтаң жанында болсын» деп сақтандыратын сөз де тудырды. Екінші деңгейдегі біздің санамыздағы образ Ресей халықтары мен бұрынғы одақтас республикалар халықтары. Сонымен бірге, немістер, француздар, қытайлар, америкалықтар, басқа да ұлттар соңғы кезде бізге жақын араласатын іскер серіктеріміз. Біз оларды енді танып-біліп жатырмыз. Үшінші деңгейде бізбен тығыз қарым-қатынас, әрекеттестікте болмаған халықтар, олар туралы әдебиеттен, акпараттық құралдардан көбірек білеміз. Ұлтшылдық пен ұлтсыздық психологиясы өз ұлтын және басқа да жақын қарым-қатынастағы ұлттардың бір-бірін қабылдауына байланысты туады. Ұлт саясатын айқындау барысында бірқатар мемлекеттер ұлт ұғымына, ел-халқының қалай түсінетініне мән береді. Ресейдің осы мәселеге арналған зерттеулеріне жүгінсек, сауалға жауап бергендердің 48,6%-ы ұлт**

қасиетті, адамға табиғаттан, Алладан берілген деп қастерлейді; 48,2%-ы ұлты арқылы адам Отанын, ата-бабасын, тарихын танып, елін сақтайды депті; 41,2%-ы әрбір дені дұрыс адам ұлтымен мақтануға тиіс деген. 16,4%-ы ұлт адамдарды қауымдастырып, ортақ мақсатқа қол жеткізеді десе, 11,8%-ы болашақты айтпағанда, ұлт бүгінде көп жағдайда ескірген ұғым депті. 9,7%-ы адамдар тегіне қарамай, ұлтын өзі таңдауға құқылы болсын деген. Ұлттар мидай араласып, орыс ұлтына сіңісіп бара жатқан ресейлік қоғамда бұл жауап таңғаларлықтай емес. Сауалға жауап бергендердің 6,3%-ы ұлт ұғымы адамдарды жікке бөліп, бір-біріне қарсы қояды деп жауап берген. Ең бір назар аударатын жағдай, 50 жастан асқандар арасында ұлтты қасиетті деп санайтындар көбейе түседі.

Бұл мәселеге немістердің де пікірі көңіл аударарлық. «Шпигель» журналының зерттеуі бойынша, «Сіз үшін ұлт деген нені білдіреді?» деген сауалға 14 пен 29 арасындағы жастардың 31%-ы «ештеңені де білдірмейді» десе, 21%-ы «ескірген ұғым» депті. «Немістердің басқа да ұлттардан артықшылықтары бар ма?» деген сауалға 52%-ы «жоқ» десе, 45%-ы кейбір халықтардан артықшылықтары бар депті, ал, 2%-ы, тіпті, фашистік ұстанымда болған. «Егер, артықшылықтар болатын болса, немістер қай халықтардан артық?» деген сауалға, 87%-ы поляктардан, 74%-ы түріктерден, 63%-ы орыстардан, 20%-ы француздардан, 11%-ы америкалықтардан деген.

Осылай біреулер үшін ұлт қасиетті, киелі болса, екіншілер үшін ұлттың тарихы, өткен асулары – құндылық, үшіншілер үшін ұлт патриотизмнің қайнар бұлағы, ұлттық ар-намыс еңбек етуге, күреске қуат қажыр-қайрат береді. Бұл – әр халыққа тән ұлттық патриотизм. Сонымен бірге, ұлтқа бей-жай, болмаса жағымсыз пікірлер де баршылық. Әр адамға ұлттық құндылықтары, үйренген ортасы соншалықты қымбат, қадірлі, тіпті, өз ұлтынан артық құнды ештеңе болуы мүмкін емес сияқты. Сондықтан, басқа ұлттардың құндылығы алыс, бұлдыр, көзге

көрінерліктей бағалы емес деп қабылдауы да мүмкін. Шынында да, адамдарға өз халқының өзге де жоқ қасиеттерін жинап-теріп, оның артықшылығын психологиялық, идеологиялық тұрғыдан сендіру қиын емес. Осылай өз ұлтына өзгеде жоқ қасиеттер таңылады. Абай айтқандай, «ей, Құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі антұрған, жаман келеді екен, ең тәуір халық біз екенбіз деп...» ойлау қазақтарға да тән. Мұндай өзімшіл психологияны этноцентристік психология деп атайды. Бұл індетке терең шалдыққан өз ұлтын, ортасын басқалардан артық қоятын отарлаушы ұлттар. Себебі, астамшылық міндетті түрде бөтен этностарға жағымсыз көзқарас туғызып, өз этносының артықшылығын мойындатуға тырысады. Кейде бұл құбылысты этностық нарциссизм – өзін-өзі сүйішілік, менмендік дейді. Көне грек аңыз бойынша, Нарцисс судан өз бейнесін көріп, өзіне өзінің сүйіспеншілігі соншалықты, тіпті, көз алмастан қарап, сол күйінде қатып қалып өмірден кеткен. Өлгеннен кейін ол Нарцисс атты гүлге айналған. Адамның өз халқының мәдениетіне, тарихына көзқарасы әралуан. Әсіресе, империялық ұстанымдағы ұлттар астамшылық психологиясымен ерекшеленеді. Ол індетке шалдыққан ұлт өкілдері, ерекше жаратылған, тіршіліктің ішіндегі ең маңдай алдысы деп есептейді. Осыдан келіп басқалармен қарым-қатынасын оның ортасы, ұлты, нәсілі басқалардан артық деген қағидаға негіздейді.

Ұлттық өркөкіректік бара-бара ұлылық дертіне, ұлттық масаттанушылыққа, пандыққа шалдықтырады. Ондай ұлттың өкілдері өздеріне ерекше құрмет, ерекше құқ талап етеді, осылай ұлтшылдықтың асқан түрлері шовинизмге, одан фашизмге ұласады, түптің түбінде өзін-өзі құртуға апарады. Өмірде астамшыл ұлтшылдықтың көріністері бір-бірімен байланысып, ықпалдасып жатады. Менменсіген орыс шовинизмі Еуропа ұлтшылдығы алдында төменшіктеп, бәсеңдеп қалады. Орыстардың «Чем быть азиатом в Европе, лучше быть европейцем в Азии» деуі, Ресейдің азиялықтарды айтқанына көндіру, мойынсұндыру мақсатын айқындайды. Орыс интеллигенциясы өзін-өзі танудан гөрі, Азияда нағыз еуропашылдар болғысы келді. Бірақ қандай тыраштанғанмен орыс отаршылдары орыстанудан, шоқындырудан, елді мекен, жер-су аттарын орыстандырудан аса алмады, еуропалықтардай ел басқарудың өркениетті үлгісін көрсете

алмады. Дегенмен, қазақ зиялылары аз да болса орыс демократтарынан үйренді, орыс білімінен сусындады.

Астамшылық психологиясы басқаларды кемсітумен, олар туралы әртүрлі ғылыми теориялар таратумен, халықтарды «ен мықты», «орташа», «төмен» деп жікке бөлумен қатар жүреді. Ол «теориялар» жылдардан жылдарға, ғасырдан ғасырға ұласып, ел ішінде наным-сенімдер қалыптастырады. Осылай астамшылықты негіздейтін «эволюция басқыштары» немесе «даму сатылары» деген тұжырым өмірге келді. Адамзат даму барысында халықтар әртүрлі деңгейден көрінеді, біреулер ілгерілеп, екінші тоқтап қалса, біреулері өрлеп алға баса береді. Сонымен, адамзатқа көз жіберсек, ол эволюцияның әртүрлі кезеңдерінде дамып келеді. Осыдан адамзат эволюциясының басқышы деген тұжырым жасалды. Ол басқыштың жоғарғы төрінде өркениетті деген елдер орын алса, төменгі басқыштарда өркениетті елдерге мәдениеттері ұқсас, үйлесімді мәдениеттер орын алады, ең төменгі басқышта орналасқан «мәдениетсіз», «жабайылар» орналасқан. «Эволюциялық басқыштарда» да орналасудың басты критерийі Еуропа мәдениетіне сәйкестілігі, сондықтан да, бұл пікір шындықтан аулақ, субъективті психологияға негізделген. Төменгі басқышта орналасқан көшпенділер жоғарғы басқыштарға орналасқан отырықшы халықтарды рухымен, ақыл-айласымен, білімімен, күшімен талай бас идіргені де тарихи ақиқат.

Басқалардан өз ұлтын жоғары бағалау, болмаса шовинизмнің көрініс алуы әртүрлі деңгейде этнос өкілдерінің ерекшеліктеріне, әлеуметтік жағдайларына, этносаралық өзара байланыстарды реттейтін мемлекеттің ұлт саясатына байланысты. Дағдарыстар жағдайында қаһарына мінген шовинистік топтар этносқа қарсы зорлық-зомбылық жасап, оны жер бетінен жоюға дейін барады. Шовинизмнің себептері әртүрлі: этносаралық қатынастарда өз мәртебесін жоғары санау, мүмкін болса этностарды бағындыру, сырттан келген мигранттардан сақтану, өз мүддесі үшін басқа ұлттың табиғи байлығына таласу, экономикалық бәсекелестікте қарсыласын әлсірету, тағы басқалар.

Ұлтшылдықтың тағы бір көрінісін мәдени консерватизм деуге болар. Ұлттың төл ерекшеліктерін тек өткен замандағы құндылықтармен, тұрмысымен ғана өлшеп, ол үлгілерді бүгінгі талапқа сай икемдемей, сол қалпында пайдалануға

тырысушылық. Оны бүгінгі ұрпақтың қабылдауы не қабылдамауымен есептеспеу де дағдарысқа апарады.

Ұлттық астамшылық, шовинизм қай заманда сол ұлтты толықтай өз ықпалына икемдей алмаған. Ұлтаралық қатынастарға толеранттылық, төзімділік, сыйластық та тән. Этностар арасында бәсекелестік, сенімсіздік, жек көру де, ынтымақтастық пен бірлестік іс-қимыл жасау да қатар жүреді, болмаса кезектесіп те жатады. Ал, отарланған, бағынышты ұлттардың ұлтшылдығының астарында патриотизм, өзін-өзі сүю, ішкі ашу-ызаны сыртқа шығару, өзін-өзі сақтаудың амалы жатыр. Кейде өзін басқаларға қарсы қойып, өзін өзі таныту, өз талабының дұрыстығын дәлелдеу үшін бағынышты ұлт өкілдері де астамшылық, ұлттық төкаппарлыққа, этнопопулизмге ұрынатынын Абай екінші қара сөзінде қазақты сынға алғанын айттық. Бұл біз де мықтымыз деген жұбаныш сияқты. Абайдың салыстыру әдісін кейінірек саяси ғылымда компаративтік әдіс деп атады.

Этностарды әртүрлі тұрғыдан, мысалы, демографиялық, кәсіби, білім, денсаулық, т.б. деңгейлерден даму үрдісін анықтау әлеуметтік ғылымда бүгін кең тараған, оларды сабасына түсіретін ғылыми амал.

Сонымен, ұлтшылдық әртүрлі. Ол у да, бал да құюға болатын сауыт сияқты. Кез келген ұлтшылдықты қисынды, қолдауға тұрады деуге болмайды. Оның бір көріністері шындыққа жуыспаса, екіншілері ұлттың орынды талаптарының белгісі. Мұндай ұлтшылдық – халқымыздың жаны мен тірегі. «Ұлтымыз өмір сүрсе, ол да бірге өмір сүреді» (М.Шоқай. Таңдамалы. Бірінші том, 1998, 62-6.). Ұлтшылдық – ұлтты тәуелсіздіктен, кіріптарлықтан азат ету жолы. Тағы да М.Шоқайша айтсақ: «Ұлтшылдық біздің, соның ішінде менің де саяси идеяларымыздың соңы емес, басы. Олай болса, біздің барлық іс-қимылымыз өз билігіміздің өз қолымызға өтуін қамтамасыз ету тұрғысынан жасалуы керек» (Сонда, 115-6.).

ҚАЗАҚ ҰЛТСЫЗДЫҒЫ

Социологиялық зерттеулер бойынша, ұлтқа деген ұстаным әртүрлі бағытта айқындалады. Бірінші – бағыт-бағдарды психологиялық, мәдени, тілдік ортамен байланыс жасай отырып, ұлттық құндылықтарға артықшылық беретіндерді айтуға болады. Екінші – ұстанымдағылар өз бойына екі не одан да көп мәдениетті сіңіруге тырысатындар. Үшіншілер – бір жақты, негізінен бөтен ұлт тіліне, мәдениетіне артықшылық беретіндер. Олардың ішінде қай тілді де, мәдениетті де меңгермеген, не басқа, не ана тілін білмейтіндер аз емес. Ұлтшылдық ұлт мәселесіне осы әртүрлі ұстанымнан туады, ал, бұл саладағы ой-пікірлер мен тұжырымдар алуан түрлі екенін көрдік: бір шеті патриотизмнен екінші шеті ұлттық ерекшелікті мойындамайтын, адамзатты бір тілге, мәдениетке икемдеуді қолдайтын космополитизмге дейін жалғасып жатыр. Ұлттық құндылықтарға көзқарастың бір қыры ұлтсыздық, ғылыми әдебиетте ұлттық нигилизм дейді. Нигилистер ұлтқа мән берген құндылықтарды қайта бағалап, арзансытып, дінге де күмән туғызып, ұлт табан тірейтін тіл, мәдениет, дәстүрдің мәнін, беделін түсіреді. Нигилизм – отарлау саясатының салдары. Қазақ еліне басқа этнос өкілдерін шексіз қоныстандыру,

байырғы халықты ұлттық азшылыққа айналдыру, қазақ мектептерінің азаюы, аралас некенің көбеюі, тілдік мәдени ортаның тарылуы елдің этностық келбетін өзгертті. Нигилистер ұлттық мемлекеттілігімізді жоққа шығаруға, ресейлік отарлау саясатын ақтауға дейін барады. Азамат соғысы жылдарында С.Сәдуақасов ел аралап жүріп, қазақтардың нақақтан көп өлгенін естіп: «Сендер не қайрат қылдыңдар?» – деп сұраса, оған: «Қазақтың қолынан не дәрмен келеді? Айдаған жаққа қойша жүре беру! Қырса, үндемей қойша қырыла беру! Біз мал емеспіз бе?» – депті қазақтар. «Қырыла береміз-дағы...», – деп өздерін кемсітеді.

«Қырыла береміз-дағы» деген сөзі жүрегіме оқтай тиді. Бұл не деген жуастық, өлімге мойынсұнғандық? Бүйте берсе, бұл қазақ қашан адам болады! – деп күйінеді ұлт қайраткері (С.Сәдуақасов, Танымдық зерттеулер, мақалалар. 2-том. Алматы: Алаш, 2003. 271-272-66.). Намыссыз, басқа ұлт тіліне, мәдениетіне әбден бейімделген, әдеттенген, қорлауға да үйренген қазақтар бүгін де жеткілікті.

Нигилизмге шалдыққан, ұлттың өкілдері ұлттың ішкі байланыстарының әлсіздігіне, ұлттық намысының төмендігіне қарамастан, ұлттық құндылықтар төңірегіндегі тірлігі

көбіне ұрандатудан, болмаса даурығудан, бас иіп қостаушылықтан аспайды. Бүгінгі қазақтың психологиясында олардың әртүрлі жағымсыз көріністері байқалады. **Қазақтың қонақжайлығы - жалпақшешейлікке, кішіпейілдігі - құлдықұра берушілікке, елдігі – рушылық, жүзшілдік, жершілдік микропатриотизмге, кенпейілдігі ысырапшылыққа ұласып жатады. Қазақтың мақтанышы бүгін даңғойлыққа айналды.** «Жүз ат бәйгеге қосылса, мен бәйге алдым деген сөз болса, алдында неше ат бар деп сұрар, артында неше ат бар еді деп сұрағанның несі сөз?» – деп Абай айтқандай, бүгінгі қазақтың қуанышы кейде артымызға қарап масаттануға сүйенген. Айта кетейік, әсіресе, еврейлерге тән ұлттың өзін-өзі сынауы қазақтар арасында бүгін тіпті көрінбейді. Сынаудан гөрі өзімізді мадақтауға үйірміз. Өз ұлтын өткір сынау оны тазартудың жолы, себебі, өзіңнің кемшілігіңді өзің ғана білесің. Өз ұлтынды басқаға сынатпай өзің сынау – өз намысыңды өзің қорғай алатындығың, өмірге төзімділігіңді байқатады. Сонымен бірге, ол – психологиялық жағынан ұлтты сақтаудың амалы.

Өзін әсіре, артық бағалау қазақтарда әртүрлі көрініс алып отыр. Басқа халықтардың тілінен, мәдениетінен, дәстүрлерінен мәлімет аз болғандықтан ба, бірқатар қазақтар өз тілін, мәдениетін жоғары қоюға әуес. Қазақ тілі түркі тілдерінің ішінде ең таза, ең бай тіл деуімізге басқа түркі тілді халықтар қосыла қояр ма екен? Қазақтарға басқа халықтардың салты шамалы, қызықсыздау, өзінің құндылықтары өзінен артық, ғажайып көрінеді. Әр ұлттың символдары өзінше ерекше бағалы болуы тарихи отбасылық тұрмыстың айнасы екені ескеріле бермейді. Өзгені өзінің еті үйренген дағдысымен өлшеу ұлтаралық қатынастарда жиі кездеседі. Сондай-ақ, өз ұлтының өкілдерінің кісілігі мол, әділ, шетінен батыр деп тану да қазақтар арасында да жиі ұшырасады. Кейде қазақтардың интеллектуалдық деңгейін жоғары бағалау да кездеседі. Сонымен бірге, басқа халықтардың университет, академиялары, өз ғылыми интеллигенциясы бағзы заманнан болғаны ескеріле бермейді. Халықтардың барлығы білімге, ғылымға қабілетті, әр ұлттың ұлы ғалымдары, ойшылдары болуы заңды. Бірақ, тарихи жағдайларға байланысты мүмкіндіктер халықтарға бірдей бола бермейді.

Басқа ұлттарды өзіне сіңіру, қосып алу отарлаушы ұлттар мен сан жағынан басым ұлттардың саясатына тән. Өзге тілде сөйлейтін, этностық келбетін жоғалтқан

қазақстандықтар, сол сияқты серб тілінде сөйлейтін, бірақ, әртүрлі этносқа жататын югославтар социалистік ұлт саясаты салдарының көрінісі. Бұл - халықтар достығы, интернационализм емес, ассимиляция, басқа этносқа түтелдей, болмаса жарым-жартылай сіңісу. Әсіресе, саны аз этностық топ басқаға тез сіңіседі. Мысалы, Қазақстандағы шағын этностық топтар негізінен орыстанғандар. Ұлтсыздану, басқа ұлтпен сіңісу, оның тілін, мәдениетін қабылдау - бірден емес, ұзақ мерзімге созылатын құбылыс, ұлт оның қаупін сезе бермейді, ол радиация сияқты ұлт организмін бірте-бірте әлсірете береді. Әр ұрпақтың құндылықтар мен тіл таңдауы әртүрлі жағдайларға, әсіресе, географиялық факторларға да байланысты. Нигилизмге кейде жасанды, алдамшы патриотизм де итермелейді. Мысалы, Қазақстан сияқты тәуелсіздік алған бірқатар ұлттар БҰҰ-ға мүше болғанына, «ұлы» халықтардың оны мойындағанына, әлемдік қоғамдастыққа мүше болғанына мәз болып, өзінің тұрмысын, мәдениетін, дәстүрін, наным-сенімін сол «өркениетті» елдерге икемдеймін деп, өз тілінен, мәдениетінен жериді, тіпті, қазақ болғанына намыстанады. Сырттан қарағанда қазақы мәдениет үшін бұлардың қылығы дөрекі, күлкілі көрінгенімен, бұл - кең тараған қасірет. Бұл жерде өзінді-өзің тануға, сыйлауға мүмкіндік жоқ, керісінше, өзгедей болу, «өркениетті елдергедей» болу, «еуропалық мырзалардай» боламын деп тырысып, ұлт болмай қалу қаупі басым. Осылай жаңбырдан қашып, қарға ұрынғанның кейпіне еніп жатырмыз. Мұндай жағдайда тәуелсіздікті тек тәуелсіздік алу үшін алдық па, орыстану, батыстану, америкалану үшін алдық па деген ой туады. Ең қатерлісі - ұлттық құндылықтар жаһанданудың құрбаны болады. Ол мәдениеттің, тілдің, мәдени ортаның ластануынан да көрінеді. Сырт көзге бұл тыраштану, басқалармен тереземізді тең ету, ұлттық патриотизм болып көрінгенмен, шын мәнінде бұл жай ғана ұлттық даңғойлық, мансапқорлық. Бұл шынайы мәдениеттер алмасуы, алыс-берісі де емес, нигилизммен астасып жатқан үрдіс. Осындай көңіл-күй етек алған сайын «ұлт», «тәуелсіздік» идеялары бұлдыр бола береді. Ұлт жалған идеяға икемделген сайын жастар жағы «бақытсыз болмыстан» «бақытты өмір» жасап масаттана береді, айналып келгенде, өздерінің орыс, батыс, америкалық жастарға ұқсастығын үлкен мәртебеге саяды. Сондықтан да,

Н.Назарбаев: «Бүгінгі уақытқа ілесемін деп өзіміздің ұлттық «мен» дегізгерлік бітімімізді жоғалтып алмауымыз керек», – деп даурықпаудан сақтандырды («Бейбітшілік және келісім саясаты». Астана, 2008, 129-6.).

Нигилизмнің әлеуметтік негіздері де бар. Техника, технологиясын, киімі мен тамағын молырақ шығаратын, жастарын көбірек оқытатын елдің тілі, мәдениеті, діні басым болып, өзіне тарта беретін сыртқы ықпалдың да барлығы белгілі. Екінші жағынан, отандық тауарлардың аздығы да ұлт мүддесін кемсітеді. Орыс, ағылшын тілдерінің басымдығы, жарнамалардың да басқа тілде басым болуы ұлттың еңсесін басып, жаңа отаршылдық жағдайда өмір сүретіндей көңіл-күй тудырады. Бүгін ақша, материалдық игіліктер ұлттық құндылықтардан, жалпы рухани құндылықтардан артық бағаланатын болды. Пайда идеологиясы өмірдің барлық саласын реттеуде, ашық айтсақ, бүгін кеңестік тоталитаризмді қаржы тоталитаризмі алмастырып барады. Бұл да ұлттық байлықтарды арзансытып, ұлтсыздыққа бейімдейді.

Ұлтсыздану басшылықтан, әкімшілік топтардан, қала халқынан басталды, техникалық мамандар да оған бейім келеді, бірте-бірте олардың отбасылары да бейімделеді. Бұл үрдіс ақырын-ақырын ұлт организмне тарай береді де, ұрпақ алмасқан сайын бөтен тіл, мәдениет күш алады, ұлттық тіл, мәдениет білдірмей ығыстырыла берді. Басқа мәдениетті, тілді қабылдап, ана тілінен, мәдениетінен қол үзген сайын ұлт өкілдері жат тіл мен мәдениетке жақындай береді. Ұлтсыздануға ұшырай бастаған ұлттың әлеуметтік таптары, топтары, кәсіби мамандары әртүрлі деңгейде басқа және ана тілін меңгергендер болып жіктеле даралана береді. Сондай-ақ, ұлттан оқшаулана, бөлектеніп тұрады, тек тілімен ғана емес, қылықтарымен, салтымен, пиғыл-ниетімен көзге түседі. Сондай-ақ, әлеуметтік-кәсіби, күнделікті өмір тұрмысы, киген киімі дос-жарандарымен де ерекшеленеді. Кейде ол дүбәралар, маргиналдар өз ұлтының мәдениетіне, дәстүріне қызықса да оларға басқа бір елдің, жат жұрттың көзімен қарайды. Кезінде, тіпті, В.И. Ленин: «Обрусевшие инородцы всегда пересаливают по части истинно русского настроения» деген. Ұлтсыздану, ұлттық астамшылық қаупі ұлт патриоттарына маза бермей, оқтын-оқтын билікке үндеу жариялатып жатады. Орыс тілін қолдауды қазақ тілін шеттету деп бағалау психологиялық тұрғыдан

түсінікті. Бұл қоғамда қалыптасқан тілдік оппозициядан туындайды. Мемлекеттік тілдің қызметін атқарып тұрған орыс тілін осы қалпында сақтау қазақ тілі мемлекеттік тіл дәрежесіне жете алмайды дегенмен бірдей. Егер, орыс тілі мен қазақ тілінің Қазақстандағы орнын таразыласақ, қазақ тілі бөлшектің бөлгіші де, орыс тілі алымы. Бөлгіштің алымнан артық болуы заңды болса, мемлекеттік тіл саясатының заңдылығы – қазақ тілінің басымдығы. Екі тілдің қатар мемлекеттік тіл қызметін атқаруға ұмтылысы дау-дамай туғыза береді. Демографиялық жағдайды да ескеру жөн: келесі он жылда қазақтардың саны 70%-дан асса, мемлекеттік тілде қызмет жасауды бүгін ойластырған жөн. Қазақстан орыстарының үлес салмағы 1989 жылдан әр он жылда 7%-ға азайып келеді, 1989 жылы 37,4% болса, 2009 жылы 23,7% құрады. Орыс тілін жасанды түрде осы қалпында сақтауға тырысу да, оған тосқауыл қойып шеттету де біржақтылық болар. Орыс тіліне елімізде қанша сұраныс болса, оны соншалықты қолдау қажет, әсіресе, білім, мәдениет, гуманитарлық салада.

Ұлттың тілдік, мәдени, ақпараттық алапығы, әртілділігі ұлттың тұтастығын әлсіретеді, әр әлеуметтік топтарының бір-бірімен байланысы, ұлтшылдық қарым-қатынас бөсеңдейді. Осыдан келіп ассимиляцияға ұшыраған, іштей бөлінген ұлт ұлтаралық бәсекелестікте ұтылады. Ондай ұлттың шығармашылық қабілеті де әлсірейді, сондықтан, біртұтас, бір тілде сөйлейтін, ақпараттық қуаты жоғары ұлт іштей бөлінген ұлтқа менсінбей қарайды, оның тілін, мәдениетін де сыйламайды. Бүгінгі қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде «менің де тілім» деп мойындамаудың психологиялық себебі осында жатыр. Дүбәраланған ұлтқа олар тек қабылдаушы, әлжуаз ұлт ретінде қарайды және дүбәраланған ұлттың нигилистері осы артықшылықты мойындайды, өзін-өзі сыйламайды. Өзін-өзі сыйламақ түгілі, тіпті жек көреді. Осы психология бүгінгі қазақ ұлтының бірқатарына тән. Ішкі бірлігі жоқ ұлттың өзіне өзінің сенімі төмен, ол әсіресе, күнделікті өмірде, тұрмыста, отбасында жиі байқалады. Ұлттың, тілін бағаламайтын, өзін-өзі кемсітуге үйренген, тартыншақ, жасқаншақ, қайсарлығы жоқтар, тіпті, кейде озбырлыққа да көнеді, бір сөзбен айтқанда, тіпті, өзінен білімі, қабілеті төмен болса да билеп қалған ұлттың өкіліне икемді келеді. На-

мысы кемсітілген ұлт намысы жоғары ұлт өкілдерінің алдында ынта-жігері түсіп, бұғып тұрады. Сондықтан, тәуелді, бағынышты бола береді. Кейін осылай жалғаса береді де, тегі ұмытыла береді, бұл өте ұзақ үдеріс болғандықтан, оның қаупі бүгінгі күні айқын сезілмейді. Бұл қауіпті апат, бірақ, табиғи апаттай көзге ұра бермейді, әр әлеуметтік топтарда оның көрінісі әртүрлі. Нигилистер болса өз ұлттық болмысынан жеріп, түгелдей болмаса да, жартылай айырылып қана қоймай, үзілді-кесілді қарсы шығады. Ал, өмірде сол нигилист белгілі бір ұлттық тілде сөйлеп, белгілі бір мәдениетті, дәстүрді тандайды, тандағанда, әрине, өз мәдениетінен артық деген мәдениетті тандайды. Басқа тіл, дәстүр тандаған сияқты, жұбай тандағанда да ұлт алдындағы парызын, ұрпақтар сабақтастығын ескермейді.

Сырттай басқа халыққа тым жақындасып, тілін, дінін қабылдаған, тіпті, сіңіп кетуге тырысқандарды, қанша адам құқын, тандауын сыйлау дегенмен, қоғамдық пікір қолдамайды, себебі, оларды ұлттық намысынан жұрдай, азғырғанға ергендер деп есептемейді. Ал, осы нигилистерге сен алды-артыңа қарамай, басқаның жетегінде кеттің десе, онымен олар келіспейді. Ал, мұндай нигилистер (космополиттер) қай халық арасында жиі кездеседі. Олар ұлт мәселесінде біржақты, алған бетінен қайтпайтын ұлтсызданғандар. Бірақ, ешқандай ұлт, әсіресе, мемлекет құраушы ұлт, өзінің келбетін өзгертуге, басқа ұлтқа, қандай да, тіпті, дамыған ұлт болсын, сіңісуге келіспейді.

Кейде шағын ұлт өкілдері «адамзаттық құндылықтар», «өркениетті елдер», «әлемдік прогресс», т.б. сөздердің астарын білмей, оның артында қай ұлттың мүддесі тұрғанын алданған интеллигенцияның сезінуі оңай да емес. «Өркениетті елдер» дегеннің ар жағында басқа ұлттың есебі тұрғанын түсінгенде ғана ұлт зиялылары ойлана бастайды. Соның өзінде үстем болып қалған мәдениеттің жақсысы мен жаманын ажырату, оның жағымсыз ықпалынан айырылу бірден бола қоймайды. Көңіл тоқтатып қарағанымызда, шовинизм, космополитизм, нигилизмнің түп тамыры бір. Жаһандану заманында олардың әрқайсысы да ұлттық құндылықтарды менсінбей, орыс мәдениетіне, батыс өркениетіне, америкалануға бейімдейді. Олардың бір-бірінен түбегейлі айырмашылықтары жоқ. Шовинист өз ұлтының үстемдігін, басқа ұлттардың, әсіресе, отарланған ұлттардың тілін, дінін,

мәдениетін қабылдағанын армандайды, сол үшін аянбай қызмет жасайды, өз халқының табысын, өркениетке қосқан үлесін аса зор етіп көрсетуге тырысады. Сөйте тұра, үстемдік етуші ұлт өзіне сіңісіп кетушілерге сенімсіздікпен де қарайды, антропологиялық келбеті өз алдына, әсіресе, оның аты-жөні сақталса, ол да сенімсіздік туғызуға себеп болады. Ал, космополит те, шовинистер сияқты этностық ерекшеліктерді менсінбей, үстірт қарап, сан жағынан басым ұлттардың мәдениетіне бейімдейді.

Шовинизм мен нигилизм - өзін алдаудан, «ұлымыз» деп өзін-өзі жұбатудан, «кемшін» деп өзін-өзі кемсітуден туған психология. Астамшыл ұлт өкілдері оның мәдениетінің дүниежүзінің кіндігі еместігін, кемшін біз деп сезінген ұлтқа оның бай рухани мұраның иесі екендігін сезінеді. Оны түсінігі тереңдей келе ұлттардың, олардың мәдениеттерінің бір-бірінен артық не кемі жоқтығын ұғады. Әр мәдениеттің қайталанбас құндылық екендігін түсінген жеке адам, ұлт та өз билігі өзінде, ешкімге тәуелсіз болғысы келмейді. Ал, өзін-өзі танымаған адам болсын, ұлт болсын өзін не тақсыр, не пақыр сезінеді. «Момындардың басы сау, жаманды байқап қарасаң, күндердің күні болғанда, өз басына өзі жау», деп Махамбет айтқандай, өзін-өзі таныған ұлт өзі де алданбайды, өзгені де алдамайды. Шынайы үйлесім, адамгершілік, ар-ұят өзінді өзің сыйлап, өз арыңның алдында ұлттың алдында таза бол, деп бұл ойды бұдан жиырма ғасырдан астам бұрын Сократ айтқан. Ешқандай дін, ұлт бүгін бұл қағиданы теріске шығара алмайды. Әр ұлттың өзінің өзгеше ерекшелігін танытатын рухани мәдениетінің болуы оның өзіндік келбетін қалыптастырады. Сондықтан, жалпыадамзаттық, ортақ, жалпыға бірдей мәдениеттің болуы мүмкін емес. Материалдық, технологиялық, ғылыми сұраныстарды қанағаттандыратын құндылықтар болғанмен, жалпыадамзаттық мәдениет идеясының астарында космополитизм идеясы жатыр.

Шынайы ұлтшылдық ұлттың өз қадір-қасиетін білетін, төлтума мәдениетіне негізделген. Ұлт өзінің ішкі және сыртқы саясатында, сын сағатында ұлт мүддесінен шығуды парыз көреді. Өз абыройын таныған ұлт басқаның қадір-қасиетін сыйлап, оларға өз мәдениетін зорлық-зомбылықпен таңбайды және жарамсақтануға, басқа ұлттарға құр еліктеуге де жол бермейді,

тіпті, өзін тым жоғары санайтын астамшыл ұлттар алдында да өз қадір-қасиетін сыйлайды. Сондықтан, шынайы ұлтшылдық окшаулануға да қарсы. Шынайы патриот татулыққа, келісімге, төзімділікке бейім, икемді болады. Ұлт патриоттары өмірдегі болып жатқан жаңалықтарға, тың идеяларға, озық технологияға назар аударып, мәдени құндылықтарды өз мәдениетіне икемдеп, өз қазанында қайнатуға дайын болады, өз құндылықтарымен бөлісуге, еркін алмасуға дайын. Ұлттың өзін-өзі нақты танып білуі жеке адамға да, ұлтқа да әлем мәдениетіндегі шынайы орнын анықтайды. Салыстыра келе астамшыл ұлттың өкілі оның ұлтының әлем мәдениетінің кіндігі еместігін, ал, «кемшінбіз» деп сезінетін ұлтқа оның бай мұраның иесі екенін түсінеді. **Шынайы ұлтшылдық оптимизмге, дүниеге сеніммен қарап рақымдылыққа, парасатқа негізделеді, өзін қорғай да алады, ал, ашу, ыза, өш алуға, астамшылыққа бастайтын ұлтшылдық бәлеге жолықтырады.**

Әр мәдениет, бір жағынан, тұрақтылық, екінші жағынан, ұдайы дамудан тұрады. Даму үйренуден, игеруден, меңгеруден, оны бойға сіңіруден тұрады. Бірақ, бұл қайшылыққа толы үрдіс, кейде басқа мәдениетті қабылдау сән (мода), кейбір әдет-ғұрыптармен шектеледі. Ал, мәдениеттің өзегі, маңызы тереңдеу, ол сақталып тұрады. Мәдениеттер алмасуына мәдениеттердің ортақ тегі, діні, дәстүрлерінің ортақтығы (*ислам мәдениеті, түркі мәдениеті*) әсер етеді. Дәстүрлерді сабақтастырушы отбасы, мектеп, бұқаралық акпарат құралдары, мәдениет. Жастар әр кезде ұлттық мәдени дәстүрлерімен, соның ішінде шетел мәдени үлгілерімен де танысады, тандайды. Бірақ, әр ұрпақтың, әр адамның өз мәдениетін және басқа мәдениеттерді қабылдауына оның заманы, жеке өмір жолы із қалдырады. Орысша білім алған қазақ жастарының басым көпшілігі, сөз жоқ, орыс, еуропа мәдениетіне басымдық береді.

Орыстану мен орыс мәдениетін, ғылымын меңгеру бірдей еместігін қазақ халқының бірқатары әлі де ажырата алмай жүр. Шын ниетімен, жанашырлықпен сезініп, ұлтсыздық жанына батып жүргендер, әрине, аз. **Ұлтшылдық – азапты тағдыр, талай қиындықтарды бастан өткізсе де, қажымайтын күрескерлер бар. Кеңес заманы тұсында өз жағдайымыз тура-**

лы өтірікке алдандық, көзбояушылық көп болды. Ол дерттен бүгін де арылған жоқпыз. Ұлтсыздандудың қауіпті деңгейге жетіп, енді ешқандай шегініске, ымырашылдыққа жол қалмағандығын, намысты қамшылайтын заман туғанын сезіне бермейтін сияқтымыз. Ең басты сілкініс қазақ интеллигенциясы ұстанымының түбегейлі өзгеруіне де байланысты. Халықтар достығы деп, шындығында, ұлтсыздандудың жаршысы болған қазақ интеллигенциясының, қоғамдық ғылым өкілдерінің, ғалымдар, жазушылар мен композиторлардың өз тілінің әлсіреуіне, дәстүрінен қол үзуге жұмыс жасағаны да жасырын емес. Сонымен, бір ұлттың екінші бір ұлтты бағындырып, тәуелді етуі, басқаны айтпағанда, отарлаушы ұлттың да, отарланған ұлттың да жандүниесіне жарақат салып, біреуін ұлттық астамшылыққа, менмендікке бейімдесе, екіншісін өзін-өзі кемшін сезінуіне, өзінің құндылықтарынан жатсынуға итермелейді. Бірақ, қай ұлт та түгел құлдилап, рухани жағынан азбайды.

Ұлттық астамшылық пен ұлтсыздық занды, ұлттың маңдайына жазылған тағдыр емес. Ұлттық тәкаппарлықтан да, басқаға сіңісудің құрбандығы болудан да бас тартып, қарсы тұрып, ұлтты адамгершілік, өзара сыйластық жолына түсіру ұлттық саясатқа байланысты. Тәуелсіздік алып, ұлтына төнген қауіпсіздікті сезінген қазақ ұлтының біраз өкілдері бүгін ана тіліне, мәдениетіне, дәстүріне бет бұрды. Бүгінгі ұрпақ ұлттық құндылықтар арқылы кешегі ұрпақпен де, ертеңгі ұрпақпен де байланысуға мүмкіндік алды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы ұлттық патриотизм өскен сайын басқаларды шеттетуге зандылыққа айналады деген болжамдар ақталмады. Қазақ ұлты жалаң этнопопулизмге бой алдырмады. Еліміздегі этностар да күрделі мәселелерді ой елегінен өткізіп, жаңа этноахуалға бейімделуде.

Жаһандану қазақ ұлтының болмысына әртүрлі деңгейде ықпал етуде. Этностарға ішкі ұлтаралық ахуалдың да, тарихи Отандарының да (материнский этнос) ықпалы бар екені анық. Біртұтас қазақстандық қоғамдағы күнде өзгеріп тұратын күрделі ұлтаралық мәселелерді біржола шешу мүмкін емес, оны реттеу – қоғамның, мемлекеттің, әр азаматтың күнделікті парызы.



Сейілбек МҰСАТАЕВ,
саяси ғылымдарының
докторы, әл-Фараби
атындағы ҚазҰУ Саясаттану
кафедрасының профессоры

ГЕОСАЯСАТ – КҮШТІ ЕЛДЕРДІҢ КӨКПАР ТАРТЫСЫ

Халықаралық қатынастардың өрбуі арнайы әзірленіп, жалпы мойындалатын халықаралық құқықтың нормаларына негізделсе, геосаясат деген күрделі құбылыс қағазға жазылып, мөрмен бекітілмейтін заңдылықтар арқылы жүзеге асады. Халықаралық құқықтың атасы саналатын Гуго Гроций мұны табиғи заңдылықтар деп атаған. Бейнелеп айтсақ, бұл физикадағы жалпылық әсері бар тартылыс пен тебіліс заңдары сияқты. Геосаясаттағы тартылыс пен кері кетуге арқау болатын басты күш – ұлттық мүдде. АҚШ, Еуро Одақ, Жапония, Қытай, Үндістан, Араб елдері, Ресей сияқты алыптардың ұлттық мүдде үшін күресі қазіргі заманғы геосаясатта өзара тартысу мен тебісуді туындатып отыр. Мұндай алып елдердің біреуінің күшеюі немесе ниетінің өзгеруі ғаламдық геосаясаттағы күш пен арасалмақты өзгертіп, алпауыттардың арасындағы тартылыс пен тебілістің жаңаша сипат алуына ықпал етеді. Бұл өз кезегінде осы алыптардың төңірегіндегі әлсіз елдерге оң немесе теріс әсерін тигізіп жатады. Кейбір әлжуаз елдер осындай тартылыстың күшеюінен алып көршісіне жұтылып кетсе, енді бірі екі алыптың ортасындағы тартыстан екіге айырылып кетуі де көп кездеседі. Қазақы тілмен айтсақ, «Екі түйенің ортасында шыбын өледі» дегеннің кері келеді.

Соңғы жылдары Ресейдің саяси ниеті өзгергені анық байқалып, солтүстік көршіміздің империялық пиғыл таныта бастауынан еуразиялық кеңістіктегі геосаясаттың бет-бейнесі өзгеріп отыр. В. Путин 2000

жылы билік басына келгенде «Ресей – энергетикалық супердержава», «Тізірлеген Ресейді тік тұрғызамыз», «Тоқсаныншы жылдардың хаосынан Ресейді тәртіп пен тұрақтылыққа жеткіземіз» дегендей ұрандармен саясат сахнасына шыққаны есімізде. Ол кезеңде Ельциндік жүйеден есегіреген қоғам серпіліп, қатаң саясатты қуана қуаттады. Уақыт өте келе, мұндай ұрандар ескірді, уәденің орындалмауы биліктің беделін төмендетті. Ал, жаңа қалыптаса бастаған ресейлік орта тап өкілдері саясатқа белсенді қатысып, жағдайды түзеуге құлық таныта бастады. Яғни, В. Путинге деген халықтың сенімі дағдарысқа ұшырады. Осындай жағдайда халықты баурап алатын тың идея, жаңа ұран қажет болды. Бұл – «Медведев-Путин» саяси тандемінен кейін В.Путиннің қайтадан президенттік сайлауға шығар алдында айтқан «Ресейдің жетекшілігіндегі Еуразиялық Одақ құру» ұраны болды. Содан бері В. Путин еуропалық интеграция моделін посткеңестік кеңістікке көшіруге тырысып бағуда. Алайда, мұндай жобаның бағы әзірге баянсыз болып тұр, себебі, Еуропа Одағы өзара теңдік ұстанымында интеграцияланған, ал, путиндік жобада ықпалдасушы серіктестерден Ресейдің айқын басымдылығы байқалады. Басқасын айтпағанда, территориясының көлемі, халқының саны, тілі мен ділі, экономикалық әлеуеті мен әскери күш-қуаты жағынан анық басымдығы бар Ресей Федерациясы көшбасшыға айналып шыға келеді. Мұның барлығы Еуразиялық Одаққа мүше болып кіргісі келетін елдерді ойландырып, белгілі бір деңгейде тежейді. Соған қарамастан, Ресей күшті геосаяси гравитациялық тартылыс күшін туындатып, өзі ықпал ете алатын Украина, Армения, Қырғызстан сияқты посткеңестік елдерді төңірегіне

топтастыруға күш салуда. Белоруссия мен Қазақстанды мүшелікке тарту арқылы құрылған Кедендік Одақты бірте-бірте Еуразиялық Одаққа айналдырудың астарында осындай геосаяси мүдде жатқаны соңғы кездері анық байқалып отыр. Ресейдің мұндай пиғылды толық жүзеге асыруына, әзірге, Еуро Одақ, АҚШ пен Қытай тарапынан болатын тартылыс-тебіліс күштері өзінің кері әсерін тигізіп отыр.

Былтыр күзде Белорусь Республикасының астанасы Минскіде өткен саммитте «Кеден Одағына Армения кіреді, одан кейін Қырғызстан, сосын Украина кіруге ынталы», тіптен, «Үндістан мен Түркия да кірмекші-мыс» деген әңгімелер айтылғаны есімізде. Бірақ, іс жүзінде бұл аталған мемлекеттердің халқы Кеден Одағына кіруге қарсы екенін әлемдік қауымдастық кейінірек біле бастады. Украинада «Евромайдан» деген атпен белгілі болған халық наразылығы өте қатты болды, украиндықтардың талабы – Украина Евро Одаққа кіруі тиіс, ал, Кеден Одағына кіруіне ол елдің халқы үзілді-кесілді қарсы. 2013 жылдың 28-29 қарашасында Вильнюс қаласында өтеді деп белгіленген Еуропалық Одақтың Шығыс серіктестігі саммитіне бірнеше күн қалғанда Украина премьер-министрі Н.Я. Азаров Еуропалық Одақпен ықпалдасу туралы келісімді дайындауды тоқтатамыз, бұл Украинаға тиімсіз деп ресми мәлімдеді. Бұл мәлімдеменің астарында Ресейдің қас-қабағына жалтақтап қарау байқалады. Біріншіден, Ресей мен Украина арасында шекараны «жабу» жиі орын алады: мұнай-газ өнімдерінің бағасын көтеру немесе энергетикалық ресурстарды Ресейден Украинаға жеткізудің деңгейін күрт төмендету, украиндық тауарларға шектеу қою т.б. Яғни, Ресей Украинаға ықпал етудің экономикалық тетіктеріне ие. Екіншіден, Украина Евроинтеграцияға дайындалып жатқанда В.Путин мен В. Януковичтің жоғары деңгейдегі кездесу өтіп, Ресей Украинаға бас тарта алмайтындай қызық ұсыныстар жасады. «Аргументы и факты» газетінің тәптіштеп жазғанына сүйенсек, Ресейдің әл-ауқат қорынан Украинаға 15 млрд доллар қаржылық көмек бөлінбек, бұл негізінен украиндық еврооблигацияларды сатып алу арқылы жүзеге аспақ (Толық оқысаңыз: Откуда Россия взяла 15 млрд долларов для экономики Украины? <http://www.aif.ru/dontknows/topic/1068293> және 15 миллиардов и газовый бонус. Почему Россия спасает Украину от дефолта <http://www.aif.ru/money/economy/1067775>). Сондай-ақ, Ресей Украинаға сатылатын газдың бағасын мың текше метріне 400 АҚШ доллардан 268,5 долларға дейін төмендететін болды. Сол екі арада, «Российская газета» ресейлік банктердің Украина атом энергетикасын дамытуға 6 млрд АҚШ доллары көлемінде «демеушілік» жасайтынын мәлімдеп, жер-жаһанға жар салып үлгерді (Россия выделяет Украине 6 млрд долларов на атомную энергетику <http://www.rg.ru/2014/01/10/sredstva-site-anons.html>). Бұған дейін Ресей тарапынан экономикалық қыспақты талай рет көрген Украина билігі ойда-жоқта орыстардан табатын «мол олжаны» көргенде, Европаға қарай басқан қадамынан жаңылып, кібіртіктеді де қалды... Бірақ, қарапайым украиндықтарға мұндай «оңай олжа» ұнай қоймады. Олар Ресейдің жәйден-жәй көмек беріп отырмағанын, алмақтың да салмағы бар екенін жақсы түсінеді. Осылайша, «Украина Президенті В.Янукович Ресейдің ыңғайына жығылды, демократияны шектеп, дамуымызды тежеді» деген мындаған наразы халық украиндық оппозициялық саясаткерлер Арсений Яценюк, Виталий Кличко (УДАР), Олег Тягнибок («Свобода»), Арсений Яценюк (Батькивщина) бастауымен «Евромайданға» шықты. 2013 жылдың 21 қарашасында Киевтің орталығы – Майдан Незалежности (Тәуелсіздік алаңы) алаңында басталған наразылық акциясы Жаңа Жыл мен Рождество мерекелерінен кейін қайта жалғасты. Киевтен басталған «Евромайдан» тез арада Украинаның бүкіл қалаларына таралды. Шетелдердегі украиндар да «Евромайданға» өздерінің қолдауын білдіруде. Ресейдің экономикалық шокпарынан зәрезап болған Украина билігі әскер мен полицияны барынша пайдаланып, қарсылық акциясын басуға ниеттенгенімен, қарулы қақтығыста мыңдаған адам жарақаттанса да, түрлі-түсті «майданға» үйренген украиндықтарды алған бетінен қайтару қиын. Тіптен, ереуілшілер Киев қаласының әкімшілігін, түрлі мемлекеттік

www.aif.ru/dontknows/topic/1068293 және 15 миллиардов и газовый бонус. Почему Россия спасает Украину от дефолта <http://www.aif.ru/money/economy/1067775>). Сондай-ақ, Ресей Украинаға сатылатын газдың бағасын мың текше метріне 400 АҚШ доллардан 268,5 долларға дейін төмендететін болды. Сол екі арада, «Российская газета» ресейлік банктердің Украина атом энергетикасын дамытуға 6 млрд АҚШ доллары көлемінде «демеушілік» жасайтынын мәлімдеп, жер-жаһанға жар салып үлгерді (Россия выделяет Украине 6 млрд долларов на атомную энергетику <http://www.rg.ru/2014/01/10/sredstva-site-anons.html>). Бұған дейін Ресей тарапынан экономикалық қыспақты талай рет көрген Украина билігі ойда-жоқта орыстардан табатын «мол олжаны» көргенде, Европаға қарай басқан қадамынан жаңылып, кібіртіктеді де қалды... Бірақ, қарапайым украиндықтарға мұндай «оңай олжа» ұнай қоймады. Олар Ресейдің жәйден-жәй көмек беріп отырмағанын, алмақтың да салмағы бар екенін жақсы түсінеді. Осылайша, «Украина Президенті В.Янукович Ресейдің ыңғайына жығылды, демократияны шектеп, дамуымызды тежеді» деген мындаған наразы халық украиндық оппозициялық саясаткерлер Арсений Яценюк, Виталий Кличко (УДАР), Олег Тягнибок («Свобода»), Арсений Яценюк (Батькивщина) бастауымен «Евромайданға» шықты. 2013 жылдың 21 қарашасында Киевтің орталығы – Майдан Незалежности (Тәуелсіздік алаңы) алаңында басталған наразылық акциясы Жаңа Жыл мен Рождество мерекелерінен кейін қайта жалғасты. Киевтен басталған «Евромайдан» тез арада Украинаның бүкіл қалаларына таралды. Шетелдердегі украиндар да «Евромайданға» өздерінің қолдауын білдіруде. Ресейдің экономикалық шокпарынан зәрезап болған Украина билігі әскер мен полицияны барынша пайдаланып, қарсылық акциясын басуға ниеттенгенімен, қарулы қақтығыста мыңдаған адам жарақаттанса да, түрлі-түсті «майданға» үйренген украиндықтарды алған бетінен қайтару қиын. Тіптен, ереуілшілер Киев қаласының әкімшілігін, түрлі мемлекеттік

ғимараттарды басып алып, президент әкімшілігіне шабуыл жасауға дейін барды. Евроинтеграцияны қолдаушылар Украинаның Кеден Одағына қосылуына қарсылық ретінде мезгілі шектелмеген қарсылық көрсететінін жариялап, Кеден Одағына кіруді – Ресейдің боданына айналумен тең деп түсінеді. Ал, Ресейдің Украинаға қатысты өзіндік геосаяси мүдделері де, экс-президент В. Ющенко кезінен бері жиналып қалған өкпе-назы мен шешілмеген мәселелері баршылық. Белоруссияның Кеден Одағында екенін ескерсек, енді, Украинаны икемдеу арқылы Ресей Балтық жағалауынан Қара теңізге дейінгі аралықты толық бақылауға алуына мүмкіндік туады. Украинаны өз дегеніне көндірсе Ресейдің Еуропаға геосаяси ықпалы арта түсері сөзсіз. Мұны еуропалықтар да сезіп, біліп отыр. Сондықтан да, Ресейге қарсылық танытатын «Евромайданды» батыс елдері қолдап, тіптен, Европарламент пен АҚШ В.Янукович бастаған украиндық биліктің еуропалық интеграцияға қарсы әрекетін сынға алып, наразылықтарын білдірді. Ал, ресейлік БАҚ болса керісінше, «Евромайданға» қатысушыларды айыптап жатыр. Сөйтіп, Украина жерінде тоқайласқан алыптардың геосаяси мүдделері жаңаша ақпараттық соғысқа арқау болуда. Күшті елдердің геосаяси таласынан Украина Батыс және Шығыс бөліктерге ыдырап кету қаупі де жоқ емес. Осылайша, Батыс елдері мен Ресейдің тартысына түскен Украина көкпардағы көк серкенің күйін кешіп отыр.

Ресейдің ықпалы жүретін елдің бірі - Армения. Өйткені, Таулы Карабах мәселесі армения-әзірбайжан қарым-қатынасын шиеленістіретін жазылмас іріңді жара іспетті. XX ғасыр басындағы армяндарды геноцидке ұшыратып, қырып-жойды деп Түркияға айып таққандықтан, армян-түрік қатынастары да жетісіп тұрған жоқ. Кезінде Осман империясын құрған Түркия бұрыннан-ақ мықты ел, ал, Әзірбайжан болса, тәуелсіздік жылдарында айтарлықтай күшейді. Каспий жағалауын мекендеген Әзірбайжан жеріне құдай мұнайды аямай-ақ берген. Араздасқан көршілерінің экономикалық күш-қуаты артқан сайын, әлжуаз Армения арқа сүйер тірек іздеуде. Амал жоқ,

армяндар орыстарға кіріптар болып, Ресейдің «қамқорлығына» мәжбүр болып отыр. Ресей Президенті В. Путин Арменияға көмек жасайтынын, атап айтсақ, арзандатылған бағамен қару-жарақ жеткізіп, газдың 1 мың текше метрін \$189 және мұнайды 35% баж салығынсыз беретінін gazeta.ru мәлімдеді. Орыстар армян әскери әуе күштерін жарақтандыруға, атом электр станциясын салуға да көмектесетін болды. Әйтпесе, Кеден Одағымен ортақ шекарасы жоқ, экономикасы әлсіз, табиғи ресурстары жұтаң, инфрақұрылымы мешеу, халқы аз болғандықтан тұтынушы нарығы да шамалы Армения бәсекелестікке негізделген таза экономикалық мүддені көздеп отыр деп айту қиын. Сонда, Ресей үшін Арменияны Кеден Одағына тартудан қандай пайда бар? Бұл жерде пайдадан бұрын, геосаяси мүдде туралы айтқан жөн сияқты. Әзірбайжан билігі мұнайды Батысқа қарай транспорттауда Баку-Тбилиси-Жейхан мұнай құбыры арқылы Ресейден тәуелсіз жолды тауып алған. Еркін алыс беріске негізделген экономикасы дербестікке ие болуда, көршісі Түркиямен және батыс елдерімен де ынтымақтастығы жақсы. Мұның бәрі Ресейге ұнамайды, сол үшін Армения жеріне аяқ тіреп, бұл аймақты бақылауға алуды көздейді. Салыстырып айтсақ, Таяу Шығыста АҚШ үшін Израиль қандай маңызды болса, Ресей үшін де Армения сондай геосаяси маңызға ие. Ресей Түркия мен Әзірбайжанның арасына Арменияны сынадай етіп қағуды көздейді. Бірақ, Серж Саргсян президенттік ететін Армения билігінің Кеден Одағына қосыламыз деген мәлімдемесі армян халқының қатты наразылығын туындатып отыр. Бұл шешімге қарсылық ретінде азаматтық ұстанымдарын білдіру мақсатында Армения астанасы Ереванда мыңдаған адам қатысқан үлкен митинг өтті. Митингті ұйымдастырушы – Армения президенттігіне үміткер кандидат болған Паруйр Айрикян армяндар евроинтеграцияны қолдайтынын айтты. Оның бастамасы қоғамдық қолдауға ие болып, «Абыройлы отан» азаматтық бастама ұйымы, «Мұра» оппозициялық партиясы, Армен Мартиросян және Давид Санасарян сияқты қоғам қайраткерлері бастаған

мындаған еревандықтардың карсылык шеруіне ұласты. В.Путиннің Ереванға жасаған соңғы ресми сапарына да армяндар ашық карсылык танытты.

Кеден Одағына кірмекші болып отырған Қырғызстан 2015 жылы Еуразиялық экономикалық одақ жұмысын бастағанда оның толық мүшесіне айналады екен. Бұлай деп сәуегейлікпен айтқан – Ресей президентінің кеңесшісі - Сергей Глазьев. Дегенмен, мұндай маңызды саяси шешімді қабылдау Қырғызстанға оңай болып отырған жоқ. Бір жағынан қырғыздар 1998 жылғы 20 желтоқсанда Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіріп алған. Яғни, қырғыз ағайындар 15 жыл бойы ДСҰ қызығын көріп, нанын жеді, артықшылығы мен пайдасын көрді. Осы жерде: «Олай болса, Қырғызстан Кеден Одағына несіне кірмек?» деген сұрақ туындары сөзсіз. Оның сыры мынада болса керек. Қырғыз экономикасы негізінен Қытайдың тауарларын рээкспорттаумен (*импортты үшінші елдерге қайта экспорттау, қазақша айтсақ, алып-сату*) пайда табатыны баршамызға мәлім (*Қазақстанға – «Дордой» көтерме базары, Өзбекстан мен Тәжікстанға – «Қарасу» көтерме базары арқылы*). Кеден Одағы құрылғалы қырғыз шекарасына «құлып» салынды. Оштағы қырғыз-өзбек арасындағы қантөгіспен аяқталған жанжалдан соң Өзбекстан мен Қырғызстанның қарым-қатынасы да нашар. Қырғыз-тәжік шекарасында даулы мәселелер баршылық, тіптен, шекарашылары ара-тұра бір-біріне қару кезеніп, өзара оқ атысып та қояды. Мысалы, биылғы қаңтарда Тәжікстанның Соғды облысы Исфара ауданымен шекараласатын Қырғызстанның Баткен облысы Баткен ауданында екі елдің шекарашылары арасында қарулы қақтығыс орын алды. Қайта-қайта мақпал төңкерістер жасап, президенттерін қуып жіберетін қырғыз ағайындардың жағдайы онсыз да мәз емес еді. **Жығылғанға жұдырықтай болған қосымша қиын жағдайлардан рээкспорттық сауда дағдарысқа ұшырап, Қырғызстан экономикасы дағдарысқа ұрынып тұр. Енді, айыр қалпақты көршіміз орын алған қиындықтан шығудың жолдарын қарастыруда. Сондай жолдың бірі – Кеден Одағына кіріп, «үлкен ағалардың»**

қамқорлығын көру. 2013 жылғы 19 қарашада Мәскеу қаласында өткен Еуразиялық экономикалық комиссияның кеңесінде Қырғызстанның Кеден Одағына кіруінің «жол картасы» мақұлданды. Қырғызстанның экономика министрі Темір Сариевтің айтуынша, «жол картасы» бұл ел үшін маңызды бес мәселені қамтиды: республика кәсіпкерлерін қолдайтын арнайы қор құру, еңбекті көп қажет ететін өндірістерді дамытуға тәжірибелік көмек беру, «Дордой» және «Қарасу» көтерме базарларына қолдау көрсету, еңбек мигранттарын қорғау туралы жеке келісім жасау, Қырғызстанның сыртқы шекараларын жаратандыруға көмек көрсетілуі. Ең бастысы – Қырғыздар Кеден Одағына кіргені үшін оның мүшелерінен \$1,2-1,6 млрд. қайтарымсыз көмек алады екен (*тағы да сол, негізінен Ресей тарапынан*). Алайда, билік қолдағанымен, Қырғызстанның ішіндегі бірқатар саяси күштер де Кеден Одағына кіруге қарсылықтарын білдіріп, саяси шерулер өткізіп те үлгерді. Қырғызстан Президенті А. Атамбаев Кедендік Одаққа Кремль ұсынған жағдаймен кіруден бас тартты. **«Біз Қырғызстан азаматтарының мүддесіне жауапты жолмен барамыз»** деді. Ол Қырғызстанның ұсынылған ынтымақтасу нұсқасына баламаның аздығы бола тұра, Ресей, Белорусь және Қазақстан одағына тек қана **«Бішкек талабы орындалған жағдайда ғана»** қосылатындығын атап өтіпті. Abai.kz сайтында жазылғандай, Қырғызстан президентінің сөзі Кремльдің бұрынғы КСРО елдерін Кедендік Одаққа кіруге мәжбүрлейтін бопсаға көнбейтіні жөніндегі алғашқы ашық мәлімдеме болды. Бұған дейін Украина мен Армения президенттері Мәскеу тарапынан қысымның барлығы турасында әдеппен ғана жоққа шығарып келген. Қырғыз Президенті А. Атамбаев болса, баспасөз мәслихатында: **«Сіздер мені әлі күнге дейін неғып білмейсіздер? Елге зиянды не нәрсеге де мені «жаншу» - мүмкін емес. Біз Кедендік Одаққа, егер, біздің талап ескерілгенде ғана енетін боламыз. Ал, Атамбаевты бопсалау мүмкін емес, мен шынығып болған адаммын. Біздің таңдауымыз аздау,**

бірақ, тек қана қырғызстандықтарды қанағаттандыратын әрі біздің мүддемізді қорғайтын жолмен ғана жүреміз», – деп мәлімдеді.

Сонымен қатар, Қытай Халық Республикасының (ҚХР) төрағасы Си Цзиньпин Бішкекке жасаған ресми сапарында «Ұлы Жібек жолын» жаңғыртатынын айтып, бұл жобадан Қырғызстанның құр алақан қалмайтынын аңғартты. Қырғыздың жері арқылы Қытай автожолдар мен газ құбырларын тартуға мүдделі. Басқасын айтпағанда, қытай-қырғыз арасында жасалған 9 түрлі келісім-шарттың ғана құны 3 млрд. АҚШ долларынан асып отыр. Кеден Одағына кірсе, Қырғызстанның Қытаймен қарым-қатынастары қалай болары беймәлім. Кірмеске амалы тағы жоқ. **Осылайша, Қырғызстанның не істерін білмей дал болып отырғаны, ал, Кеден Одағы болса, экономикалық бетпердені киген Ресейдің империялық амбициясын қанағаттандырудың құралына айналып бара жатқаны байқалады.**

Түйіндеп айтар болсақ, геосаясатқа қатысушы алып мемлекеттер бір-бірімен тартысып-тебіссе, олардың арасындағы әлсіз мемлекеттер жұтылып, зардап шегері ақиқат. Оның ақиқаттығын тарих дәлелдеген және бұл үрдіс өзінің жалғасын әлі де тауып келеді. Сол сияқты, Қазақстан да геосаясаттың құрбаны болып кетпей ме? **Қазақстан жер көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орын алғанымен, халқының саны аз, әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіргенімен, шын мәнісінде, әлсіз тұстары өте көп. Олай болса, Қазақстан алып елдердің өзара тартысу күшіне төтеп бере ала ма? Көкпар тарту үшін мінген аттың белі мықты, көкпаршының өзі күшті болуы шарт. Кеден Одағы ауқымында көкпар тартамыз деп жүріп, өзіміз додаға түсіп қалмайық...** Қазақтың елі мен жері де геосаяси мүдделері күшті, империялық дәмелері зор күшті елдердің арасындағы талас-тартысқа арқау болып отырған жоқ па? Біздің көтеріп отырған мәселеміз – көзі қарақты, көкірегі ояу қазақстандық патриот оқырмандарға ой салу. Зиялы қауым өкілдерін ұлттық мүддемізді қорғауға бағытталған ғылыми зерттеулер мен ақпараттық талдау жұмыстарын жандандыруға шақыру. Жаман айтпай жақсы жоқ, ертең кеш болып жүрмесін.

Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында айтылған Қазақстанның жер шарының дамыған 30 мемлекетінің қатарына енуінің арқаулық бағдарлары

ЭКОНОМИКА

– ЖӨ-нің жыл сайын 4 пайыздан кем емес өсіміне қол жеткізу;

– ЖӨ-нің энергия сыйымдылығын 2 есе төмендету.

ҰЛҒАЙТУ

– Инвестициялар көлемін ЖӨ-нің қазіргі 18 пайыздан 30 пайызға дейін;

Экономиканың ғылымды қажет ететін моделін енгізу үшін қазақстандық экспорттық әлеуеттегі шикізаттық емес өнімнің үлесін 70 пайызға дейін;

– Еңбек өнімділігін 5 есе (24,5 мың доллардан 126 мың долларға дейін);

– 2050 жылға қарай және орта бизнес ЖӨ-ге қатысу үлесін 20 пайыздан 50 пайызға дейін ұлғайтады;

– Қаржыны қаржыландырудың өсуі ЖӨ-нің 3 пайызынан кем емес деңгейде Қазақстанда Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының бірқатар қағидаттары мен стандарттарын енгізу.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА

– 2050 жылға дейін Қазақстан өмір сүру үшін ең қауіпсіз және қолайлы елдердің біріне айналуы қажет;

– Жан басына шаққандағы ЖӨ-ні 4,5 есе ұлғайту (13 мың доллардан 60 мың долларға дейін);

– Қала тұрғындарының үлесі 55 пайыздан 70 пайызға дейін өседі;

– Қазақстандықтардың өмір сүру ұзақтығы салауатты өмір салты мен медицинаны кадрлық-технологиялық дамыту есебінен 80 жасқа дейін ұзарады;

– Қазақстанның жетекші еуразиялық медициналық туризм орталықтарының біріне айналады;

– Озық және бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру.

ЖОЛДАУДЫҢ 7 ӘЛЕУМЕТТІК БАСТЫ ЖОБАСЫ

2015 жылдың шілдесінен

– Әлеуметтік қорғау саласы қызметкерлерінің еңбекақыларын 40 пайызға;

– Білім беру қызметкерлерінің жалақысын 29 пайызға;

– Мүгедектігі және асыраушысынан айырылғандығы жөніндегі әлеуметтік жәрдем-ақыларды 25 пайызға;

– денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің еңбекақысын 28 пайызға өсіру.

Үкімет 2016 жылдың қаңтарынан бастап – үлгерімі жоғары оқушыларды қолдаудың тиімді жүйесін құру;

– степендияны 25 пайызға өсіруді қамтамасыз етуі керек.



Бауыржан МОМЫШҰЛЫ,
гвардия полковнигі

ҚАЗАҚ ТІЛІ ТУРАЛЫ ПІКІР

Орталық комитет хатшысы
М. Әбдіхалықовқа

Қазақстан астанасы Алма-Атаға келіп, аз уақыт болғанда, үстірт байқап, болжаулар ауыр ойға салып, көп толғантты. Олардың біреуі ішіме сияр емес. Сізге айтпай кетсем өмір бойы көңілім тынар емес.

Алма-Атаға келгелі бері орталық «Социалистік Қазақстан» газетін оқып, кейбір кейінгі кезде басылған қазақ тіліндегі кітаптарды желе-жорта қарап шығып, күннен-күнге ұлғайып, шымшытырық «шүршіттенуді» көзбен көре, құлақпен есте жүргендіктен, тіл маманы болмасам да, айтпасқа дәтім шыдамай жазайын деп отырғаным тіл мәселелері.

Бұл мәселелер ойланып та, көтеріліп, тиісті орындарда қойылып та жүрген болар. Сөйтсе де біз сияқты жолаушы қонақтың сөзін тындауға уақытыңызды бөлерсіз деп сенгендігімнен жазып отырмын.

Менің көзқарас, ұғымдарымның бәрі бірдей дұрыс та бола бермес деген қауіп, бұл хатты сенімді «түймедей нәрсені түйедей көрмейтін» саналы, Сіз сықылды партия, үкімет азаматына сыр ретінде айтуды тілегендіктен, қолыңыздың тимейтінін біле отырып-ақ сіздің атыңызға жолдап отырмын.

Ежелден, атам заманнан тіл – тілдің мәдениеті, әдебиеті өсіп-өніп, от басындағы үй тіршілігінен бастап, қоғам, халық, ел-жұрт, жалпы мәдениетінің арнаулы құралы – ғылымның атаулы саласы.

Тілсізді – айуан дейді. Тілі кедей елді – мәдениетсіз, анайы, надан халық деп санайды.

Тіл адам баласының негізгі қасиеті болғандықтан – тіл байлығы елдің елдігін, жұртшылығын, ғылыми-әдебиетін, өнеркәсібін, мәдениетін, қоғам құрылыстарымен, салт-санасының қай дәрежеде екенін көрсететін сөзсіз дәлелді мөлшері (мерило).

Тілдің көмегімен өнер-білімге,

ғылыми мәдениетке жетіп, өткен-кеткенімен әлемді танып, өзімізді жұртқа, әлемге танытамыз, сөйлесеміз, оқимыз, жазамыз, өз басымызды, үй-ішімізді, қоғам-халықты, ел-жұртты меңгереміз. Сондықтан, адам баласының байлығында тілден артық не бар?

Ана тілінен бірнеше жағдайлар себеп болып айырылған ел «азған ел» атанып, кейіннен аты өшіп, ұрпақтары бұршақша бытырап, қардай еріп, құмға сіңген судай дерексіз жоғалып кеткенін, тарихтан әр ғасырда кездестіруге болады. Ондай сор мандай ел, бұрынғы кезде аз болмағандығына тарихта дәлелдер аз емес.

«Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді» дегендейін қазақ тілі өзінің таза түрінде, бірнеше ғасыр, біздің заманымызға дейін, өткірлігімен, бой балқытып, тамыр шымырлатып, жан жүйенді жандырады, құлақ құрышыңды қандырып, көңіл көтеріп, керегінде жанға тиіп ашындырып, ашуландырып, отын сыртқа шығарып, долдандырып, қысыл-таяңда, қатал жағдайда қайрап, егеп «сөз тапқанға қолқа жоқ» дегендейін, ерге, елге медет болып, намыс туын, адамгершілік арын, қан майданда, қырғын соғыста жоғары көтертіп, қасиетті сезім оятып, туғызып, адам түгіл, жағдайдың көмейіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл болып, еш өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалып өмір сүргендігі еместігі, өз сыбағасын ешкімге жегізбегенді мындаған жылдық тарихында ап-айқын.

Барлық өткен заманның, халық қасиеттерін, мәдени, ғылыми өнерді бойымызға тарата сіңіріп, жағдайға толық түсіндіріп, ел қатарына қосып, бізді бұл дәрежеге жеткізіп отырған тіл емес пе? Тіл байлығы, тіл тазалығы – ұлт қасиетінің нағыз белгісі емес пе?

Жоғарыдағы айтылған іргеден кіріс негізінде даусыз болса, осы кездегі тіл жағындағы кемістіктерге төменде біраз қысқаша тоқтағым келеді.

І. Февральдың осы он бесінші күні кеселханаға түсе салысымен көңілімді сұрағалы көптен көріспеген бір таныс

орыс әйел Сахарова дейтін келіп отырып, қазақша жазылған бір парақ қағазға көзі түсіп:

- Бауыржан, почему вы пишете по-казахски, – деп таңғала сұрақ қойды.

- Вы меня удивляете Нина Александровна, почему я не должен писать по-казахски на родном языке – дедім мен.

- Ведь многие казахи не пишут и не разговаривают, потому что не выразишь свои мысли то, что хочешь сказать не скажешь. До того говорят ваш язык бедный!.. – деп түйеден түскендей ұялмай, қызармай айтып отыр.

Не дерсін? Сөзі өңменімнен өтіп кетті. Ол кісіге, әлімнің келгенінше, теріс ұғымын дұрыстап түсіндірдім.

Кейіннен білдім, Сахарова осындағы бір халық комиссарының бірінші орынбасары екен. Қазақстанға келгеніне он жылдан асқанын өзін де білуші едім. Орыстың жәй шүйкебас әйел-қыздары емес, қазақ халық комиссарының орынбасарының пікірі, көзқарасы, ұғымы қазақ тілі туралы осындайлығына қапаланып «жарыған екенбізді» қалай айтпассың, қалай ойламассың. Осы қағаздағыларды жазуға қамшы болғанның біреуі сол он жыл тұрып, Қазақстанның нанына семіргеннен басқадан хабарсыз, ел басқарушылар қатарына кіріп қалған *(не арқылы екенін құдай білсін)*, надан замнарқомша екендігін де жасырмаймын. Елдің сорына біткен кейбіреулердің уәкілі болған соң бүгіп қалудың қажеті не?

2. Осы таңда қазақ тілін «дөрекей, икемсіз топас, кедей тіл, онымен айттайын деген ойыңды, пікіріңді айта алмайсың...» деп дұрыс бағаламай жала жауып, теріс, зиянды жағдайдың құлдығында жүрген жалқау «дүмше молда, дін бұзардың» кебін киіп, сәлдесін орап тіл бұзушы азамат-азаматшалар да, қазақ арасындағы жүгенсіздер де, арыс топастар да молайып келе жатқанға ұқсайды. Дәлелді Алма-Атаның әрбір көшесінен де табуға болады.

Қазақ тілінің байлығы жетпегендіктен деген дәлелсіз былжыр өзінің ана тілінің мүддесіне жете алмай, одан құр қалған сор мандайлардың, оған көңіл бөлмеген, ұлт мақтаныш сезімінен, ұлт намысынан ажырап «шөре-шөре» болып, артта қалған қара беттердің надандықтарына табылған сылтау ғана болуы көрек.

«Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» дегендейін тілді ірітіп, шірітіп жүрген сол «шірік жетілгендер» екені де айдан айқын.

Абай, Ыбырай, Шоқан, Сұлтанмахмұт одан бұрынғы өткен осы күндегі елінен,

ата тілінен безбеген қазақ тілінің адал, алдағы ұлдары – өз ана тілінде сөйлеп, жаза да білген. Тіл шеберлігінен ұрпаққа мысал, мұра да қалдырған. Олар мыналардан орысшаны кем білген емес. Бұлар сияқты ата безер, ене безер болмаған. Олар Европаның атақты данышпан ақын-жазушыларын бұлжытпай көркем түрінде мүлтіксіз, қазақ тілімен өзінің нұсқасынан артық болмаса кем етіп аударған емес. Сол аудармаларын барлық шеберліктерімен қазақ тілінің барлық байлығын икемділігін пайдалана жұмсай біліп, оларды ақынының көмейіне домбырасының пернесіне салып, ауыз әдебиеті қатарында ұрпақтан ұрпақ жатқа алып айтып, біздің заманға жеткізгені осы күнгі тіл ақсақ-тоқсақ, қисық-қыңырларының айыбын ашып, масқаралап, жүзі қара етуге ерегесіз дәлел де, құрал да бола алады.

3. Осы кезде аздап орысша білгеніне мәз болып, төбесі көкке жеткендей ата тіліне көңіл бөлмей, оны әліне қарамай менсінбей не орысшаны, не қазақшаны дұрыс сөйлей алмай шылдырбылдырға бөленіп, келбетсіз тілі азғын масқараларды Алма-Атаның жауапты деген қызметкерлерінің арасында да кездестіруге болады.

Ауырып жатқан бір халық комиссарының орынбасары Мәнсейтов деген кісіге:

– Халііз қалай дегенімде:

– Дұрыс. Самочувствием, общие состоянием не плохо, – деп жауап берді.

Бір әртіс:

– Сіз пошему кешегі вечерге не приходили – деді.

Бір жазушы:

– Мен сізге звонить еткен едім, но почему то Вас не оказалось в кабинете – деді.

Бір газет қызметкері:

– Сіздің статьяңызды просмотреть етіп болған соң маленький ғана редакционное изменение жасап, печатать етеміз – деді телефонмен.

Бір үй тіршілігіндегі әйел:

– Мен очень удивляться етем, менің дошкам өте странно бидет – деді.

Жаңадан тілі шығып келе жатқан бір бала:

– Мама я кочу клерб мясо – деп жылады.

Бір ана тілінің мұғалимасы қоштасып тұрып:

– Оған (күйеуіне) обязательно пламенный привет передать етіңіз – деді.

Радионың әйелі:

– Передача береміз... Сіздің тыңда-

ғаныңыз Б-ның выступлениясы – деген сияқтыларды күнде қаңқылдайтынын өзіңіз де естіп жүрген шығарсыз.

Серғали Толыбековтың жаңа жылдағы, айналдырған екі жүз - үш жүз сөздік мақаласында 60-70-тей жат сөздердің барын оқып көрген боларсыз.

Кейбір бас жазушыларымыздың кейінгі кезде жазғандарының ішінде сөйлемдерінде бастауыш, баяндауышты іздеп табу үлкен еңбек, жатқан қиыншылық екенін оқып, кездестіріп те жүрген боларсыз.

Осындағы бір тіл маманымын деп жүрген жігіт, менімен сөйлескенде, сөйлемнің 40-50 проценті орысша болып отырып, мынандай қисынсыз қисынды айтты:

Таза қазақ сөйлемі «простое предложение», орысшаны араластыра сөйлеген сөйлем – «сложное предложение», кейінгісін ол ғылым кісі қазақ тілінің баюы, дамуы, өсуі деп біледі екен.

Тілдің бұзылуына салдары тиіп жүрген ондай ғылымпазға «сенгендегім сен болсаң, күйсеген аузыңды...» дегенді лажсыз, тәртіп сақтап ішіннен айтпасаң, сыртқа шығарып айтуға болмайды ғой.

Айтылғандардай екі жақтан да хабарсыз (қазақ, орыс тілдерінен) қазақ тілін ана тіліміз деп танымай, қазақша дұрыс сөйлеп, жазып, оқып өсуді міндетім деп білмейтін, оны әуес көрмейтін надан азаматтарды терлемей-ақ табан астынан кездестіруге мүмкіншілік аз көрінбейді. Оларды естіп, көре тұра:

*Көшеде бояу ерін сылқылдаған,
Былдырап орысшалап жырқылдаған,
Ұмытып ана тілін, салт-санасын,
Не қалды тілімізде жыртылмаған.
Отбасы түсініксіз жатқан былдыр,
Газетте қазақ сөзі аз, шылдыр-*

мылдыр.

*Оқысаң кітап алып шым-шытырық,
Опырмау, сандырақ па, бұл не*

былжыр.

*Ержеткендер сөйлейді орысшалап,
Кім отыр сөз қыртысын қынап-сынап,
«Мамасы» мен «папасы» шүршіт*

болып,

Күйдірді-ау, шүршітшілеп, бала жылап,
– деген екен бір қазақ жақын арада.

4. Газет пен радио елге ең жақын, барлық жаңалықты түр-түрлеріменен әр қоғам арнасынан күнделікті жеткізіп тұратын арнаулы құралдар деп ежелден саналады. Біздің радионың айқайын тыңдағанда құлаққа суық тиіп, дененді түршіктіретін, тілі түрпідей, добалдап аударған құрғақ жатқан «сложное предложение» болғандықтан, тыңдаушыларды зеріктіріп, бездіріп «мынау не оттап

тұр» деп тыңдамастан үйіндегі радио шеңберінің тығынын жұлып алып, үнін өшіріп қойғандарды көзіммен бірнеше рет көрдім.

Газетті оқығанда сөз, сөйлем құрылыстарына тілі күрмеліп, булығып, маңызына, айтайын дегеніне жуығырақта түсіне алмайтын болғандықтан оқудан елдің көбі қашатын болыпты. Бір нәрсені орауға қағаз керек болса «ана қазақша газетті бере тұршы, ақыры оқылмайды ғой» деген масқара беделсіз, қадірсіздігін көзіммен көріп, бірнеше рет құлағыммен естідім. Бұның барлығын туғызған түбін, ақырын толғана ойламай «ауырдың үстімен жеңілдің астымен» кеткен жан аярлығы мол ұятсыз, жауапсыз шығармаларының қазақша ана тілде болып жалпыға түсінікті болу жағымен ісі жоқ, ол жағын қиындық ойлап қабырғаларына батпаған Фамусовтың «подписал с рук долой» деген ережесінің жетегіндегі газет-радионың қызметкерлерінің салдары.

Олардың іс-нәтижесіне қарағанда ішінде қазақ ана тілін қадірлеп, оны жақсы біліп, қазақша ойлап, сөз құрылысы, сөйлемдерін үйлестіре сөйлеп, жазып тырыспағандықтарының сирағы сарайып көрініп-ақ тұр. Әсіресе, аударма жағында ондай сорақылықтардан бас көтеруге болмайды. Солардың әлде қазақша сөз, сөйлем ырғағынан, икемдерінен хабарсыздығынан ба, әлде халық жауы болып кеткен Илияс Жансүгіровтың – бұрынғы «Социалистік Казакстан» газетіне редактор болған Бәйішов тастап кеткен жасқаншақтық – жауапкершіліктен қашып, мазмұнын бұзып алмайын деп қорқып, іздеп-тауып, түсінікті етіп жазудың орнына «өлмесен тұрма» деп орысша айта салу оңай, қауіпсіз көргендік. Олардың аударма зиянды әдістері мұра болып қалғандықтан ба, әйтеуір орысшадан аударғанда соның орысшасындағы негізін бұзбай, құрылысын бұлжытпай, сөзін санап отырып, тыныс белгілерін толық сақтап, сонымен қазақ тілінің беделін түсіріп, қасиетін кетіріп, жалпыға түсініксіз қазақша орысшалағандықтың салдарымен ел кітап оқуға әуес болмай, осы кезде кітапханаларда өтпей жатқан қазақ тіліндегі икемсіз, әсерсіз, миға қонбайтын кітаптар мол көрінеді.

5. Қазақ тілін орысшамен байытамыз деген «талабы таудай» жігіттер қазақша іркілмей айтатын сөздердің орнына жан қинамай орысшаны жаңбырдай төгіп-төгіп жіберу көбіне әдет болып кетіпті.

Олар сықылды қоян жүрек қорқақ дегбіріздер:

– қазақшалап айтсақ толық мазмұнын бермейді, – деп болар болмас нәрсені же-

леу етіп, сыныққа сылтау таба қоюға әбден дағдыланып, ұста болып алыпты, жалпыға түсініксіздігімен олардың шаруасы аз көрінеді. Мысал:

*Район-аудан
Село-қыстақ
Плен-тұтқын
Дизертир -қаиқын
Доклад-баяндама
Компания-науқан
Пропоганда-үгіт
Дисциплина-тәртіп
Герой-батыр
Наступление-шабуыл
Грамматика-тіл құралы
Хрестоматия-оқу құралы.*

Орыс, Украина және басқа Еуропа халықтарының тілін негізін таза сақтап, өстіріп дамытқан солардың оқымыстылары (интеллигенция), әйтпесе, олар деревняларындағы, әр аудан мен өлкелерінің бұрмалауына, бұзуына жаргондарына жол беріп, тізгінсіз жіберіп, стихияға өз бетімен қоя берсе, шым-шытырық болып, осы уақытқа дейін әдеби тілінен айырылып шыққан болар еді.

Балық басынан шіридінің кері келіп, бізде ант ұрғанда алдымен оқымыстыларды ант ұрып, балдыр-батпаққа солар салып, тілді сақтап, тұлға, үлгі болудың орнына, әдебиет тілімізден айрылудың себепкер болып барады. Оған дәлел:

Ана тілін сүймегендік, білмегендік, ұлт сезімін, намысын жоя отырып, ұлт безерлік тудырады. Оны үкімет, партия адамгершілік болса сәйкес, зиянды ауру деп тану керек.

Қазақ мектебінде оқымағаннан кейін, қазақ балалары көшеде ойнап жүргенде де, орысша сөйлеп, үй ішінде де, ата-анасымен орысша былдырласып осы кезде ана тілінен мүлдем құры қалған жастар қалада көбейіпті. Жас балалар былай тұрсын, менің майданда қайтыс болған жолдасым Рахимовтың 22-дегі інісі үйіме келіп отырып:

Я по вашему не умею разговаривать, – деп орысша сөйлесті.

Бір жігіттің үйлену тойында бес-алты 20 жастан асқан қазақ қыздары, жалпы қазақтың ішінде өн бойы орысша сөйлеп отырысты.

–Қыздар, қазақша сөйлесемдер мен орысшаларыңа түсінбеймін деген соң жым-жырт үндемей отырысты. Себебі қазақша сөйлей білмейді екен. Біреуіне сөз бергенде (жоғарғы кеңесте істейді екен) жолдастар, конечно мен қазақша не говорю, сондықтан, извините меня, я по русский буду говорить – деп орысша

сөйлегенде қайран орыс тілін тағы да әбден былықтырды.

Халық комиссарлар кеңесінің бір қызметкері Нұрша Мұханова деген қазақ әйел:

«Пастух қазақ сендер қашаннан бері адам қатарында болып едіңдер» деп орысқа күйеуге шықты. Қытайға тисе де мейлі, менің келтіріп отырғаным өз ұлтын қасіреттеген есіректігі.

Балпаңбаев деген үкімет кісісі «Мен қазаққа қарай алмаймын» дейді дегенді үш-төрт адамның аузынан есіттім.

Сәбит Мұханұлы сияқты бас жазушыларымыздың үлкен баласы қазақ тілінен құр қалған жанның бірі. Тағысын тағылар.

Өз басымызды алып қарағанда, жоғарғы айтылғандардан сіздің үй де, біздің үй де сауға ұқсамайды.

Осы кезде қазақша тілі шыққан жас балалар кездесе оған таң қалып қарайтын болыпты.

Осы кездегі екеудің біреуінің аузындағы: «Коренизация саясаты Европизацияға айналды» деген ел аузындағы сөзден хабарсыз емес шығарсыз. Оны тек антисемитизм ғана деп қарау ат үсті жеңіл-желпі үстірт жай болса болғандықтан, терең қаралып әділдікпен мазмұнды шешілмесе, ел аузына қақтап салынуға басқа ем болмас.

Тағы осылар сияқты мысалдар толып жатыр. Келтірген мысалдарды орысша айтылуынша жазып, сөйлеу тілдің қасиетін кетіріп, тамырына зақым келтіріп, сиқын бұзғандықтан баспа пайдалы тиындық нәрсе көрінбегендіктен есі дұрыс кісінің оны тілдің өсуі, дамуы жандануы, – деп танып айтуға аузы да бармас. Сондықтан бұндай бүлдіріс, бұрмалау туралы, кейіннен тарихқа, ғылымға, ұрпаққа не бетімізбен айтпақпыз.

Әрине, шеттен тіл ауыспай, тіл байымайды. Бірақ та «бояушы десе сақалын бояптының» кері келгенді байлық деп санау теріс, зиянды пікір. Тілді байытам деген ақ адал ниеттің негізі ана тілін толығынан сақтап, жаналықтарды оның үстіне қосып, дамыту, таныту, айдан айқын әр халықтың тарихында бар саналы жол – нұсқа.

6. Өткен жылдың декабрь айының аяғында, Жуалы ауданындағы Ошақбай, Қыстаубай дегенге орта жасқа келген колхозшылар әңгіменің аяғында: «Шырағым-ау, біз уәкілдер мен оқымысты балалардың сөзіне түсінбейміз... тіліміз не болып бара жатыр» деді. Бұған қарағанда жоғарыдағы айтылғандар аудандарда молға ұқсайды.

7. Кеңестер одағының алдыңғы бір мемлекеті бола отырып, оған соғыс кезінде

Қазақстанның майдан, еңбек ерлері қазақ намын әлемге танытып, мынандай қиын майдан – соғыс жағдайында өндірісте, ауыл шаруашылығында, қырғын соғыстарда қатардан қалмай, сыбағасын ешкімге жегізбей, абырой, табысқа ие болып, нығая өсіп келе жатқанда, жоғарыдағы айтылған кемістіктерді – Ленин, Сталин партиясы жолына сәйкес, ғылымды бұрмалап бұзу, асыра сілтей, халықтың жұртшылығына зиянды, ұлт саясатына қарсы ағыс деп доғарсам, ешқандай шеңберден шыға қоймаспын.

Сондықтан – тарихи, ғылыми, саяси әділеттік, меніңше, мынадай ұсыныстарды тілейді:

1. 1935-36 жылдан бастап қазақ ана тілі бұрмалана, бүлдіріле бұзыла бастағанын сөзсіз айқын дәлелдей отырып, оған айыпкер, кінәлі, басты газет, радио, жазушы, кеңсе қызметкерлеріне тарихи қарғыс айтылып, беттеріне қара күйе жағылып айыпталсын.

2. Қазақстанда, қазақ тілі заңның әділдігі бойынша мемлекет тілі болып саналып, өз орнына – төрге шығарып отырғызылып, бұрынғы қалпына кешікпей келтіру шаралары тездеп қолға алынып, тіл бұзу ежелден келе жатқан ескі ауруға айналып бара жатқанын ескеріп отырып, іс жүзіне қатал төңкеріс түрінде асырылсын.

3. Аяқ асты, елеусіз болып кеткен қазақыландыру мәселесін алдымен қазақтардың өздерін тіл жөнінен тәртіптеуден бастап, барлық өкімет, кеңсе, ғылым, оқу, өндіріс, өнеркәсіп орындарында қайтадан әділдікпен көтеріліп, қолға алынсын.

4. Тілді азғындырып құрту, із жандандырып өсіру, дамыту құралының алдағысы газет пен радио болғандықтан, орталық «Социалистік Қазақстан» газетінің барлық мақалалары қазақтың еркін, анық таза тілімен көсіле жазылып, «Правда» газетіне ұқсап тіл тазалығы жағынан басқаларға үлгі болсын.

Алма-Ата радиосына саналы, салмақты, жауапты қазақтың ана тілінің тазалығын қабырғасы қайыса ойлайтуғын адамдар дайындалып, осы кездегі қоқыр-соқырлар қуылып, құлақ құрышын қандыарлық тілі дәмденіп, елге сүйкімді, түсінікті айтатын орынға айналсын.

5. Барлық оқу орындарында қазақ тілі, қазақ әдебиеті, қазақ тарихы міндетті сабақ болуы керек.

6. Осы кезде қаладағы қазақ ұл балалық балаларының төрттен үші орыс мектебінде оқығандықтан ана тілден хабарсыз жастар өсуі молайып келе жатыр.

Олардың ата-аналары орыс мектебінде оқытуға мүлде әуес-ақ. Қазақ мектебін менсінбейтіндер де қазақ мектептеріне көшіріліп, алдымен ана тілінде ғылым алатын болуы қажет. Он шақты жылдан кейін жас қазақтарға қазақтармен сөйлесуге тілмәш керек болуы тарихи масқаралық болар.

Өзіміз орысшаны қазақ мектебінде жүріп-ақ үйренгенбіз. Ондай шараны қолдануда орысшадан құр қаларлық ешқандай қауіп жоқ.

7. Барлық қазақ тіліндегі әдебиет, оқу құралдары қайта қаралып, шүршіттіктен тазаланып, елгезермен елегендей, қоксық-құрымнан бойы арылып, босатылуы керек.

Қазақ ана тілінің беделін түсіріп, бұрмалап, бүлдіріп, халықтың халық болуына, ұлттың ұлтшылығына өте қауіпті, зиянды болғандықтан барлық орыннан тіл құзғындары мен тіл сұңғыттары шүршіт болып кеткендер бетің бар жүзің бар демей мейірімсіз масқаралана қуылып, қолдарына таяқ ұстатып қой бақтырған көп олжа болар еді.

8. Тіл мәселесі бұдан былай да аяқ асты болып «дүмше молдалардың» құрбандығы болып кетпесі үшін:

а) Барлық сырттан алынған «есіктен кіріп, төр менікі» деген сөздер теріліп, жиналып, әділ билік айтылып, сол мағынадағы «дауысы жойылған» қазақтың ата тіліндегі сөздерге өз еркі өзіне қайта берілсе, қазақ тілінің бұқараларының қатарына қосылып, бұдан былайда ел аузында, жазушының қалам ұшында болса.

б) Өзіміздің тіл байлығымызда жоқ, бұрын халқымыздың өмірінде кездеспеген жаңа заттардың аты, сөздері теріп, жиналып, сөз азаматтығына қабылданып заңды жүйеге салынса.

в) Дальдің «Толковый словарінің» үлгісімен атам заманнан бергі қазақ сөздері жиналып, дұрыс талқыланып, түсіндіріп, ғылыми аумақты кітап шығуы шаралары жақында қолданылса.

г) Профессор Ушаковтың «Орфографический словарінің» үлгісімен қазақ сөздерін дұрыс жазуға көмек құрал болатын кітапша кешікпей жазылып шығарылса.

Кейінгі екеуі тіл жағынан өмірлік нұсқау, құрал және қорған болар еді.

Айтылғандардың барлықтарының терең өкіметтік, мемлекеттік маңызы бар болғандықтан сіздер сияқты партия, өкімет кісілері көтеріп қолға алмаса, өз бетімен оңалып, дұрыс бағытқа түсетін түрі жоқ.

25. 02.1944.



Жарас СЕЙІТНҰР,
саясаттанушы

ҰЛТТЫҚ ЭЛИТА ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?

Кез келген қоғам мен мемлекеттің дамуында аса маңызды рөл алатын адамдар тобы болады. Оны әр түрлі атаумен атап жатады: «элит», «истеблишмент», «номенклатура», «үстем тап», «қадағалушы я басқарушы азшылық», «билеуші топ», «басқарушы орта», «биліктің жоғары эшелоны», «каста», «бомонд», жоғары «ақсүйектер» тобы және т.б. Бұлар қоғамның ажырамас бөлігі боп табылады. Өйткені, қоғамның өмір сүруі тек еңбек бөлінісінің арқасында ғана жүзеге асады. Әрбір әлеуметтік топ өзіне тиісті міндеттерді атқарады: бірі материалдық игіліктерді өндірумен айналыса, екіншілері – рухани құндылықтарды жасайды, үшіншілері – басқарады және т.с.с. дегендей. Демек, кез келген қоғамда оны басқаратын ат төбеліндей азшылық (элит) және оған бағынышты көпшілік (бұқара) өмір сүреді. Әлеуметтік өмірде иерархия сөзсіз болмай қоймайтын құбылыс. Бұл хайуанаттар әлеміне де тән жай. Олай болса, басқарудың биік ұшында тұрғандарды зерттеудің маңызы зор.

Ғылыми әдебиеттерде ғана емес, сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдары мен күнделікті өмірде де кең қолданып жүрген, біздің сөздік қорымызға француз тілінен енген «элит» деген сәнді бір сөз бар. «Элит» термині (*фр. elite - ең жақсы, іріктелген*) француз тілінде «қоғамның белгілі бір бөлігін құрайтын топтың ең көрнекті, таңдаулы өкілдері» деген мағына береді. Этимологиялық тұрғыда қарайтын болсақ, бұл сөз әуелде жоғары сапалы дүниелерді білдірген, мәселен, XVII ғасырда көпестер сапалы тауарларды осылай атаған, ал, XVIII ғасырда «элит» сөзі таңдаулы адамдар тобы (*ақсүйектер, бекзадалар қауымы*) мен іріктелген әскери бөлімдерге

қатысты қолданылған. XIX ғасырдан бастап сұрыпталған ең жақсы дәннің тұқымы мен өсімдіктерді, асыл тұқымды жануарларды атау үшін генетика мен селекция саласында қолданыла бастады. Бұл сөздің көпшілікке кең тарауы оның генетикалық-биологиялық маңағына аясынан шығып социумға қатысты қолдануында еді. Зерттеушілер «элит» сөзін арнайы ұғым ретінде әлеуметтік иерархия жүйесінде жоғарғы қабаттарға (*страталарға*) қатысты қолдана бастады. Ғылыми айналымға (*саясаттану мен әлеуметтану ғылымдарында*) бұл терминді итальяндық ғалым Вильфредо Парето (1848–1923) енгізді делінеді. Ол «Жалпы әлеуметтану бойынша трактат» (1916) атты еңбегінде элита ұғымына өз салаларында неғұрлым жоғары көрсеткішке жеткен адамдар деп анықтама беріп, оларды басқарушы элита және басқаруға қатыспайтын элита деп бөледі. Ол элитаның халықты бағындыруда күш пен құқықты қолданатынын айтады. Күштің көмегімен билік жүргізушілерді «арыстандар», ал, билікті қулықтың көмегімен ұстап тұратындарды «түлкілер» деп атады. Элитаның бірінші тобы қатаң күштеу тәсілдеріне сүйенсе, екінші тобы үгіт-насихат пен саяси айла-шарғыға иек артады деп есептейді. Айта кететін бір жайт, бүгінгі таңда кең таралғандығына қарамастан ғылыми қауымдастықта «элит» ұғымының мазмұны жөнінде ортақ пікір қалыптаспай отыр. Оның бір себебі, зерттеушілердің оны анықтауда өзара қайшы келетін екі негізгі әдіснамалық тұрғыны ұстануында жатыр. Біріншісі – аксиологиялық (*құндылық тұрғысынан келу*) бағыт. Бұл бағыт бойынша, элитаға кіретін адамдар неғұрлым жоғары интеллект, дарыны мен қабілетімен ерекшеленетін, айрықша талант пен кәсіби құзыреттілікке ие жандар. Сөздің тура мағынасындағы – ең жақсылар, нағыз таңдаулылар, топты жарып шыққан ең үздіктер, артық туғандар. Қазақша

айтсақ, элита өкілі «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар», алдына жан салмас білгір, озық тұлға боп табылады. Өзінің ақылы мен күш-қуаты, жеке тұлғалық сапалы қасиеттері арқылы өзгелерді еріксіз мойындатады. Бір ауыз сөзбен айтсақ, барлық жағынан лайықты адамдар. Қоғамның қаймақтары, бетке ұстарлары. Алайда бүгінгі саяси жүйедегі басшы топтарды эмпирикалық зерттеу мен нақты өмір көрсеткендей, жоғары биліктегілердің бәрі моральдық тұрғыда өнегелі, үлгі тұтар кемел тұлғалар деуге әсте келмейді. Сол себепті саяси қайраткерлерге қатысты элита сөзін қолдану бірқатар әдіснамалық мәселелер тудырып отыр. Ал, екінші бағытты альтиметриялық (лат. *altus* (*alti*) *биік, заңғар* + грекше. *өлшеімін*) деп атайды. Бұл тұрғыдан келсек, элитаға нақты билік пен ықпалға ие жоғарғы орындарда отырған кез келген адам кіреді. Кім жоғарыда отыр, сол билеп-төстейді. Адамның моральдық қасиеті мен интеллект сапасы есепке алынбайды. Қандай амал-тәсілмен болмасын биліктің жоғарғы шыңына жеткен адам элиталық топқа кіреді. Бұл жерде «элита» сөзі өзінің бастапқы мағынасынан айырылып қалады. Енді олар ең үздіктер емес, де-факто билікті ұстап отырғандарды білдіреді. Олар билікқұмар не атакқұмар, есебін тапқыш айлақор, жалтарғыш, зымиян не залым болса да бәрібір. Ең бастысы жоғары қызметте отыру, биік мансапқа жетсе болғаны. Бұл, әсіресе, саяси элитаға қатысты. Мұндай бағыттың қалыптасуына саяси әлеуметтанудағы итальяндық мектептің (*Н.Макиавелли, Г.Моска, В.Парето, Р.Михельс, Э.Дженингс*) әсері зор. Бұл мектепті кейде маккиавеллистік деп те атайды. Олардың тұжырымдамасы бойынша, бірін-бірі алмастыратын элитаның екі типі бар. Бірі саяси айлалы әрекеттерге, қулық пен алдаудың көмегімен елдің басын айналдыруға бейім, ақылды, епті «түлкі» адамдар. Екіншілері тұрақтылықты сақтауға (*консерватизм*) және күш жұмсауға бейім тұлғалар (*арыстандар*). Альтиметриялық бағытқа сын айтушылар басқарушы саяси топқа қатысты «элита» терминін қолдандық қаншалықты дұрыс екендігіне күмән келтіреді. Тіпті, моралистер жоғары билеуші топтың бейморальдығы туралы қортынды да жасады. Кейбір зерттеушілер саяси басшылыққа қатысты элита терминін қолданудан бас тартуды ұсынады. Онда элитология өз зерттеу пәнінен айырылып

қалуы мүмкін. Айтпақшы, саясаттану ғылымы саласында элитаның пайда болуын, шығу тегін, қалыптасуын, өсуін, дамуын, билікке келуін, қоғамға ықпалын, жойылуын зерттейтін арнайы ғылым саласы бар. Оны элитология (*фр. elite - үздік, таңдаулы, жақсы-жайсаң және logos – ілім*) деп атайды.

Осындай шешімін таппаған әдіснамалық проблемалар зерттеушілерді күрделі жағдайға қалдырып отыр. Ал, қалың бұқара кез келген элита өкілдерінен лайықты ақыл мен жоғары мораль үлгісін күтіп отыр. Демек, қоғам мен мемлекеттің бетке ұстар қаймақтарының кәсіби біліктілігіне, біліміне, биік моральдық сапасына қойылар талап та жоғары болуы тиіс. Үміт еткен үлгіден ауылы алыс шынайы саяси үдерісті объективті зерттейтін саяси әлеуметтану, саяси психология пәндерін нормативтік сипаттағы саяси философиядан ажырату ет пен сүйектен жаратылған пендеге оңай емес. Американдық саясаттанушы Гарольд Лассуэлл элита терминін құндылық өлшем, мазмұннан тазартып, оған тек неғұрлым үлкен билікке ие адамдарды жатқызады. Алайда, жай адамдар өздерін қадірлеуге тұрарлық лайықты басшыға бағынғанды қалайтыны түсінікті шығар. Әйгілі экономист әрі философ Фридрих фон Хайек өзінің атақты «Құлдыққа апарар жол» атты кітабында билікте тек лайықты абзал адамдар ғана емес, ең нашар адамдар да кездесетінін жазады. Билікке неліктен жаман адамдар келетінін ол: «Егер, қоғам не мемлекет индивидтен жоғары тұратын болса, онда оның нағыз мүшесі боп жеке мақсаты тек ұжымның мақсатына сәйкес келетіндер ғана табылады. Жоғары мақсат үшін кез келген әдіс-құрал жарай беретін жерде, әдеп нормалары мен ережелеріне орын қалмайды. Қатыгездік борышты орындау боп саналады... Мұратқа шын берілгендіктен олар бейморальды әрекеттерге әзір. Жоғары құндылықты жоғарғы көсем орнататындықтан қол астындағылар сөзсіз оған бағынуы тиіс. Жоғары мансап пен билікке жету үшін көптеген «лас» жұмыстарды атқаруға тура келеді. Ішкі мұрат-құндылықтары бар адамдар оны орындаудан бас тартса, принципсіз жандар билік үшін бәріне де барады» – деп түсіндіреді. Демек, басқарушы топ қатарында моральдық әрі психологиялық жағынан әр түрлі адамдар бар.

Қазіргі ғылым элитаны әр түрлі негізге сүйене отыра топтастырады. Қызмет ету саласына қарай саяси элита, ғылыми элита, бизнес – элита, әскери элита, мәдени элита, діни элита, медиа-элита және т.б. болып бөлінеді. Билікке қатысты билеуші және контрэлита. Ресми және бейресми элита. Көптеген топтастыру нұсқаларын талдап жатпай, тек тақырыбымызға қатыстысына тоқталатын болсақ, әлемдік саяси, іскер топтар мен ғылыми элита өкілдерінен тұратын дүниежүзілік элита мен ғаламдық бәсекеде өз ұлтының мүддесін қорғайтын ұлттық элита түрін бөліп көрсетуге болады. Алғашқылары әлемдік процестерге әсер ете алатын, жаһандық басқару стратегиясын жасайтын өте бай әрі ықпалды адамдар тобы. Қазіргі кезде түрлі бейресми пікірсайыс алаңдарында, халықаралық форумдарда ортақ позиция, келісілген қағидалар мен идеяларды талқылап әзірлейтін ғаламдық жүйе жасалды. Қалың жұртшылыққа Давостағы бүкіл әлемдік экономикалық форум сияқты бас қосулар белгілі. Одан басқа да халықаралық жабық клубтар (*якеке шақырумен ғана баруға болатын Бильдерберг клубы, Үш жақты комиссия, яғни, “Трилатераль” (Trilateral) сияқты халықаралық ұйымдар*) бар. Мәселен үш жақты комиссия құрылғанда оның атқарушы директоры боп посткеңестік жұртшылыққа есімі танымал американдық ғалым және мемлекеттік қайраткер Эбигнев Бжезинский тағайындалды. Үш жақты комиссия мүшелері жасырын жағдайда қабылданған шешімдер Батыс елдерінің саясаткерлері үшін өзінше бір заңға айналып отыр.

Отандық зерттеуші ғалымдардың пікірінше, еліміздің ұлттық элитасы аз зерттелген тақырып болып табылады. Өйткені, онымен егжей-тегжейіне жете қарап зерттейтін мамандар бізде көп емес. Баспасөз беттерінде біздің элитаны көбік пе әлде қаймақ па деген мәселе төңірегінде талқылап жатады. Элита термині ғылыми ұғым емес, бағалаушы сипатқа ие түсінік боп отыр. Оның үстіне орыстілді ғалымдар мен қазақтілді зерттеушілердің бұл ұғымды түсінуі мүлде бөлек. Мәселен, белгілі алаштанушы, филология ғылымдарының докторы, жазушы Тұрсын Жұртбайдың пікірі бойынша: «Элита, қазақша айтқанда қаракөк. Қаракөк ұлттың тағдырына жауап беретін, ұлттың мүддесін көздейтін және ұлт үшін барлық қиындыққа баратын тұлға. Элитаның

рухы мен жаны, қолы мен ары таза болуы керек. Кімнің тарысы піссе соның тауығы болатын жалтақбастарды элита деп айтуға болмайды». Қазақта мынадай өлең шумағы бар екен: «Жеті атаңнан қаракөк үзілмеген. Қан сұйылса көкше бөрілігіңнен дым қалмас, қортық тұмай қайтеді?». Т.Жұртбайдың жазуынша, бекзадалықтың, мырзалықтың, шексіз өктемдіктің, бақ-дәулеттің ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, өздерін ерекше жаратылған тұқым есебінде марапаттайтын «қаракөктің» баламасы өзге ұлтта да ұшырасады. Шыңғысханның ата-бабасының нұрдан жаралуы, Еуропадағы асыл тектілердің «голубая кровь» деп аталуы соған саяды. Қазақ жақсы, тектіні «қаракөк» дейді, ол не себептен қара көк? Егер, «қара» көптікті, күшті, күдіретті білдірсе, «көк» – Тәңірдің аты боп шығады. Қазақ халқы үшін жылқы малының орны ерекше. Оны төрт түліктің «төресі» атаған. Біздің этномәдениетіміз жылқы түлігімен тығыз байланысып жатады. Ат десе ішкен асын жерге қоятын қазақтың ең жақсы көретін түсі – «қаракөк». Сирек кездесетін бұл жылқы түсі ел арасындағы тарту-таралғыға тартылған дипломатиялық келіссөздерде маңызы болған. «Қаракөк не жүйрікті алсам, не бөрікті алсам» деген сөздің астарына үңілер болсақ, мықты әрі жүйрік аттардың қаракөк түстен шыққанын көреміз. Тарих ғылымының докторы, жылқытанушы – ғалым Ахмет Тоқтабайдың айтуынша, Қазақстанның барлық аймақтарында біздің ата-бабаларымыз күнделікті өмір және әсіресе, ұрыс-соғыс барысында қаракөк түсті аттарды өзгелерден артық көрген. Бәйгеде оза шабар элиталық жүйрік аттар да осы түстен екен. Демек, қазақ үшін жылқы тектіліктің бірден бір нышаны болып саналғаны тәрізді элита ұғымы да тектілікпен байланысты. Қазақтар генетикалық-биологиялық факторға үлкен мән береді. Аңыз-ертегілерінде де осы сюжет байқалады. Адамды сынағанда тегіне қарап бағалау орын алады.

Қазақ тілінде элита терминінің бір баламасы ретінде «дегдар» сөзі қолданылып жүр. Тіпті, елімізде «Дегдар» атты гуманитарлық қоры жұмыс істейді. Қазақ тілі қорына иран тілінен («дәндар» – бастық, ел басқарушы) енген. Диалектологиялық сөздіктерде «асыл тұқымды, өте жақсы, ерекше тәуір, заты бар, текті» деген мағынаны береді. Мы-

салы, Біржан сал: «Ұл тумас Қазанқаптай ата ұлынан, тұқымы дегдар шыққан жатынынан» десе, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» романында: «Ежелден дегдарлымысың тұқымы оңған, малыңа, басыңа да қыдыр қонған» деген шумақтар кездеседі. Бұдан бөлек **ақсүйек, бекзат нәсіл, бекзада, төре, қожа** деген сөздер қолданылады. Шәкәрім қажының «Ең жақсы адам не қылған кісі?» деген сауалына «ел тағдырын шешер биліктің екі тізгін, бір шылбыры кемелдің, үздіктің үздігінің қолында болуы қажет» делінетін сөзі бар екен. Шоқан мен Абайдың көзқарастарында да элита теориясын ұлттық мазмұн тұрғысынан байытуға қызмет ететін ой-пікірлер кездеседі. Сайып келгенде, элита түсінігі қазақ үшін текпен байланысты дүние.

Элитаға кімдер жататындығын анықтауда біздің зерттеуші ғалымдар негізінен ресейлік және шетелдік ғалымдардың элитаға қатысты жасаған концепциялары, теориялары мен жүйелеу әдістеріне сүйенеді. Элита теориясы қоғамның тандаулы, игі жақсы-жайсандарының ерекше міндеттері мен әлеуметтік-саяси және интеллектуалдық белсенділігі және қалың бұқараның енжарлығы түсінігінен туындайды. Мысалы, В.Паретоның пікірінше, қоғам пирамидалық құрылымнан тұрады, оның биік шыңында басқарушы әлеуметтік топ элита тұрады. Олар қоғамның даму бағытын анықтайды. Теориялар қалану негізіне байланысты түрліше ажыратылады. Мәселен, биологиялық теорияларда биологиялық-генетикалық белгілеріне байланысты (*Р.Уильямс, Э. Богардус*) адамдарды аса көрнекті және қатардағы, белсенді және енжар, ақыл-есі дұрыс және кеміс деп бөлсе, психологиялық теорияларда (*Г.Джилберт, Б. Скиннер*) біреулердің кереметтілігі және екінші біреулердің қарабайырлығына түрткі болатын психологиялық қасиеттерге сүйенді. Психоаналитикалық теорияларда (*З.Фрейд, Э.Эриксон*) нәпсіні тежей білу қабілетіне және билікке немесе басыбайлыққа ұмтылуға, ал, әлеуметтік-психологиялық теорияларда (*Э.Фромм, Г. Лассуэл*) әрбір адамның психологиялық ерекшеліктеріне, оның өмірінің әлеуметтік факторларына байланысты өзгерген мінез-құлықтың әртүрлі типтерін мойындаудан шығады. Қазақша айтсақ, «бес саусақ бірдей емес» дегенге саяды. Технократтық теорияларда (*Джс.Бернхэм, Джс.Гелбрейт*)

өндірісті басқаратын және өздерінің техникалық дағдыларының арқасында «техно-құрылымда» ерекше жағдайға ие адамдардың ұйымдастырушылық міндеттеріне, постиндустриалды теорияларда (*Д.Белл және т.б.*) – ғылыми білім факторлары және «постиндустриалды қоғамның» ғылыми-техникалық және әлеуметтік дамуын айқындайтын жетекші күш ретінде ғалымдардың осы заманғы дүниеде атқаратын рөліне баса назар аударылады. Белгілі бір мәселелерді түсіндірудегі алуан түрлі өзгешеліктерге қарамастан барлық элита теориясы үшін: қоғамды әрқашан элитаға және бұқараға бөлетін адамдардың табиғи теңсіздігі бар; ғылыми-техникалық және әлеуметтік дамудың қозғаушы күші ретінде элитаның қажеттілігі негізделеді; біреулердің сөзсіз үстемдік етуі және басқалардың бағынышты болуы заңдылық; көпшіліктің үстінен қарайтын билеуші азшылықтың толық құқылығы мен заңдылығы туралы жорамалдар ортақ болып табылады. Элита түрлерінің ішінде зерттеушілерді, әсіресе ықпалы тұрғысынан күшті саналатын саяси элита қатты қызықтырады. Жалпы, саяси элита деген не, оның құрамына кімдер енеді, оның құрылымы қандай деген сұрақтарға жауап табу өте маңызды.

Саяси элита – бұл қоғамды басқаруда билеуші қызметін атқаратын және мемлекеттік билікті қолына шоғырландырған, маңызды саяси шешімдер қабылдауға қатысатын мамандандырылған, әлеуметтік артықшылығы, жеңілдігі бар топ. Қоғамның саяси элитасының құрамына биліктік функциясын және уәкілдік құқықты иеленген жоғарғы дәрежелі қызметтегі кәсіби саясаткерлер кіреді. Саяси элитаның құрамына сонымен бірге, қоғам дамуының стратегиясын дайындауға, саяси бағдарламаларды әзірлеу мен жүзеге асыруға да кәсіби дайындығы бар жоғары мемлекеттік қызметкерлерді жатқызуға болады. Оның басты сипаттарын баса көрсету үшін, оны көбінесе «елдің саяси басшылығы», «саяси шешімдер қабылдау орталығымен» байланыстыра айтады. Дүниежүзінің әлеуметтану және саясаттану әдебиеттерінде саяси элитаға берілген көптеген анықтамалар мен әр түрлі көзқарастар бар. Біздің заманымызға дейінгі уақыттың өзінде антикалық Грекияның белгілі саяси қайраткері Перикл: «саясатты аз ғана адамдар жасайды, алайда ол жөнінде бәрінде пікір айтады»

– деген екен. Қоғамда көптеген адамдар мен әлеуметтік топтардың әдетте саяси өмірге күнделікті тікелей қатынаса алмай-тыны белгілі. Адамдардың көпшілігі үшін саясатқа араласу жанама іс қана. Белсенді саяси қызметпен, әдетте, азшылық айналысады. Саясатпен қоғамның өз арасынан дайындығы және беделі бар көшбасшылар ұсынатын кәсіби саясаткерлер, адамдардың ерекше тобы шұғылданады. Басты өмірлік мүдделері саясаттан тыс жатқан бұқара халықтың саяси енжарлығы саяси элитаның өмір сүруінің маңызды факторы болып табылады. Тіптен, ең дамыған демократиялық елдердің нақты саяси практикасында бұқара халықтың саяси шешім қабылдау үрдісінен және саясатқа бақылау жасаудан қол үзуі жоғары дәрежеде. Кезінде әлеуметтанушы Роберт Михельс «олигархияның темірдей қатаң заңын» ұсынған еді. Ол бойынша, бұқара халықтың тікелей билеуі техникалық тұрғыда мүмкін емес, сондықтан, кез келген режим ат төбеліндей азшылықтың билігіне – олигархияға айналмай қоймайды. Михельстің түсіндіруі бойынша, элита белсенді әрі ұйымдасқан азшылық ретінде азаматтардың бақылауынан шығып кетуге тырысады және саясатты өз мүдделеріне қарай икемдейді, бағындырады.

Зерттеушілер саяси элитаны анықтау мен оның ауқымын белгілеу үшін келесі өлшемдерді ұсынады: **біріншіден**, қоғамның саяси элитасын жария саяси қызметпен кәсіби айналысатын, барлығының күресінің түпкі мақсаты айқын саналатын адамдар құрайды; **екіншіден**, олар қоғамнан біршама өзімен-өзі болумен қатар, сол саяси тәртіптің қалыптасқан «ойын ережесін» ұстанатын, мысалы, қайсыбір билеуші және оппозициялық бөліктің мәнді ерекшеліктерін сақтайтын, сонымен бірге, әртүрлі саяси элита фракцияларының мүдделері, құндылықтары және мақсаттары ортақ біріккен тығыз топты құрайды, **үшіншіден**, осы адамдарды саяси қайраткерлер ретінде олардың өзіндік заңдылығын қоғамдық мойындау бар. Басқару саяси элитаның өмір сүру факторы болып саналады.

Бүгінгі таңда элитаны кәсіби біліктілік жағынан анықтауға қатысты зерттеулердің ішінде ағылшын әлеуметтанушысы М.Янг енгізген меритократия идеясы басым ұстанымдардың біріне айналууда. «Меритократия» ұғымы бюрократияны, технократияны

және жалпы қоғамның таптық құрылымын өзгерте алатын қоғамды басқарудың жаңа қағидасы ретінде қаралауда.

Ұлттық мүдде тұрғысынан элитаны патриоттық-өнімді және компродорлық деп бөліп қарастыруға болады. Элитаның бір бөлігі ұлттық құндылықтар өндіріп, елдің ұлттық байлығын көбейту үшін жұмыс істеп жатса, екінші біреулері бұрын жасалып жиналған дүниені шашумен, ұрлаумен шұғылданады. Алғашқысын өз ұлтының нағыз элитасы десек, екіншілерін «квазиэлита» немесе жалған элита деуге болады. Ресей президенті В.В.Путин экономикаға қатысты бір мақаласында мынадай бір ой айтады: капиталдары бар, инвестициялық шешім қабылдай алатын экономикалық және қаржы элитасы осы елде (Ресейде) тұруы, өз балаларының тағдырын осы мемлекеттің мүдделері мен ұзақ мерзімді дамуымен байланыстыруы тиіс. Ресейлік тағы бір саясаткер, философ әрі дін маманы, халық депутаты Виктор Аксютин өзінің бір сұхбатында былай: «Ресей элитасы тек өз елінде ғана басқарушы топ, элита бола алатынын енді түсінді. Егер, Ресей өмір сүруін тоқтататын болса, онда бұл элитаның капиталдарын тартып алады және өздерін түрмеге отырғызады. Сол себепті, олар Ресейдің мемлекет ретінде сақталуы үшін күресуде» дейді.

Басқарушы элитаның ел алдында тұрған міндеттерге сай келмеуі, ұлттық-мәдени ортадан қол үзуі және олардың компрадорлық сипаты ұлттың құлдырауы мен мемлекеттің іріп-шіруіне әкеледі. Халықтың кедейленуі мен елдің ойсырай қирауының басты себебі де осында жатыр.

2011 жылы Ярославь форумында сөз сөйлеген американдық саясаттанушы З.Бжезинский реселік қатысушыларға қарата мынадай бір пікір айтқан екен: егер, сіздің элиталарыңыз ақшаларын біздің банкілерде сақтайтын болса, онда ол енді біздің элита (яғни, батысшыл) болып табылады. Демек, әрбір ұлттық элита ең әуелі өз ұлты үшін қызмет етуі тиіс.

Бүгінгі Қазақстанның ұлттық элитасының алдында тұрған маңызды бір мәселе – өз Отанына азаматтық-мемлекеттік тұрғыдан қызмет ету және осы қызмет аясында елдің экономикалық-материалдық және рухани-мәдени ресурстарын сақтау, дамыту, ұлғайту. Қазақстан келешегі ұлттық элитаның дайындығына, кәсіптілігіне және патриотизміне тікелей байланысты.

ҚАЗАҚ НЕГЕ ҚЫРЫЛДЫ?..

Өткен жүз жылдық, яғни, XX ғасыр күллі адамзат баласының тарихында ерекше орын алатын ғасыр болып сақталып қалады. Осы ғасырдың жағымды-жағымсыз жақтары орасан зор болды. Әуелі, адамзат қол жетпейтін қиялдай болып көрінген ұшуды үйренді, мүмкін емес деп саналған ғарышқа ұшты. Ертегілер әлемінде кездесетін қиял туындылары шынайы өмірлік дүниелерге айналды, ғылыми-техникалық революция орын алып, бұрын ақылға сиымсыз деп келінген түрлі дүниелер, күнделікті тұрмысқа енгізіліп, адам баласының игілігіне қызмет қылып, өмірін жеңілдетіп берді. Бірақ, XX ғасырдың қасіретті жағы да басым еді. Арасына ұзақ уақыт салмай өткен бірінші және екінші дүниежүзілік соғыс салдарынан қаншама миллион адамдар зардап шекті. Әрі бұл соғыстар бұрын-соңды болып көрмеген қатігездікпен жүргізілді. Бірінші дүниежүзілік соғыста химиялық қару қолданылып адамдарды асқан қатігездікпен, азапты өлімге душар етсе, екінші жаһан соғысы аса бір зәрулік болмасада өзгелерге өз күшін көрсету үшін атом бомбасын қолдану арқылы барлық қатігездіктің асқан шегіне алып келді. XX ғасырдың екінші жартысында әлем екі лагерьге бөлініп, жаппай қарулана бастаған тұста да жазықсыз көп адам жапа шекті, сол зұлмат кезде ашылған «Семей полигонының» зардабы әлі күнге басылған жоқ.

Иә, бұл жалпы адамзаттың кешкен қасіреті, ал, тек Қазақ халқының басынан өткерген зобалаңын ешбір дұшпаныңа да тілеместей еді.

1730 жылы Кіші жүздің ханы Әбілхайыр сұлтанның Ресей патшасына елші жіберіп, Орыс патшаларының бодандығын қабылдаудан басталған қасіреттің қара бұлты XX ғасырда қоюланып қалындай түсті. Қазақ аты айтып тұрғандай («Қазақ» сөзі Сібір халықтарының атауында еркін азат деген мағына береді) ежелден еркіндікке құмар, намысқой халық. Ал, отаршыл ел бодан халқының бұндай өрлігін көтере алсын ба, қазақты ұлт етіп жойып жіберудің қамын жасап жанталаса бастады. Ол үшін патшалық ресей саясаткерлері латынның «*divide et impera*» сөзінен шыққан «*бөліп алда билей бер*» саясатын

ұстанып сол кездегі қазақ қоғамының асқынып тұрғандарды рушылдық пен жүзге бөлінушілікті қоздырып ұлттың бірігуіне кедергі келтіріп отырды. Өзара мәмілеге келе алмай қырық пышақ болған руларды жеке-жеке езгіге салып, әлсіз рулардың жерін әлді рудың қолымен тартып алып, ішкі жақтан көшіп келіп жатқан переселендерге бөліп беріп, халықты аздыруға барын салып-ақ бақты. Дана халқымыздың «Бөлінгенді бөрі жейді» деген аталы сөзі осындай араздықтар себепті айтылса керек.

XX ғасырда күллі әлемді кезіп кеткен «коммунизм елесі» патшалық Ресейде шынайылыққа айналды. Себебі, отаршыл мемлекет болғанымен сан ғасырдан бері бұл елдің де іргесіне құрт түсіп шіріп тұрған еді. Ресейде ақпанда патшаны төңкеріп тастаған буржуазияны, қазанда аударып тастап билікке Болшевиктер келді. Келгенде езілген халықтарға «**Сорлы кедей күнің туды азат болдың!**» – дей келді. Өзгелер тәрізді қарапайым шаруа қазақтар да оларға имандай сеніп қалды. Одан кейінгі азамат соғысы жылдарында да ұлт қамын жеген зиялылар қауымы бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып біріге алмай қалды. Сол кезеңдегі оқыған көзі қаракты қазақ зиялыларын үш топқа бөліп қарастыруға болады: **Алғашқы топ** Әлихан, Ахмет, Мағжандар бастаған ұлт қамын жеген Алаш зиялылары. Олардың ұстанған идеясы Тәуке хан заманынан бері басы бірікпей өзара қырқысып жүрген қазақ рулары мен жүздерінің басын біріктіріп, Жапон мемлекетінің идеясына негізделген ұлттық демократиялық заманауи мемлекет құру болған. Ал, **әдебиетіміздің келесі бір тұлғалары** Сәкен, Ілияс, Бейімбеттер компартияның айтқан уәделеріне сеніп қалып, коммунистік ресей құрамында қала беруіміз керек десті. **М. Шоқай бастаған азшылық** күллі қазақ бірігіндер деген Алаш идеясынан асып түсіп «Түбі бір Түрік бірігейік» деп ұрандатты. Сөйтіп, күллі қазақтың бетке ұстарлары болған аттың төбеліндей ғана зиялы қауым өкілдері ел басына күн туған сын сағатта, Қалмақ қаптаған кездегі аксүйектер тәрізді бір мәмілеге келе алмай қалың қазақты тағыда қызыл империяның отарлық езгісіне салып берді. Олар бұл жолы да «Езілген

ұлттарға азаттық береміз тіпті оларға жеке мемлекет болып бөлініп одақтан шығуға да рұқсат етеміз» деген Ленин сөзіне сеніп қалған еді. Бірақ, бұл тек алдаусырату ғана болды. Жергілікті халықтардың көмегімен өз биліктерін нығайтып алған Мәскеудегі коммунистік билік әуелгі дербестік береміз деген идеясынан бас тартып, Сталиндік автономизация идеясына дейін төмендеп, бұратана халықтарды бір жола тұқыртып Ресей құрамынан кетпестей етіп байлап қойды. Лениннің тұсында да қуғындау зорлық-зомбылықтар болғанымен азда болса демократияның, азаттықтың лебі есіп тұрған еді... Қапыда атқан эссер Капланның оғынан оңала алмай көз жұмған Лениннің орнына, мүйіз қарағайдай, өркөкірек әріптестері Троцкилер тарапынан шала сауатты деп саналып көзге ілінбей келген комиссар Сталин сайланды. Ол XX ғасырдың жұмбақ әрі ең қатігез адамы. Сталинді ешкім түсінген емес. Ол алып империяны басқарып отырса да басқалар сияқты байлық жинамады. Үнемі бір киіммен жүретін және ол мықты саясаткер де бола білді. Өзінің қол астына қараған көп ұлтты ұлан ғайыр аймақты қалай етсе, тұтастығын сақтап басқарып отыра алады? Бұл сұрақтың жауабын Сталин таба білді. Оның тапқан жауабын қарапайым тілмен түсіндірер болсақ, «Қазақ ақты ерекше қастерлейді, ал, сол ақтың, яғни, сүттің бетіне қалқып шыққан қаймағын қалқып алсаң сүтте қасиет қалмайды, тек көк сүт болып маңызынан айырылады». Сол сияқты халықты бастауға абырой беделі мен күші жететін бас көтерерлерінің көзін құртып жіберсең, қарапайым қара халық айтқаныңнан шықпай қой сияқты қайда айдасаң сонда жүре береді.

Сталиндік жүйенің 30 жылдық тарихындағы КСРО-дағы адам шығыны, Романовтар әулетінің 300 жылдық тарихындағы адам құрбандығынан бірнеше есе көп. Әлем тарихында XX ғасырдың бейбіт кезеңдерінде әлемнің түрлі елдерінде 170 миллион адам қырылып жойылыпты. Солардың 110 миллионы немесе шамамен үштен екісі, коммунистік бағдардағы елдердің үлесіне тиеді. КСРО-да 1917-1987 жылдары 62 миллион адам жойылған. Сондай-ақ, адамдарды жойқын қырғаны үшін басшылардың жеке жауапкершілігі туралы айтатын болсақ, бұл тізімнің ең басында Сталин тұр. Оның мойнына 42,6 миллион адамның қаны жүктеледі. 1934 жылдың 1 желтоқсанында Саяси-бүро мүшесі және ВКП(б) ОК хатшысы,

Ленинградтық обкомның бас хатшысы С.М.Кировтың өлтірілуінен басталған бұл қасіретті жылдар барлық кеңес халықтарына оңай болмады. Ал, қазақ халқы үшін ерекше ауыр болды десек те болады.

Қазақ мемлекетінің басшыларын, ұлт қамын жеген интеллигенция өкілдерін жазалау жедел және жәнтүршігерлік күйде жүргізілді. Репрессияның нағыз шарықтау кезеңінде, яғни, 1937-1938 жылдары, қазақ елінде, тіпті, НКВД-ны басқарған Залин мен Реденстер де репрессиядан қашып құтылмады. Сол жылдары бір ғана репрессия салдарынан қазаға ұшыраған қазақстандықтардың саны 25 мың адамнан асып жығылады. 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргіннен бастап Қазақстанда 103 мың адам саяси айып тағылу арқылы сотталса, оның төрттен бірі «НКВД үштіктері» үкімімен, сот үкімімен атылып кеткен. Сталиндік қуғындау қазақ халқын ерекше ойсыратып кетті. Демограф М.Тәтімовтің айтуынша, 1937-1938 жылдары «халық жауы» болып атылған қазақтар пайыз жағынан грузиндерден екі есе, орыстардан үш есе, татарлардан төрт есе, өзбектерден бес есе көп болған. Елінің еркіндігін аңсап, арманда кеткен алаш арыстары, ғалымдар, әулиелер, имам-ишандар, ақын-жазушылар болды. Қазақтың дербес мемлекет болғанын былай қойғанда кедей табынан шығып, большевиктерге адал қызмет еткен азаматтар қамауға алынды. Тіпті, Мирзоян, Нұрпейісовтар бастаған Орталық комитет бюросының мүшелері де, Кеңестік халық комиссары Ораз Исаев та «жау» – деп танылды. Көзі ашық азаматтарымыз тек жау деп танылып сотталып қоймай, міндетті түрде ату жазасына кесілді.

Қазақ халқын қайтсек езілген ұлттар қатарынан шығарып өзге ұлттармен терезесі тең халық етеміз деп жанталасқан Алаш қайраткерлерінің 99% репрессия жылдары атылып, лагерьлерде азапталып өмірмен қош айтысты. Алаш ордалықтардан бөлек, қазақ жерінде кеңес үкіметін өз қолдарымен орнатқан Т. Рысқұлов, С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіровтердің өзі репрессиядан құтыла алмай, қудалаудың өрт-жалынына шарпылып кете барды. Социализм кезеңінде жапа шеккен қарапайым қара халықты есепке алмаған күннің өзінде, ат төбеліндей ғана азшылықтағы интеллигенция өкілдерінің жаппай қудаланып кетуі – ұлт келешегіне ауыр зардаптар алып келді. Бір ғана А. Байтұрсыновтың өлімі «Қазақ тілі» ғылымына ауыр соққы болып тиді. Сан ғасырлар бойы

қазақ жерінде қолданылып келген Араб графикасын қазақ тіліне сәйкестеп жаңа қазақы алфавит жасаған және ең алғашқы суретті әліппе жазған еңбегінің өзі ол кісінің аталған ғылым саласының дамуына қосқан зор үлесі еді. Және осы репрессия кезінде қудаланғандардың барлығы дерлік ақын-жазушылар болды. Ал, олардың барлығының бір мезетте жоқ болып кетуі әдибет саласын ойсыратып, сапалы шығармалар санын азайтып, орнына кеңес үкіметін орынды-орынсыз мадақтап, қазақы салт-дәстүрлер мен маңдай алды тұлғалардан жағымсыз кейіпкер жасап, оларды халыққа жаман қырынан көрсетуші туындылар, жауыннан кейінгі саңырау құлақтай қаптап кетті.

Бұл аталғандардың барлығы тек XX ғасырдың Сталин билік құрып тұрған алғашқы жартысындағы орын алған жағдайлар. Бірақ, соның өзінде 1917-1919 жылдардағы азамат соғысы, 1920-1921 жылдардағы аштық, 1932-1933 жылдардағы ұлы жұт, 1937-1938-дің қаралы кезеңі мен 1941-1945 жылдардағы отан соғысы салдарынан Қазақ ұлты жер бетінен жойылып кетудің аз-ақ алдында қалдық. Күн көсем Лениннің «Ресей халықтардың ұлы түрмесі» деген сөзі енді Қазақстанға қатысты айтыла бастады, жергілікті халықтары азайып босап қалған Қазақ жерінде ендігі ГУЛАГ-тің лагерьлері қаптай бастады олардың кейбірін атап өтсек: Бірінші, Ақтөбе лагерь пункті. Ондағылар құрылыс жұмысымен айналысқан, химия зауытын салған. Екінші, АЛЖИР – Ақмоладағы Отанын сатқандардың әйелдерінің лагерьі. Астана қаласына жақын жерге орналасқан. Үшінші, ЖезқазғанЛАГ. Марганец және жез кенін өндірген, құрылыс жұмысын жүргізген. Тау-кен комбинатын салған. Төртінші, КАРЛАГ лагерь басқармасы Долинка елді мекенінде орналасқан. Көмір, түсті металл қазып, ауыл шаруашылығымен айналысқан. 1932 жылы ашылған. Бесінші, СтепЛАГ арнаулы лагерьі. Тау-кен комбинатында жұмыс істеген. Басқармасы Жезқазған қаласында орналасқан. Және осы зұлмат жылдарында Қазақияға сырттан сенімсіз ұлттарда көптеп көшіріліп әкелінді. Ал, XX ғасырдың II жартысында «Тың және тыңайған жерлерді игеру», «Қазақстан магниткасын салу» және тағыда басқа көптеген сылтаулармен жат ұлт өкілдері ішкі жақтан әкеліп қоныстандырылып, Қазақстан көп ұлтты Республикаға айналып шыға келді. Бұл қорлықтардың барлығы аз болғандай, Киелі Семей өлкесін тартып алып, Атом ядролық

полигон арқылы экологиямызды улады, болашағы жоқ деген желеумен көптеген ауылдарды таратып қазақша оқытатын орта мектептерді жаппай жауып, ұлтты орыстандыру саясаты жоғары қарқынмен өрістей бастады. Аталған ахуалдың тек өткен жүз жылдықта болған қасіреттердің көрнекілері ғана, ал, қазақты жойып жіберу туралы құйтырқы саясаттар, жорықтар бұрынғы ғасырда да болған еді және Кеңестік кезеңде қазақты орыстандыру саясаттың сан-алуан жоспарлары Мәскеу тарапынан үнемі қабылданып жедел түрде орындалып отырды.

XX ғасырдың басында А. Байтұрсыновтың «Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі үлкен мәселеге айналды» деген сөзі XX ғасырдың соңына әбден пісіп жетілген еді. Енді, ойланатын уақыт жетті. Күні кеше Еуразияның төскейінде ат ойнатқан ер түріктің ұрпағы, ешкімге дес бермеген қуатты Шыңғыс империясының мұрагері жауынгер Қазақ қалайша заман ағымына шыдай алмай бодандық қамытын киіп, қаншама ғасыр өзгенің табанында езгіге түсіп, құрып кетудің аз-ақ алдында қалды?

Тарих қайталанып отырады, ендеше алдағы күні өткен қаралы күндерді қайталамас үшін, тарихтан алатын сабағымыз қандай? Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында еліміздің келешегіне сенім артқандардан гөрі сенімсіздікпен қараушы тараптар көп болды, ол неге? Осы сұрақтардың жауабы біреу ғана болса керек, ол дана халқымыздың « Бірлік барда тірлік бар» деген нақыл сөзінде. Кезінде біз «кереметпіз» деп кеуде соққан ерлеріміз қыйын қыстау күндерде бас біріктіре алмай, әуелі жоңғардың талапайына түсіп Ақтабан шұбырып, Алқа көлде сұлады, сол кезде сәл ес жиып қара қазақ біріге бастап еді, Шыңғыс тұқымдары ағайын арасындағы өкпе-назға бола, бір-бірінен сырт айналып тарыдай шашылып, шығыстан аранын ашып тұрған Аждаһа мен оңтүстіктен қоқандаған бауырлас Қоқан мен Хиуадан қашып, теріскейдегі ақ аюдың құшағына кіруге мәжбүр болды.

XX ғасырдың басында дербестік алуға үлкен мүмкіншілік болған еді, тағыда сол бас араздық пен бірліктің жоқтығынан аттың төбеліндей аз ғана зиялыларымыз елді әр тарапқа тартып, соңы қызылдардың қырғынына салып берді. Бірлік барда біз бір-бірімізді түсінеміз. Бірімізге-біріміздің жанымыз ашиды. Бірліктен кетсек қадіріміз қашады. Ырысымыз тарылады. Тарих дәлел-деп тұрған жоқпа, ағайын?!

Нұрлыхан ҚАЛҚАМАН



Мархабат БАЙҒҰТ,
жазушы

«БЕРЕТІНІН БЕРМЕСЕҢ...»

Жақында жұмыс бөлмемізге жігіт ағасы дейтіндей жастағы кісі кірді. Қатпа қара. Шаршаңқы. Жүдеу жүзі таныстау секілденді. Шандырланған бет терісі мен маңдайын айтпағанда, мойнына дейін жыра-жыра, сай-сай әжім шиырлаған. Мұң мұнарлаған жанарларынан жылуарлы мейірбандық жылт етіп бір көрінгендей күйде.

– Ассалаумағалейкүм, аға! – деп амандасты. – Та-та-танымадыңыз ба?

– Шырағым, шырамытатын сияқтымын, бірақ, жыға танымай отырмын, – дедім ыңғайсызданып.

– Бақжанмын ғой, аға. Бақжанмын ғой баяғы. Тамдыбұлақтағы. Тоқтыбаевтармыз. Үйлену тойымызда бір ақын ағаймен бірге болғансыздар. Сөйлегенсіздер. Енді-енді есімізге түсіңкірегендей.

Елестер еміс-еміс көрініс бергендей. Жадымызды жаңғырттық. Бақжан баланың соншалықты егде тартып кеткеніне күрсіндік. Білдірмеген кейіптің бетпердесін кидік. Күлімсіредік. Жай-жағдайын, ауыл-аймағын, бала-шағасын сұрадық. Төрт-бес перзенті бар екен. Тұңғыш қызы мен үлкен ұлы Қаратауда көрінеді. Қарапайым, қара жұмыста. Одан кейінгі екі ұлы да ауыл маңайында. «Екі қолға – бір күрек», дейтұғындай тірлікте. Балаларының бәрі бейнеттен қашқан емес. Қашпайды да. Адал еңбекпен, маңдай термен күнелтіп жатқан жағдайлары бар. Алла берген алты-жеті немере өсіп келеді. Баяғы бала Бақжаныңыз осылайша бірсыпыра сыр шертті. Біз де білгенімізді айтып отырмыз. **Сайып келгенде, мына дүние-әлемді, Жер-Ананы әуелі Алла, сонсоң тек титан тұлғалар, аса ірі алыптар, биіктегілер мен биліктегілер ғана емес, негізінен қарапайым адамдар, қалың бұқара халық, қатардағы, қара жұмыс атқаратындардың ақ пейілі, ақ жүрегі, адал ниеті ұстап тұр емес пе? деп бетіне қараймыз-ай.** Тамдыбұлақтан

тау асып, тас басып жеткен Тоқтыбаевтың тотыққан тұрпатына қызыққандай көзқарас танытып. – Аға, – деді кенет үні құмығып, әлденеден қаймыққандай жанарларын тайдырып әкеткен Бақжан. – Уақытыңызды алмайын. Сізге бір шаруамен келіп ем. Он ойланып, жүз толғанып. Ұят болса да. Бәріміз жабылып жүріп, әзер дегенде кенже қызымызды оқытқан ек. Бізден де бір оқыған адам, жоғары білімді маман шықсыншы деп. Екі жыл болды бітіргеніне. Қайда барса да, қабылдамайды. Бүкіл аудан көлемінде біздің қыздың мамандығы бойынша талай-талай орындардың босағанын, талай-талай қыздардың қабылданғанын жүдә жақсы білеміз. Бірақ, біздің қызды алмайды. Шешесінің шашы ағарып бітті. Бірдеңе беру керек екен дейді. Жүдә жоқ емеспіз, біраз қара-құрамыз бар. Кімге, қалай берудің ретін таппаймыз. Түсінесіз ғой сіз. Бізді. Ауданға айта аласыз ба? **Беретінін берер ем...**

Сол күні түс ауа тағы біреу есік қаққан. Кірген. Әп-әдемі, сымбатты келіншек. Бальзак дейтұғын ғажайып жазушы тамсанатын, тамылжыған жастағы әйел. Ақылына көркі сай, бүкіл болмыс-бітімі мінәйі мән-мазмұн мәнзелдес. Қылығы да жоқ емес. Дейтіндей. – Мойындаңыз, аға-а-а. Танымадыңыз, ә. Танымадыңыз, аға-а-а! – дейді әдеппен ғана еркелей, еркін сөйлеп. – Баяғыда осы Шымкент пединститутында «нөл три» дейтін ставкамен сабақ бергенсіз. Лекцияңызда тырнағымды бояп отырғанымды байқап қойып, бірталай уақытыңызды маған арнап, әзіл-шыныңызды араластырып, мақтамен бауыздағансыз. Содан кейін сабақ үстінде саусағыма ешқашан қарамауға айналғам, аға-а-а. Зүмірет деген қыз еді бұл. Өте жақсы оқыған. Қызыл диплом алған. Балалы-шағалы бопты. Күйеу бала қатардағы, қарапайымдау қызметте көрінеді. Өзі үлкен мектеп-гимназия директорының орынбасары екен. Шымкентіңізге жап-жакын, қалаға бергісіз аудандардың бірінде. – Өзіңізді теледидардан жиі-жиі көріп тұрамыз, – деді Зүмірет. – «Аманбысыз, ағай!», десек, жүдә қарамайсыз ғой «көк сандықтан» сөйлегеніңізде. Уақытыңыз

алтыннан қымбат екенін білеміз. Бір шаруамен келіп ем. Қазақпыз, осындайда ғана іздейміз. Мектеп-гимназияның директорылығына қайдағы бір білімсіз, біліксіз, шілтіренбайды қоймақшы. Екеумізді қай жағынан болсын жарыстырып, салыстырып байқасыншы басшылар. Директорлыққа соншалықты құмар да емеспін. Балалардан, болашақтан обал, аға-а-а. Біздің байырғы бірер мұғалім кісілер кеңесе келе сізге жолыққанымды қалады. Ауданымыздың әкімі өзіңізді қатты құрметтейді деседі. Балаларды аяйды асыл ұстаздар. Бір «ызбаногы» жетіп жатыр деседі. Аға, айып етпеңіз. Беретінін бермесең... Қиын деседі. Әкімге... Беретінін берер ем...

– Айналайын Зүмірет қарағым, осы жасыма дейін бірде-бір әкімге бірде-бір рет мұндай мәселені мәністеген емеспін. Айтпайтын да шығармын ондайды. Ренжімегін.

– Бәсе-бәсе, біліп едім тура осылай боларын. Сезіп едім сіздің өзгермейтініңізді. Қатып қалатыныңызды. Амал қанша. Өлгі әңгіудік беретінін беріп, мектеп басқарса, не оңар екенбіз, аға. Аман жүріңіз.

Жасыратыны жоқ, осындай адамдар да кеп тұрады. Сіздің тілшіңізге. «Беретінін бермесең...» деседі. «Беретінін берер ем...» дейді. Сізді қайдам, осы сөздерге егіміз үйренбей-ақ қойды. Бетіміз ду ете түседі. Сіз де естімедім дей алмайсыз. Көп естисіз. Мойындаңыз. «Өзге жұрттан қазақтың сөзі ұзын» дегенді данышпан Абай айтқан. Елдің емес, желдің сөзі дей тұрғаныңызбен, мына төмендегіше пікірлерге құлақ қоймаққа мәжбүрсіз. «Беретінін берер ем...». «Бүгінде пара алатындарға емес, алмайтындарға күлетінге кеткенбіз». «Беретінін бермесең, басыңды тығу қиын». «Беретінін беріпті». «Алатынын алыпты». «Пәлен жүз мыңын пәленшеге, түген жүз мыңын түгеншеге беріпті», «Осыдан бір жыл бұрын өткізгендері өзін-өзі ақтапты, анау орынға қонжиыпты», «Кедендегі көкесі кеткен соң мынаның мазасы қашыпты». «Анау айрықша департаменттің жай маманы болу үшін-ақ он мың доллар пәре беретін бопты». «Жартысын берген екен, жарты жыл күтесің депті». «Анау крышасы күшті әйел алғаш жүде сызылып жүруші еді, алады екен. Анау орын үшін анау жігіттен жеті мың сұрапты». «Қалада мектеп директорылығының орны тағы қымбаттапты». «Өрттен қорғау мен дерттен қорғаулардың «ставкалары»

аспанда ғой қазір». «Тым-тым тереңдеп барасындар, қойсандаршы енді». «Алмасына қоймайтын өзіміз емеспіз бе?» «Нарықтық қатынас, рынок реттейді бәрін де. Бірте-бірте». «Ойбай-ау, сол бірте-біртең бізге жеткенше, түте-түтеміз шығып бітер...» Мінекиіңіз, осылайша ұза-а-ақ жалғастыра беруге болады. Күнделікті әңгіме-дүкендер үстінде, қонаққа барғанда, мейман шақырғанда, «гәп» деп аталатын басқосуларда, кез келген кішілі-үлкенді дастарқандардың басында, жай моншалар мен жайнаған сауналарда, қалайсыз ба, қаламайсыз ба, күткен және күтпеген жерден күбір-күпсің мен сыбыр-сыпсың басталып кеп-кеп кеткенде ше, негізгі тақырып жоғарыдағыдай жағдайлардың төңірегінде орбитінін жоққа шығара алмайсыз.

Кім не демейді, адам болған соң айтанды, көптің арасынан көкезулер табылады, тек кемшілікті ғана көретіндердің желбуаз пікірлері ғой, тырнақ астынан кір іздейтіндердің өсектен басқа шаруасы жоқ. Адал екен, ақиқатшыл, шыншыл екен, нақтылап, фактілеп, актілеп, аттарын атасын, дәлелдесін. Деушілердікі де дұрыс-ақ шығар. Десек те, аталмыш ауруымыздың асқынып бара жатқаны рас қой? Рас. Жасырып-жаппалық. Қоғамымызда қоңырсып кеткен кесепаттар аз емес. Санамыздың сансыраған, сапасызданған қаттары қабат-қабат. Ақша-құдайға ашық табынушылар жүздеп емес, мыңдап саналар. Үлкенді-кішілі, ірілі-ұсақты, жоғарылы-төменді. Буын-бунақтарда. Түрлі тармақтарда. Мекеме-мекендерде. Кеңсе-көшелерде. Әсіресе, әкімдік жүйеңіз, әкімдеріңіз жөнінде «жырланатын» жөнді-жөнсіз ой-пікірлер жиірек. Әкім шіркіндерге де оңай емес-ау. Обалы нешік, олар тоқсаныншы жылдарыңыздан бермен қарата ауыр жүктің бар-баршасын арқалап, иықтарына артып, аянбай өрге тартып-ақ келеді. Еліңіз бен жеріңіз, қалаңыз бен далаңыз көріктеніп-көркейсе, мемлекетіңіз бүгінгідей биіктерге көтеріліп үлгерсе, ең алдымен Елбасыңыз, сонсоң, әрине, әкімдер еңбегінің ересендігі. Сонымен бірге, әкімдік жүйеңіздің, әкімдік дейтұғын қызметтің буы алтынның буынан бетер буырқанып, бар-барша буын-бунақтарды буындырып алғандайын жағдайлар да жоқ дей алмайсыз. «Беретінін бермесең...», «Беретінін берер ем...» ауруының асқынған жақтары да осы әкімдердің айнала-төңірегінде тұтасатынын түсініксіз деуге әддіңіз

кем-дүр. «Командалық» әдіс кесепатқа айналған жерлер жетіп-артылады. Кадрлар іріктеу мен тағайындауда мемлекетшілдікті, елшілдікті, отаншылдықты ойлау емес, келешекті кемелдікпен көздеу емес, көрешекті ғана күйттеп, тек өзіне, өздеріне әлердей берілгендерді, «беретінін беріп тұратындарды», «науаша құятын» құлқындыларды өсіретін өзімшілдік дерт дендеді. Көпке топырақ шашпайсыз, әлбетте. Алайда, әлдебір әкімдердің, кейбір кадрлардың деңгейі, білім-білігі, пейіл-пиғылы, нысап-ниеті, әрекет-қарекеті, мінез-құлқы, болмыс-бітімі, дүниетанымы турасында тереңірек ойланып байқасаңыз, бірталай нәрсеге көзіңіз жетеді. Оншақты жылдай бұрын бір облыста әңгіме гу ете түскен. Бір кадр аса үлкен ауданға әкім болу үшін үш жүз бірдеңе мың доллар шығынданыпты десті.

Халықтан ештеңе жасыра алмайсың. Түптің-түбінде бәрі анықталады. Ашылады. Әлгі әңгімеге өз басымыз сенген жоқпыз. Бірде сол аудандағы жай ғана, қоңыр төбел қызметте жүрген жолдасымыз сыр шертті. «Мен де сенбеуші едім. Шақырды. Бардым. Қатардағы, қарапайым бөлімге бастық болуды ұсынды. Осынша мың доллар әкелесің деді. Шошып кеттім. Ондай ақшам болса, жұрт секілді жер алып, жеке тірлік ашпаймын ба?! Ақшаны соншама ашық және соншама нақтылап сұрағанына, сұмдық қатты күрсінгеніне қарағанда ше, облыстағы үлкенге берген үш жүз бірдеңе мыңын жинай алмай қиналып, қайғырып жүргеніне анық көзім жетті», – деді әлгі досымыз. Ақиқатын Алла біледі. Бұл – бұрынырақтағы оқиға. Ал, былтыр ғана және бір облыстан «қызықты» хикая естідік. Өтіріктен алыстау, алпысты алқымдаған кісіңіз: «Бір әкімнің сырласынан естідім. Бес жүз мың доллар шығынданыпты. Беретінін берер ем деп жүруші еді. Беріпті. Бірақ, бір жыл күтіпті», – де-е-еп отыр.

Жекелей жеу, жекелей алу, жекелей сатылу дегендеріңіз бір бөлек. Ал, 2006 жылғы жып-жылы күзіңізде әр облыста үш-төрт ауданның әкімдерін сайлау жөнінде эксперимент өткіздік қой. Мінекиіңіз, сонда ұжымдық жеудің, ұйымдасып алудың, сыбайласа сатылудың «көкелері» көрінді. Кейкей өңірлер мен бәзбір аймақтарда аудандық және қалалық мәслихаттардың депутаттары топ-тобымен опыр-топыр сатылды. Мансапқа құныққан қалталылар беретінін берді. Мәслихаттардағылар «команда-

ларымен» алды. Барлық ауданда немесе қалада емес, әрине. Бірқатарларында тап осылай болды. Тексіздік тайраңдады. Есерлік есірді. Сатылғандар «семірді». Ой-саналар ойрандалды. Қарапайым, қатардағы адамдар қайран қалды. Есіл эксперимент ақталмады. Бір тәуірі, Елбасы да, ел де әкімдерді аудандық немесе қалалық мәслихаттардың сайлағаны мұқым-мүлде жөнсіз деп тапты. Қазекем үшін қазірше әкімдерді сайлаған емес, тағайындаған дұрыс екендігі тағы да айқын дәлелденді. Әрине, тағайындауда һәм тектілік керек-дүр.

Ойхой, бұ қазақтың басынан небір замандар өткен ғой. Отарланбай, бұтарланбай, бүлінбей де бөлінбей тұрған ғасырлардағы, тектілік тозбай, адамдық азбай, құлқындар қозбай тұрған кездердегі киелілік пен қасиеттілік, ақиқатшылық пен әділеттілік хақында дүлдүлдеріңіз бен бұлбұлдарыңыз қалай-қалай жырлаушы еді?! Әбубәкір Кердері бүй депті: «**Бұрынғы өткен билер сондай еді; Қақ жарған қара қылды қандай еді. Құнығып дүнияға жол айтпаған; Ақылы жанып тұрған шамдай еді. Демеген – біреу алыс, біреу жақын; Өкшесі аумайтұғын тамдай еді!**» Көрдіңіз бе?! Жалпы жемқорлық, паракорлық адам мен шайтан жаралғалы бері бірге келе жатқан шығар. Алайда, Алаш баласы үшін олардың арасат-алапатқа айналғаны – отаршылдар ойранының, шенеуніктік шен-шекпенді империяның әкелген әлегі. Әлсін-әлсін обадайын опыратын, шешектейтін шетінететін, дембіл-дембіл дерттетін дерті. Сүйексінді сырқат қазір де қоғамыңыздың тұла бойын сырқырата сыздатып тұр. Дембіл-дембіл дерттетін дерттен Елбасымыз талай-талай сақтандырды. Тазаруға үнемі үндеп-ақ келеді. Тәуелсіздіктің жетінші жылы шығар, қанағатсыздыққа, құнығуға ауыңқырағандарға аяусыз түрде айтқан. Шеттеріңнен жетектеп апарып жауапқа тартуға болады, тартынындар дегені есімізде.

Сіздің тілшіңіз бір облыстағы бір әжептәуір басшыны тәп-тәуір құрметтеуші еді. Бұрыннан-ақ. Ішкі мәдениеті, салыстырмалы түрде алғандағы адалдығы алға шығып тұратын. Тыным таппайтын кадрлардың қатарында. Ізденімпаз. Сергек. Заманауи ой мен істің адамы. Кейінгі жылдары сырты бұрынғыдай болғанымен, пиғыл-пейілі танымастай өзгеріп кетті. Босаған орындардың бәріне тек «өз адамдарын» топырлатып тыға беретінге айналды. Олар сол орындарға лайық болса,

жұмыстарын алып кетсе, ризасыз-ау. Өлгі «кадрлары» өздерін «өсірген» кісіге өтірік көлгірси ме, жағымпаздықты жан-жақты менгергендер ме, өңірде жиі айтылатындай-ақ «өгістері бар ма», әйтеуір, таңғаласыз тіпті. Сана сапасын сергелдеңге салатын сұрыптағылар түрлі-түрлі ғой. **Қай-қай денгейдегі басшыларыңыз да ең алдымен елшілдікті, мемлекетшілдікті, ұлтжандылықты ту етіп ұстауға міндетті. «Өз адамдарын», «өз кадрларын», «өзіне берілгендерді» өсірсін-ақ. Бірақ, олардан озық, олардан қабілетті, олардан талантты, елге, мемлекетке, келешекке пайдалы «өзге», «басқа» кадрларды қатар қойып байқауы, бағалауы керек емес пе?**

Ал, енді, мұндайлардан басқашалау біреулері бар. Мәселенки, талай-талай маңызды мекемелердің, әсіресе, ауруханалардың басшылары өзге ұлттардың өте-мөте өжең, өте-мөте өркөкірек өкілдерін шектен тыс көбейтіп жібереді. «Шектен тыс» дегенді шегелеп отырғанымызда ғәп бар. Бір ауруханада тағы таңырқадық. Ем-дом бөлмесінде толып отыр екен. Медбикелер. Біреулерінен жөн сұрасақ, теріс бұрылады. Екіншісінен дәрігердің қайда екенін білгіміз келді. Далаға қарайды. Терезеден. Еріксізден ренжіңкіреп, куәлігімізді көрсетіп, әдепсіздіктерін ескертуге тура келді. Қатардағы хирург інімізге иек қағып: «Көбейтіп жібергенсіздер ме, қалай?» деп әзіл-шынын араластырдық. Ініміз күрсінді. Сонсоң күлімсіреді. «Біздің қарындасстардың әке-шешелеріне қарағанда бұлардың әке-шешелері беретіндерін көбірек беретін болар, әйтпесе...» деді. Аллаға шүкіршілік. Тәуелсіздікке тәубе. Байтағыңызда байыптылық, байсалдылық, тұрақтылық, ұлтаралық татулық ойдағыдай. Орнықты. Осылай бола бергей. Дегенмен, небір-небір тұғырлы тұлғаларымыз, қайран қайраткерлеріміз ұлттың қамы, қазақтың хақы туралы мәселені қайта-қайта бекер-босқа көтеріп жатқан жоқ-ау. «Мемлекеттік тілді әрі итеріп, бері итеріп жүргенде, басқа ұлт өкілдері де қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ бере бастады. Келешекте мемлекеттік жауапты орындарға солар жайғасып, аңқау қазақ далада қалып жүре ме деп қорқамын», деп жазды дарынды бір ағамыз біраз бұрын «Егемен Қазақстанда». «Ағатай-ау, қорқынышыңыз орынды-ақ. Алайда, тілімізді меңгерумен жайғасқаны мейлі, кей салаларда ақшасы мен басқасы арқылы басымданып бара жатқаны, сол Ақшақұдайға қазақ басшылардың ойланбай са-

тылатыны қауіптірек, қорқыныштырақ емес пе?!» дегің келеді. Өнебір жылдары өнебір ұлттың бұзақылары қазекемнің балаларын қорлағанда ше, қазақтардың полицейлерін, прокурорлары мен соттарын сатып алатынымызға сенгендіктен сайрандап-тайрандаймыз дегенді меңземең пе еді.

Қазақ әдебиетінің классигі Төкен Өлімқұлов сирек сөзуарланар сәттерінде: «Зәткіден зарар тартар, зар илер заман келер. Содан аман өтсендер, адам боп кетерсіңдер», дейтін. Зәткі дегені – взятка. Пара. Біздің жылы жақта «пәре» деп жіңішкерте жұмсартып әспеттейді. Қайбір жылы осы Оңтүстігіңізге келген су жаңа әкім су жаңа, батыл ойын білдірген. «Мен таза, адал, жас кадрларды өсіремін», деген. Ішінара іріктеп, аздап-аздап адалырақ, әділдіктерден де өсірген. Алайда, адалырақ, әділдік, тазарақ жас кадрлар көп істей алмады. «Істей алмады» ма, әлде «істетпестер» істетпеді ме, бұл өз алдына бөлек ғәп, басқаша кеп. Былтыр көршілес, еншілес елдің ерекшелеу саясаткер қайраткері: «Біздің Ресейде бірталай салада пара бермей және пара алмай күн көру мүлде мүмкін болмай барады», деп мағлұмдады. Ресейіңіз алып ел, алпауыт мемлекет. Екі жүз миллионға тарта халқы бар. Аса алып та зор денеге аурудың қандайы да қатер төндіре алмас. Ал, біз он алты ғана миллионбыз. Қазақ, тіпті, аз-ақ. Абайламасақ, оп-оңай мазаққа айналып, орға жығыламыз. Алаш жұртына қорғана білмек, бір-бірін қорғай білмек керек. Сонымен бірге бір-біріне де, өзгелерге де жоғары жауапкершілік пен таза талапшылдық қажет.

Мемлекетшілдікті, әділетшілдікті, әсіресе, біздің елге паракорлық пен жемқорлықтың, сайып келгенде, көрсөкырлықтың кұрдымдарына жұтқызып «ойнауға» болмайды. Биліктің барлық буындарындағылар, бизнестің биігіндегілер, барша бай-бағландар Алаш ардақтыларының асыл мұраларынан, үлгі-өнегелерінен үйренуге парыздар. Оқып-тоқып, қолдануға қарыздар. Ахмет Байтұрсынұлының «Ертең үшін» ережесін. Әлихан Бөкейханның «Қазаққа қызмет қылмай қоймаспын» қағидасын. Жүсіпбек Аймауытовтың «Мендік мен, меншік мен, әлеуметтік мен және ахлағы әлсіздіктің аса қауіптілігі туралы» тұжырымдамасын. Елбасымыз екі-үш жыл бұрын жер сату, жер бөлу, жер пайдалану жайынан жан-жақты

сақтандырды. Түрлі-түрлі мемлекеттік қызмет биіктеріндегілердің, жоғары лауазымдылардың, әсіресе, әкімдік әйдік белестердегілердің бетперделеніп алып, бизнеске құнығуы қиын қиырларға әкететінін ерекшелей ескертті. Өкінішке қарай, қанағатсыздықтың қағынып, қабынуынан айыға алмай келеміз. Небір ірі-ірі дөкейлеріңіздің, әуелеген әкімдеріңіз бен олардың «оңтайланған» орынбасарларының, үлкенді-кішілі депутаттарыңыздың пейіл-пиғылдары мен әрекеттерінен қалың бұқара халықтың қамынан гөрі бетперделі бизнестерін ондаған, тіпті жүздеген есе артық ойлайтын психология байқалып қала береді. Шіркін-ай, екі-үш есе артық қамдаса да жетер еді-ау. Дейсін. Әлбетте, бар болғанға, бай болғанға не жетсін. **Нарықтың, рыноктың заңын түсінген абзал. Социализмнің ортақ өгізінен арылды. Тайқымаңдай теңгермешіліктен құтылды. Шүкір. Ортақ өгізден оңаша бұзауларға, жекеменшікке, капитализмге көшудеміз. Бәрібір, қатардағы, қалың бұқараның, қарапайым халықтың хақы – басты арна болмағы ләзім. Әсіресе, қазақтайын көркемниетті ұлтыңыз бен жұртыңыз үшін. Көркемниетті, қатардағы қазакемнің көбінесе: «Мың да бір рахмет. Елбасыға. Жол салынды. Таза ауыз су келді. Жаңа мектеп ғажайып. Тек...» деп кідірістеп қалатыны рас. «Беретінін бермесең...» мен «Беретінін берер емді...» айта алмай күмілжігені ғой.**

Быттыр ше, Сенатыңыздағы Оралбай Әбдікәрімов халыққа қызмет көрсету орталықтарындағы оспадарсыздық жайын, отыз мың теңгелік «зәткі» жағдайын жалпақ жұртқа жайып салды. Әркім әрқалай жорып, сан-саққа жүгіртті. Орекендікі жай жанайқай емес. Ол кісіні баяғыдан білеміз. Токсан үшінші жылдың мамыражай мамырында Ордасы тауында Тәуелсіз Қазақстанның ұлы жиыны өткен. Соның әзірлігі кезінде келген. Президент Әкімшілігінің бірдей бөлімін басқарады екен. Дайындығымызды көрген. Шын сөйлейтін, шынайылықты бағалайтын, сыпайы кісі екендігіне көзіміз жеткен. Содан бері сырттай сыйлаймыз. Рахмет Орекеңе. Осындай сенаторлардың барына шүкіршілік. Әлгіндей орталықтардағы оспадарсыздықтарды күнделікті көріп, ренжитіндер көп-ақ. Бұрындары барлық жағымсыз нәрселер Оңтүстіктен басталады деуші еді Шымкентті шыли жақтырмайтын кейбіреулер. Осы күні Оңтүстігіңіздің «пәрелерін» он орап алатын «бәле-бәтірлер» басқа жақтарда да жетіп-артылардай. Біраз

бұрын «Егемен Қазақстаннан» бір дүние оқығанбыз. Онда нағыз суреткерлердің айтуында да, жазуында да, түптеп келгенде, бәрінен бұрын туған халқының, өзі жанындай жақсы көретін, жолында құрбан болуға дайын халқының абыройын асқақтату, бәсін биіктету мақсаты тұратыны дәлелдене дәйектеліп, жүрекжарды ықыласпен жазылған.

Шынында да біздің туған халқымыздың ғажап қасиеттері, ғажайып салт-дәстүрлері, көркемниеті таңғаларлық қой. Әлгі мақаладағы мысалға келтірілген суреткерлердің сұңғылалығына һәм сүйсініп, басыңызды иесіз. Мұхаммед пайғамбарымыз ғалейһисәлем: «Бір-біріңе сыйлық беріңдер. Сонда араларыңда сүйіспеншілік оянады», дейді хадисінде. Қайран қазакем сыйласудан, сыйлық беруден, сый жасаудан, қошемет-құрмет көрсетпектен, қонақ күтпектен, ат мінгізіп, шапан жаппақтан, тағысын-тағы тарту-таралғыларды үйіп-төгіп, тіпті үйір-үйір жылқыны алдыңызға салып айдатып жібермектен ешқашан кенделік көрсетпеген. Сөйте тұра сатқындықты, сатылмақты, жандайшаптықты, жағымпаздықты жеккөрген. Малын жанының, жанын арының садағасына балаған. Парақорлық пен жемқорлықты қорлық санаған. Тексіздік деп түсінген. Парақорлық, жалақорлық, жалмандық пен жылмандық, ар-ұятты аяққа таптап, мансап пен шен-шекпенді, оқалы орден мен медальді, лауазым мен дәрежені сатып алушылық негізінен, жоғарыда меңзегеніміздей, отаршылдықтың, басқыншылықтың мерездері. Бұғаудан, бодандықтан босандық. Енді, рух пен намысты тазарту – парыз. Мойындамаққа мойнымыз жар бермегенмен, бәрі бірте-бірте реттеледі деп жүрегімізді жұбатқанымызбен, дәстүрлері мен даналығын, көркемниетін керемет күйде сақтап келе жатқан ұлтымыздың болмысын қанша мақтан еткенімізбен, «беретінін бермесең...» және «беретінін берер емнен» басталып, тым терең құрдымдарға тартатын психологияның белең алып, қорқау құбылыстардың жаппай жайлап кетуі қорқынышты екенін жасырғымыз жоқ. Тағы да Мұхаммед пайғамбарымыз ғалейһисәлем: «Уаллаһи, кімде-кім парала, міндетті түрде қиямет күні Аллаһның алдына алғанын мойнына асқан күйінде шығады» (Муслим. Имара, 26), дейді. Ойпырай, қаншама мыңдаған мойындарыңыз алғанын көтере алар

ма екен...

Әнекиіңіз, сіздің тілшіңіздің есігі тағы қағылды. Сөзіміздің басында суреттенкіреген, Тамдыбұлақтан тау асып, тас басып жеткен Тоқтыбаев тәріздес тағы бір бейтаныс кісі кірді. Немересі талантты көрінеді. Сегізінші сыныптан өлең жазады екен. Не ақын, не ғалым болады деп армандап жүріпті. Алпыс бестегі атасы. Сөйтсе, дарынды бала «алыс-жұлыспен, жаға жыртиспен, жабайылау өткен» бірыңғай тестіңізден төмен балл алғалы ауырып, жатып қапты. «Қайтсем екен?» деп қиналады қарапайым зейнеткер. Кенет көз алдымызға Сұлтанмахмұтыңыз келді. Түнде ғана Торайғыровтың қос томдығын қайта қарағанбыз. Соның әсері шығар, сірә. Ол-дағы дарыны зор ақын еді. «Айқапқа» жазған хатында: «**Мынау біраз сөзіме журналыңыздан орын берсеңіз екен. Мен өзім Семей облысына қараған Баянауыл маңындағы Ақбеттау болысындағы бір пақыр адамның баласы едім. Ғылым іздеуге арманым болса да, дәрменім болмай...**» деп жазған. Шеке шыңылдағандай. Сол Сұлтанмахмұтыңыз «Тарбағатайға хатында» бұй деген: «**Мен өзім жұмасына екі ғана обед етем (ет татам), құр шай мен нан. Киім алғаным жоқ...**» Сол Сұлтанмахмұтыңыз оқу мен білім іздеп, шарқ ұрды. Қу жоқшылық жолын кесті. Күрк-күрк жөтелген күйі жиырма жеті жасында жұлыны үзіліп, жер томпайтты... Бірақ, бәрібір, қазақ жырының аспанында, қазақ әдебиетінің көгінде жұлдызы жарқырап тұр. «**Қараңғы қазақ көгіне; Өрмелеп шығып, күн болам. Қараңғылықтың кегіне; Күн болмағанда, кім болам?!**» деген. Қазақ өлеңінің сұлтаны. Ай, арман-ай, арман-ай. Беу, заман-ай, заман-ай. Тағы да жиырма жеті жас жасағанда ше?! Ол кезде, отаршылдық құрсаулаған қазақ дала-сында, Торайғыровтың тұсында қазақтың көгі де, көңілі де, өмірі де қараңғы, қапас еді. **Құдайға шүкір, Тәуелсіздікке тәубе, қазір бәрі басқаша. Ол кезде, жиырма-масыншы ғасырдың басында Алаш ардақтылары «Оян, қазақ!» деген. Бүгінде, жиырма бірінші ғасырыңыздың басындағы ояу қазаққа «Ойлан, қазақ!» дейтұғындай жағдаяттар да жоқ емес. Ең бастысы, Алаш ардақтысы Ахмет ағамыздың: «Ертең үшін» ережесін естен шығармайық.**

«Егемен Қазақстан»,
2012 жылғы 25 қаңтар

ҒЫЛЫМ-БІЛІМ, ӨНЕР ТУРАЛЫ

Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылық.

Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыт болады.

Абай Құнанбаев

Білім – бақтың жібермейтін қазығы,
Білімсіз бақ – әлдекімнің азығы.

Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім.

Мұхтар Әуезов

Таудан биік көңіл бар, теңізден терең ғылым бар, оттан бетер – қайғы-зар.

Сырым Датұлы

Театр – хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнер. Қызық емес пе, көзіңе көрінбейтін, қолға ұстауға келмейтін ән өлең ғасырлар бойы ел ойында қорлана беріпті, оята беріпті, сергіте беріпті.

Шала білім, шалағай мәдениет бір құлатпай қоймайды.

Ғабит Мүсірепов

Білім – біліммен, мінез – мінезбен.

Білімнен мақсат шықпайды.

Көп оқыса, зейінді болса – білімді болмақ, ал мінезі жақсы бола ма әлде жаман бола ма – мұны құдай біледі.

Өзіне-өзі қасқырша шауып отырған жұртта оқу-өнер болмайды.

Әлихан Бөкейханов

Ғылымның қандай пайдасы – білместі жолға салмаса.

Асан қайғы

Мылтық – оқудан соңғы өнер.

Ақан сері Қорамсаұлы

Бақыттың белгісі – білім.

Махмұд Қашқари

Көпті көрген ер жігіт – көсем болар төселіп.

Майлықожа Сұлтанқожаұлы

Шын мәніндегі сұлу поэзияда өнердің басқа салаларының да элементтері қойындасып жүреді.

Сағат Әшімбаев

Білім – бақтың жібермейтін қазығы,

Білімсіз бақ – әлдекімнің азығы.

Мұхтар Әуезов



Шыңғыс ЕРГӨБЕК,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің
аккредитация, рейтинг және
сапаны басқару жөніндегі
орталығының директоры

ИНТЕГРАЦИЯ ТӘУЕЛДІЛІК ПЕ, ТИІМДІЛІК ПЕ?

Қазақстан Республикасы өз егемендігін жариялағалы бері түрлі интеграциялық бірлестіктер мен әлемдік деңгейдегі форумдардың орталығына айналуға. Еліміздің сыртқы саясатындағы бұл құбылысты қалай бағалауға болады? Интеграция ұғымы әлде елді тәуелсіздігінен айыру мақсатында жүзеге асырылып жатқан шаралар жүйесі ме, әлде өмірлік қажеттілік пе? Бұл сұрақтарға жауап беру үшін Қазақстанның соңғы жылдары жүріп өткен жолын әлемдік тәжірибемен салыстырып, саралап көру мұқтаждығы туындайды.

Сонымен, 1990 жыл Кеңестер Одағында ыдырау тенденциялары кеңінен қанат жая бастады. Балтық жағалауы елдері КСРО-дан өздерінің іргелерін аулақ салуды таңдап, Еуропа мәдениетінің бір бөлігі ретінде өмір сүре бастаса, елдің басқа бөлігінде түрлі этникалық қақтығыстар мен дүмпулер орын алды. Бұл күрделі, саяси жағдай шешілуі мемлекеттің қолынан келмейтін кең ауқымды экономикалық дағдарыспен тұспа тұс шықты. Әрине, бұдан кейін Кеңестер Одағының ыдыраудан басқа амалы қалмады. Өзін саяси-экономикалық тұрғыдан мардымсыз менеджер ретінде көрсеткен бюрократиялық аппарат, өзінен іскер әрі беделді жас топтарға жол беруге мәжбүр болды. Дәстүрлі құндылықтардың әлсіреуі осылайша 1991 жылы ТМД секілді құрылымды дүниеге алып келді. ТМД – Қазақстан тарапынан ұсынылған алғашқы интеграциялық жоба болатын. Кеңестер одағының экономикалық жүйесі бір-біріне тәуелді, бірін-бірі толықтырып отыратын, ыдыраған жағдайда көптеген қиындық тудыратын жүйе болатын. Тәуелсіздік ала салып ескі байланыстардан бас тарту

Қазақстан секілді экспортының барлығы Ресейге жөнелтіліп, ол жерден тұрақты тұтыну тауарларын алатын мемлекет үшін қиындыққа соғатын болды. Уақыт өте келе шикізат өндірісіне арқа сүйеген ел экономикасы біртіндеп дағдарыстан шыға бастады. Алайда Қазақстанның интеграциялық бастамалары көбеймесе азайған жоқ. Неліктен?

Ең алдымен, елдің географиялық орналасуы. Елдің географиялық орналасуы әрқашан интеграция немесе дербестікке жетелейтін жол. Естеріңізде болар Еуропа мемлекеттері екі бақталас топқа бөлініп, жаңа әлемді игеруге жол ашып, осы жаңа әлем үшін кең дәрежелі қақтығыс бастауға дайындалып жатқан XX ғасырдың басында Ұлыбритания өзінің географиялық орналасуын тиімді пайдаланудың арқасында «тамаша оқшаулану» саясатын ұстануға мүмкіндік алды. Қазақстанның жағдайы керісінше әлемдік мұхитпен байланысы жоқ мемлекет үшін транспорттық инфрақұрылым әлеуеті өте шектеулі болып келеді. Оның үстіне көрші мемлекеттердің экономикасы не өзіңмен бәсекелес (мысалы Ресей), не өзіңнен мықты (мысалы Қытай) болған жағдайда дербес теңізге шығу жолын қарастыру мүмкін еместігі айқын. Тіпті Қазақстанның мұнай экспортының бағыттарын кеңейтіп Баку-Тбилиси-Джейхан немесе Иран құбырларына шығаруға бағытталған жобаларға қатысуға ынталануы Ресей тарапынан қарсылық тудыруы Қазақстанның бұл жобалардан шеттеуіне алып келді. Шын мәнінде транспорттық инфрақұрылым мағынасында да, экономикалық байланыстардың тиімділігі тұрғысынан да Қазақстан үшін ең жақын әріптес Ресей болып отыр. Екіншіден, Қазақстан территория жағынан өте үлкен болғанымен нарығы өте кішкентай болып табылады. Халқының саны аз, әл-ауқаты айтарлықтай жоғары емес мемлекеттердің даму қарқыны көп жағдайда өзге нарықтарға бизнестің икемделу мүмкіндігі мен жағдай жасау арқылы

ерекшеленеді. Бұл құбылыстың экономика үшін орны екі жақты мағынаға ие болады. Біріншіден, өз нарығының әлеуеті төмен болғандықтан ел бизнесі өзге ортаға тиімді икемделіп, сол нарықтың құрамдас бөлігіне айналады. Соның есебінен экономикалық әлеует пен даму мүмкіндіктеріне ие болады. Екіншіден, бұл елді толыққанды экономикалық тәуелділікке алып келуі мүмкін. Мұның классикалық мысалы ретінде Мексика экономикасын айтуға болады. Мексика экспортының 100 пайызы бүгінгі күні АҚШ-қа тәуелді. Яғни, АҚШ тарапынан кез-келген уақытта экономикалық шара қолданылған жағдайда Мексика экономикасы мұны бірден сезінеді. АҚШ үшін де Солтүстік Америка еркін сауда аймағы бойынша әріптесіне үнемі қолдау көрсету үлкен киындық тудырады. Бұл екі мемлекеттің экономикасының біте қайнасқаны сонша кедей мемлекеттердің қатарына жататын Мексикада орын алатын кез-келген экономикалық дағдарыс АҚШ экономикасына үлкен зиян әкеледі. Бұл жағдайда осы екі мемлекет экономикасының өзара тәуелділігі ғана әріптестіктің негізгі бағыты ретінде қарастырылады. Батыс Еуропа мемлекеттерінің басын қосқан Еуропалық одақ та бірінші кезекте өз ішіндегі экономикалық байланысты нығайтуды мақсат етіп қоюының нәтижесінде Еуропалық одаққа мүше елдердің саудаларының 70 пайызына дейінгі мөлшері одақ мүшелеріне келеді екен. Яғни, Еуропалық одақ секілді экономикалық мағынада өте тиімді одақ құру үшін мемлекеттердің сыртқы экономикалық байланысында өзара айналым сауданың кем дегенде 60 пайызын құрағаны абзал. Әрине Қазақстан үшін бұл жүзеге асуы мүмкін сценарий. Өйткені, бүгінгі күні Қазақстанның ең ірі сауда-экономикалық әріптесі Ресей екендігі баршамазға мәлім. Ресей секілді үлкен мемлекет Қазақстанның сыртқы айналымының 60 пайызын құрамағанымен ондай мүмкіндікке ие бола алады. Ал, Беларусь Республикасы болса шикізатқа кедей ел болғандықтан Қазақстан мен Ресейдің шикізатын тұтынуға мәжбүр. Алайда мұндай жағдайда Қазақстан мен Беларусь Ресей сыртқы сауда айналымының 60 пайызына ие бола алады ма деген заңды сауал туындайды. Бұл сауалға теріс жауап беруге тура келеді.

Біріншіден, Ресей экономикасы Беларусь экономикасынан 40 есе үлкен болса Қазақстан экономикасынан да

шамамен 10 есе үлкен. Яғни нарықтың негізгі тұтынушысы Ресей болып қала беруіне тура келеді. **Екіншіден,** үш мемлекеттің экспортының құрылымына қарайтын болсаңыздар Қазақстан мен Ресей экспортында шикізаттың шамамен 70 пайыз құрайтындығын байқайсыз. Ал, Беларусь экономикасы, соның ішінде экспорты Ресейден арзандатылып сатылып алынған шикізатты Еуропаға сатудан тұратындығын байқайсыз. Осылайша интеграцияға ең белсенді араласып отырған үш посткеңестік мемлекеттің бір-біріне одақтасқа қарағанда бәсекелеске көбірек ұқсайтындығын аңғару қиын емес. Әлемдік тәжірибеге жүгінер болсақ, ең тиімді интеграциялық одақтар экономикасы бірін-бірі толықтыратын мемлекеттерде жоғары тиімділігін көрсетеді. Мысалы, Еуропа одағының ең алғашқы іргетасы ретінде қаланған қола және көмір одағы. Бұл одақтың пайда болуына тікелей ықпал еткен факторлар - Франция мен Герман Федеративтік республикасы экономикаларының бірін-бірі толықтыруында және ортақ саяси ықпалдастық аймағына айналған Рур облысының металға, ал, шекаралас Лотарингияның көмірге бай болуында жатыр. Мұндай жағдай ТМД мемлекеттерінің интеграциялық бірлестіктерінде бұл көлемде орын алмауда. Тиісінше бұл кез-келген интеграциялық мүмкіндікке тікелей кедергі жасайтын фактор.

Мұның тысында посткеңестік кеңістіктегі түрлі интеграциялық үрдістердің орын алып отырғандығы белгілі. Дәл осы модель Еуропалық одақ құрылар алдында да кеңінен қолданылған болатын. Еуропа одағын біртұтас валюталық одаққа айналдырған Маастрихт келісімшартының өзі де әр түрлі мемлекеттер үшін түрлі қолайлы шарттар тудырды. Мысалы, Дания корольдігі біраз уақытқа дейін өзінің ұлттық валютасын сақтап қалды. Бенелюкс, Батыс Еуропа одағы секілді әр түрлі одақтарды бір ортама келтіріп тиімді Еуропалық одаққа айналдырған күштер аталмыш одақтың негізгі мақсаты Еуропалық құндылықтарды сақтап қалу деп қарастырды. Еуропалық мәдениет біркелкі біртекті құрылым емес екендігі белгілі. Тіпті Еуропаның саяси тарихының өзі қайшылықтарға толы. Бірақ мәдени тұрғыдан бұл мемлекеттерді біріктіретін факторлар көп. Біріншіден, бұл елдер христиан өркениетінің елдері және әр түрлі шіркеулерге жатқанымен ортақ құндылықтары өте көп. Екіншіден, бұл көп

жағдайда ұзақ уақыттық демократиялық дәстүрлер қалыптасып адамның қоғамдағы орны айқындалған құрылымдар болып табылады. Үшіншіден, бұл мемлекеттердің әр қайсысы ұлттық мемлекеттерін құрып, ол мемлекеттер экономикалық мағынада шырқау шегіне жеткен мемлекеттер. Яғни, нарықтық экономиканың әлемдік жүйесінде өз орындары бар мемлекеттер.

Ал, посткеңестік интеграциялық бірлестіктердің ішінде еркше болып тұрған кедендік одақ туралы біз осылай айта аламыз ба? Өкінішке орай жоқ. Біріншіден, кедендік одаққа қатысушы мемлекеттер өз тарихтарында бірқалыпты қатынастар құрды деп айтуға келмес. Ресей Федерациясы империялық мемлекет ретінде қалған екі мемлекетті өз құрсауында ұстап отырды. Бұл экспансионистік саясат барлық салада, соның ішінде экономикада да орын алды. Беларусь Ресейді азық-түлікпен, ал Қазақстан шикізатпен қамтамасыз ететін орталықтар ретінде белгілі болды. Яғни, ұзақ жылдық ұлттық мемлекеттік дәстүрлер туралы бұл одақ шеңберінде айтудың өзі орынсыз. Екіншіден, Ресей экономикасы екі мемлекеттің экономикасына қарағанда әлдеқайда күшті. Яғни, Еуропа одағы жағдайындағыдай интеграцияның бірнеше күшті орталықтарының жоқтығы аңғарылады.

Еуропада маңызды тең дәрежелі әріптес ретінде Франция, Ұлыбритания, Германия секілді ірі мемлекеттер әрекет етсе, Италия, Испания секілді орта көлемді мемлекеттердің қолдауының арқасында жүзеге асты. Кедендік одақ жағдайында Ресей алып мемлекетіне әріптес ретінде экономикалық әлеуеті үлкен Украинаны жатқызуға болар еді. Алайда өздерін Шығысқа қарағанда Батыста көретін Украина басшылығы Еуразиялық интеграцияға қарағанда Еуропалық мемлекеттер бірлестігіне бүйрегі бұрып тұрғандығын жасырған емес. Осылайша Украинасыз үш мемлекеттің одағы тең емес әріптестердің одағы болып табылатындығы айқын. Үшіншіден, кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің экономикалық жүйелері әр түрлілігімен ерекшеленеді.

Қазақстан либералды экономикалық модельді ұстанатын болса, Ресей мемлекеттің ықпалын күшейтуге мүдделі, ал Беларусь болса экономикасының 70 пайызын мемлекет қарамағында ұстап отыр. Мұның тысында мемлекет нарықтық реформаларды жүзеге асыруға бейімсіздігін көрсетіп отыр. Яғни, шын мәнінде ке-

дендік одаққа мүше мемлекеттердің экономикалық жүйесі де алуан түрлі. Бұл экономикаға деген бірқалыпты көзқарас пен реформалардағы жүйесіздікке алып келеді. Кез-келген кеденді одақ үш негізгі өнімнің еркін әрекет етуінен құралады. Олар: 1) еркін тауар тасымалы, 2) еркін қызмет тасымалы, 3) еркін жұмысшы күш тасымалы. Осы үш еркіндікті сақтаған жағдайда ғана интеграциялық бірлестік туралы сөз қозғауға болады. Алайда бұл еркіндіктердің ішіндегі негізгі еркіндік – кәсіпкерлік еркіндікті болдырмай ешқандай нарық алға жылжымайды. Нарықтық реформалардың алға басуының маңызы да сонда. Экономикалық жүйедегі мемлекеттің күшті ықпалы бұл нарықтық тетіктердің тиімді жұмыс істеуіне кедергі келтіретін негізгі факторлардың бірі деуге толық негіз бар. Төртіншіден, сол кедендік одақтың өзінің шеңберінде де жиі айтыла бермейтін бір ұйым бар. Ол – Ресей, Беларусь бірлескен мемлекеті. Бұл тиімді қызмет ететін саяси интеграциялық институтқа қарағанда – әлі күнге дейін құрылымы мен мақсаты нақтыланбаған ағзаға ұқсайды. Дегенмен ең түпкі мақсаты белорусь және орыс халықтарының бірігуінің нәтижесінде ортақ мемлекет құру болып табылатын бұл құрылымның мүшелері мен Қазақстанның одағы қандай болмақ? Өздеріңіз ойлап қараңыздар Ресей мен Беларусь бірігіп кетті деген күнде кедендік одақта Қазақстан мен Біріккен мемлекет қана қалады. Бұл жағдайда қандай интеграция туралы айтуға болатындығы түсініксіз. Бұл сценарий жүзеге асқан жағдайда не кедендік одақ ыдырайды, немесе Қазақстан жоғарыда аталмыш мемлекеттермен ортақ мемлекет құруға мәжбүр болады. Ал, ол уақытқа дейін жүзеге асуы мүмкін экономикалардың өзара интеграциялануы Қазақстанның мойнына жаңа мемлекеттің құрамдас бөлігі болып кіру қажеттілігін тудыраы сөзсіз.

Интеграциялық үдерістер кең қанат жаюы үшін жоғарыда көрсетілгендей интеграциялық процестердің тек тереңдеуі ғана емес, сонымен бірге кеңеюі де керек. Қазақстан жағдайында бұл интеграциялық бірлестіктердің тиімділігі артып өзара сауда айналымының өсу қарқыны жоғарылауы үшін кедендік одаққа жаңа мүшелердің қабылдануын қамтамасыз ету керек. Бұл елдердің қатарына ең жақын арада Қырғызстан, Тәжікстанды, Өзбекстанды қабылдау керек. Неліктен? Бірін-

шіден, бұл мемлекеттер географиялық тұрғыдан Қазақстан секілді құрлықтық аймақта орналасқан. Яғни транспорттық инфрақұрылымдардың дамуына кеңінен жол ашылады. Екіншіден, мемлекеттердің өзара сауда қарқынын көтеру арқылы кедендік одақ өз ішіндегі тауар айналымын одан әрі кеңейтуге тырысады. Үшіншіден, кедендік одақтың сыртқы шекараларының кеңеюі заңсыз еңбек миграциясын тоқтатып, ортақ еңбек нарығын қалыптастыруға тікелей ықпал ететіндігі сөзсіз. Бұл әсіресе еңбек ресурстарын экспорттаумен айналысатын аталған үш мемлекетке тиімді болары сөзсіз. Бұл сонымен қоса осы мигранттардың есебінен бюджетін толтырып елін асырап отырған Тәжікстан, Өзбекстан секілді мемлекеттің азаматтарына кедендік одақ аймағында қауіпсіз әрекет етуіне жағдай жасайды. Ал, білім беру жүйесінің ортақ стандарттарының айқындалуы мен өзара мойындалуы бүкіл кеңістікте еркін жүріп тұруға жағдай жасары сөзсіз.

Дегенмен, мұнда да бірқатар шешілмеген мәселелер бар екендігін байқау қиын емес. Біріншіден, Қырғызстан Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше мемлекет болып табылады. Қырғызстан аталмыш ұйымға кірер кезде осы ұйым мүшелері тарапынан белгіленген төмен тарифтерді орнату арқылы өзінің өндірушілерін қорғау мүмкіндігінен айрылған мемлекет. Кедендік одақ заңнамасына сәйкес Дүниежүзілік сауда ұйымының шарттары кедендік одақ заңнамасынан жоғары тұрады және тікелей қолданылады. Қарапайым тілмен айтқанда кедендік одақ мемлекеттері дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болғанда олардың қабылдаған шарттары автоматты түрде кедендік одақтың басқа мүшелеріне де қолданылады. Яғни, Қырғызстан төмен тарифтік саясат ұстанып, өз нарығын қорғамастан, сыртқы саудаға ашық деп мойындаса, Қырғызстанның кедендік одаққа мүше болуы бұл режимді өзге мемлекеттерге де жаяды. Осылайша Қазақстан өз өндірушілерін қолдау мүмкіндігін шектейді. Бұл мәселені шешудің негізгі жолы Қырғызстанның Дүниежүзілік сауда ұйымының шарттарынан бас тартып аталмыш ұйымнан шығу болып табылады. Бұл жағдайда әрине Қырғызстан мемлекеті өзге дүниежүзілік сауда ұйымының мүшелерімен тең дәрежеде сауда жасау мүмкіндігінен айрылады.

Бірақ ұтатыны да көп. Біріншіден,

Қырғыз экспортының негізгі бөлігі кедендік одақ елдерінің қатарына келеді. Ал, бұл елдердің өзара сауда режимдері кедендік одақ шеңберінде қабылданатын біртұтас нарық қағидаларына арқа сүйейді. Яғни, сауда мағынасында өзінің негізгі әріптестерінен Қырғызстан қосымша жеңілдік алу мүмкіндігіне ие болады. Екіншіден, Қырғызстандағы ауыр әлеуметтік шиеленістің нәтижесінде шетелге жұмыс іздеп шыққан мигранттардың негізгі бөлігі кедендік одақ елдерінде жұмыс табуда. Бұл тұлғаларға байланысты ортақ саясат ұстану елге шетел валютасы мен белгілі бір дәрежедегі қаржының ағылуына жол ашады. Бұл себепті жоғарыда аталған барлық мемлекеттерге қатысты айтуға болады. Бүгінгі күні 2 миллионға жуық тәжік азаматы, 5 миллионға жуық Өзбекстан азаматы шетелдерде жұмыс істеуге мәжбүр. Үшіншіден, бұл одақ шеңберінде белгілі дәрежедегі мәдени және этникалық теңдікті ұстауға ықпал етеді. Яғни өзге мемлекеттер тарапынан мәдени экспансияға ұшырау мүмкіндігін азайтып, шет елде де өз отандарында да түрлі этностық топтардың мәдени автономиясын сақтауына және қалыпты дамуына жағдай жасайды. Өзбекстан, Тәжікстан секілді шикізат экспортымен айналысатын мемлекеттер үшін бұл транзит еркіндігі. Ал, бұл одаққа Азірбайжан мен Түркменстан қосылса одақтастар әлемнің шикізат нарығын анықтайтын қуатты геосаяси бірлестікке айналуы ғажап емес. Яғни, бөлек жүріп бәсекелес болғанша ортақ сауда саясатын ұстау арқылы одақтас болудың тиімділігі айқын. Әрине одақ деңгейінде емес бірақ әріптестік деңгейінде мұндай саясатты тиімді жүзеге асыра алған ұйымдардың қатарында Мұнай экспорттаушы мемлекеттер ұйымын (ОПЕК) келтіруге болады. Бұл ұйым көп жылдар бойы әлемнің энергетикалық саясатын айқындады. Бірақ осындай деңгейдегі одаққа айналу үшін аймақтың барлық мемлекеттері амбицияларын ысырып ортақ мүддеге тең дәрежеде қызмет етуге ат салысуы керек.

Сонымен, мақала басында оқырманға қарата қойған сауалға қайта оралайық.

Жауап мынадай: тиімді тең дәрежелі интеграция – өзара тәуелділікке алып келетін, алайда экономиканың толыққанды тыныс алуына жағдай жасайтын біздің заманымыздағы ауадай қажетті құбылыс.



Досай КЕНЖЕТАЙ,
Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
профессоры, философия және
теология ғылымдарының
докторы

ДІН ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАТЫНАСЫ ӨТПЕЛІ ЖЕЛ ЕМЕС...

Қазақстан Республикасы ата заңында дін реалды құбылыс ретінде танылмаған, яғни, қабылданбаған. Бүгін адам мен қоғамның рухани өмірінің негізін құрайтын психологиялық және әлеуметтік тіршілікке маңызды ықпал ететін дінді ең басты феномен ретінде қабылдау шарт. Ал, егер, дінді қажетсіз немесе қолдан жасалған нәрсе сияқты қабылдау, діннің ақиқат екендігін жоя алмайды. Оны басқа емес, кешегі кеңестік атеистік идеологияны бастан өткізген біздің қоғам жақсы түсінеді. Дін туралы кешегі теориялар, бүгінгі қоғамдық өзгерістерге жауап бере алмады. Сондықтан, дінді жеке феномен ретінде, мемлекеттілік тұрғыдан да, мәдениетіміз тұрғысынан да қабылдағанымыз жөн.

Кезінде ғылымды дін ретінде дәріптеген позитивизмнің дамуы арқылы адамзаттың болашақта дінге қажеттілігі қалмайды деген көзқарасы, бүгінгі білім мен технологияның шапшаңдығына ілесе алмай қалды. Керісінше ғылым дамыған сайын дінге деген сұраныс та жоғарылай түсті. Рас бүгін дәуіріміз ғылым, ақпарат, білім мен техника арқылы жаңа өркениеттік талаптар алдында өзгеруге мәжбүр. Уақыт, әлем өзгеріп жатыр. Адам да осы өзгерістермен үндесуге тырысуда. Индустриялану, урбанизация, білім беру, ақпараттық технология сияқты бірнеше үдерістердің динамикасына шыдай алмай, жаңа формаларға ауысып, психологиялық және әлеуметтік тіршіліктің орталығындағы дін құбылысының да мұндай өзгерістерге үндеспеуі мүмкін емес. Бір жағынан қоғамды ықпалында ұстап, өмірдің көптеген саласында көрініс беріп отырған материалды, рухани теңсіздіктер, лаңкестік, зорлық,

моральдық азғындық, стресс, рухани ауытқулар, адамды дінге, руханиятқа бет бұруына әсер етуші басты фактор ретінде сезіндіре түсуде. Сондықтан, адам мен дін және қоғам қатынасынан алып қарағанда өмірдің барлық қырын тұтастыққа, бірлікке шақыратын, тепе-теңдіктерді қамтамасыз ететін, кез келген қоғамдық дамулар мен өзгерістерге жол ашатын мәндегі дін исламның дұрыс ұғынылуы, танылуы өте маңызды болып отыр.

Қазір қоғамда діни танымға қатысты ақыл мен білім емес, субъективті, идеологиялық тенденциялардың басымдығы негізінде пайдасыз пікірталастар, мәнсіз қақтығыстар, жамағатқа бөлінушілік, мұсылмандардың ішкі қуатын, әрекетшіл қабілеттерін сарқып, олардың әлемге ашылуына, бүгінгі заман талабына сай болуларына кедергі жасап келеді. Сондықтан, үлкен рухани ауытқушылықтарға тап болып, адам мен қоғамды тек бір қырынан ғана қарастыратын идеалистік немесе материалистік философиялардың, дүниетанымдардың, нағандық пен діни фанатизмнің келтірген зардабы мен проблемаларынан құтылу, сондай-ақ, адамша өз өркениеттік көкжиегін ашу үшін ізденістер жолына түсіп, өз мәдениеті мен өркениетін тану әрі өмірге қолдануға тырысып жатқан кезеңде ислам діні жаңадан қайта тұжырымдалып, тіршілік көзі ретінде адамзатқа қайта ұсынылуы тиіс деп ойлаймыз. Ол үшін Қазақстанда діни ғылымдар негізі қалыптасуы шарт. Оған құқықтық негіз саяси стратегиялық шешім, зайырлылықтың осы мәселені шешудегі функциясы жетіспейді.

Бүгін кешегі мұсылман ойшылдарының ғасырлар бойы қолданған методологиялық дәстүрлерінің көмегімен (оларды жөкқа шығармай, уахабизм сияқты) құқық, экономика, саясат, философия, психология, социология, тарих, дін және жаратылыстану ғылымдарын да қамтып, адамзаттық қорды иеленіп, бүгінгі заман талабына сай сүзіп, қайта түсініп, түсіндіруді, өмірге

қолдануды қажет етеді. Сонда ғана ислам әлемге нұр болып көрінеді. **Бүгінгі күні ислам террорист, соғысшыл, ұрдажық, «қауға сақалды», «қысқа балақты» тип қалыптастыратын дін ретінде танылып, құбыжық күйге түсіп отыр.**

Кеше, ұлы мұсылман ойшылдары ислам уахи (аян) рухына сай ескі грек мұрасын алып, білім мен философияны әрі қарай дамытып, адамзаттың жалпы мирасы ретінде Батыс Әлеміне ұсынды. Соның негізінде батыста Реформаларға, Ренессанстерге жол ашылды.

Бүгінгі таңдағы қоғамда болып жатқан дінге қатысты мәселелердің саяси сипат алуы алаңдаушылық тудырып отырғандығын жасыруға болмас. Дінді бұрыс түсінуден туындаған бірнеше проблемалардың ең басында келетіні осы саясат мәселесі. Дін және саясат байланысынан туындаған кейбір мәселелердің тарихта да, бүгінде де өзектілігі жалғасып келеді. Дін және саясат арасында дін және саясат қатынасындағы тепе-теңдіктің болмауы тек мұсылмандар үшін ғана емес, барлық діндерде кездеседі. Мысалы, Мұса пайғамбарға жіберген шынайы дін кейіннен кейбіреулер тарапынан расизм мен сионизмге айналды, Исаға жіберілген дін Эллиндік дәстүр негізінде материалдық пайда, отаршылдық рухына айналып, Крест жорықтары, кейіннен фанатизмге, европоцентризмге апарғанын білеміз. Ал, ислам тарихында дін іші пікірталастар, әсіресе, дін және саясат тоғысында пайда болған қайшылықтардан анағұрлым аз болды. Ал, саяси қақтығыстар басқа діндер арасы таластарға қарағанда анағұрлым көп болды. Міне, ислам тарихындағы ең басты қасірет белгілі бір шариятты идеологияға айналдырып, оны исламмен теңестіріп, ақиқат ретінде дәріптеу мәселесі. Бұл бүгінгі Қазақстандағы уахаби жақтастарының идеологиялық әрекетіне мысал бола алады. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанда дін және мемлекет қатынасы мен дін және құқық байланысы төңірегіндегі мәселелер талқыландығанда екі түрлі қателіктерге бой алдырып жатқандығын байқауға болады. Біріншісі бұрынғы кеңестік жүйеден қалған құқықтық сана жалғасып отырғандығы (дін тұрғысынан) бұл мәселе бойынша қателік, негізінен, дін құбылысының қоғамдағы орны мен рөліне ғылыми баға берілмеуінен, сабақтастықты дәстүрлі діни тәжірибеге сүйенген діни таным мен қазақ мұсылмандық түсінігінің негіздері мен ерекшеліктеріне мән бермеушіліктен туындап отыр. Ал,

екіншісі қазақ дәстүрі мен салтын жоққа шығару, қазақ мұсылмандығын ревизиялау, сол арқылы тарихты жоққа шығарып, бастапқы салафилікке оралу ұрандалып жатыр. Яғни, екінші мәселеге қатысты, мазхабты жоққа шығару тұрғысынан өте ықпалды жақтастары бар саясиланған ағымға айналып, тақыр жерге қайтадан исламдануды негізге алған «исламды тарату тұжырымдамасы».

Құран мен суннаға оралуды жақтаушылар тек қана дұрыс суннаның негіз болуын сылтауратып, шынайы діндарлардың санасына сызат түсіріп, діни тәжірибесін мұқатып, суннаны тазалауды мақсат етіп отыр. Бұны да жеткілікті көрмей, суннаға да емес, «Құранда бар ма» деген сұрақтар сұрау үйреншікті жағдайға айналды. Бұл сұрақтың қойылуы дұрыс па, бұрыс па оны кейінге қалдыра тұрайық. Ал, «Құранда бар болу, болмаудың» дәстүрлі танымда қандай мағынаға келетіндігіне де көңіл бөлінбей отыр. Бұл жерде Мартин Лютер сияқты діни тәжірибе тарихындағы әулиелер мен мазхаб құрушыларын жоққа шығарып, яғни, бүкіл тарихты мансұқтап, әрбір мұсылманның Алланың кітабына тікелей жүгінуі насихатталып жатыр. Нәтижеде, сөздік мағынасымен аударылған мәтіндерде өздеріне «қажетті» сөз алынып, болмаса оған үстеме мағына жүктеліп, рухани ұстаз, мазхаб ұстындарын елемей, Құраннан тікелей үкім шығару, фатва беру, иджтихад еркіндігі модаға айналды. Абайша айтқанда «Бас басына мүфти болу» белең алып барады. Мұндай исламдағы революцияшыл психологияның ең басты мәселені ұмытқандығы көрініп тұр. Ол біріншіден, Батыс пен Шығыс мәселесі. Міне, осындай әрекеттер дінімізге, бүкіл қоғамға зиян келтіруде.

Экстремист, фундаменталистердің шығуы мен исламның саясилануының оппозициялық ұранға айналуында, дәстүрден айрылып қалу, суфизмофобия, уақытқа сай нақты методологиялық ұстанымсыз Құранға, Суннаға жүгінудің де әсері бар. Исламның тарихи қалыптасу тарихында Ханафи, Малики және Шафиғи мектептерінде экстремистік ойдағы факихтер болған емес. Ханбали мазхабында болған. Ал, Ханбали мазхабының құрушысы Ахмет бин Ханбал кезінде саяси-доктриналық мәндегі пікірталастармен көзге түсуі, фикхта да «хадисшілік» қырының үстемдігі сияқты себептердің, кейіннен пайда


болған келенсіздіктерге ықпал еткендігі даусыз. Бұл жерде айтпақшы болған ойымыз, дәстүрді жоққа шығарып тікелей Құранға жүгіну, бүгінгі ұғымдар мен теорияларды Құранға апарып телу мәселемізді шешуге жетпейтіндігі сияқты, дәстүрді де бүгінге тықпалау шешім емес. Болуы тиіс мәселе, дәстүрді сол күйінше ұғынып, түсіндіріп, соның негізінде Құранның басты ұстанымдары мен мақсаты бағытында, бүкіл заман талабына сай қайтадан тұжырымдау. Дін мен мемлекет қатынасын және сол сияқты мәселелерді проблема қылмай, қоғамға пайдалы шешім ұсыну керек болса, онда дәстүр, Құран және бүгінгі заман шарттары үштігін негізге алу керек. Олай болмаған жағдайда бүгінгі қоғам тіршілігінен бейхабар түсіндірмелер халықты мезі қыла береді. Бұл діни танымдық жікке, нәтижеде қоғамның бөлінуіне апарып соғады.

Бізде діни, саясат, құқықтық негіз және зайырлылық ұстанымының функцияларының нақты анықтамасы жасалынбаған. Ал, қоғамда адамдар сөз бен уәждер арқылы ойланады. Нақты мемлекеттік тәжірибе, институт болмағандықтан әр топ өзінен үстем, билікке өтімді топтың алдында езілуден құтыла алмайды. Дін және мемлекет байланысында мұқият болуы тиіс нәрсе – әрбір ой, теория және практиканың артында құндылықтар жүйесі мен рационалды шындық базасының жатқандығы. Құрандағы Алланың ұстанымына назар аударайық: «Егер, Алла қаласа жер бетіндегілердің барлығы бірден иманға келер еді. Олай болса мұмин болсын деп адамдарды мәжбүрлеуге болмайды. Қалаған Иманға келсін, қаласа жоққа шығарсын». Бұл жерде көзқарасына қарап біреулерді жазалау, жою мәселесі жоқ. Ал, екінші жақтың әрекетіне Құранда былай дейді: «Әртүрлі дін иелерінің басқаларға зиян тигізуі мүмкін емес, Аллаға да зиян келтіре алмайды. Осы оймен басқаларға қысым, мәжбүрлеуге рұқсат жоқ. Бұл қазіргі қоғамдағы кейбір мұсылмандардың – өздерін Алланың дінінің қорғаушылары сияқты сезінулеріне жауап. Яғни, Алланың дінін ешкім иелік етіп өз монополиясына ала алмайды. Алланы әркімнің өз дәрежесінде танып, құлшылық жасауына мүмкіндік берілу керек.

Исламның негізгі ұстанымы бойынша халықтың өзін-өзі басқаруы, адам

құқы, ой еркіндігі қамтылған. Құран адамдардың Алла еркіне сай тіршілік етуі үшін негізгі ұстанымдар мен нормаларды көрсеткен. Ал, бұл ұстаным мен нормалар әр кеңістікке қарай адам еркіне қалдырылған. Байқап қарасаңыз ислам құқығы функциялар жиынтығы сияқты. Дәлелің бар ма? Құранда не бар және т.б. сұрақтар қазіргі таңда Қазақстанда негізгі өлшемге айналды. Олардың осы сұрағының өзі олардың діни танымдық ерекшеліктерін көрсетеді. Яғни, қазақ мұсылмандық түсінігінің негізіндегі Ханафи фикх мектебінің методы, ұстанымы мен идеясына сай емес деген сөз. Болуы тиіс сұрақ, Құранда бар ма жоқ па емес, Құранға сай ма, теріс пе десеңіз, бұл нағыз Ханафи Мазхабының методына сай болғаныңыз. Құрандағы «қоғам өзі өзгермейінше, Алла ол қоғамды өзгертпейді» (13/11) ұстанымына назар аударсақ, қоғам моральдық, саяси құндылықтары және құрылымдық тұрғыдан қандай жағдайда болса, мемлекеттің де, діннің де құрылымы сол қоғамға үйлесімді болады. Салдардың өзгеруі – себептің өзгеруіне байланысты. Ал, мемлекет – мақсаты жағынан қоғамдық жүйенің, әділеттің, қоғамдағы игіліктердің үстемдік етуін қамтамасыз ететін саяси, әлеуметтік құрылым. Демек, мемлекет функциясы жағынан профанды, яғни, осы дүниеге қатысты. Бірақ, сол мемлекет өзінің құрушы азаматтарының тұлға ретінде әкіретпен қатысты сенімдерінің осы дүниедегі көріністерімен айналысуға мәжбүр. Сонымен қатар, мемлекет өз құрушыларының сенімі, мәдениеті мен болмыстық құндылықтарын әлеуметтік өмірдің жүйеленуінде негіз ретінде алуы тиіс. Олай болмаған жағдайда мемлекет құрушы элементтер әлеуметтік жүйеден таба алмаған құрылымды аңсаумен, мемлекетке қарсы топ құруға бет алады. Бұл – мемлекет, құндылық және саясат теорияларында бар тұжырым. Осы психология ескерілмесе орнын мемлекеттен тыс күштер алып қоюы ықтимал.

Дін халқымыздың рухани тірегі мен рухсыздықтың берік қамалы бола отырып, қоғамдағы ынтымақтастықтың бірден бір институты екенін мойындаймыз. Олай болса, бүгінгінің өзекті тақырыбына айналып отыруы институт қызметінің дұрыс жолға қойылмауында. Оған қоғам болып жұмылмай нәтиже шықпасы анық.



Иген ӘЙМЕН,
жазушы

«Жалғыздық» па, «жетімдік» пе, жоқ әлде?..

...«Өмір» деген не? Жалпы, адам баласының өмірге өкпе артуына нақысы бар ма? Біздіңше, бірінші сұраққа былай деп жауап берген болар едік: «**Өмір – Құдай, – Құдайдың бір аты.**» Өмірдегі «**дұрыс-бұрыстар**» – Құдайдың «сыны». Осынымызды хұп көргенге – екінші сұрақтың жауабы да өз-өзінен анық болмай ма.

...«Жалғыздықты» әркез әркім де әрқалай-ақ қозғап, жырлап та зарлап өтті. Абай да айтты. Біз пақыр да айналып өтпедік. Әркімдерге жауап бермей-ақ, Атамыз бен Біздерге келсек, онылықтарымыз: «ізденім-таным жолымыздағы негізінен өздерімізге қойған тексеріс-сұрақтарымыз» болар. «Жалғыз – Құдай» екен. Таптық. Қабылдадық. Қабылдағаннан соң, ол мәселені (анықты, ақиқатты) орынсыз қаузап, омбығып, жұртты да омықтырып жатпадық, – сол, Жалғыз Жаратқанға шүбәсіз құладық.

Біреу-міреулер бергілікті-арғылықты жақтарынан айтып та қалар: «Оу... «Моласындай бақсының – жалғыз қалдым, тап шыным» деушілікті неғыламыз?» деп те. Ондай-мұндайларға жауап қатып әуреленбесек те жарар-ды еді. Ал, жауап қатар болсақ, сұрағына сұрақпен: «Оу... сұрақ қойғыш әулие болмастан бұрын, Атаңыздың жүрегінің тереңіне үңіліп бағуға, жан-дүниесінің қатпарларын ашып-тануға титімдейін де талап-ниет қып көрдіңіз бе? – жазатайым, ол қасиетті сөздердің төркіні сіздің өзіңіздің басыңыздың «тұмаулы-тұманын» қалайша сейілтуге боларлығына үшбу-үмітпен арналып-бағышталып тұрмапты да ма екен?» дер едік.

...«Жетімдік» деген саңырауқұлақтай қаулады. Бұған «кім – не» дер? Біздіңше, Құдайдың әрқалай сәбаптарымен жетім-

Мен айттым нақ жүректен нәсытнаме,
Құдайым кезіктірсін жүректі ерге.
АВТОР

2. КӨКЕЙДЕГІ ҚАЛЫҢ ОЙ

дік жағдайда қалу – ешқандай да айыби кемшілік емес. Ол дегенің – пәнданың басына тағдыр салған ауыр сын. «Құдай сыны». Кемшіліктің, күнәнің көкесі – сол қорғансыздарды қайғы-қасіреттерімен өмір-дария өтінде жеке-жалқы қалдырғандарда (*имансыздарда*). Олар, қорғансыздардың – ағайын-туыстары, елі, қоғам, хукімет...

Қорғансыздың бір кемшілігі болуы мүмкін. Егер де, қоршаған айналасына бейәдептілік көрсетіп жатса, теріс тірліктермен шұғылданса...

Жетімдіктің барып тұрған антұрғаны – Жетесіздік – Тексіздік! Жеті анасы, жетпіс жеті атасы барлардың өзі – егер де қандары сұйық, тексіз болса: «Жетімнің жетімі!» (*Тозақ отында шыж-ғырылатындар*). Ал, енді, тіпті, дүниеге шыр етіп келісімен-ақ ата-анасыз қалғандардың өзі – егер де қандары түгел, таза тұқымнан болса: «Тектінің тектісі!» (*Құдайдың сүйген құлдары*).

Нұрлы Өмірді, Бақытты Отанды, Ұлттың Жарқын Келешегін – Тектілер жасайды, жасап келген, жасай береді.

Қасиетті Құран Кәрімде: «Қандай да бір жөнсіздіктерді көрсеңіз, кім-кім тарапынан болса да – түзет; түзетуге шамаң келмесе – айт; оған да шамаң жетпей жатса – ішіңнен сол нәрсені барынша жек көр» делінеді. Тектілердің болмыс-бітімі осы. Және де, Құдіреттен айналасындағы тексіз пәндаларға әрдайым араша – ықпал сұрап жүрерлері.

Текті Ақынның – Ақындық Тектіліктің жөні жойқын! Ол – Құдіреттің өзінен тікелей келген Құдіреттілік. Сондайлығынан да, ондай ақындар – қарапайым, сабырлы, мейірімді боп келер. Адуындылық жасап жатса – орнымен, жөнімен жасар. «Жетім», «Жалғыз», «басқа-басқа» боп бөлініп, құрт-құмырсқаланып жатпайды. Олардың бар арманы, басты мақсаты: «Отанының бақыттылығы, Әлемнің көркемділігі...»

Жеке-бас, бала-шағасын ғана күйт-

теген, ұлтының бақытсыздығы үстінен бақыттылық көксеген ақын – ешқандай да ақын емес (*«Атақ-шатақ» жинағандар*). «Жетіммін! Жалғызбын!» деп ұдайы жалпақ жалғанға жар салған, іші-бастарына тек ашу-ыза мен кекшілдік толтырып алған, үлкен-кіші демей жан-жақтарына көкбеттене зәрлерін шашқылаған ақындар – «сайтан айналдырғандар» (*Бұлар үйлерінде де «жетімдік-жалғыздықтарын» жырлап-зарлап, өз балаларының да мыйларын жегілеп отырар ма екен-ә?*). Ал, сайтан айналдырғандар елінде – бақыттылық ешуақытта болмайды. Міне, қорғансыздық – осы. Сормандай ел – сол ел. Өне, жамағат: «Жетімдік», «Жалғыздық» дегендеріңіздің түп сорақысы – қасіреттісі!!!»

«Жалғыздық», шынымен-ақ, бұл – сенбісің?..

«Ай-хой, жиырма бес!» деп жырлапты, жырлап жүріпті де өтіпті, бұрынғы-соңғы бейбақтарыңыз. Біз де, кеше-бүгін айттық-ақ. Ал енді, менің бүгінгі жырым – басқаша. «Жалғыздық» (*Түп мәнісі – «Ұлт» – «Қазақ» та емес пе енді...*). Негізі, «жалғыздық» деген сөз-ұғым, жалпылама – оншалықты дұрыс емес сияқты. Ол турасында да кезінде айттық. Оның қолданылатын орны – жөні болса керекті. «Неге жалғызсың? Бір басыңды неге ешқайда сиғыза алмай, сарсылып, сарыуайымға батып жүрсің?» Міне, әуелгі сұрақ осы-ау. Біреулер айтар, «мінезінді түзе» деп. Жоқ, әңгіме жалғыз мінезде тұрмаса керекті. Сенің халіңнің жағдайыңның мәндірі одан арырақта жатса жарар-ды. Әбден ойландық емес пе, әрқалай, хал-хадарымызша. Түйгеніміз, – «арырақта» деуіміз, – мәселенің тікелей Құдайдың өзінде тұрған екендігі-дүр.

Құдай сені тастай қып – «өмір-өзенге қарсы жүзер, жалғандық атаулыға мәңгілікке қарсы тұрар» етіп қойса керекті-дүр. Бүгіндері, сөйлесерге – «өз тілінде сөйлей бастағалы» – тілінді түсінерге жан да жоқ есебі. Көпшіліктің сенен қалайтыны – өмір-бақи солардың «тілінде» сайрап, әмпайласып, ығын бағып өтсең?.. Бұ күйімізге бірте-бірте келіппіз. Әйтпесе, жастығымызда – ойнадық та күлдік те, әртіс те маймыл да болдық. Есейіп, ес тоқтатқанымызда да – көпшілігіңіздің көңілін аулап бағып, «өтірік өміріңізді» бір

кісідейін сүріппіз. Әлде де, окта-текте дегендей, Құдай өзі кешірсін, адам баласына залалсыз әрқалай... дәмді нәрселеріңізден дәмеміздің барлығын да несіне жасырайық. Әрине, белгілі бір «шеңберде – нормыда» ғана. «Періште» емеспіз ғой...

«Құдай басқадан бөлек қып жаратты» деп баттита алмаймыз. Деген де, «өзгеше екендігінді – өзгеше жаратқандығын» да жоққа шығара алмасақ-ты. Өне, гәп осында болса керек-ті. Әке – балаға (*кәмелеттен асқан соң*), бала – әкеге, шыңтуайтында жауапты емес. «Парыздарлық» – ол басқа. Әркімнің де, әрнәрсенің де иесі – бір Құдай (*Туған әкеміздің де «жескеленіп – жалғызсырап» өткенін көріппіз-ау; әрине, амалсыздығынан, әйтпесе адамға жаны жақын-тын – иманы салауат, жатқан жері жайлы болғырдың*).

«Мен – жексұрынмын ба? – албастымын ба? – шынында да ақымақпын ба? Неге, туғаның да басқан да менен қашқақтайды? Оу, мен, көпшіл-ақ – қызықты-ақ емес пе едім?!» Қазірлері, өзіммен қатынасып жүрген (*турасында, отбасыммен; қай уақыттарға дейін екен-ә-а?..*) жалғыз, құрдас бауырым бар. Сол, бір жолы, мұндағы уақытша тұрып жатқан пәтерімізге келіншегі екеуі қыдырыстап келгенінде, – «Мәңгілік менің махаббатым» деген Құдай есіркеп бере салған дүниеәуи әңгімемді жазып бітіп, көңілім көл-дарияланып отырған кезім еді, – шабыттанып, жалпы дүние жайлы бірқыдыру әңгімелеп-пәлсапалап кеттім (*Бұрындары, оның алдында ондайлық әңгіме қозғай бермейтінмін*). Содан, не керек, «әңгімемде» – тікелей Жаратқан Иеміз хақында, бақыттылық пен бақытсыздықты кімдердің қалай түсінерлері турасында, екі дүние жайында да айтылатынын тәптіштей баяндадым. Ақырында, «дүниемді» өзіне жақсылап тұрып аманаттап тапсырдым. «Оқып, тоқып, ұстанарсың» дедім. Содан, «не шықты?» дейсіз ғой. Ештеңе де шықпады. Ертесіне, әлгі дүниеәуи әңгімемді, – барлық айтқан нәсиаттарымды да дей беріңіз, – киім ілгіштің үстіндегі бас киім қоятын жайдан тауып алдым. «Аяқ киім киерде сонда қойып, ұмытқан ғой» дерсіздер. Сонысы солай да шығар, бірақ, «негіз» басқада-ау. Менің соншалықты «беріле баяндаған пәлсапаларымның» оған тіптен де көк тиынға қажеті жоқ екен! Оған қажеттісі (*көпшілік ағайынға да*) басқа-басқа... (*бұ дүниелік нақты да тәтті заттардан*) екен. Себебі, сол жәйттен соң, қаншама уақыттар өтіп те

кетті. Егер де, ұмытқан болса, ол бауырым айтар – сұрар еді емес пе? – талай кезіктік қой?..

Осы тұста, басымызға тағы да бір түйткілді ой келеді. Ой келуінің мәнісі, әрдайым санамызда сартылдап тұрарлығы, әңгімелемек ол кісіміз – «өте-өте үлкенді жазушы, мемлекет қайраткері, халық қалаулысы, атақ-даңқтарыңыздың (шатақ-патақтарыңыздың) бәрі-бәрінің иегері» емес пе. Ол кісіні – «әкем» дедім (сырттай); ал, ол кісі мені «кім-не» дерін өзі білер?.. Әңгіме – гәп неде еді? «Әкелі-балалы» ретінде болмаса да, адамилық жолда: «жүздесуде, тілдесуде, қолдасуда», сөйтіп, өзінді қойшы – бірлесіп, өгейленген еліңіздің еңсесін көтерерлік бірлік-тірлік жасасуда емес пе еді? Өзі де, алғашында, «мүмкіндік туа – бірінші кезекте міндетті түрде жолығысармыз» демеп пе еді, Кентауға жолдаған хатында? Неге ол райынан қайтып қалды? Неге, мың-сан мәрте – хат жолдағаным, қызмет орнына барғаным, біреулерден итшілеп жүріп телефонын алып қоңыраулатқаным: «тасбақаша тарс жабылып, кірпіше жиырылып, ақырында, қасқыр көрген қоянша менен безіп кетті?!»

Ә-ә, гәп қайда жатыр? Мен – Құдайдың жаратқан мына «мені» – ол кісіге «өте-өте қиын, қисынсыз, қауіпті де» адам екенмін! (Кейіннен, *о жақ-бұ жағымды тексерістен, «ақымақ-албасты, жынды-тентек екендігімді» біліп алған болар*). «Жолдарымыз» басқа-басқа – «әкелі-балалықтарымыз» алабажақ екен.

Құдайға шүкір, менің, мына жалғанда өзге де – «шынайы әкешім» бар. Ол – Герольд Бельгер. Өткен жылы, кезекті инфаргін алды. «Қазіргі жайымда, мына, қазақтарды – басқаларды да, тіптен, Германиядан келген немістерді де үйіме кіргізбеймін, сөйлеспеймін; ал, бірақ, сені кіргіземін, сенімен сөйлесемін, саған әманда есік ашық қой!» дейді әкешім менің – Герағам. Әне-ки, Әке! Адам! «Жаралы да жүдеу жаныңа жалғыз жалау...» Сол, Герағам-әкем айтады ғой, бір әңгімеміздің үстінде: «Ол әкең – «өте сақ!» адам ғой» деп. Осы сөз-анықтама, – және де екі-үш кісіден естіген, – дөп болса керек-ті. Себебі, алғашында, хат арқылы хабарласқанымызда, ол әкемнің: «жолығамыз» демейін, «жолығысармыз» деуінде сол «сақтығы – стратегиялық артқы әдемі ой-есемі – көсеми көрегендігі» жатса керек-ті-ау. Ой туады ғой: «Ол не қылған сақтық?» деген де. «Хүкіметтен сақтанады ма? – халықтан – менен бе?..»

Елтеп-септеп халықтың әбден сеніміне кіріп алған, бірақ, есіл-дерті қашанда билік жақтағы «ол әкемнің» – «тастанды баласында» қаншалықты шаруасы бар-ды? Тастанды болғанда да, «теріс – Құдіреттің пәрменімен мәңгілікке қисық жаратылған» баласында?! Әрине, бұ дүниенің «ақылды адамына» о тұрғысында көп ойланып жатудың қажеті де шамалы болар. Ойдан ой өрбиді ғой. Герағам-әкем айтады: «Жүр, Жазушылар Одағына, бір ауыз рекомендация беремін, ұқсайсың да шығасың!» деп. Мен айтамын: «Жоқ... ыңғайсыз болар, онсыз да, менсіз де биліктің соңында сүрлігіп жүрген о ағама артық салмақ салмай-ақ қояйын» деп. Сөйтіп тұрып, тағы да, айтып-қыстырып қаламын ғой: «Қарғыбаудың» маған – еркіндік пендесіне қажеті қаншалықты? Мені Құдай асырап келеді. Қарғыбауында сылдырмақтарын да басқалар – құмарлар ала берсін, шаруам шамалы» деп те.

Өзіме өзім кез-келген сұрақты қойып, көп ойланамын. Көбінесе, көбісінің шешуін тауып та жатамын. Мені – «мен» сияқтыны Құдіреті күшті «қарғыбау-сылдырмақтарға» емес, «ой-отқа» жаратқаны да рас болса керек-ау; әлгі әке-үкелерімнен күннен-күнге безілдете алшақтатып бара жатқан да сол Құдіреттің өзі-ау, шамасы... Маған, ешкімнің де ешқандай да аяушылығының соқыр тиынға қажеті жоқ! Мені бір Құдай аяп, өзі есіркесін; бұ дүниедегі ең-ең үлкен қарғыбау-сылдырмақ та, атақ-даңқ та, мен үшін сол – Өзінің Анық Құлы екендігім және де өзімнің хақиқи ниет-тілектерім, ой-пікірлерім, ізденістерім. Осыныма – осылай қып жаратқанына – мақтанамын да масаттанамын да! Ал, бүгінгі әңгіменің түп негізі – «халық» та емес пе еді? Халықтың пысықай да желбуаз бір бөлігінің беттеріне маска киіп алып, сол аңғал да балаң халықты барынша бас пайдасына жаратуында, алдап-арбауында, мақау қылуында емес пе еді? Ешқайда да ешқалай да қашып құтыла алмас, ертеңгі күні тосып тұрған – «Ұлық Сұрауда!» емес пе еді?

«Халық-халық» деп көлегейлегендей көрінбей-ақ, анық атын атасақ, мәселе – «Ұлтта» – тыржалаңаш, қорғансыз, бағыт-бағдарсыз, жаппай талапайланудағы, құрудың о жақ-бұ жағындағы «қоныр қазақта» еді ғой. Көсеми аға-үкелеріміз «қазақтан аларын алғандай» (әлі де алып-жеп-жұтып үлгіріп қалар...); ал, енді, олар – сол қазаққа – «не» берді? «Ойбай, бердім,

өлдім-талдым!» дер болса, онда, неге – бүгінгі Қазақтың халі мүлдем де тіптен мүшкіл?! Неге – төрткүл дүниенің көз алдында – «қазақстанец» деген белгісіз бір халыққа айналып, қиылған күре тамырынан аққан қаны ақабаланып, жойылып-жұтылып барады? Олар берсе, өліп-талса – осылай болар-ды ма???

Мені – Құдіреті күшті: «Жалған дүниесінде Жалғыздыққа жаратқаны» рас та болса керек-ау. Себебі, мен, мен сияқтылар растықпен Өзіне қайта оралуы – жалғанның құйтырқы қызылына алдан-бастары үшін. Ал, көсеми әке-үкелерімізге – Алладан оң ықпал тіледік, басқа қолдан келер шара жоқ.

Әумин, Бір Алла өзі қабыл етсін.

Тылсым тұлғалар

...Қоңыр да қыңыр қазақтың: әлем көшінің теңінен осы уақытқа дейін ауып түсіп қалмай, салақтап та болса ілініп-салынып келе жатуы – көптеген Ұлы тұлғаларымыздың «рухтарына» тікелей байланысты. Сондай ұлы тұлғаларымыздың бірегейі – Бауыржан Момышұлы. Көпшілік, Бауыржанды «батыр» деп қана танитындай. Оның ерекше «құбылыс», Құдайдың қазаққа кезекті рет есіркеп арнайы жіберген «елшісі» екендігінен бейхабар. Бауыржан батыр ғана емес, түйсінгенге – тарихшы, пәлсапашы, ақын-жазушы, ой-пайымы айрықша... «тылсым-ды дүние». Есібасы бүтін, болатын ел сол тылсым дүниенің сыры-қырын ақтаруға, жұмбағын шешуге талпынуы керек еді. Халық – Ұлы-Ұлы тұлғаларымыздың рухтарынан қуаттанып, аяғынан тік тұрып, іргелі елге айналып кетуі керек еді. Қасіретімізге орай олай болмай тұр, болайын деп те тұрмағандай. Алланың жебегеніне, Ұлы тұлғаларымыздың демегеніне жарамадық-ау. Қазақ, «қолда бардың қадірін» мәңгі-бақи білмей өтіп те кете баратын халық сияқты ма?..

Қайран да қайран, Есіл Ерлер! Аталар! Ардақтар! Қайран да қайран, сұраусыз, жауапсыз, сауапсыз – Тылсым-ды Тұлғалар!?

Жадымызды жаңғыртсақ:

1941 жылы Мәскеу түбінде неміс әскерінің бетін қайтарып, теңдессіз ерлік пен соғыс тактикасының үлгісін көрсетіп, аз уақытқа Бауыржан елге келеді. Өздіктерінше ісініп-кепкен тырашпайлар қаумаласып алады. Мұхтар Әуезов үйіне шақырады. Арақты сілтей беріп қызып қалған Қалибек жәкеміз «боғауыз айтайын-

шы» деп қайта-қайта қоймайды. «Қойыңыз, келіндер отыр, ұят болады» дейді бірнеше рет Бауыржан. Бірдеңені қырып-жойып тастағандай ырсылдап-гүрсілдеп, Сәбит көкеміз кешігіп кіріп келеді. Сол бетімен тамақты жайпайды. Мына жағынан аузына салған тамағының жартысы екінші жағынан, ол жағынан салғаны бұл жағынан шашырауда... «Господа, менің уақытым бітті, айып етпеңіздер!» деп Бауыржан орнынан көтеріледі. «Неге бүйттің, отырмадың ба?» деп дәлізде тызылдай күйгелектенген Мұхтарға: «Кісіні байқап-біліп шақырыс керек!» деп Бауыржан қайрылмастан шығып кетеді (*Бұл айтып жатқандарымыз – Баукеңнің күнделігіндегі өз сөздері*). Әңгіме неде еді? Баукеңнің «бір ауыз!» сөзінде. Шіркін-ай, неткен «астарлы, ауқымды, алапат» сөз еді! Ұққанға-қаққанға «өмір мен өлім» немесе «жалған дүние мен шын дүние» түбірінен айтылып ескертіліп тұр емес пе?!.

Жалған дүниеден қайтарының алдында Шәмші қайдағы бір қараусыз аудандық ауруханада (Шәуілдірде) жабығып жатады. Бір есепшіл пысықай көсемпай жолай өтіп бара жатып, «кіріп шыға салайындә» дейді ғой. Сөйтіп, «Шәмші аға, бұ не жатыс?!» дейді кердііп. «Жүрек ауырып» дейді Шәкең. «Жүрек ауырғаны несі, ол не өзі тәйірі?!» дейді әлгі пысықай есер. «Әй, нақұрыс, жүрек ауруымен – жүрегі барлар ғана ауырады!» дейді Шәкең...

Әңгіме неде еді? «Бір ауыз!» сөзде. Не деген Ұлық Сөз еді?! Неткен Ұлы Әруақ еді?!.

1960 жыл. Целиноград. «Целинниктер» сарайы. Жалтыр бас жанкешті Хрущев келіп, Қазақстанның солтүстік бес облысын Ресейге қоспақшы. Бірінші хатшы Қонаев жәкең де протоколға амалсыз қол қойып қойған. Жоғарғы Советтің басшысы Тәшеновқа ғана қарап тұр тірліктің бітуі. «Қолыңды қой да, Москваға барып СССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателі Ворошиловтың орнына отыр!» дейді Хрущев ыржиған күйі алақандарын ысқылап. «Мен тақ үшін Елімді, Жерімді, Ұлымды сатпаймын! Қол қоймаймын!» дейді Жұмабек Тәшенов ер қасқиып тұрып...

Әңгіме неде еді? «Бір ауыз!» сөзде. Дәл осы бір, қазақтың тағдыры қыл көпірдің үстінде қылтылдап тұрған кезеңде «Менің Қазақстаным» әні де кең даламызды тербетіп, шырқалып, айбарлана асқақтап тұрып еді!..

Әңгіме неде еді? «Бір әннің» құдіретінде еді ғой...

Әруақтарыңыз мәңгілік разы болсын – Бауыржан Момышұлы, Жұмабек Тәшенов, Шәмші Қалдаяқ, Жүмекен Нәжімеден – Ұлы Аталар, Нағыз Ерлер, Ақиық Ардақтар!!! «...» деуге арлымын.

Бетсіз, жарлымын да...

«Жұрттым деуге арлымын, өзге жұрттан ұялып» ЫӘКІМ АБАЙ АТА

Осы бір... алапес, қиям-періс күндеріңізде – жайшылық қылып жүруіңіздің өзі арман болды. Жалған-ғұмыр кешуіңіздің өзі мұңға айналып барады ма. Өзге жұрт, бұрыннан-ақ жинаулы етек-жеңдерін онан сайын қымтай түсіп, дүние жиған не... «қып-қызыл қаруланып» та алды! Ал-л-л?..

Әліге шейін «ішуін» жалғастырып, боғын езгілеп, майрампазданып, әуейі лағып жүрген бірден-бір ұлт – Сіз! Бұл әйдік өнеріңізден – ішуді үдеткеннен әйелдеріміз әлдеқашан алға ытқып шығып, қара үзіп шырқап та қалды-ау. Әсіресе, бүгіндергі тастанды – өгей ауылыңызда...

«Түрлі-түсті күйеулер көбейді» деп мүләйімсіп те жатамыз. «Зандыларына» разы да болады – сүйінеді де екенсің. Ал, ешқандай да заң-жобасыз, жосықсыз – кәдімгідей-ақ жап-жарық бейкүнә көшеде кім-көрінген кезбемен аймаласып-айқаласып, «бес минуттік қолжаулық» боп, «аяқ сүрткіш тряпка» боп, «түкіретін түкіргіш» боп жүрген қыз-келіншек-міс-терімізге?..

Осы қанды-іріңді хатты, дәл қазір, дүниеәуи «Арыстанбаб әулиеден» келе салысымен – қу жаны құрғырың жай тапқызбай – жаналқымданып барып жазып отырмын. «Бір Құдайым өзі кешірсін!..» Жазуыма түйткі – жазбасыма еш мүмкіндігімді қалдырмаған да – осы сапарым. Өмірде күтпеген – ойластырмаған жәйттерің жетерлік қой. Сонда да, бірақ... «астапыр Алла!» – дәл мынандайыңызды!?

Мезгіліңіз – мамырақан мамыр, оның үстіне – «демалыс» қой. Ығы-жығы – сендей сапырылысқан – зияратқа келген кең пейіл, һақ көңіл, алаңсыз халық. Біруақытта... әдетті, қазақы үйреншікті «таныс тылсым» көзіме «оттай!» басылғаны. Өне жерде... өне жерде... әулие жарықтықтың тұппа-тура төбесінде де!.. Айта беретін, атышулы, аймандай – ахыреті қиямет-қайымдай: «көл-көсір көкірек-кеуде, жарқ-жүрқ кіндік-қарын, жалт-жұлт сан-сирақ...» Бәрі-бәрі – «өздеріміз...» Неше ме нысапты мұсылман ұлттар (сып-сыпайы

славян тектесті туристер де) жүр ғой...

Демім қай жақтарыма қаңғырып, қан-сөлсізденіп, сол ағайындардың жүздеріне – көздеріне жалтақ жылтырақтарымды ұрлана-жасқана жүздіртіп, қаймыға саламын. Қаншама білдіргілері келмегендіктерімен, олардың да ұрлықы-қулықы жанарларынан – жүздерінен, нәлеті атқан: («мұсылман бауырларға» дегендейлік қаншама қимастықтарына қарамастан) «қазақы-қоңыр алаң-ғасарға» деген қапысыз жиіркеніштілікті, толағай-топан ашу-ызаны, кекті де анық оқимын!»


«...Осы, бүгіндергі кез-келген жерде жарқырап-жайнаған «кіндік-қарын» деген сайтани-сайқалдылығыңыз «беймезгілденген» қазақ сорлының соңғы бір тұяқ серіппесі ме екен-ә?» деп те түйемін-ау.

Өзіме – нәлет айтып, өзім де жиіркенішті көрініп кеттім!

Кейінгі уақыттары байқап-сезіп жүрген жан жүдетерлік те, түршіктігерлік те бір сұмдық жағдаятыңыз да осындайда саппа-сап санаңа жуалдызша сұққыланады екен: Кім-кім де пәндалықпен, басқалай да себептермен жол-сапарлайды ғой. Жол бойғы мұсылман мазарларына қол жайып, әруақтарға «аллау-экбар» жасау – һәрбір мұсылманның парызы. Ал, бірақ, бүгіндері, кө-ө-өп жылдар да көшіп қалды-ау... басқа мұсылман нәмді ағайындар қамыға қаздай тізілген қазақ мазарларының тұстарынан өтіп бара жатқандарында – «қол жаймақ түгілі, селт етпейтін де, түшкірмейтін де» болып алды!? «Қазақтың өткен өлісіне де қазіргі тірісіне де» деп те қабылдай беріңіз. Ия, сен ұнат, ұнатпа – солай болған, солай болып қойған, солай бола да беретіндей ме... Осыны «байқаған, байқайтын, байқайын» деп жүрген – «қай-қай қиырларға жетіп желкесі қиылғанын жобалай қояйын» деп жүрген қалқиған қоңыр бар ма екен өзі-ә, бұл ескілікті де жаңа қазақия-қызыкияңызда-а-а-а?!

Ім-м-м... шынында да – мұсылманшылығында да – «...» деуге арлымын-арлымын-арлымын!!! Бетсізбін! Сөзім де жетпес, қолым да жетпес, таза жарлымын да... «Жалғызбын!!!»

Тағы, тағы, тағы да – Жаратқан Бір Құдайым өзі кешірсін! Есіркесін де абырой берсін. Ықпалын берсін.



ПРОФЕССОР. РЕДАКТОР. КОРРЕКТОР

Алдағы уақытта бұл айдар аясынан сіздер сырт көздің біріне әпенді, біріне қызық көрінетін, бірақ, шын мәнінде қара нардың жүгін арқалап, ұлты үшін, ұрпақ үшін нағыз қажетті жұмыс істеп жүрген, бұл жұмысы үшін жоғарыдан мансап, төменнен марапат, басына бақ, астына тақ және күтпейтін кейбір азаматтар жөнінде қызықты да тағлымды сипаттамалар оқи аласыздар. Төменде ұсынылып отырған материал солардың бірі де бірегейі жөнінде.

Және – жауапты хатшы... техредактор... суретші... фототілші... Жок, ол- ең алдымен Азамат. Әйтпесе, докторлық дәреже, профессорлық атақ қазір кімдерге таңсық. Немесе редакторлық – күдірет пе, корректор болу – құрмет пе? Ал, осы аталған атақ, дәрежемен қоса журналистиканың барша мамандығын бір бойына жинақтап, бір мезгілде бәрін бірдей атқара беру – тек азаматтың ғана қолынан келмек. «Есектің артын жусаң да мал тап» дегеннен гөрі «халқыңа пайдалы болса, қандай қызмет атқарсаң да арлығы жоқ» деген кредо оны осындай азаматтық биікке көтерген.

Сонымен Алдан Әйімбетов кім?

Оның кім, қандай адам екенін өзінен де, өзгеден де емес, «**Казахская правда**» газетінен білесіз. Иә, «**Казахская...**», «**Казахстанская...**» десеніз қателесесіз. Тұңғыш саны, өткен жылы 15 қаңтарда жарық көрген осындай бір газет бар. «Осындай бір газет бар» деу де бір жағынан ыңғайсыз. Алайда, 10 миллион қазақтың 10-ақ мыңының қолына тиіп отырған бұл газет жөнінде амалсыз солай деуге тура келеді әзірге. Дегенмен... оның санаулы санына да, алақандай бетіне де, бірер айда бір-ақ рет шығатын түйе толғағына да қарамай, қазір Қазақстанда шығып жатқан газеттердің көбінен артық болмаса, ешқайсысынан кемдігі жоқ деп бағалаған жөн. Өйткені, өткен жылы қолға тиген алты нөмірінің өзінен-ақ, «**Казахская правда**» – шындығында да нағыз шындықтың, ақиқаттың газеті.

«Арымнан жаным садаға» деген намыстың газеті.

Ақиқат жолында «**Казахстанская правда**» «**Караван**», «**Бірлесу**» секілді төрт құбыласы түгел, жеке үйі, жеткілікті, қызметкері, артында Алатаудай қорғандары бар газеттермен бірнеше рет бетпе-бет келген, олардың біреулерімен сот алдына да бірнеше рет барған ерлік пен мәрттіктің газеті.

Бас редакторлықтан – курьерлікке дейінгі бар жұмыс жалғыз адамның күшімен атқарылатын жанкештіліктің газеті.

Қағаздың қат, дүниенің қымбат, еңбектің бәрі сатулы заманда бір профессордың ғана қалтасы мен ерлігіне кіріптар «тәуекел түбі – желқайықтың» газеті екені көрінді.

Ал, газеттің бірінші нөмірі жарыққа шыққанда жұрт не айтты деңіз? Обалдары нешік:

- Ерлік! – деді.

- Бізге керекті осындай газет, – деді.

- Орыс тіліндегі кейбір газеттің кейбір керауыз мақалаларына орыс тілінде жауап беретін өз газетіміз де болды, – деді.

Бірақ, амал нешік, көңілі түссе біреуге жамбастың мырза басын ұсына қоятын мырза ағайындардың арасынан: «**Ау, мына азаматқа қол үшін берсек қайтеді**» дегендер жоктың қасы. Ал, «**қазақпыз**» дегенде даусымыз жер жарады...

Жә, бұл әр азаматтың білім-білігіне, ар-намысына байланысты мәселе де, сондықтан, сөзімізді азамат Әйімбетовке қайта бұрайық.

Осы тұста мынадай сұрақтар ойға оралады. «**Казахская правда**» шыққанға дейін Алдан Әйімбетов ел назарына қалай ілікпеді? Біз оны дәл бүгінгідей публицист ретінде қалайша білмедік? Жалпы, оны жеке меншік газет шығаруға итермелеген қандай күш?

Соңғы жеті-сегіз жылдың дүрбелеңі ең алдымен кімнің-кім екенін танытты. Талайдың ар-ұяты таразыға, азаматтығы сынға түсті. Бай кедей болды, кедей бай болды. Үнсізге тіл бітті, тілдіге қулық бітті. Қулығы сол

– бұрын сөйлеп үйренген ауыздар жел қай жақтан соқса, желдей есіп сол жақтың сөзін сөйлеп, заманның ығына жығылды. Сұмдығы сол – жел кері соққанда олар тағы да желдей есіп жұрттың алдына шықты, «ел үшін туған ер», «халық үшін қам жеген қаһарманға» айналды. Кешегі күні Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Әлиханарды ауызға алғандарды ауылымен көшіріп жіберуге әзір тұратындар, енді солардың туын көтеретін болды. Бұл – әдебиет, мәдениет, ғылым төңірегіндегі мәселелер болса, саясат өрісінде де сан түрлі «қызықтар» болып жатты. Оның ішінде, әсіресе, ұлттық мүдделер төңірегінде сөз көбейді, қарсылық күшейді. Тіл, республика азаматтығы, Конституция, ономастика, жер жөнінде айтыс-тарғыстар әр жерде қылаң берді. Кімнің-кім екенін танытқан да дәл осы кез. Алматы мемлекеттік медицина институты философия кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымының докторы, профессор Алдан Әйімбетовті азамат Әйімбетов ретінде танытпа бастаған да осы кез.

Бұл жөнінде Алдан ағаның өзі былай дейді:

- Бұрын газетте де, саясатта да көп шаруам жоқ еді. Бірақ, кейінгі кездегі кейбір жайлар мені амалсыз отқа да салды, суға да түсірді. Біреулер жеке өзіңе тиісіп жатса бір сәрі, ал, тұтастай халқыңның, ұлтыңның ар-ұжданына қол сұғып, намысыңды таптағысы келгенде шыдап тұру мүмкін бе. Мен де шыдай алмадым. Ол шыдамның шынжыры алғаш рет былай үзілді... Әлі есімде, бұдан төрт-бес жыл бұрын Алматыдағы саяси ағарту үйінде үлкен бір жиын өтеді деп естідім. Онда депутаттыққа дәмелі Докучаева деген бір әйел сөйлемекші екен... Сөзі – Қазақстан ұлттық мемлекет бола ма, әлде азаматтық мемлекет болуға тиіс пе деген пікір төңірегінде көрінеді. Жиынға келсем, ол «Докучаеваны сайлау клубы» деген тобын маңайына үйіріп алып, «Азаматтық ел...» үшін айқасты бастап та кеткен екен. *Оған салсаң, республика атынан «қазақ» деген сөзді өшіруге дейін бар. Ал, шыдап көр.* Сөз кезегі жеткенше жаным шыға жаздады. Қысқасы, сол күні мінбеден шырырап шыққан дауысым мені де талайға танытып үлгерді. Талайлар енді мені мұндай жиыннан қалдырмайтын болды. Келсем, сөйлейтін болдым. *Қайбір тілі қышығаннан дейсің, шабыңа түртіп, жаныңа, тиетіндер көп те. Көп демекші, ұлт мүддесіне қарсылық кейін, тіпті, көбейе түсті. Олар енді жай мінберді місе тұтпай, орыс тіліндегі газеттердің бетінен көріне бастады.*

Қарсы мақала апарсаң, баспайды. Баса қалса, кейін басқалардың сөзімен қайта өзіңді ұрады. Мәселен, «Казахстанская правдадан» мұндайдың біразын көрдім, мен. Ал, қазақ газеттерін қазақтан басқа кім оқиды. Екіншіден, олар да кейде батылырақ айтқан сөздің мұртын басып, сакалын күзеп жіберетіні бар. Өйткені, олардың бар билігі өз қолымда емес, әрқайсысының жоғарыда қожайындары тұр. Қой, – дедім бірде, – ақшадан да, басқадан да ешкімге тәуелсіз өз газетімді ашайын. Сөйтпін «...правда» дегеннің не екенін көпшілікке білгізейін, – дедім де, іске батыл кірісіп кеттім. «Казахская правда» дүниеге осылай келді. Оны жалғыз шығаруда көрген, көріп отырған азабым мен бейнетімді айтпасам да болады. Осындай күндері өз шамаларынша көмек көрсеткен біраз азаматқа алғыстан басқа айтарым жоқ. Олардың арасында орыс та, украин да, неміс те бар. Қазақ аз. Дәл солардың көп болатын, қысылған кезде қасымнан танылатын жөндері бар еді. Қайтесің, өз бармағыңды өзің шайнау қиын. Бірақ, мені біреулер тек қазақтың мақсатын ойлап жүр десе, қатты қателеседі. Мен қазақ жөніндегі шындықты айтсам, ол – баршаға ортақ шындық. Жұрт шындықты білгенде ғана сабасына түседі, арандатудан, арамзалардың сөзінен аулақ болады. Барлық ұлтқа береке, бірлік, тыныштық сонда ғана болады. ...Алда, енді, кәсіби парламент сайлауы келе жатыр. Соған өз кандидатурамды өзім ұсынсам деймін. Ондағы ойым: пайғамбар жасынан асқан шағымда атак, абырой іздеу дейсің бе, шындықты, ақиқатты, халыққа қажет сөзімді биік мінбеден айтып, соған ылайық іс істесем деген ниет те.

Мен Алдан ағаның өз үйінде – редакциясында отырмын. Оның – Бас редактордың кабинеті – жатын бөлмесі. Босаға тұста жазу үстелі. Үстел үстінде: жаңа нөмірдің макеті, қалам, қарындаш, фотосурет, сызғыш, ұстара, қылқалам. Қарсы алдында – бірақ уыс беті әбден қажыған аппақ селеу шашы ұйпа-тұйпа, көзі шүңірейген, шүйдесі шығыңқы, шүйкедей ғана бір қарт отыр. Шындықты айтып шырылдап жүрген Алдан ағамыз осы кісі.

Мен ол кісіге қарап отырып қарадай қысылғанымды сездім. Қазақ ретінде, қалам ұстаған адам ретінде қысылдым.

Біз осы не бітіріп жүрміз?

Дидахмет ӘШІМХАНҰЛЫ
«Түркістан» газеті,
8-ші ақпан, 1994 ж.

ҚАЗАҚ ӨЗ ТОЛАҒАЙЫНАН АЙЫРЫЛДЫ

Алдан ӘЙІМБЕТОВ туралы бір үзік сыр

19 тамыз күні Алдан Әйімбетов қайтыс болды. Алдан Әйімбетов кім еді?

Қазақ ұлты үшін, Қазақстан мемлекеті үшін ол кім болды?

Қазақстанда қазақ идеясының қанат жайғанын қаламайтындар оны «ұлтшыл» деп те, «антисемит» деп те айыптады.

Ұлттық идеяның, қазақ ұлтының өз елінде үстем болғанын көксейтінін Алдан Әйімбетовтің өзі де жасырған емес, онысын ашық айтып та, өзінің «Казахская правда» газетінің бетінен жазып та жүрді.

Айтпақшы, «Казахская правда» жөнінде 1998 жылы Алдан Әйімбетов «451 по Форенгейту» газетінде былай деп жазды: «...Мен өз газетімнің атауы сәтсіз тандалғанын жақсы түсінемін... Қазір ме, әлде жақын болашақта ма, әйтеуір, Қазақстан Қазақ Республикасы болып аталмай, «Казахская правдаға» даңғыл жол жоқ...».

«Казахская правда» қазақ мемлекеттігі үшін күресіп келді. 13 жыл бойы Әйімбетов осы газеттің бетінде орыстілді аудиторияға қазақ ұлттық идеясын түсіндірумен болды. Өз сөзімен айтқанда «өз тілін ұмытқандарды өзге тілде сөйлеп, өз тіліне қайтару» үшін қажымай жұмыс істеді.

Қажымай демекші, Әйімбетов «Казахская правданы» ашқанда пайғамбар жасына аяқ басқан болатын. Осы газетті қалай ашқаны жөнінде марқұм маған өзі әңгімелеп беріп еді. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі эйфория әлі тарқамаған кез. «Казахстанская правдадағы» қазақ ұлтына қарсы бір мақаланы оқыған профессордың қатты ашынғаны сондай, ауруханада жатқанына қарамастан, дереу жауап мақала жазып, редакцияға апарып берген. Бірақ, сол кездегі «Казахстанская правданың» бас редакторы мақаланы басудан бас тартады. Сонда ашуға булыққан Әйімбетов «қазақтардың сөзін сөйлейтін өз «Правдасы» болсын» деп газет ашып, оның атын «Казахская правда» қояды.

Оның орнында кім бүйтіп істей алар еді? Бұл жәй ашу емес еді. Көпті көрген, көргеннен бұрын көпті көңілге түйген,

азаматтық ойы әбден кемеліне келіп пісіп-жетілген адамның саналы ашуы болатын. Сондағы ыза, сол ашу Әйімбетовті 13 жыл бойы сүйреп келді, талай рет ақша жетпей, демеуші табылмай, газет екі айда бір рет шығып, жабылып қалудың аз-ақ алдында қалғанда да ақыл-санасына тыным бермей, шыбын жанын шырқыратып жүріп тер төгуге, қазақ үшін өзін-өзі үнемі қайрап, талмай жазуға мәжбүр етті. «Казахская правда» шын мәнінде өте кедей газет болатын, Әйімбетовтың өз сөзімен айтқанда, алғашқы кезде профессордың зейнетақысына шығып тұрды. Одан кейін ұлтжанды азаматтың үнін естіп, сөзін ұққандар ара-тұра демеушілік көмек беріп отырды. Бір уақыттарда жақсы демеуші табылып, газеттің тасы өрге домалай бастағанымен, «антисемит» деп айып тағылғаннан кейін бұл көмек те сап тыйылды. Бұған Әйімбетовтың 1998 жылы «Караван» газетін «Весь Казахстан будет знать – есть антисемит Алдан Алимбетов» деген материал жариялағаны үшін сотқа бергені дәлел.

Айтқандай, Әйімбетов сол Гиллер бастаған «қазаққа қаны қас «Караванның» сөзін құртқан – мен» дейтін. «Караван-мен» ұзақ уақыт сөз шайқасына түскені бізге мәлім.

Алдан Әйімбетов сол кездегі «Караванды» ғана емес, күні кешеге дейін қазақ ұлттығына, қазақ мемлекеттігіне қарсы айтылған зәуірдей ой, бір ауыз сөз болса, соған қарсы «майдан» ашудан, жағаласа кетуден шаршаған емес. Шындығына келгенде, ол өзгетілді ортада өз тілі үшін күрескен Жеке ба-тыр еді.

Осыдан бес жыл бұрын (Алдан Әйімбетов жетпіс жасқа толатын жылы) «Түркістан» газетінің бетінде менің «Толағай тұлға» атты мақалам жарияланған болатын. Бұл – «Казахская правданың» шығарушысы әрі бас редакторы, профессор Алдан Әйімбетов туралы мақала болатын. Толағай туралы аңыз білетін адам Әйімбетовты неге оған теңегенімді сөзсіз түсінер, құптар.



Әйімбетовтың мен сүйсінген тағы бір қыры бар еді. Ол – тұрмыс тапшылығына мұқалмаған, заманның бұзылуына, адамның азғыруына көнбеген адал қалыбы. «Казахская правда» өткір тілімен, ұшқыр ойымен, ең бастысы жұрт көкейіндегі сөзді жарыққа шығаруымен ел ішінде беделге ие бола бастағаннан кейін оған ие-қожа болғысы келген алпауыттардың аз болмағаны кәміл. Бірақ, Алдан Әйімбетов газетін ешкімге сатпаған. «Казахская правда» сатқаны – қазақтың ұлттық идеясын сатқаны сияқты болар еді. Қанша материалдық қиындық көрсе де, алған бетінен қайтпады. Сөз арасында ол Президенттің қабылдауында болғанын тілге тиек еткен-ді. Елбасы одан «Сізге қандай көмек керек?» деп сұраған екен. «Сонда, – деді Алдан Әйімбетов, – мен ақша сұрасам немесе басыма үй-жай сұрасам да Президент беретін еді, бірақ, мен ештеңе сұрамадым. Маған ештеңе керек емес дедім».

Бірақ, ақшаға кедей болғанымен, «Казахская правда» рухани бай болды. Туған тілінде түсінсе алмаса да, өз ұлтына бүйрегі бұратындарды бауырға тартып, екіге жаралған қоғамды, біріктіруге талпынған, сөйтіп асқынған кеселдің бетін қайтару үшін алысып өткен газет болды.

«Болды» деуімізде де мән бар. Әйімбетовінен айрылған «Казахская правданың» да енді күні батты. Қазақ Толағай тұлғасынан ғана емес, төл «Правдасынан» да айырылды. Себебі, Алдан Әйімбетовтен кейін «Казахская прав-

даның» атан жүгін кім алып жүре алар дейсіз?

Енді есіме түсті: Алдан Әйімбетов сол әңгіме үстінде маған сыр етіп айтқан еді. «Мен қасымда жүрген бір-екі қазақтың жігіттеріне айттым, «Мына газетті қолға алсаңдаршы, мен қартайдым» деп. Сонда олар «Алдеке, бір газет алып жүре алмаймыз, бізге тыныштық бермейді, ал, сізден қорқады» деді» деген еді.

Әйімбетов 1999 жылғы Президент сайлауы алдында былай деп жазған «...Ел басына кім келсе де, «Казахская правда» шыға береді... Ал, мен көз жұмған соң «Казахская правданың» да күні таусылады, күндердің күнінде тарихшылар «Казахская правданың» феноменін зерттей бастайды, бәлкім сол кезде менің еңбегімнің шын бағасын берер».

Меніңше, «Казахская правда» Әйімбетовсіз жарық көре де, бұрынғы «Казахская правда» бола алмайды.

Бір ғана жұбаныш – әр дәуірдің өз үні болады. «Казахская правда» жаңа дәуірге аяқ басқан қазақтың санасын ояту үшін дүниеге келген басылым болар. Яғни, замана перзенті. Ол ендігі өз міндетін атқарып біткен болар. Әйтпесе, Әйімбетов бізді тастап кетпес еді ғой. Өзі көз жұмардан бір ай бұрын «Мен қазақ тәуелсіздігі мықты болғанша өмір сүрсем ғой» деген екен. Ондай күн де алыс емес шығар. Алыптар бекер сөйлемейді ғой.

P.S. Алдан Әйімбетовтың өзі заман тудырған тұлға ма еді? Маған салса, солай көрінеді. Себебі, Пайғамбар жасына келіп, зейнетке шыққан профессор неге жанын бағып үйде отырмады? Неден ширықты? 13 жыл бойы көзі жұмылғанша неден тыным таппады? Әйімбетов ұзақ ғұмырында екі қалыпты бастан өткерді. Біріншісі – қазақ тәуелсіздік алғанға дейінгі Әйімбетов. Ол сол кезенге дейін білім алды, советтік идеологияға қанды, философияны зерттеді, рухани пісіп-жетілді. Екіншісі – қазақ өз алдында ел болғаннан кейін ұлт байрағының желбіреуінен рух алған Әйімбетов. Талай атқамінер қазақ, оқыған қазақ тәуелсіздік алғанымызда аз-маз тосырқап қалғанда, Әйімбетов арқасына қанат біткендей кенеттен рухтанып, жаңа өмір бастады. Заман тынысын тез түсінді.

Шындығында, «Казахская правда» емес, Алдан Әйімбетовтың өзі қазақ тарихындағы феномен.

«Түркістан» газеті
Сентябрь, 2006

ШЫНДЫҚТЫ «КАЗАХСКАЯ ПРАВДА» АЙТСЫН

«Казакская правда» 13 жыл бойы бір адамның ерік-жігерінің арқасында шығып тұрған саяси газет. Мұндай феномен қазақ, тіпті, Қазақстан тарихында болған емес. 13 жылғы газет тігінділері бір дорбаға сыйып кетеді екен. 175 нөмір. Бар-жоғы осы. А3 форматты, кейде 4, кейде 8 беттік. Кейде айына бір рет, кейде екі рет, кейде екі айда бір рет... бәрі қаржыға байланысты. 13 жыл бойы қазақтың намысын жыртыққан, жоғын тірнектеп жүріп түгендеген, жағаласқанның жағасынан алған «Казакская правда» осындай. 13 жыл кейінгі тарихқа оралып отырмын. «Казакская правданың» авторы Алдан Әйімбетовтің өткір мақалалары әлі де өзекті.

Көз алдыма арықша келген, иықтары қушиған, ат жақты, өткір көзді, қатты дауыстап сөйлейтін кісі келеді. Әйімбетовті ақсақал дей алмайтынсың. Өйткені, мен көрген 70-інде ол 50-дегі сақа жігіттей қадай-қадай сөйлейтін, жүріс-тұрысы ширақ адам болатын. Өткенде Елбасы: «Қазақтар осы елдің иесі ретінде мемлекеттегі тұрақтылық пен бейбітшілікке жауап береді» — деді. Осы идеяны сонау 1994 жылы Алдан Әйімбетов өз газетінің бетінде айтып кетіпті.

1993 жылдың қаңтар айында алғашқы нөмірі жарыққа шыққан «Казакская правданың» соңғы нөмірі 2006 жылдың тамыз айында шыққан. Осы нөмірде Алдан Әйімбетов редакцияның уақытша еңбек демалысына кететінін хабарлаған екен. Шындығында, ол көп ұзамай мәңгі демалысқа шықты... Ал, «Казакская правда» Әйімбетовсіз тағы төрт нөмір шығарды. Өзірше, иесі анықталмауына байланысты газет ісі тоқтап тұр. Алдан Әйімбетов – өз заманының кемеңгер көсемсөзшісі. Газеттің беташар санында ол «Казакская правданың» «ұлтаралық татулықтың насихатшысы» деп таныстырады. Осы бағытты Әйімбетов соңғы нөмірге дейін ұстанып келді. Тіпті, ол ара-тұра газетті «Русско-

Казакская правда» деген атпен де шығарып отырған. Сонымен, «Казакская правдаға» сөз берелік.

Газеттен сен мейірімді де ақкөңіл, шыншыл да қарапайым халық – қазақтар туралы шындықты білесің. Сен осы халықтың жерінде туып-өстің. Бұған дейін ашық айтуға тыйым салынған осы халықтың ұлы да қайғылы тарихы туралы хабардар боласың. (*«Эта газета для тех, кто дорожит межнациональным согласием». №1, 1993 жыл.*)

Қазақтар мен орыстар – бір мемлекеттің екі ірі этносы. Олардың өзара қарым-қатынасына, сондай-ақ олардың дәстүрлі, табиғи-тарихи жайтқа айналған өзара келісімін сақтай алуына көп нәрсе байланысты. Бұл дерек, біздің ойымызша, ұлттық саясаттың негізі болуы керек (*Сонда*).

Дүниеге жаңа мемлекет келді, оның жаңа болатыны – Абылайдың алып мемлекетінен соң, қазақтар саяси егемендігінен айрылып қалған. Десе де, ұлттық мемлекеттік құрылыс туралы сөз болғанда, барлық «апа-сіңлілерге» бір-бір «сырғадан» үлестіре алмайтындығымызды түсіну керек. Енді, орыстар, украиндар, немістер, тіпті қазақтардың өздері де жер бетінде бірнеше мемлекетті құра алмайды ғой (*«Казахи теперь старший брат?»*, №2, 1993 жыл).

Ал, бізге, бір-бірінің қанын төккен, ұрлауға мүмкін нәрсенің бәрін ұрлаған, көршінің жеріне көз алартқан және т.б. т.с.с. бұрынғы совковтықтарға келсек, біз әлі ұзақ уақыт «аулада қабаған ит ұстауға» мәжбүрміз.

Алысты болжайтын шетелдіктер қазірдің өзінде Қазақстан халқымен қарым-қатынас жасаудың болашақ құралы ретінде қазақ тілін үйрене бастады. Бельгиядан шыққан фламандықтар, тіпті, тілдік ортадан тыс жерде 4-6 айда қазақша ауызекі тілде түсінісетін халге жетіпті деген деректер бар. Біздің кәсіпкерлердің шетелдік әріптестермен олардың тілінде не қазақша

тілдескенін көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Тілдер проблемасын шешуде осыдан артық қандай мықты тетік болуы мүмкін? (*«Сапа» – не собачья кличка», №4. 1993 жыл*).

Қазақтардан (көбіне қазақтардың өздері) олардың қазақ екенін естен шығаруды талап етті. Қазақтарды да соққыға жықты, бірақ, негізінен аштан қырды, жерлерін тартып алды, тілін жойды. Осындай саясат фамилиясы қазақ, өзі орыстілді талантты индивидтерді тудырды. Олжас Сүлейменов – солардың бірі. (*«Олжас Сүлейменов предаёт интересы нации?»», №4. 1993 жыл*).

Ендеше, қымбатты қазақстандықтар, сіздер әлеуметтік, ұлттық-этникалық, әлеуметтік-психологиялық, мәдени-тарихи т.б. қарама-қайшылықтар титықтатқан мемлекетте қалай «азаматтық қоғам» құрмақсыздар? Жарайды, дауыс берелік – кім көп дауыс алса, сол жеңсін-ақ. Бірақ, жеңімпаздар үшін әділ болып көрінген іс басқалар үшін – нағыз қайғының өзі... Қазақстанда ту боп көтерілген азаматтық қоғам туралы идея – ібілістен, оның үстіне, бұл білімсіздіктің ісі. (*«С демократией такой, может подождать?»», №5, 1993 жыл*).

Қазақстан басқа бірде-бір мемлекетке ұқсамайды, оның Президенті өз жолымен жүруі керек, мемлекетті оның ерекшеліктерін ескере отырып басқаруы керек. Барлық билік құрылымдарының құрылуы мен іс-әрекетін түбегейлі (тағы да ма?!) қайта құру қажет. Кәсіби парламент керек. Батысқа немесе Шығысқа көзсіз еру емес, оларға жетудің ассимиляцияланған жолы керек. Дамыған мемлекеттер мен Қазақстан – әр түрлі салмақтағы елдер. Өтпелі кезеңдегі Қазақстан үшін қазір қарабайыр демократия емес, авторитаризмге көбірек ұқсаса да күшті президенттік билік түрі лайықтырақ (*Сонда*).

Имандай шыным, мен үшін ең қымбаты – Отанымның тәуелсіздігі, мен «Казакская правда» сияқты сол үшін күресте туғанмын. Мен тәуелсіз БАҚ-тардың болуын жақтаймын, сөз бостандығы үшін өз бостандығымнан айрылуға әзірмін, бұл

– шыным. Бірақ, мен БАҚ-тардың тәуелсіз мемлекеттің заңдары аясында тәуелсіз болғанын жақтаймын... Былапыт сөздерді тудыруда «Караван-Пресс» акционерлік қоғамының шүпірлеген «балапандары» біріншілікті ешкімге берер емес. «Караван» басылымы, «ФНК-Караван», «Теле-Макс», оның кернеген қарнынан тағы қандай балапандардың өрбіп шығатынын бір Құдайым біледі. Ал, әзірге олар, анау үш тауық секілді бірінің соңынан бірі – біреуі алдында, екіншісі — одан кейін, үшіншісі ең соңында басын шайқап қойып аяқтарын нығыздай басып «плитуарда» адымдап келеді (*Только власть может быть выше власти», №6, 1993 жыл*).

Қақтығыс неден туындады және зұлымның бет-бейнесі қандай? Оның ізбасарлары көп. Казак атамандары мен «Лад», «Единство», «Славянский центр» секілді бірлестіктердің жетекшілерінен бастап, делқұлылау ресейлік министрі Павел Грачевка дейін – бәрі қазіргі және болашақ ұлтаралық эксцестердің тікелей және жанама айтақшылары... Бунаковтар мен Сидоровтар, Зориндер мен Супрунуктер, Қазақстанның батысы, солтүстігі мен шығысында тағы қандай бейбітсүйгіш-сепаратистердің жүргенін бір Құдайым білсін. Олар «Караул!» деп айғайлап, дабыл қағуда: мұнда қазақ мектебі ашылып жатыр, көше атауларынан колониализмнің таңбасын алып тастап жатыр, орыс мәдениетін жойып жатыр – деп айғайлайды (*«Потасовка? – Еще не то будет, если...», №6, 1993 жыл*).

Сондықтан, ислам мемлекетінің аймақтық өзара тәуелді және экономикалық реттеулі ынтымақтастығын құру бұрынғы КСРО-ның мұсылман мемлекеттері үшін ғана емес, барлық әлем үшін өте маңызды (*«Казакхи и ислам», №6, 1993 жыл*).

Астананың Ақмолаға немесе Орталық Қазақстанның басқа қаласына көшірілуі, меніңше, халықтардың кіші қоныс аударуына ықпал етеді. Осының өзі неге тұрады? Бұл идеяға қарсылардың дені империяның қайта түлеуін немесе Солженицынның рецепті бойынша қазақ жерінің талан-таражға түсуін көксейтіндер екені тегін емес

(«Если в Сары-Арку переселятся казахи», №5, 1994 жыл).

Ислам тағы да бейбітшілік дегенді білдіреді. Шын бейбітшіліктің кілті – Аллаһтың бұйрығын мүлтіксіз орындау. Яғни, Ислам «бейбітшілік» пен «Аллаһқа бағыну» дегенді білдіреді. Тек бағыну ғана бейбітшілікке бастайды. Ислам бейбітшілікке барар жолды Аллаһқа, Жаратушымыз бен Иемізге бағынудан іздейді («Что за религия ислам?», №1, 1995 жыл).

Тәуелсіздігіміздің екінші онжылдығында біз өзімізді құтқару үшін шұғыл шаралар жасамасақ, ұлт ретінде жойылып кетеміз. Ең әуелі, батыл түрде іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізуге көшу керек. Жоғарыдан төменге қарай. Түркіменстан мен Өзбекстандағыдай. Бірақ, «Батысты барып жаулауға» бұйрық берген емес, «барып, көріп, жеңіп» келген ғана шын жеңімпаз болады. Ол бұйрық, яғни, қазақ тіліне мемлекеттік тілдің мәртебесін берген «Тіл туралы» Заң осыдан он жыл бұрын қабылданды, бірақ, «баяғы жартас, сол жартас» («Даешь казахское государство!», №9, 2002 жыл).

«Казахская правданың» алғашқы саны жарық көре салысымен, газет өз оқырмандарын тапты. Мен Нұрсұлтан Назарбаевтың қабылдауында болдым, ол газетті жоғары бағалайтынын айтты. «Егемен Қазақстанның» мерейтойында ол былай деді: «Бұл бір адамның күшімен шығатын республикадағы жалғыз газет. «Казахская правда» қазақтар мен орыстар арасында от тастағысы келетіндерді батыл да ашық әшкерелейді» («Как я стал редактором», №1, 2003 жыл, қаңтар).

Қазақстан – саяси тәуелсіз мемлекет. Сондай-ақ, ол көптеген, оның ішінде алпауыт мемлекеттердің экономикалық мүдделері тоғысқан нүкте. Мұндай жағдайда Қазақстанның тұтастығына, тіпті, оның мемлекет түрінде сақталып қалуына қауіп төндіретін үлкен соғыс болса, ол дүниежүзілік соғысқа айналуы әбден мүмкін. Ендеше, Қазақстан қорғансыз емес («Нас пугают драконом

поднебесным», №6, 2006 жыл).

Өз мемлекетінде тұрып қайта ассимиляцияланған жаңа ұлт қалыптаспайды. Ал, дінге келсек, екі жағынан от шарпыған қыл көпірді ұмытуға болмайды. Ауыл молдасынан оқып қажеті жоқ, дегенмен, Құран әрбір мұсылманның бағдаршамына айналуы керек («Түркістан» газетінде жарияланған Нұрболат Масановтың сұхбатына орай пікірі. №8, 2006 жыл).

Мені, орыс мәдениеті мен орыс интеллектуалдық ортаның ұдайы ықпалында тұлға болып қалыптасқан орыстілді қазақты, орыстың патриотсымақтарының баяғыда біржолата кетіп қалған империя поезын қайта оралтқысы келетіндері қатты қынжылтады («Хотят создать еще одно государство. В Казахстане. Сеют ненависть к русским». №10, 2006 жыл, мамыр).

Бүгінде Қазақстанның орыс диаспорасы алдында екі таңдау жолы бар: Путин президенттің патриоттық-құтқару шақыруына дереу үн қатып, ішкі ресейлік мәселелерді шешуге атсалысу немесе туған мемлекеттей болған Қазақстанда қалу. Мұның екінші жолына түскен жағдайда, белгілі бір құрбандықтарға баруға тура келеді. Орыстар бұйрықтың пәрменімен өмір сүруге мәжбүр болады: бір орнында тұрып адымдау және қазақтармен жарысып қазақ мемлекетін құру. Тағдыр желі оларды қай қиырға апарса да, олар осыны істеді. Францияда олар – француздарға, Германияда – немістерге айналды, тіпті, Африкада адамжегішке айналмаса да, қолтырауынмен қарымқатынас жасауды үйренді. ...Егер, орыстар қаласа, біз өткенге қайта оралып, өзіміздің тарихи этнонимімізді – қазақтар (казаки – Г.О.) деп аталып, ал, мемлекетті өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағыдай Қазақстан деп атаймыз («Можно подумать, что одолжение казахам делают», №15, 2006 жыл, тамыз).

Гүлбиғаш ОМАРОВА,
«Түркістан» газеті
2008 жыл

ҚАЗАҚТЫҢ ЖАНЫ

Менің көзім жетті: біз, әйтеуір, аштан өлмейді екенбіз. Бізге келетін тажалдың аты басқа екен.

Қазақтың жаны үшін күрес жүріп жатыр!

Лайықты жауап болу үшін лайықты сұрақ қойылуы керек. Орыстар сұрақты тікесінен қойды: «Кто виноват?» Сосын «Что делать?»... Жауап та сойқан болды: 1917 жыл!

Қазақтардың осы ғасырдағы ашық қойылмаған сұрағы – гамлеттік: «Бармыз ба, жоқпыз ба?» Немесе «Боламыз ба, болмаймыз ба?».

Міне, ғасырдың соңы — сұрақ өзгерген жоқ. Өйткені... өмір мен өлім жандасқан қан майдан қызып барады. Жерді қойшы, қазақта жер көп — қазақтың жаны саудаға түсіп жатыр! Бальзақтың шегірен былғарысындай шуыған рухымның қалдығын ит тартқан терідей жұлмалап, тонап жатыр. Жаралы жаным қансырап жатқан ұрыс даласында бүгін қарға-құзғын, мародерлердің тойы басталды...

Боламыз ба, болмаймыз ба?..

Енді ашық қойыла бастаған асау сұраққа серкелеріміз қашандағыдай мыңқылдап, үні ін түбінен шығатын жуас жауап береді: «Егемендігімізді алдық, Елбасымызды сайлап алдық, енді... міне-міне... ышқырымызды көтеріп алайық, белімізді мықтап тартып алайық... терімізді сүртіп, алқынымызды басайық... сосын тағысын тағы көре жатамыз ғой... ы-ы... быды-быды...»

Құдайдың өзі «алсаңшы енді!» деп жалынған тәуелсіздікті алуын алдық-ау... бірақ, жанымыз, рухымыз азат па?

«Жан?.. Қазақта жан бар ма еді?!» деп кекетеді менің Оппонентім... Рас, қазіргі қалпымызға қарап (*әсіресе, қазақтың жанын қырық қайышымен қидалап, өртеп, күлін эфирге шашып жатқан Алматының пәленбай каналды теледидары мен радиоларына қарап*) мен ол кісімен кейде келісе де жаздаймын...

Қайда біздің Рух? Қайда біздің Жан? «Жоқ» дейін десем, қазақтың бабасының бабалары тасқа қашаған Тағдыр не дейді? Жоқ дейін десем, қағазда дерегі, ауызда аңыз қалған қияпатты Тарихының куәлігі қайда қалады? Сары өзеннің сағасынан күдіретті Римнің іргесіне дейін сайрап жатқан тайпарлардың ізі — менің бабаларым рухының шежіресі емес пе, шынымен? Қазтуған, Бұқар, Дулат, Абай, Ахмет, Мағжан... — көрген түс, кешкен қиял ғана ма рас-ақ?! Тәңірі — Алласы аузындағы қазақта жан, рух жоқ болса — онда менің жаным неге ауырады?

Сен сұрамашы... Мен — айтайын: сиам егізіндей бір басы қазаққа, бір басы айдалаға қарайтын құбыжық ұрпақ келді дүниеге. Біздің осы трагедиямыз өзгелерге — ермек. Әлем осы құбыжықты қызықтауда. Шақшадай басы әуелден екі бөлек міскіннің басқа ортақ мүшелерін бөлшектеп, тәжірибе жасап көріп жатыр. Суық қол, ендігі, қолқа-жүректі аралап кетті. Енді жүрегін пәршелеп, жанынан айырмақ. Жүрегі — бір екенін сезінбейтін, соры сорпадай болған екі бейшара бас өзара айтысады. Бірі айтады: **сен ұлтсызсың, орыс пен еуропаның көзі қысық суррогатысың, сен — абстракция, сен — ешкім емес. Екіншісі айтады: сенің тілін ештеңеге жарамайды, сенде әдебиет те жоқ (болмаған да!), мәдениетін, тарихтың — бәрі күмәнді... Жұт — жеті ағайынды. Бұл бақытсыздық аз болғандай екеуінің арасынан және бір бас өсіп шықты. Нағыз екіжүздінің өзі! Оң иығына бұрылса — «қазағым» деп көлгірсиді, сол иығына қисайса — басқа сайтандарының табанын жалауға әзір... Сондай бір кәззәп бас!**

«Мәңгірт» бас өз ұлтын, мәдениетін менсінбейтінін, жатырқайтынын жасырмайды. Ал, мына, әзәзіл жасырады. Тіпті, өзінен де жасырады. Тек қылығы ғана әшкерелейді. Осы бас — ең жиіркеніштісі. Қазақтың жаны мен рухына түскен батпан қара күйеңіз — сол.

Мен көп ағаларыма қызығамын. Қай заманға да тез күйлейді, сызатсыз сіңеді. «Капитал» мен «Құранның» арасын екі-ақ аттайды. Екі дүниенің басын иілтпін, даналықпен тең ұстайды: садақ қып тартып жамбы атса да, қияқ етіп қобыз шалса да — соның қаруы. Және міндетті түрде жүлде алады... Қызығамын. Бірақ, түсінемін: бұл — жанның ерлігі, рухтың мықтылығынан емес. Ішкі темірқазықтың жоқтығынан. Олар күнбағыстың басы сияқты: төбесінен қандай күн шықса да, бәрібір — қашан батқанға дейінгі жолын қалт етпей қайталайды. Олар балауыз сияқты — отты қай жағына жақындатсаң, сол жағына қарай майысып, тамшылай береді.

Қазіргі қазақтарды... аяймын... Адамзат өркениеті «қол жеткізген» барша былықшылық, настық пен боқтықты жуынды төккендей солардың басына лақ еткізді. Жалтара алмай, жабырқап тұр... «Майыса» алмай, күйіп барады... Арғы жағаға өтіп үлгергендер де бар, әрине... Жолдары болсын! Бірақ, көбі күйіп кетті.

Жанымыздың жартысы күйіп кетті!

Феникс құстың күлі болғай едік...

Тұрсынжан ШАПАЙ



Ақжол ҚАЛШАБЕК,
сыншы

Модернизм – 20 ғасырда пайда болған өнер түрі. Ол тек әдебиет емес, сондай-ақ: кино, театр, музыка, скульптура, живопись, дизайн, сәулет өнеріне тиесілі (*Біз модернизмді негізінен әдебиетке қатысты тұрғыдан қарастырамыз*). Модернизм – 20 ғасырда қатты білініп, қатты сәнге айналған өнер. Бірақ, бұл жұрттың бәрі соны құптаған, яки, ең дұрыс, озық өнер осы екен дегенді білдірмейді. Осы жағын дұрыстап ажыратып алған дұрыс. Ол үшін азын-аулақ тарихқа көз жүгіртеік.

Модернизмнің шыққан бұлақ көзі - Еуропа. Яғни, соның қазанында қайнаған ас-ауқат. Еуропалық өнім мәдениеті. Еуропа мәдениеті қайдан шыққан? Ол аспаннан түскен жоқ. Еуропа мәдениетінің басы - грек (юнан) һәм рим (рұм) мәдениеті. Грек-рим мәдениетінің кейбір ерекшеліктері мынадай болған: Бірінші, материализм танымын ұстану; екінші, комфортқа қатты құмарлық; үшінші, денеге табыну (денені рухани өмірден жоғары қою. Сұлу дене- гректер үшін ең биік идеал болған); төртінші, аста төк дастархан, той-томалақ, сауық-сайранға құмарлық, мейрамшылдық (олардың кеңес кезіндегідей жыл он екі ай календары мейрамға, даталы күндерге толы болған).

1. Трансцендентальды ақиқатты мойындамау ақыл, сана, танымнан тыс нәрселерді, мысалы: Құдайды ойлап бас қатырмау. Олардың Құдайды бүтіндей жоқ демесе де, ол туралы түсініктері тым күңгірт болған. Құдай дүниені жаратады, басқарады деген нәрселер ойларына кіріп шықпаған. Әйтеуір адамнан сәл артықшылығы бар *Белсенді Сана (Активный Разум)* деген құдай іспеттес бірдеңе болады деп пайымдаған.

Қорыта айтқанда олардың мәдениеті

МОДЕРНИЗМ МӘНІ

рационализмге сүйенген һәм **эклeктикалық (құранды)** боп келеді. Негізгі философиялық ұстанымдары – **эпикуришілдік**, яғни, ішіп-жеп, ойнап-күліп, нәпсі қалауымен рахаттанып **сибарит (жылы-жұмсақ, жайлы өмірді ұнататын тұлға)** боп өмір сүру. Олар өмір сүруді - той тойлау деп түсінген. Олардың негізгі қалаулары: алтын-күміс әшекейлер, қымбат бағалы заттар, сұлу әйелдер, қызылды-жасылды торқа киімдер, салтанатты астаулары бар моншалар, арақ-шарап ішу, аңға шығу, **философиямен айналысу**, театр һәм гладиаторлар ойынын тамашалау т.б. Грек һәм Рим империялары негізінен еңбекпен емес, өзге елдерді жаулап, басып алумен дамып отырған. Сондықтан олар өздерінің рахат өмірлерінің бірден-бір көзі ретінде әскери күшті құдайдан кемге баламаған. Осы империялардың шат-шадыман өмірінің қалай біткені тарихтан белгілі.

Төртінші ғасырдан бастап император **Константин** кезінен (б.э. 306 ж.) Еуропа жеріне христиандық діні енді. Еуропа өзгеріске түсті. Ол біртұтас христиандық әлемге айналды. Христиандық әлем ақиқат дінмен шөлі қанғанша сусындаған жоқ. Христиандық дін о баста көпқұдайшылдықпен шатасты. **Дінде жоқ монахтық пен шіркеу институттары, яғни, діни каста пайда болды. Інжіл (Библия) адам қолымен өзгертіліп, оның әр түрлі варианттары көбейді. Осының бәрі христиандық діннің қожырауына әкелді. Орта ғасырларда пайда болған ғылыми жаңалықтарға өзгеріске ұшыраған Інжіл сәйкес келмеді. Сөтіп христиандық дін мен жаратылыстану ғылымы қайшылыққа, артынан текетіреске түсті. Содан ғылымның, ақыл-ойдың дінге қарсы дұшпандық көтерілісі пайда болды. Қайта өрлеу, қайта тірілу немесе қайта ояну дәуірі (эпоха возрождения, ренессанс) дегендер осы кезде пайда болды. Қайта ояну батыс үшін шала діни ұйқыдан рационализмге қайта ояну болды. Сөтіп дінсіз, құдайсыз өркениетке жол ашылды. Өйткені, христиандық**

дін мен ғылымның теке тіресінен батыстықтар ғылым дамуы үшін міндетті түрде дін жойылуы керек деген тарихи қате қорытынды шығарды (*Обскурантизм – білімге, ғылымға қарсылық*) Содан қайта ояну, яғни, баяғы грек хәм римдік қоғамға жаңа ғылыми табыстармен Еуропаның қайта оралуы жүзеге асты. Қайта ұйқыдан оянған Еуропаның діні – **гедонизм** (*рахатқа батып өмір сүру, бұл-дағы сол эпикуризмнің өзі*) болды. Білгірлердің айтуынша, олардың шіркеулері: ірі зауыттар, кинотеатрлар, химиялық лабораториялар, түнгі клубтар, гидро электрстанциялар, ал, поптары: банкирлер, инженерлер, кино, эстрада хәм спорт жұлдыздары, өндіріс алпауыттары, қаржы магнаттары болды (*Грек, рим мәдениеттері жайлы мәліметтер Леки, Хаас, Дрэпер* сынды ғалымдардан алынды). Яғни, екі дүниежүзілік соғыстың ошағы болған, біртекті жыныстық қатынасты заңдастырған, пайызға негізделген экономикасы бар еуропаның бұрынғы хәм қазіргі хәлі бізге аян. Еуропа – созылмалы ауыр дертке ұшыраған өркениет. Модернизм – осы өркениет тудырған өнер түрі. Яғни, біз аса қызығатын да, қатты қызғанатын да өнер емес. **Модернизмнің түрткісі - философия.** Еуропалықтар да бар өнердің түрткісі хәм ашытқысы ол философия болады. Өйткені, оларда дін жоқ (*В Европе преобладает философское стремление, в Азии религиозное. Дрэпер*). Сондықтан, дін түрткі, яки, ашытқы бола алмайды. Модернизмге түрткі болған философияның аты – **иррационализм** (*ақылға қонымсыздық*). Қайта өрлеу дәуірінің түрткісі – **рационализм** (*ақылға қонымдылық*) болса, модернизмнің түрткісі – **иррационализм** болды. 15 ғасырдан рационализмге қатты ден қойған еуропа неге 19 ғасырдан бастап иррационализмге көшті? Өйткені, олар Құдай дәрежесіне жеткізген ақыл шын мәнінде өте керемет нәрсе болғанмен шектеулі ғана дүние-тін. Арада 3-4 ғасыр өткенде ақылды әбден сауған Еуропа оның шектеулілігін, әлсіздігін, бір ғана ақылмен, мына, жаратылыс дүниені танып біле алмасына көздері жеткен кезде қатты торықты. **Рас, Еуропа ақылмен Эйфел мұнарасын соқты, бумен жүретін паровоз, радио ойлап тапты. Сәл кейінірек ғарышқа ұшты, интернетті ойлап тауып, адам мүшелерін ауыстырып салуды меңгерді... Бірақ, бір нәрсені түсінбей-ақ қойды. Осының бәрі не үшін? Адам не**

үшін өмір сүреді? Өмір деген не? Өлім деген не? Бұған өнер де, ғылым да жауап бере алмады (*Яғни адам аспанда ұшуды үйренгенмен, жерде қалай жүруді білмей-ақ қойды*). Осы торығудан иррационализм пайда болды. Оның айтуынша: ақыл деген шынында қолынан түк келмейтін бейшара бір пақыр екен. Әйтпесе, жаратылыс дүниенің, адамның не екенін түсіндіріп бермей ме? Сөйтіп артынан, мынадай, қорытындыға келді: **әлем деген ешқандай заңдылық, ретгілік, қандай да бір жүйе атаулы жоқ, бей-берекет сапырылысқан бір нәрсе. Яғни, ХАОС! Адам өмірі мағынасыз нәрсе. Абсурд. Олар осылай әлемнен** (*айдалада ақ отау, аузы, мұрны жоқ отау*) **бір соқыр күшті іздеп тапты. Сөйтіп, ақылға жүгінген логикалық ойдан ештеңе шықпасын білген соң, ақиқатты түйсікке, (интуицияға) сүйенген логикасыз, бей-берекет ойлардан, сезімдерден іздеді. Яғни, бей-берекет дүниені, бей-берекет ойлар, сезімдер арқылы тануға болады деп шешті. Содан адам бойындағы хәм ойындағы құжынаған, бытысқан ойлар мен сезімдерді іріктемей, жүйелемей, қайта сол таз қалпында шашауын шығармай қағазға түсірсе – адам өмірінің болмысын, ақиқатын ашып көрсететін нағыз өнер түрі сол десті. Людвиг Бьерн деген 1923 жылы «Искусство стать в три дня оригинальным писателем» деген мақаласында былай дейді: «Возьмите лист бумаги и записывайте три дня подряд без фальши и лживости все, что вам придет в голову. Пишите все, о Гете, о криминальном процессе Фукса, о дне великого суда, о ваших начальниках – и по прошествии трех дней вы будете страшно поражены и удивлены своими новыми невероятными мыслями. Вот оно искусство стать в три дня оригинальным писателем!». Өткен ғасырда жұрттың бәрін шулатып жүрген *impression* немесе **психоаналитикалық техника** деген осы. Профессор Е.Ысмайлов модернизм туралы: «Бұлар реалды өмірді танымайды, бұларға негізгі объект, негізгі тақырып қайғы, мистикалы қиял, сезім, ой дүниесі. Бүкіл әлемнің шындығын жеке адамның ойына әкеліп сыйғызбақ болады. Бұлар философиядағы синопсизмге, дүниеде «мен» ғана бармын, қалғанның бәрі, басқа адамдар да сезімнің жемісі, «мен» менің себепсіз сезім – бұл шындық өмір дегенге келіп**

қолын береді. Өмірді ойымызда бұзып, жасап ала береміз деген силонизмнің теориясы Вайлдтің «искусство өмірді өзі жасайды» деген пікірімен қабысып жатады» – дейді.

Яғни, дүниеде менен басқа ешкім жоқ, тек мен бармын дейтін, көзіне ешкім көрінбейтін, барды жоқ дейтін, жоқты бар дейтін тәкәппәр философия. Пруст нағыз болмыс сыртқы дүние емес, адам ішіндегі психологиялық сезім әлемі (қалпы) деп есептеген. Яғни, бұлар адам рухы мен денесін және сыртқы жаратылыс дүниенің әр қайсысын өз орнына қоя алмай шатасқан ғой. Олар адам миындағы құжынаған ойлармен қатар галлюцинация (елес), түс, инстинкт, неше түрлі сандырақтарды да (жүйке ауруына ұшыраған адамдардың сандырақтарын да қосып) том-том кітап қылып жаза бастады. Ең оңай нәрсе. Ойлану да, толғану да керек емес. Мағына да керек емес. Өйткені, әлемнің өзі мағынасыз боп шықты ғой. Мағынасыз һәм шексіз әлемде анау болады, мынау болмайды деп шектеліп, қысылудың да қажеттігі жоқ. Ұят-аят деген де керексіз нәрсе, осы уақытқа дейін адамды тұсап, кібіртіктегіп келген деп лепірісті. Өнер де осы еркін дүниені, еркіндікпен бере біліп, оның да көп негізсіз қысымшылықтардан босануы керек. Мысалы, көркем шығармаларда идея, тақырып болу керек деген нәрсені қойып, сюжет құрып әуре болу ескіліктің сарқыншағы десті. Сөздерді, олардың бостандығын шектейтін грамматика, пунктуация деген ережелер қамауынан босату керек. Үтірсіз, нүктесіз шығармалар жазбасақ болмайды. Керек болса, адамдардың осы уақытқа дейін қолданылып келген сөздері де ескірді, енді жана, ешкім түсінбейтін ақылға қонымсыз тіл (заумный язык) ойлап табу керек десті, тағы. Яғни, білгенінді істе. Нағыз бостандық деген, міне, осы. Ақиқатында нағыз бостандыққа жету үшін адам өзіндегі артық жүктің бәрін тәрк ету керек. Мысалы, отбасын, малын, дінін, сезімін, ақылын... Сонда не қалады? Қалатын нәрсе көп. Қайта ең пайдалы, ең керекті нәрселер ғана қалады екен: дене, тамақ (тәбетімен бірге), секс, билік, ақша, камфорт... Міне, модернизм деген сиқырлы өнердің бар ішкі сарайы осы! Бейберекет ойларды қағазға түсірушінің басы – француз жазушысы М.Пруст бол-

ды. Оқиғасыз, идеясыз роман жазушы. Ойына келгенді жіпке тізіп түрте бересің. «Ой ағымы» (орысша «потока сознания») деген керемет әдіс осы. Ағылшын жазушысы Д.Джойстың «ой ағымы» әдісі Прустан да күрделі болды. Ол өңін қойып, кейін шым-шытырық түсін жазумен айналысты. Оның өзін түсініксіз, шифрлы тілмен жазды. Бұлардан бек көп үлгі алған, абсурд жазушысы А.Камю: дүниеден еш тірек, түйірдей мағына таппаған адам жаны қысылып, шыдамаған соң төңкеріс жасаумен шерін тарқатады деген ойын таратты (*Экзистенциализм деген «әдемі» философия осы*). Несі ой? Оның айтуынша II Александр патшаны, ұлы князь Сергейді, ішкі істер министрі Плевені т.б өлтірген орыс терроршылары: И.Гриневицки, Сазонов, Каляев, Желябов, Перовскаялар да ішкі шерін тарқатушылар екен. «Сизиф туралы миф»-ті жазған Камюдің Ф.Достоевскиді оқи бергенше Л.Толстойдың «Арылу» (*Исповедь*) атты шығармасын оқымағаны өкінішті-ақ. Бәлкім оқыса да түсінбеген болар. Бұларға философиялық демеуші - Ницше. Ницше әлемнің хаосқа түсуіне көп үлес қосқан философ. Ол «Құдай өлді» дей келіп, оның орнына адамның өзі құдай болуы керек деген. Оның философиясынан шыққан адам – құдайдың бірі (сверхчеловек) – Гитлер. Гитлердің қандай құдай болғанын әлем біледі.

Жалпы, модернизмнің саласы көп, әралуанды. Бірақ, түбірі бір. Декаденттік дей ме, авангарт дей ме бәрінің жүрер соқпағы бір. Авангарттық өнердің бір түрі – футуризм. Бұл ағым да шектен шығудың бір нобайы. Махаббаттың орнына машинаны қояды. Нағыз өлең ақын жыры емес, машина моторының гүрілі дейді. Соғысты әлемнің тазартқыш құралы ретінде қарап, фашизмді дәріптеген. Өткеннің бәрін қиратуды ұсынады (нигилизм). Сезімнен гөрі рухсыз қара күшті (бұлшық ет, энергия, мотор, соғыс т.б.) жырлайды. Олар: «Жар, исходящий от куска дерева или железа, нас волнует больше, чем улыбка и слезы женщины» (*Марионетти*), – дейді. Декаденттік деген үміті үзілген, көңілі торыққан бүкіл әлемге қапа, дұшпан бейшара жан іші. Оның бір мысалы жоғарыдағы - абсурдтық. Басы - модернизм, аяғы - тобырлық мәдениет (*парнография, детектив, рок-музыка т.б*). Пролеткультте модернизмнің бір түрі. Модернизм – былғаныш, пролеткульт – керемет деген

заман өткен. Ақиқатында екеуі бір нәрсе. Мысалы, Ницшенің **валюнтаризмі** мен **Маркстің пролетариат диктатурасы** ұқсас нәрселер. Екеуі де адам жаратылысына қайшы ағымдар. Модернистердің көбісінің социализм сойылын соғып кеткені содан, Мысалы, футурист **Маяковский, эспрессионист Бехер** кейін социализм жаршысына айналғандар. **Гитлер, Сталин, Муссолини - бұлар саяси модернистер.** Ницше шапанынан - Гитлер, Маркс шапанынан - Сталин саяси аренаға шықса, Пруст, Маринетти, **Хлебников, Маяковскийлер** әдебиет аренасына шыққан. (*Суретшілерден Пикассо, Тулуз Лотрек, Кандински, Малевич т.б. сындылар толып жатыр*). Яғни, **Декарттан** басталған ертегі-философия **Дарвин мен Фрейдтің** «қырық өтірігімен» (*Тазша бала бұл жерде жіп есе алмай қалады*) қосылып, одан әрі Прустардың, **сюрреалистердің**, футуристердің, пролеткультшылардың т.б. көркем фантазиясымен өрнектеліп, Гитлер мен Сталиннің сойқанымен бітеді. Міне, бары осы. Ақиқатында бітпейді, әлі күнге жалғасын таба береді. 60-жылдары Америка мен Еуропада пайда болған «**Хиппи**» атты жастар қозғалысының көсемдері **Герберт Маркузе мен Джерри Рабин** сындылар болған. Д. Рабин өзінің бір кітабында: «**Мы смешаем молодость, музыку, секс, наркотик и дух бунтарства с предательством, а такое сочетание трудно побить**» деген. Бұл қозғалыс осындай айла-тәсілдермен батыста «**Жыныстық төңкеріс**» (*сексуальная революция*) жасаған. Яғни, адамдарды жануарлар құсап ашық, еркін, коллективтік, жабайы түрде жыныстық қатынас жасауға шақырған һәм өздері соны жүзеге асырған. Ар-ұят, ождан, сенім дегеннің, яғни, адамшылықтың бар шекарасынан аттаған.

Модернист Маяковскийден бір тармақ үзінді:

Лысый фонарь сладострастно снимает с улицы черный чулок.

Осы бір жолда қарап отырсақ жаңағы біз айтқан: **иррационализм де, модернизм де, авангарт та, сюрреализм де, футуризм де, пролеткульт та, абсурт та т.б.** бәрі бар... Яғни, адам миына қонбайтын қойырпақтың Авангарт Давид **Бурлюктың** рабайсыз образдарына қарайық:

Душа – **кабак**, а небо – **рвань**, /Поэзия - истрепанная девка, / А красота - кощунственная дрянь... Небо - труп, не больше!// Звезды – черви – пьяным туманом.

Орыс футурисі **А.Крученыхтың «заумь»** тілімен жазған жырлары:

Дыр буль щыль
убещур
скуп
Вы со бу
р л эз

Фрот фрон ыт
Не спорю влюблен
Черный язык
То было и у диких племен

Та са мае
Ха ра бау
Саем сию дуб
радуб мола
аль
(Үш өлең де 1913 жылы жазылған)
Ал, түсініп көріңіз...

Асылында академик **З.Қабдолов:** «..кертартпа ағымдар бүкіл әлемдік әдеби дамудың кезең-кезеңдерінде көптен-көп: әдебиеттегі мазмұн дегенді біржола ұмытып, жалаң пішінді ғана қуалаған жат сарынды **формализм**, оның асқынған түрі – **абстракционизм**, бұлардың «бел балалары» – әсіресе қызыл **экспрессионизм**, бет алды лаққан **футуризм**, дара-шыл, күйрек **импрессионизм**, күңіренген **символизм**, діни-мистикалық **акмеизм**, қылтың-сылтың трюкке толы **имажинизм**, күллі кертартпа ағым атаулының бүгінгі буржуазиялық өнердегі қырық құрау қосындысы – өңі айналдырылып, қайта тысталған түрі – **модернизм...**» – деп дұрыс айтқан. Біз де соған бек қосыламыз.

P.S. Модернизм мәніне қосымша:

В.Хлебников: Бобэоби пелись губы;
А.Крученых: Дыр буль щыл (убещур) скуп; **Қиясбай:** Айдалада ақ қасқыр опак-сопак, Ақ сиырдан туады жирен айғыр, Аспанда ителгі құс пішен жейді; «пролеткультші» **Маяковский:** Я меряю по коммуне стихов сорта; **R.S. «Шолпан» Дарвинді** мақтайды. Л.Толстойдың «Воскресение» атты романының кейіпкері, төңкерісшіл **Набатов** «тезектің бидай дәніне, бидай дәнінің тауыққа, итбалықтың құрбақаға, құрттың көбелекке, жаңғақтың еменге айналатынына» сенген, бұндайға тек сюрреалистер мен **футуристер** ғана сенеді.



Гүлзия ПІРӘЛІ,
әдебиеттанушы, филология
ғылымдарының докторы

Әдебиеттанушы Қансейіт Әбдезұлының «Төкен Әлімқұлов және қазақ прозасы» (Алматы: «Арыс», 2006.-174 бет.), «Тарих және тағдыр» (Алматы. «Қазығұрт», 2004.-208 бет), «Жазушы және заман шындығы» (Алматы: Қазақ университеті, 2003.-185 бет), «Таным көкжиегі» (Алматы: Қазақ университеті, 2007.-270 бет), т.б. зерттеулеріндегі тарихи тұлғалар тағдыры және олардың әдеби шығармаларындағы көркемдік жинақтау, көркемдік шешім, суреткерлік шеберлік, кәсіби тәжірибелердің тарихи тағлымы, т.б. сынды әдебиеттану ғылымының категориялары М.Әуезовтің шығармашылығымен байланыстырыла зерттеледі. **Қазақ қаламгерлерінің М.Әуезовтен үлгі алмаған, оны ұстаз тұтпаған, одан тәжірибе жинақтамаған, оның шеберлік мектебінен өтпегендері жоқ десек өтірік айтпаған болар едік. Қазақ көркем прозасының негізін қалап, оның көркемдігі мен эстетикалық құндылығын әлемдік деңгейге жеткізген, үлкен шеберлік мектебі міндетін атқарған ұлы суреткер М.Әуезовтің шығармашылық мұрасы қай кезеңде де өзінің рухани қажеттілігін тудыратын, ұлттық сөз өнерінің байлығы мен әсемдігіне тәнті талай ұрпақты тәрбиелейтін аса құнды рухани қазына.** Әсіресе, қолына қалам ұстаған қаламгерлердің ең әуелі М.Әуезовтен нәр алып, сөз түзеулері, оның шеберлік мектебінен өтуі табиғи заңды.

Әдебиеттанушы, тәкектанушы Қ.Әбдезұлының аталған еңбектерінде М.Әуезов шығармашылығы қазақ әдебиеттануындағы дәстүр мен жаңашылдық категориялары арқылы айшықталып, арнайы зерттелуі де осы сипатта жүргізілген. XX ғасыр басындағы көркем прозаның көшбасшысы саналған М.Әуезов туындылары қазақ көркем сөзінің көкжиегін кеңейтіп, кәсіби деңгейі мен шеберлік өресін өсіруге қосқан үлесін қазіргі ұлт әдебиетінің ұланғайыр табысымен, жеткен жетістігімен бағалауға болады. Көрнекті жа-

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫ және ӘУЕЗОВ ДӘСТҮРІ

зушы Төкен Әлімқұловтың шығармаларынан бастап, бүгінгі жас толқынға дейінгі прозашылардың туындыларынан М.Әуезов стилінің, тілінің, баяндау тәсілдерінің, сөйлеу машығының мәнерін байқауға ұмтылушылық Қ.Әбдезұлының зерттеулерінің құндылығын арттырмаса кемітпейді. **Мәселен, «Дәстүр сабақтастығы», «М.Әуезов пен Ш. Айтматов прозасының дәстүрлі арналары және қазақ әдебиеті» («Жазушы және заман шындығы» кітабындағы) және «М.Әуезовтің суреткерлік дәстүрі және «Ақ боз үй» трилогиясындағы замана шындығы» («Таным көкжиегі» жинағындағы), «Заман шындығы және көркемдік шешім» («Әдебиет және өнер» монографиясындағы) атты мақалаларындағы қазақ әдебиетіндегі М.Әуезов дәстүрі мен кейінгі толқын жастардағы жаңашылдық категориялары әдебиеттанудағы тұрақты сабақтастықта қарастырылатын тақырыптар.**

XX ғасыр басындағы қазақ көркем прозасының көшбасшылары Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, т.б. сынды сирек кездесетін талантты топтың шығармалары ұлттық рухани мұрамыздың алтын қорына қосылғанын айта келіп, әдебиеттанушы ғалым Қ.Әбдезұлы: **«Бұл туындылар енді ұлтымыздың мәңгі рухани құндылықтары санатында кейінгі толқын қаламгерлерге суреткерлік шеберліктің, жазушылық талап пен талғамның айнымас өлшеміндей жарқырап тұра беретіндігінде дау жоқ. Ал, енді, осындай құнды көркем туындыларды дүниеге келтірген құнарлы орта, әдеби дәстүр қазақ прозасының 60-80 жылдардағы кезеңіне де өз әсерін тигізді. Әсіресе, тарихи кезеңдер шындығын, айтулы өнер адамдарының өмір-тағдырын арқау еткен прозалық шығармалар оқырман назарына көбірек ілікті»,** – деп баға береді («Жазушы және заман шындығы» 17 б). Шығармашылық тұлғалар туралы туындылардың көбеюі әдебиеттің көркемдік, танымдық, философиялық, психологиялық тұрғыдан дамып, өресінің өскендігін, күрделі тілдік, стильдік, ерекшеліктерді қажет ететін

құбылыс. Өткен ғасырдың 60 жылдары әдебиетке келген тегеурінді толқынның М.Әуезовтің шекпенінен шыққанын, ал, оның толқындары, яғни XX ғасыр басындағы көшбастаушылардың тамыры көне әдеби жәдігерлерден өріс алғаны ақиқат. Міне, осынау ұлы мұраттар жолындағы ұрпақтар сабақтастығын жаңа сипатта талдаған әдебиеттанушы Қ.Әбдешұлы өзінің ғылыми пікірін М.Әуезов дәстүрімен байланысырып, дамытып отырады.

Тәкен Әлімқұловтың шығармашылығын өзінің ғылыми тақырыбына айналдырып, жүйелі зерттеуді кәсіби ұстанымы еткен ғалым қай зерттеуде де қазақ әдебиетіндегі М.Әуезов дәстүрін шеберліктің шыңы дәрежесінде бағалап, тәңтілік танытып отыратыны қуанарлық құбылыс. Әсіресе, күй табиғаты мен күйші тағдырына әуелден әуес болып, шығармашылық тұлғалар туралы тәңтілікпен жазатын талантты суреткер Тәкен Әлімқұловтің өзінің ұстазы әрі әріптес, талай рет сапарлас, серіктес болған сырлас шәкірті ретінде Мұхтар Әуезовтей шығармашылық тұлғалар тағдырын тандап, сол жолда жанкештілікпен ізденуде де ұлы ұстазымен тағдырлас болғаны белгілі. Әрідесе тағдыры қиын, табиғаты күрделі, ішкі рухани болмысы бөтен, жұмбақ жандар болып келетін киелі өнер иелерінің жан дүниесін ашу, олардың өнердегі өресіне жетіп, зерделеу де зейіні зерек сирек кездесер тума таланттарға ғана бұйырар бақ болса керек. Т.Әлімқұлов та ұстазынан тым ұзап кетпесе де жете ғабыл, өзінше өрнек тоқып, ерекше көзге түскен, бойындағы тума таланты мен табанды талпынысы арқылы әлемдік классикалық әдеби мұралармен мейлінше таныс, өте білімдар, айтары жоқ асқан талантты қаламгер-тің. Сондықтан да, ол ұлы суреткерге көп сапарында серік болу бақытына ие болды, сырлас, шығармашылықта тағдырлас, пікірлес болды. Бұл жөнінде ұзақ жылдар бойы зерттеу жүргізіп келе жатқан әдебиеттанушы ғалым Қ.Әбдешұлы: «Алдымен, Тәкеннің бүкіл туындыларын түгелдей қамтып, қорытып отырып қарасақ, жазушының Мұхтар Әуезов шығармаларының тіліне, композициялық құрылысына, көркемдік амал-тәсіліне, суреткерлік стиліне терең ден қойғаны бірден аңғарылады. Бұл ерекшелік, әрине, өзінен-өзі келе қойған жоқ, жанында дос іні, шәкірт іні ретінде жай жүрген жоқ, іні болып, шәкірт болып үйренумен, оқумен, тоқумен жүрді. Ұлы Мұханның шығармаларынан қара танып, сауат ашқан кезден бастап нәр алды, буыны

бекіп, оңы мен солын танып, жазушы атанған тұста да Әуезовтен үйренуді, шеберлік шындауды бір сәтке де тоқтатқан жоқ», – дейді (20 б).

Тәкентанушы ғалым Т.Әлімқұловтің барлық жазбаларында, әдеби-сын мақалаларында, атақты «Жұмбақ жан» зерттеуінде де, тіпті, барлық көркем прозасындағы күйші-кейіпкерлерінің күрделі табиғаты мен шығармашылық зертханаларының тылсым сырларын, құпия қатпарларын, олардың шабытты шақтары мен тоқырау тұсындағы толғағы терең ішкі жан иірімдерін зерттеудегі ізденістерінде де М.Әуезовтің көркемдік дәстүр мектебінің ізі сайрап жатқанын осы саланы терең меңгерген моральдық құқығы бар кәнігі кәсіби маман ретінде анықтап береді. Тіршілік пен творчество да да тығыз бірлікте, ынтымақтастықта еңбек еткен екі шығармашылық тұлғаны, әсіресе, М.Әуезовтің 1961 жылы Оңтүстік сапары ерекше табыстырып, етене таныстырған-ды. Осы сапардың қазыналы олжасы – Әуезовтің Әлімқұловқа еткен әсері, соның нәтижесінде бұрындары арнайы көңіл бөлініп, киелі күй өнері иелерінің тағдыры мен талантының тылсым табиғаты туралы тұңғыш жазылған туындылардың тұсауы кесілуі және қазақ әдебиетінде Тәкендей дара тұлғаның танылуы еді.

1961 жылы М.Әуезовтің Т.Әлімқұловті ертіп Оңтүстік өңірін, оның ішінде Тәкеннің туған жері – Созақ ауданын, оның қара шаңырағында болып, үлкен анасының қолынан дәм татуы, т.б. секілді жан тебіренерлік сәттердің Патсайым Пәрімбекованың (Тәкеннің қарындасы) естелігінде әсерлі баяндалатынына тоқтала келіп, ғалым Қ.Әбдешұлы: «Тәкеннің шеберлік мектебінің қайнар бастауы ұлы Мұханның суреткерлік табиғатымен, қаламгерлік болмысымен сабақтас, тамырлас десек қателеспейміз. Осы әсер-ықпалының бір ғана арнасы Тәкен әңгімелеріндегі табиғат көріністерінің бейнелену ерекшелігінен, осындағы жазушы қолданған көркемдік әдіс-тәсілдерінен анық аңғарылады», – дейді (21 б).

Қос қаламгердің шығармашылық қабілетін қатарластыра қарастырып, олар қолданған әдеби бейнелеу құралдарының көркемдік қызметіне, олардың кейіпкерлердің ішкі иірімдерін зерттеудегі рөліне арнайы тоқталған әдебиеттанушы: «Күйдің, әннің, өлеңнің өмірге келу сыры құпиясы қаламгердің ақиық ақын Махамбет туралы «Қараой», әйгілі қобызшы Ықылас туралы «Қара қобыз» әңгімелерінде, сұңғыла күйші Сейтек туралы «Сейтек са-

рын» повесінде әсерлі баяндалады», – деп суреткерлік шеберлік сырын, оған әсер еткен М.Әуезовтің көркемдік дәстүр мектебінің тағлымына тәнтілік танытады (23 б).

Мұндай мазмұндағы талдау Қ.Әбдешұлының өзге де зерттеулеріне тән. Айталық, «Жазушы және заман шындығы» еңбегіндегі «Қазақ сөзінің хас шебері» атты мақаласында М.Әуезов пен оның сүйікті шәкірттерінің бірі, көрнекті әдебиеттанушы, теоретик ғалым, ҚР ҰҒА-ның академигі Зейнолла Қабдоловтың шығармашылығы, ұлттық көркем проза саласындағы ұлы суреткердің сара жолы мен дәстүр тағлымы, оны 1960 жылдары қазақ әдебиетіне келген талантты толқынның жарасымды жалғастырып кетуі, профессионалды прозаның интеллектуалды деңгейін көтеріп, әлемдік дәрежеде танылған рухани әлеуетіміздің әуелден-ақ М.Әуезов арқылы танылып, ажарланғанын айрықша атап өтеді. Өзінің сөз өнеріндегі алғашқы талпынысын көркем прозадан бастаған жазушы-академик З.Қабдоловтың өз ұстазы М.Әуезовтің қаламгерлік шеберлігінен көп тағлым алғанын, оның қайталанбас қолтаңбасын өзінше өрнектеп, жаңаша жаңғыртуға талпынғанын зерттеуші «Жалын» және «Ұшқын» романдарын (кейін қайта өңделіп, «Біз жанбасақ...» деген атпен диалогия болған) талдау барысында байыппен талдап, нақты көркем мәтіндерден мысалдар ала отырып, дәлелдейді. М.Әуезов шығармаларынан бастау алған қазақ прозасындағы көркемдік дәстүр мен кәсіби шеберлік мәселелері З.Қабдоловтың үйрену мектебі мен қаламгерлік тәжірибе тұрғысынан сабақтастырыла зерделенеді. Өзі де шешен сөйлеуге, көркем тілмен сөз кестесін тігіп, терең біліммен толыққан ой оралымдары оқушысына орасан зор ықпал ететін З.Қабдоловтың құнарлы прозасының тамырын Қ.Әбдешұлы кемеңгер жазушы М.Әуезовтің шығармашылығынан шырамытып тауып алып отырады. Әйтсе де З.Қабдоловтың ұлттық сөз өнерінде өзіндік өрнегі, орны бар қаламгер болып қалыптасқанына былайша баға береді: «Екіншіден, кейінірек өз туындыларында Әуезов салған, Әуезов қалдырған қайталанбас көркемдік дәстүрлерді қайта жаңғыртты. Өзіндік қолтаңбамен жаңаша қайталады, суреткерлік, қаламгерлік тәжірибесінде пайдаланды. Әдебиеттегі Әуезов дәстүріне арқа сүйеген қаламгер өзі де қосқыртыс, қатпарлы, терең де тар-

тымды көркем шығармаларды жазуға осылайша әдебиетте Әуезов салған суреткерлік дәстүрдің арқасында қол жеткізді», – дейді (34 б). Ұлы ұстазының ұлағатты тағлымына ғұмыр бойы тағзым етіп өткен Ш.Айтматовтың: «...кезінде орыс әдебиетінің дамуына, өркендеуіне, құнарлануына Пушкин қалай әсер етсе, күллі Орта Азия әдебиетінің дамуына да М.Әуезовтің әсері сондай», – деп бағалағаны белгілі. Екі елмен, екі әріптес, ұстаз бен шәкірт арасындағы жарасымды жолдастық қатынас әдебиетіміздің тақырыптық, идеялық, көркемдік, стилдік, т.б. тарапынан да өзара өсіп, өркендеуіне қосқан үлесі жайлы да зерттеуші біршама барлау жасайды. М.Әуезовтің тарихи тақырып пен жеке шығармашылық тұлға тағдыры туралы толғағы тоқсан, тәсілі тың туындыларының қазақ және туысқан елдердегі тарихи романдардың қарыштап өсуіне өзек болса, өзінің өзгеше өрнегімен, бұрындары әдебиет әлемінде әңгіме болмайтын бөтен, бұзықтау (мысалы «Жәмила-сы») бедерімен таптаурын болған тақырыптарды тас жарғандай бұза-жарып келген Ш.Айтматовтың да қазақ прозасына да соншалықты әсет еткені аян.

Әдебиеттанушы Қ.Әбдешұлы М.Әуезов – Ш.Айтматов – Т.Әлімқұлов шығармашылықтарындағы байланысты, олардың арасындағы үйрену, тәжірибе алмасу, шеберлік шындау, т.б. сияқты қаламгерлер арасындағы уақыт пен кеңістікті керек етпейтін әдеби үрдістің үнемі үзіліссіз жүріп жататынын мәңгілік мәселе екендігіне мән береді (59-61 бб). Осы жинақтағы «Жазушы және заман шындығы» деген мақалада да осы мәселелер жалғасын тауып, М.Әуезовтің «Өскен өркен» романына деректер жинау, кеңестік кезеңнің жиынтық бейнесі бола алатын кейіпкерлерінің тыныс-тіршілігін зерттеу мақсатындағы тәжірибелері, оның кейінгі толқынға, Т.Әлімқұловқа әсері арнайы әңгімеленеді. Ол жөнінде ғалым: «Бүгінгі заман шындығына қалам тарту үшін жазушы қандай деңгейден табылу керектігін Әуезов тәжірибесі, Әуезов дәстүрі айқын көрсетті. Осы дәстүрге табан тіреген Т.Әлімқұлов та кеңес дәуірінің шындығын арқау еткен туындыларында адам мен қоғам, адам мен орта қатынасын әрдайым басты назарда ұстайды. Әрқилы тағдыр иелері өздерінің арман-мұңымен, қасірет-қайғысымен, қуаныш-ренішімен бой көрсетіп жатады», – дейді (116 б). Осы мақалада талданатын Т.Әлімқұловтың «Қақпақыл»

атты повесіндегі мал шаруашылығындағы қиыншылықтар, жергілікті әкімдердің қырсыздығынан шығынға ұшырауы, екі ортада тәлкекке түскен шопандар тағдыры, т.б. кеңестік кезеңдегі келеңсіз көріністер М.Әуезовтің «Өскен өркендегі» өмір шындығының көркемдік шешім табудағы тәжірибесімен тығыз бірлікте қарастырылады.

Қ.Әбдезұлының «Сыншы сарабы» деген мақаласында сыншы Сайлаубек Жұмабековтің («Сын пернесі» 1990 жылы «Жазушы») шығармашылығын талдай келе, бүгінгі мұхтартану мәселесіне орынды тоқталады: **«Әрбір әдебиетте үнемі қадағалап, қайта-қайта оралып отыруды қажет ететін кіндік мәселелер болады. Қазақ әдебиетіндегі сондай іргелі мәселенің бірі – Әуезов дәстүрі, Әуезов мұрасы. Бұл жалпы қазіргі әдебиеттану ғылымында, әсіресе, соңғы жылдар аз жазылып, аз айтылып жүрген жоқ»** (166 б). Қазақ прозасындағы М.Әуезов дәстүрі, бүгінгі мұхтартанудың зерттелуі, т.б. мәселелері Қ.Әбдезұлының қай еңбегінде болса да міндетті түрде сөз болатын, үнемі өзі назарда ұстайтын сүйікті тақырыбының бірі болса керек. Айталық, М.Әуезов дәстүрі ғалымның «Әдебиет және өнер» (Алматы: Қазақ университеті, 2002.-300 б) атты оқу құралындағы «Заман шындығы және көркемдік шешім» (220 бет), «Таным көкжиегі» (Алматы: Қазақ университеті, 2007.-270 б) еңбегіндегі «М.Әуезовтің суреткерлік дәстүрі және «Ақбоз үй» трилогиясындағы замана шындығы» деген мақалаларында да әңгіме болады. Мәселен, соңғы мақаласында: **«Әсіресе, М.Әуезов көбірек иек артқан психологиялық талдау әдісі кейінгі қазақ қаламгерлерінің шығармашылығында дәстүрлік үлгі ретінде өз жалғасын тапты»**, – дей келе осы дәстүрді әдемі жалғастырып жүрген жазушының бірі Смағұл Елубаевтың «Ақбоз үй» трилогиясындағы замана шындығын бейнелеудегі ізденістері мен кәсіби тәжірибесін М.Әуезовтің «Қилы заман» және «Қараш-Қараш оқиғасы» атты шығармаларымен байланыстыра талдайды.

Әдебиеттанушы ғалым Қансейіт Әбдезұлының қазіргі қазақ прозасы және Әуезов дәстүрі, бүгінгі мұхтартану мәселелері жөніндегі ғылыми пікірлері тәуелсіздік тұсындағы әдебиеттану ғылымында әлі де тереңдей зерттеуді талап ететін тақырып екендігін еске салады.

АНА ТІЛІ ТУРАЛЫ

* Мемлекеттік тілде ғылым дамымай, мемлекеттік тіл де дамымайды.

* Тілді аудармамен дамыта алмаймыз.

* Тіл – халықтың басты белгісі. Мемлекеттік тіл – тек мемлекеттік рәміздердің бірі ғана емес, ұлттардың, мемлекеттердің бірегей негізі.

* Бәріміз де мойындауға тиіс бір шындық бар: Жалпы адам баласы, жеке ұлттар мен ұлыстар жер бетінде қанша жасамасын, оның тілсіз көрген күні – тұл.

Әбдуәли ҚАЙДАР

* Қазақ қазақпен қазақша сөйлесін!

* Тілден артық қазына жоқ.

Тілден артық қасиет жоқ.

* Қазақстанның болашағы қазақ тілінде жатыр.

* Қазақ тілі әлі бірте-бірте мемлекеттік қызметте, экономика мен өмірдің барлық саласында басымдық танытатын болады.

* Қазақстанды мекендейтін әр түрлі ұлт өкілдерінің тіліне құрмет көрсету, олардың ана тілінде білім алып, төл мәдениетін дамытуына жағдай жасау – мемлекетіміздің маңызды стратегиялық міндеттерінің бірі.

* Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған – оның ғажайып тілі.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Алтынды басқаларға қаздырып алармыз, бірақ қазақ тілін басқалар арқылы дамыта алмаймыз. Қазақ тілін тек қазақ халқының өзі ғана мемлекеттік тіл деңгейіне жеткізе алады. Ұлттық тіліміздің – мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеруге барлық қазақ ортақ күш салуға тиіспіз деп ойлаймыз.

Нәбижан МҰҚАМЕДХАНҰЛЫ



КҮЙІНГЕНДЕ ШЫҒАДЫ-АУ АЩЫ СӨЗІҢ...

Өз басым адамдарды екіге бөлемін. Әуелгісі күрескерлік рухтағылар. Олар өз мүддесінен гөрі ел-жұртты ойлағыш, ұлтының намысын жыртуға бейім келеді. Екіншілерінің бойында бейжайлық басым, енжар, мінезсіздеу. Біздің ұлтымыз осындай ерекшелігі – «аса кеңдігі, өте қонақжайлылығы» кесірінен көресіні көрудей-ақ көрді. Сөйтіп, Ресейге «өз еркімен қосылған» үш ғасырға жуық уақытта тілі мен ділінен, дінінен айырылып, жойылып кете жаздады. Қазақ елінің қаласы да, даласы да орыстанды. Соның айрықша бір мысалы – қазақтың қаншама батырлары, қабырғалы қаламгерлерінің кіндік жұрты Жуалы өңірі. Аудан орталығы Бурноедан бастап қырыққа жуық елді мекен атауы келімсек, қабасақал «ұлы ағайындардың» аты-жөнін иеленіпті. Егер солардың ішінде ырымға ауызға алып, осы жерді қорғады, көгертті-көктетті дейтіндей бір Иванның үлгі-өнеге етерлік еңбегі сіңсе, кәне! Өкініштісі, әлгі Петров, Алексеев, Казанский, Луначарский, Некрасов, Кантемиров және басқаларының ұрпақтары қызғыштай қорғап, ұлағат етер бір ісі мен бір сөзін айта алмай ит-әуреге түскенде, біздің жомарт та пейілді азаматтарымыздың кейбірі солардың сөзін сөйлеп, шотын шауыпты. Адамды құлдық сана бір шырмаса, қиын-ақ, ол қаны мен жанына ұялай еніп, тазартуға икем бермей, тамырлап кетеді екен.

– 1990 жылы Жуалы ауданы халқының 63 пайызы қазақ болды. Сол кездегі жағдайды екшей қарағанда жақсы-ақ көрсеткіш. Бірақ, осыған қарамай, ұлт мүддесіне келгенде еңсеміз езіліп, көзімізбен жер шұқитын едік, – дейді Мырзахан Ахметов.

Әрине, өткенді айту сән емес. Сол

себепті біз де мәселенің мәнін ұғыну үшін қозғайық: тіліміз мемлекеттік мәртебе алып, жер-жерде «Қазақ тілі» қоғамы құрыла бастаған 1990 жылдың ақпан айында ауданда ұйымның 4126 мүшесі болыпты. Тұралаған тілімізді тұғырына қондыру үшін атқа мінген азаматтарға айрықша дем берген Мырзекен талай әңгімені алға тартып, бағдарлы бастамаларға ұйытқылық етеді. Өзі екі тілде жарық көретін газеттің бас редакторы. Газет үлкен күш екен, ол «Қазақ тілі» қоғамының қолға алған қай ісін де қағыс қалдырмай келесі күні-ақ жұртқа жайып жібереді. Ащы ақиқатты ашынып айтудан айылын жимайды. Сондай күндердің бірінде жарық көрген «Жаңа өмір» мен «Новая жизнь» газеттеріне: «Ағайындар-ау, біздің ертеңіміз не болады? Біз кім боламыз? Аудан ауқымындағы 22 балабақшаның бәрінде тәрбие орыс тілінде жүргізіледі. Ондағы сәбилердің 75 пайызы өзіміздің қаракөздер, – деп күйіне жазды. – Бұл деген қасірет қой! Ұлтымыздың ертеңіне балта шабу...».

«Сөз сүйектен өтеді». Іле осы мәселеге байланысты ауыл-ауыл, мектеп-мектептің бәрінде қызу талқылаулар өтті, пікірталастар ұйымдастырылды. Қолдаған, құптаған, тіпті өршелене қарсылық білдірген оқырман хаттары қаптап, телефоннан тыным кетті. Демократияның үні үстем кез емес пе, ол екі басылымда да бүкпесіз ой-пікірге барынша орын беруге тырысты. Аталы сөзге де ден қойды. Орыстардың арасында да ұятты-миятты кісілер бар боп шықты. Солардың кейбірі редакцияға әдейілеп келді. Көтерген мәселелерің жөн деп құптады. Нәтижесінде аудан орталығындағы алты балабақшаның үшеуі және ауылдық жердегілерінің жартысы бір-ақ күнде қазақ балабақшаларына айналып шыға келді.

«Е, бәрі бастамаға, ішкі ниетке байла- нысты екен ғой» деді Мырзахан. Сөйтті де мектеп мәселесін көтерді. Тағы да өткендегідей тәсілге салды. Ауданда 15 орта, 16 орталау, 4 бастауыш мектеп барын, солардың үшеуінде ғана таза қазақша оқытылатынын, он екісінде оқу-тәрбие жұмысы орысша-қазақша жүргізілетінін, 5 мектепте оқитын 20-25 орыс баласына бола аралас мектеп екенін өзі аты-жөнін жазған бас мақалаға сыналай енгізді. «Мәселен әлгіндей жағдайдың салдарынан Крупская, Пушкин, Киров, Горький атындағы орта мектептердің әрқайсысында 450-650-ге дейін ұл-қыздар қазақша оқу мүмкіндігінен айырылыпты. Әрине, со- лай болғаны балалардың емес, олардың ата-аналарының кінәсінен. Сонда бұдан кейін де осылай жалғаса бермек пе?» – деп сауалды төтелей қойғаны шымбайы- на қатты батса керек, аудандық кеңес президиумы төрағасының орынбасары Николай Иванович Ерошенко ыршып шыға келді. Жалғыз емес, жанына ауданның тұтқалы жерлерінде отырған славян тектес ниеттестерін үйіріп алған. Сөздерінің сықпыты «қиын»: «Біз кетеміз... Көшеміз, бәрімізге бала- шағамыздың болашағы қымбат», – деді. Қасына ілескен тобымен аудандық кеңес президиумының төрағасының алдына барды. Ол комсомолдан өскен, партия- да шыңдалған интернационалист емес пе, көзі алақандай болып, сол замат телефонға жармасады.

– Әй, Мырзахан, не жаздың сен? Мыналардың түрі жаман. Бұлар кетсе, халіміз не болады? – деді.

– Ағатай-ау, әлі күнге дейін осы- лардың айдауымен жүрдік қой. Тек қана ығына жығылумен келіппіз. Сендердің балаларың қазақ болудан қалды дегілері келмейді. Ойлағандары өз бастары...

– Бәрін түсінемін, Мырзахан. Өткен өтті. Біз бүгін елдің бүтіндігін ойлайық, – дейді ол кісі өзінше ақылға шақырып. Деп қана қоймай, тура сол күні орыстардың «ашуын басатын» үндеу жазып тастай- ды. «Орыс бауырлар, сендер кетпеңдер. Біз тамырын тереңге жайған қауымбыз. Жуалының тарихында, өңірдің тағдырында сендердің үлестерің мол. Сендерді ешкім қумайды» деген сөздері бар материал. «Есаға, дәл осының қажеті жоқ-ау! Бір мезет біз де мінез көрсетсек

қайтеді?» деп еді, көнбеді. Газеттің ре- дакторы Мырзахан болғанымен, иелік ететін – аудан басшылығы. Амалсыз жариялады. Бірақ содан кейін кішкене қулыққа көшті. Ұлт мүддесіне қатысты ойларды қазақ газетінде күшейтіп, мен қазақтың дейтіндердің намысын шым- шымдап қоздыруды арттырды. «Азат» пен «Невада – Семей» қозғалыстарының дүркіреп, ел басқарғандардың өздерін еріксіз илкітіріп тұрған мезеті, аудан- да да қолдаушылары жетерлік еді. Бірінің жетекшісі журналист Жамбыл Шақыбасов, екіншісін аудандық жол жөндеу мекемесі кәсіпорнының директо- ры Асқар Раев басқарады. Сол азаматтар бір күні қастарына мәслихат депутаты Жақан Қананов пен ақын Бауыржан Үсеновті ертіп әдейілеп келітті.

– Мырзеке, осылардың бабалары Жуалыға келіп, сулы-нулы жерлерімізге орнығып, қазақтарды тау-тасқа, сай- салаға қуып, құдды космосты игерген- дей – кісәпір мінез көрсетті. Жарайды, оларды сауатсыз дейік. Ал, мыналар өздерін оқыған-тоқығанбыз, өреліміз дейді. Газетінде жазудай жазып келесің. Ономастиканың қоғамдық негіздегі басшысы ретінде де әркім-ақ ұғатын деңгейде сөз айттың. Ендеше, бәрін қойып нақты әрекетке көшейік: бір түнде Алексеевка деген жазуды Көлтоғанмен ауыстырайық. Бұрынғы атауы солай емес пе? – деді сынай қарап. – Сен түк білмейтін түр таныт. Егер әлдекім шу шығарып жатса, көрерсің.

Бұл үнсіз құптады. Әлгі азаматтар ертеңінде-ақ сол ауылдың біраз кісілерін қосып алып, айтқандарын жасады. Ара- да апта өткенде Некрасовка – Ақтасты, Кантемировка – Қошқарата болып өзгерді. Олар дәл осылай, республикалық деңгейде ресми бекітілуін күтпей-ақ, ау- дан көлеміндегі 38 елді мекеннің көбінің тарихи атауын қалпына келтіріп, елдің көз, құлағын үйретіп қойды.

Айтып отырса, мектеп аттарын ауыстырудың да машақаты жетіп- артылыпты. Осы ойымызға бір дәлел, өзі туып-өскен, негізін қалаған мектеп- ке қоғам қайраткері, республикалық үлкен журналдың бас редакторы, ол аз десеніз, әйгілі А.Бектің Бауыржан Момышұлының өшпес ерлігі жөнінде жазылған «Волоколамское шоссе» повесін мөлдіретіп аударған көрнекті

қаламгер Құрманбек Сағындықовтың атын бергізе алмай пұшайман күй кешулері. «Ала ауыз болған ағайынға Киров кимас бауырларындай жақын көрінгені жанымызды қинады-ау», – дейді Мырзекең.

М.Ахметов аудандық газеттің бас редакторлығынан мәслихат хатшылығына ауысып, он екі жыл басқарды, одан соң үш жыл аудан әкімінің орынбасары болып абыройлы қызмет етті. Қай қызметте де ұлтжандылық танытты. Бүгінде Қазақтың Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университетінде баспасөз жағына жетекшілік жасайтын жауапты жұмыста.

– Алла әрқайсымызға Ахмет Байтұрсынұвтай тіліміздің ғұлама ғалымдығын, Темірбек Жүргеновтей асқан ұлтжанды мәдениет министрі болуды жазбағанымен, қиянатты көп көрген халқымыз үшін күрескер, шынайы жанашыр болу міндетін жүктеген. Осыны сезінбеген қай қазақтың да ақ сүтін берген анасының алдында адалмын деп айтуға қақысы жоқ! – дейді ақын, сазгер, публицист-жазушы Мырзахан Ахметов.

...Таяуда Мырзекеңе жаңадан ашылған «Білім» телеарнасынан бір жігіт хабарласып, «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде оқып келген жастар жөнінде хабар жасағысы келетінін, соған көмектесуін қиыла өтінеді. Өзі де күні кеше өстіп сөйлескен, теле-радио хабарын жасамаса да, газетке материал жазған. Дереву катысы бар кісілермен сөйлесіп, біразының аты-жөндерін ақ қағазға түртіп алды. Артынша ертең қалаған кезіңізде келе беріңіз деп журналист әріптесін шақырды. Өттеген-ай, шақыруын шақырып алып, ойсырай өкінгенін қалай ұмытар?.. Әлгілер «өзге тілдің бәрін біледі», алайда өз тілдеріне келгенде: «Биз казакша билмейді», – дейді. Күйіп кетті!

– Әй, мырзалар мен ханымдар, біздің болашағымыз сендерсіңдер ме? – деді тепсінген ашуын әзер іркіп. – Әй, қор болған қазағымның ұрпағы!.. Қайырымсыз кеткен қайран ақшаның обалы енді кімге дейміз?..

Оның осы сөзін естігенде менің де жүрегімді күйініш табы түйнеп-түйнеп өтті....

Талғат АЙТБАЙҰЛЫ,
публицист-жазушы

Сіз білесіз бе?

* Өзін-өзі айнадан танитын жалғыз аң – шимпанзе.

* Қолтырауынның майы жасыл түсті болады.

* Кейбір қарлығаш ұшып жүріп ұйықтайды екен.

* Төрт тізесі бар жалғыз аң – піл.

* Бегемоттар су астында туады.

* Колибри жүре алмайды.

* Шегірткенің қаны – ақ түсті.

* Шегірткелердің құлағы алдыңғы аяқтарында.

* Ұлудың тістері тамақты майдалау үшін, тілінде орналасқан.

* Иттің шынтағы бар.

* Басымен тұра алатын жалғыз аң – піл.

* Жолбарыстың жүні ғана емес, терісі де жолақ.

* Жердегі жануарлардың ішінде ең жүрегі үлкен аң – керік.

* Жердегі жануарлардың ішінде ең қан қысымы жоғары аң – керік.

* 1 долларлық купюрадан тұратын 1 миллион доллардың салмағы шамамен 1 тоннаға тең. Ал, оны бір-бірінің үстіне жинаса, биіктігі 100 метрге жуықтайды.

* Еңкеймей, тікесінен тік тұрып жүретін жалғыз құс – пингвин.

* Керіктің тілі – қап-қара.

* Мысықтың жақтары көлденең қозғалмайды.

* Жыландар қоректенбей үш жыл ұйықтай алады.

* Түнде сауылған сиыр сүті ұйықтататын дәрі сияқты әсер етеді.

* Бүйі екі жылға дейін, кенелер он жылға дейін қорексіз өмір сүре алады.

* Жарқанаттар ауада қалықтап ұшулары үшін саусақтарының арасындағы терілі жарғақтарын пайдаланады.

* Ұша алатын жалғыз сүт қоректі – жарқанат.

* Бассыз тарақан тоғыз күнге дейін өмір сүреді, содан кейін аштан өледі.

* Әлемдегі ең күшті жәндік – мүйізтұмсықты қоңыз. Ол өз салмағынан 850 есе ауыр салмақты көтере алады.

* Швецияда ит асыраушылар өз серігінің бойының ұзын-қысқалығына қарай салық төлейді.

* Құбылмалы кесірткелердің тілінің ұзындығы денесінің ұзындығымен бірдей.

* Зебра – қара жолақтары бар ақ аң.

* Құмырсқалар ешқашан ұйықтамайды.



АСЫҒЫ АЛШЫСЫНАН ТҮСКЕН АҚЫН

Қазақ халқы шынайы таланттар мен дарындарға әсте кенде болмаған. Сондай өнерімен елдің құрмет-қошеметіне бөленіп жүрген шашасына шаң жұқпас хас жүйріктің бірі – қазақ өлеңіне өз дауысы, өзіндік өрнегімен келген Бауыржан Жақыптың есімі бүгінгі жыр сүйер қауымға жақсы таныс. **Ақын поэзиясы ұлттық бояуының қанықтығымен, қазақи дәстүрден тамыртартқан көркемдігімен және ақыл мен сезім пернелерін егіз өретіндігімен ерекшеленеді.**

Бауыржан Жақып – сегіз қырлы, бір сырлы қаламгер. Ақын, ғалым, журналист, аудармашы, ұстаз, білікті басшы... Үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіріп, жұрттың бәрімен ортақ тіл табыса білетін азаматтық тұлғасын да айта кеткеніміз орынды шығар.

Ақын өзі өлеңдерінде талай мәрте жырлағанындай, Шыңғыстаудың бауырында, ұлы Абай, дана Шәкәрім, кемеңгер Әуезовтер өмір сүрген қасиетті топырақта дүниеге келді. Жастайынан Абай жырын жаттап, «Абай жолын» бойтұмардай қастерлеп өсті. Абай тұнығынан мейлінше қанып ішіп, Әуезовтың тереңіне бойлады. Ұлылардан тәлім алып, соларға қарап ой да, бой да түзеді. Бұл тағдырдың ақынның маңдайына жазған бақыты ғана емес, үлкен жауапкершілік екенін түсінді. Түсінді де, солар салған жолға түсіп, қызығы мен қиындығы қатар өрілер ақындық тағдырды тандап алды. Мен Бауыржан ағамен бір ауылда туып-өстім. Тіпті, бір шатырдың астында, ұзын бір үйдің бір жағында олар, бір жағында біз тұрдық. Есіктеріміз де екі жаққа қарай ашылатын. Қыстың кей күндері қар қалың жауса, үйіміздің төбесіне дейін басып

қалушы еді. Сонда қайсысымыз бірінші шықсақ, есіктің алдындағы қарды күреп бірімізді-біріміз сыртқа шығарып алушы едік. Қақаған қысы мен ақ түтек бораны болмаса, ынтымағы жарасқан, береке-бірлігі мол ауыл еді. Ақын «Біздің ауыл» атты өлеңінде өзінің туып-өскен ауылы туралы былайша ой толғап, жырдан шашу шашады.

*Біздің ауыл – сауықшыл, сәниіл ауыл,
Бір соқпастан кетпейтін әнші дауыл.
Қытығына тимесең қойдан жуас,
Ашуланса бишікті, қамшылы ауыл.
Шалғыда жүр шалдары шаруа
ап тәуір,
Еске аламын өткенді әр уақта бір.
Тағзым еткен айқұлақ зираттарға
Біздің ауыл – әулие, аруақты ауыл.
Әміренің әнімен оянады,
Тәттімбеттің күйіне боянады.
Алақанға салып ап сол бір ауыл,
Төлеужанның жырларын аялады.
Біздің ауыл – сол ауыл, баяғы ауыл,
Жүзін күннің нұрына шаяды ауыл.
Көк аспанға ақша бұлт бөркін атып,
Қонақ келсе, құшағын жаяды ауыл.*

Осы шағын өлеңде-ақ біздің ауылдың бар кескін-кейпі, ажар-көркі, тыныс-тірлігі керемет көрініс тапқан. Ақынның шеберлігі сонда, қауыздай нәрсенің ішіне үлкен «дәнді» сыйдыра білген... Бауыржан ағамыздың үш-төрт көйлекті ерте тоздырғаны болмаса, бір-бірімізді бала кезден білеміз. Балалық бал дәуренді бірге өткіздік. Ауыл баласына тән бүкіл қызық-шыжықты бастан кешірдік... Тау-тас кездік, қарақат, бүлдірген, жауқазын, жуа тердік, қияқ пен ши арасына жасырынып, тығылмаш ойнадық. Бұзау мен тайға мініп, талай жарыстық. Саршұнақ аулап, мойнына жіп байлап, ит сияқты жетектеп жүрген кезіміз де болды... Қазір сол сағымдай болған

балалық шақты сағынасың, ойласаң болды,
бойынды қимастық сезімдер билейді...
Ақынның «Аңсау» атты өлеңін оқығанда
ауылымызға тағы бір мәрте саяхаттап ба-
рып қайтқандай күй кешесің:

*Мен сағынып келдім
Анамның ақ құрттарын,
Даламның ақ бұлттарын,
Туған үйдің түтінін будақтаған,
Қызыл күрең жолдарды күн қақтаған.
Ағаш – хауыздарды
Жасыл желегін аспанға атқылаған,
Мөлдір бұлақтарды
Бір-бірімен жарысып, шапқылаған.
Көлдерді мөлдіреген,
Ақ жауынға таулардың жуынғанын,
Көздері жәудіреген
Қозыларын ауылдың, құлындарын.
Жұлдыздары самсаған түнгі аспанды,
Бала күннен бірге өскен құрдастарды.
Жеңгейлерді алдымнан жыр-қақпа
ашқан,
Әжсейлерді әдемі сырмақ басқан.
Қарындастарды
Қос бұрымнан қатар өрген,
Қарияларды маған сан бата берген.
Інілерді таңдайы тақылдаған,
Ағаларды сөзімді мақұлдаған.
Шық қонған жапырақты,
Киелі топырақты
Сағынып келдім мен.*

Иә, бәріміз де сол балалық балдәурен
шақты сағынамыз. Сағыныш сазын шер-
те отырып, өткен-кеткенді еске аламыз...
**Біздің кезімізде ауыл балалары көбінесе
асық ойнайтын. Дорбалап асық жи-
найтынбыз. Ата-әжелеріміз бен әке-
шешелеріміз бізге арнап асық жинап
жүретін. Үйде ет асылса болды, алды-
мен жіліктің етін жеп, майын ішуге емес,
асығын алуға асығып тұратынбыз.
Сондай асыққұмар баланың бірі едік.**

Бауыржан ағамызбен де талай мәрте
асық ойнадық. Әлі есімде қайдан алғанын
білмеймін, онда арқардың үлкен сақасы
бар болатын. Сол сақасымен келіп, бәрі-
міздің асығымызды сыпырып алып кете-
тін. Дырдай боп ұтылып, ішіміз удай
ашып қала беретінбіз. Қандай құпиясы
бар екенін білмеймін, әлгі сақасы қалай
атса да алшысынан түсетін.

*Ақ сүттей армандаған түнді көрдім,
Сұлудың күлкісінен сыңғыр өрдім.
Бөркімді ақша бұлтқа лақтырып,*

Асығым алишы түскен күнді көрдім.

*«Берме, – деп, – еліме күн райы
бөтен!»*

Қолымды тәңіріге жайып өтем.

*Бірде алишы, бірде шік, бүк, тәйкі
түскен,*

Өмірдің өзі – асық ойыны екен, –
деп ақынның өзі дәл тауып айтқандай,
әрдайым Бауыржан ағамыздың асығы
алшысынан түсіп келеді... **Асығының
шік, бүк, тәйкі түскен кездері болған
шығар, бірақ, есімде қалмапты. Ал,
сақасының атқан сайын алшысынан
тұра қалатыны әлі күнге дейін көз ал-
дымда сайрап тұр...**

Иә, өмірде жолы болды. Мектепте
үздік оқыды. Алғашқы оқытушысы біздің
шешеміз еді. «Бауыржан бала кезінен
талапты, зейінді, алғыр еді!» деп әркез
шәкіртін мақтанышпен еске алып отырады.
Қазақ ұлттық Мемлекеттік университетін
де үздік бітірді, кейіннен жеті-сегіз жыл
сол өзі білім нәрімен сусындаған оқу
ордасының Журналистика факультетін
басқарды. Ғылым жолындағы ізденістері де
табысты болды. **«М.Әуезов – публицист»,
«Қазақ публицистикасының қалыптасу,
даму жолдары», «Публицистикалық
шығармашылық негіздері»** тәрізді ғы-
лыми-зерттеу кітаптары жарық көрді.
Кандидаттық, докторлық диссертация
қорғады, профессор атанды. Оның ғылыми
жұмыстарының негізгі бағыты – қазақ
көркем әдебиеті мен журналистикасындағы
публицистика жанрының қалыптасуы,
дамуы, теориялық және шығармашылық
мәселелері. Жалпы, 200-ден астам ғылыми
еңбектің авторы. **Ұлттық ғылым ака-
демиясының мүше-корреспонденті**
болып сайланды. Бұл, әрине, ауыз
толтырып айтарлықтай жетістік екені
белгілі. Тұжырып айтқанда, алмас-
тай жарқылдаған жырларымен ғана
емес, тұшымды публицистикалық хәм
ғылыми еңбектерімен де танылып,
журналистика хәм ғылым саласында
да өзіндік қолтаңба қалдырған ерек
тұлға.

Қазірде «Қазақ энциклопедиясының»
бас директоры. Қызметте де абыройлы
табыстарға жетті, шығармашылықта

да үлкен бел-белестерді бағындырды. Елімізге ең алдымен арқалы ақын ретінде танылды... «Жұлдызды шак», «Көзімнің нұры», «Айдындағы аспан», «Ақ лак», «Аудитория», «Баспалдақтар», «Бір кеменің үстінде», «Айдындағы аспан», «Қолтанба», «Уақыт ұршығы», «Қызыл қайың» сынды жыр жинақтары бірінен соң бірі кезегімен шығып жатты. Оның шығармалары орыс, түрік, украин, македон, түркімен, қырғыз тілдеріне аударылды. Қазақстан Жазушылар Һәм Журналистер одақтарының және «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері атанды. Талай мәрте республикалық жыр мүшәйраларында топ жарды. Яғни, танылып қана қойған жоқ, қуатты қалам иесі ретінде өзін өзі жалпы жұртшылыққа мойындатты. Жұлдызы жанды, тағы да асығы алшысынан түсті... Осындай атақ-абыройдың оңайшылықпен келмегені де айдай ақиқат. Бұл салқын ақыл мен шынайы таланттың ғана емес, үздіксіз оқып-іздену мен білім-біліктің, ерен еңбекқорлықтың арқасы, соның табиғи жемісі.

Сүйіспеншілік – адамзат ғұмырын жалғайтын нәр. Туған жер мен өскен елге деген сүйіспеншіліктен ғана ұлы өнер туындысы дүниеге келеді. Ендеше, поэзияның алтын діңгегі де, үзілмес арқауы да осы сезім.

Туған жерім!

Қымбат сенің әр кешің, қымбат
таңың,

Тал бесікке тәнімді құндақтадың.
Сен деп соққан жүректе көп сыр
жатыр,

Тауыса алмай келемін жырлап бәрін.
Тұңғыш сенің төсіңде көзімді

аштым,
Сезімімнің пернесін өзің бастың.
Сағыныштың дертінен саған деген,
Жаным барда кеудемде

жазылмаспын.
Жазылмаспын, өтермін аңсап мәңгі,
Пейілім деп біл менің, жауса,

ақ қарды.
Сені ойлаумен кешті де батырамын,
Сені ойлаумен сағына қарсы

ап таңды.
Ғажайып бір мейірім жанарда ойнап,

Сені ойласам, қаламын анамды ойлап.
Қырларыңа шығамын, сонан кейін
Тереңіне Шағанның алам бойлап.
Жайсаң далам, жазирам, жазық
маңдай,

Сырларыңды боламын аз ұққандай.
Сенен ұзап ешқайда кете алмаймын,
Мені жіпсіз байлаған қазық бардай.

Бұл өлеңде ақынның туған жерге деген ыстық махаббаты, шынайы сүйіспеншілік сезімі барынша көрініс тапқан. Міне, сондықтан да ақын мен махаббат ұғымы бір-бірінен ажырамай ғасырлар бойы бірге жасасып келеді. Себебі, махаббат дегеніміз ақынның жарық дүниедегі сүйіспеншілік көзі. Ол да осы арқылы бірде күйінсе, бірде сүйінеді. Орыс халқының ұлы ақыны Сергей Есенин бүкіл өмірінде өзі туған деревнясын сүйіп өтіпті. Міне, сол себепті де отандастары оның есімін ерекше құрметпен еске алады.

Бауыржан Жақыптың өлеңдерін оқысаңыз да, дәл осындай сезім сырларын басыңыздан кешеріңіз хақ. Алыстағы ауыл келбеті алақаныңызға сыйып кеткендей әсерде боласыз, шын жүрегімен сүйсіне жырлайды. Оның туып-өскен өлкеге деген перзенттік махаббаты жырларынан менмұңдалап көрініп тұрады. Туған жердің әсем табиғатын: жусанын, қынасын, майқарағанын, сәмбі талын, ақша бұтлын, өзен-көлін, тіпті күрең жолы мен жаңбырына дейін жырға қосады, сағынышпен еске алады. Сондықтан да, әрбір өлеңінде көзімізге оттай басылатын бала күннен таныс суреттер бірінен соң бірі қол ұстасып жүре береді. Мысалы, «Бәйге» деп аталатын өлеңіндегі мынадай үзіндіні оқып көрелікші:

Кеткенде аттар аңырап,
Қозған сәтте делебе,
Бір шайқалып шаңырақ,
Дір етеді кереге.

Осы өлең жолдарын оқығанда өзіңіз де бір сәйгүлікті тандап мініп, бәйгенің қақ ортасында жүргендей әсерде боласыз. Бәйге кезінде қазақтың қаны қызып, намысы да сарапқа түседі. Осы бір көңіл-күйді ақын «Бір шайқалып шаңырақ, дір етеді кереге» деген екі жолға әп-әдемі сыйғыза білген. Ұтымды да ұтқыр теңеу.

Келесі бір өлеңдерінде ақын ауыл

өміріне тереңірек дендей түседі. Бұл жолдарда оның өзіндік ізденістері де жоқ емес. Ауылдағы әрбір тас, әрбір ағаштың ақын көзімен сөйлеп тұрғанын аңғарасыз:

Зиратың да елеңдеп тұрған шығар,

Ай құлағын тосумен құбылаға.

Әрбір ақын поэзия әлемінің есігін өзіндік жаңа үн, жаңа леппен аттайтыны белгілі. Аттың тұлпар болатындығы тай жарысынан байқалса, ал, ақынның болашақта қандай шыңнан қол бұлғайтыны оның алғашқы өлеңдерінен-ақ аңғарылады. Бауыржан жырларындағы ақындық екпінді оның жыр әлеміндегі өзіндік ізі деп бағалаған жөн. Осы сөзіміздің дәлеліндей ұйқасы мен ойы шымыр түсіп жатқан мына бір шумақтар оқырманын бей-жай қалдырмасы анық:

Кел, күнім, жылдарым, кел айларым.

Жатқандай дүбір күтіп кең аймағым,

Шөкімдей ақ бұлт көрсең, көк

жүзінен,

О, жұртым менің жсырым деп

ойлағың.

Ұзатқан қыздай өзен сыңсып аққан,

Таттың-ау сенде талай жыр

шұбаттан.

Көк өрім шыбық көрсең Көктемде,

Ойларым ол да менің бүршік атқан.

Туған жер тақырыбын жырламаған ақын кемде-кем шығар. Бірақ, соның ішінде туған жер туралы өлеңді атап айтар болсақ, қай-қайсымыздың да ойымызға ең алдымен Қасым Аманжоловтың жырлары оралады. Өйткені, ондағы табиғат пен ақын сезімі үйлесім тауып, оқырманның көз алдына әдемі сурет галереясын алып келері анық. Ол сонысымен де ерекше, сонысымен де ыстық, аса құнды. Ал, Бауыржан Жақыптың да туған жер тақырыбын жырлауы өз ерекшелігімен көзге түседі. Өйткені, ақынның өлеңдерінен жадағай тіркестерді таппайсыз. Оның орнына туған жерге деген ақын бойындағы ыстық сүйіспеншілікті байқайсыз:

Туған жерім!

Қымбат сенің әр кешің,

қымбат таңың, бесікке тәнімді

құндақтадың.

Сен деп соққан жүректе көп сыр

жатыр,

Тауыса алмай келемін жырлап бәрін.

Биыл ердің жасы елуге толып отырған

арқалы ақын қазір де бәйгеге түсер аттай бабы мен бағы қатар келіскен шығармашылық дер шағында. Ол поэзияның ең күрделі саласы поэма жанрында да қалам тербеп, кең тынысты қаламгер екенін де танытып жүр. Ойлы да сыршыл ақынның шоқтығы биік поэмасының бірі – «Жан дауысы». Ақын бұл шығармасында Семей полигонында сыналған атом бомбаларының қоршаған ортаға тигізген кері әсері туралы сыр толғайды. Сан алуан көркемдік философиялық түйіндеулер жасайды. Жүректі тебіренітіп, мүлгіген санаға қозғау салар ой, идеяға салмақ артады. Ең бастысы, өмірлік әрі әлеуметтік мәселені қозғайды. Оны оқырман жүрегіне кестелі де көркем тілмен жеткізеді. Мұны поэманың басталуынан-ақ байқауға болады:

Көздері бұлақтардың жабылғандай,

Бойынан қан тоқтаған тамырлардай,

Әскердің тәртібімен дөңдердің де,

Шаптары тақырланып алынғандай.

Көркіне көрген сайын жансұқтанған,

Көлішкітер лайланып шалшық болған.

Бір кезде тасып аққан өзендердің,

Арнасы қасық сусыз қаңсып қалған,

– деген бедерлі шумақтар автордың шеберлігі мен ақындық талғамының өте жоғары екендігін аңғартса керек. Ақын бұдан әрі Табиғат-Ананың бел балалары – «Таудың зарын», «Қураған тоғайдың соңғы сөзін», «Боз даланың қасіретін» және осыларды жоқтап «еңірегінде етегі жасқа толған» «Желдің жоқтауын» тебірене жырға қосады. Поэмадағы әрбір жол өкіске толы. Тау «өртеніп, шала-жансар тәні қалғанына, омыртқасы омырылып, жотасы жанғанына» назаланса, тоғай «ұлы ортаға қамалып, ұлы сәуле уыстағанына, ұлы судан нәр алып, ұлы ауамен тыныстағанына» күйінеді, өзен «суын сүйікті ететін балдырдың сирегеніне, еңсесін биіктететін балықтың азайғанына, ауруға шалдығып, құрдымға суы кеткендей құрып бара жатқанына» мұңайса, жел «өрт шалған жерінің, дерт шалған елінің дауасын таппай» күңіренеді.

Поэмада осындай жансызды жандыға айналдырған ақынның негізгі мақсаты қоғам кесапатынан туындаған замана за-

Ақын туралы сыр

пырандарын барынша ашып көрсету. Ал, туған елдің болашағы мен туған жердің табиғатын жырлау әр ақынның азаматтық борышы екені айтпаса да түсінікті.

Бауыржанның «Астар туралы» деген әсерлі өлеңі бар. Онда ақын әр нәрсенің сыртқы тысымен бірге астары болатынын, ол жайында әркімнің ойлай бермейтінін тілге тиек етеді.

*Әр нәрсенің бар астары, бар тысы,
Ол жайында ойлай бермес әр кісі.
Талай сырды түсінеміз кеңі барып,
Отырғанда балалықты еске алып:
«Анам талай құрақ көрпе құраған,
Астарына үңілген жоқ бір адам.
Әжем өзі тоқып қойған алаша,
Жолақ-жолақ тысы қандай тамаша!
Әкеміздің көрдік сары тонын да,
Қарамадық астарына оның да».
Байқаматпын мен көзімді ашқалы,
Бар екенін дүниенің астары.
Бұл сөзімді барлығы да растар:
Күн менен түн, бірі – тыс та,*

бірі – астар.

*Жұлдызды аспан, құтиясың сен маған,
Жұмбағыңды шешіп жатыр енді адам.
Өзендерім желең төсі ашылып,
Тереңіне, ағады сыр жасырып.
Қара жердің астарында асыл бар,
Қойнауына шөккен талай ғасырлар.
Қалың бұлттың астарынан жай*

құлар,

*Қуаныштың астарында қайғы бар.
Жарықтың да астары бар – қараңғы,
Ой да астарлы, – ұстама, дос*

жағаңды.

*Жүрегімнен тырс-тырс тамды
тамишы-өлең,
Тыңда менің домбырамды,
барша әлем!*

*Шанағында оның қанша саз жатыр,
Астарында бұғып жатыр*

қанша әуен?!

*...Жүрегімнен тырс-тырс тамды
тамишы – өлең.*

Иә, ақынның өзі айтпақшы ойдың да астары болады. Ендеше, ақындық ерекшелігі де осында. Ол өз өлеңдерін көбінесе астарлы ойға құрады. Ақынды терең түсіну үшін оның жырларын көкірек көзімен зейін қоя оқу керек. Сонда ғана жыр астарындағы «жасырын» ойлар өз құпия-сырларын айқара ашады. Әйтпесе, ақынның айтпақ ойын жете түсінбеуіңіз

ғажап емес. Мысалы, Бауыржанның «Қоңыр әулие үңгірі» атты өлеңін талдап көрелікші. Ақын бұл шығармасында өзі туып-өскен жердегі «Қоңыр әулие үңгірінің» кескін-келбеті мен сыр-сипатын сөз ете келе, оның ішінде «есіле аққан тұп-тұнық судың» бар екенін еске салады.

*...Бұл өзеннің аңқасы бір кетпейді,
Басқа өзендер бұл өзенге жетпейді.
Көрген адам табиғатқа таң қалып,
Келген адам бір ұрттамай кетпейді.
Су да кен ғой, ерте тапқан бұл*

кенді ел,

*Осы судың қасиеті бар, жұрт емдер.
Ауырғанда балаларын жіберіп,
Алғызады «шипалы» деп, үлкендер...*

*...Пәк қолыммен,
Бала кезде кекілді,
Сол суменен талай жудым бетімді.
Жырым-дағы мөлдір болса деп келем
Осы үңгірдің шипа суы секілді.*

Міне, Бауыржан Жақып осындай айтқыш әрі тапқыр ақын. «Қоңыр әулие үңгірі» туралы айтқан ойларын оның өз өлеңдеріне де бағыштауға болады. Астарлы ой, астарлы сөз осындай-ақ болар! Ойымызды көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Темірхан Медетбектің сөзімен түйіндесек: «Егер, Бауыржан табиғаттың көңілді де, көзді де арбар сыртқы құбылыстарын сөз-суретке түсірумен ғана болып, тек соны ғана қызықтап кетсе, онда ол оқырман қауымды тез жалықтырып алған болар еді. Онда ол қаншама әдемі бояулар жағып, қаншама қызық суреттер салса да, бар болғаны пейзаждық қана ақын боп қалар еді. Өйткені, табиғат әлемі, бізді қоршаған мына дүние әсем қимыл-қарекеттер мен ажарлы әсем суреттерден ғана тұрмайды ғой. Оның да тартысқа толы драмасы, күйініші мен сүйініші, бітіспес күресі мен тіресі бар. Сондықтан енді ол дүние астарына үңілуге бет қояды». Орынды айтылған сөз. Бұған алып-қосарымыз жоқ!

Ақынның өлеңдері де «Қоңыр әулие үңгірінің» шипалы суы сияқты, мөп-мөлдір қалпында өз арна-ағысынан буырқанып ағып жатады. Оқыған адамның көңілін желпіп, жан-дүниесін тербеп, бойын сергітері сөзсіз.

Демек, жақсы ақын.

Думан РАМАЗАН



Серік ЕРҒАЛИ,
саясаттанушы


ТҮРКІЛІК ЖЫЛ МАУСЫМДАРЫ

Қазіргі дәстүрге салсақ, жаңа (жас) жыл қыста кіреді, ал, қазақ ұғымы бойынша қыста «кәрі құда келіп әлек салады». Абай мұны айтқанда, қазақтың ғана емес, кемінде ондаған ғасырлық тегі бар танымға сүйеніп отыр. Ата қазақ жылды рухани-пәлсәпәлік жағынан бір біріне қарсы екі маусымға – алты ай қыспен алты ай жазға бөлгенімен, тіршілік маусымын 4-ке жіктеген [1]: жазғытұрым (көктем), жаз, күз, қыс. **Андап қарасақ, қазақтан (түркіден) басқа ешбір этносты Табиғаттың жыл маусымдарына қарай болатын құбылыстарын сыйпаттайтын атау жоққа тән: қыста Табиғат «қысылады»; жазда – «жазылады»; күзде – «күзеледі», ал, көктемде – «көктейді»!!! Әрбір жыл маусымы – 90 күннен тұрады, қалған бес күн «қонақ» аталып, соған сәйкес «Бесқонақ» мифі қалыптасқан.** Тіпті, елдің батысындағы қазақтар [3] жыл сайын 13-18 көкек арасын әлгі «бес қонақтың» меймандайтын күндері ретінде ауа райының бұзылысын әлгі мифтік-астрологиялық құбылысқа балайды: сол күндері кәдімгідей, көктем шықса да, қар аралас жаңбыр жауып, кейде борандатып, бірде найзағай ойнап, бұршақ жауатын кездері болады. Қысқасы, бұл бес күнде Табиғат өзінің жылдық мінезінен «миниспектакль» көрсетеді. Алайда, климаты өзгерген қазіргі уақытта мұның бәрі бола береді деу қиын. Сөйтіп, жылдық Уақыт төрт тоқсанға бөлінеді және әр тоқсанның өзіне тән жастық маусымына сәйкестігі байқалады. **Жыл басталатын жазғытұрымның «көктем» аталып, Табиғат көктеу үде-**

рісіне кіріссе, одан соң жаз келгенде жансыз заттың өзі бойын «жазып», күн жылынғанда көлемін ұлғайтатыны физика ғылымынан белгілі. Күзде Табиғат біткен барлық өсу-өркендеу үдерісін тоқтатады да, малдың жүні түгілі, өсімдік біткен жапырағынан арыла бастайды – күзеледі. Ал, қыста барлық үдеріс қаңтарылады. **Қыстың нақ ортасын қазекен «қаңтар» деп айдар таққаны да содан.** Таң қаларлығы сол, бұл таным мамандардың есебі бойынша бұдан 5-6 мың жыл бұрынғы делінетін, [3] Алматының солтүс-батысындағы 170 шм жердегі Аңырақай тауындағы жартаста қашалған ежелгі суреттерде бейнеленген. Онда күндидарлы адамкейіпті тұлға (**бұны «Тәңір» аталып жүрген жарқын күш деп пайымдаймыз**) мен түндидарлы – Іңір (бұл қазақ ұғымында күн батқаннан кейінгі кеш түскен уақытты білдіретін ұғым түрінде қалған) ортасында сағат тіліне қарсы бағыт бойынша Сиыр жылының 4 маусымы бейнеленген: жаңа туған бұзау, оның үстін ала баспақ жайылып тұр, ал, оның сол жағында семіз де мүйізі қарағайдай ірі бұқа Тәңірге қарап тұр да, оның астын ала мүйізі түскен, ауру да көтерем сиыр тәлтіректеп тұр. Бұл сәйкес түрде бейнеленген жылдың төрт мезгілі – көктем, жаз, күз және қыс. **Бұл қашама суреттен, «Жаңа жылдың» неге көктем болғандығы да осыдан түсінікті, өйткені, көктемнің нышаны – жаңа туылған төл! Жоғарыдағы қыстың кейпін көрсетіп тұрған көтерем сиыр Жылдың қартайған, өлер шағын бейнелейді: қар кейпіндегі бар(материя) еріп жоғалады, Кеңіс «қысылады», Уақыт «қаңтарылады». Қазақ танымындағы Қыстың кәрі бейнесі о бастан келетін дәйекке негізделген. Ендеше, кәрі қыста Жылдың туылуын мерекелеуімізге жол болсын!.. Бұл ежелгі пайымға қарап, біржылдық уақыт толық ғұмырдың төрт**



Таңбалы. Аңырақай тауы. Алматының солтүс-батысы



кезеңін сыйпаттайтынын аңғаруға болады. Күні бүгінге дейін елдің батыс аймағы 90 күн қыспен 13-наурызда қоштасып, [3] астрологиялық Жаңа жылды 14-не қарсы алып келеді. Сол секілді, шамамен алғанда, 14 желтоқсан – қыстың алғашқы күні болып есептеледі. Бұған дейін қазақ күздік сойып, «ықтырмамен отырып» күн өткізсе, аталмыш күннен былай қарай соғым союды қолға алады.

Халқымызда желтоқсан айының ортасынан басталатын [2,3] «Соғым» (кей жерлерде «Соғым басы») аталатын ірі малды сою рәсімі бар. Алайда, біз оның тек қана тұрмыстық-шаруашылық мәніне үңіліп жүрміз. Шын мәнінде ол – ежелгі замандардағы он екі жілікке бөлшектеу арқылы «Жіліктеме» үлестіру жоралғысы. Мұсылманша айтқанда – құрбандық. Бертін келе ол таза тұрмыстық мазмұнға айналып, қысқа ет әзірлеу үрдісі болып кетті. Басқа жағынан алғанда, соғым Наурызда «туған» Жыл кейпінің ғұмыр кешіп біту ғұрпын паш еткен болуы ке-

рек. Жылдық киенің кейпі бір жағынан ғаламдық ұлы Құдіретке соғым-құрбан болады да, дүниені ескі жыл ретінде есіркейді. Міне, осылайша соңғы үш ай бойы «өлім» үдерісін бастан кешкен ескі Жыл, қыста аппақ әруақ-қарға айналып келмеске кетеді де, оның аласапыранынан (топансуынан) Наурызда жасыл шөп немесе жас төл атрибуты болып табылатын Жаңа Уақыт (Жыл) туылады.

Жылдың бұл жазғытұрғы маусымы қазақтарда Жылтоқсан [1] аталған. Бұл, сірә, жылдық айналым межесін айқындайтын түркілік термин болса керек. Ал, жылдың өзге маусымдары ретімен әр тоқсанына [1] сәйкес – Жазтоқсан, Күзтоқсан және Желтоқсан аталады. Жалпы, қысқы маусымның «желтоқсан» аталуына қарап, өзге тоқсандардың да сәйкес апаттық (стихиялық сыйпаты) барлығын аңғару қиын емес. «Желдің» басқаша атауы – ауа. Қысқы қар еріп, айналы көктемде сел басатыны, қызылсу жүріп, аласапыран болатынын – Су апатына балаған абзал. Ал, шөп шығып, малға қолайлы жазғы маусымға сәйкес – От, бұл сөз о бастан қуат, қорек ұғымдарына мәндес, тіпті, құраған шөптің жазғы өрт көзі екендігі де белгілі; ал, күзде жыл бойғы өсіп-өнгеннің бәрі күзеліп, **Топыраққа** айналады. Осы аңғарылған жайтқа қарай отырып, Жыл маусымдары төрт апаттың кейпін де тоқсан күн бойы «киім» ететіні шығады. Келтірілген дәйектерді қорыта келе қазақы түркілік жыл маусымдарының терең мазмұн мен танымға толы екеніне көздің көбірек жететінін жасыру қиын. Ата-бабамыз таныған Жыл-Уақыттың әрбір құрамтасы (компоненті) мен сыйпаты барынша шүйгін, мейлінше бай. Соны бүгінгімізге жарата алсақ, қанеки!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

Ақселеу Сейдімбек, «Қазақ әлемі», «Санат», 1997.

Сейіт Кенжеахметұлы, «Қазақ халқының салт-дәстүрлері», «Алматыкітап» 2007. – 284 бет.

Серік Ерғали, «Нау мен ырыс», «Қазығұрт», 2011. – 184 бет.

Қасиетті түркі елі – Алматы: «Өнер», 1994 – 96б., ил.

МҰҒАЛІМ ШЕБЕРЛІГІ – ОҚУШЫ ЖЕҢІСІ

Адамзат тарихында, қай уақытта да, қай ғасыр болса да ұстаз мәртебесі, ұстаз тұлғасы биік болғаны баршамызға аян. Ұлтының бақыты үшін өз бақытын құрбандыққа шалған алаш ардагерлерінің бірі – Мағжан Жұмабаев өзінің бір сөзінде «Қазақтың қаны бір, жаны бір жол басшысы – мұғалім... Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдікі» деген екен. Иә, шынында да, әрбір ұстаз сол қоғамның, сол заманның шамшырағы, айнасы емес пе? Ал, бүгінде ол қандай...

Ұстаздың қоғамға қосқан үлесі көзге көрінбейтіні хақ, бірақ жақсылап зерделеп, терең үңіліп қарасаңыз, әрбір игі іс тікелей ұстаздың араласуымен жүзеге асады (ұстаз оны өзі тіпті байқамайды, сезбейді).

Адам санасын өзге құндылықтар (акша, байлық, дәулет, лауазым, атақ) жайлап алған сәтте, адами құндылықтарымызды сақтап қалу – ең бірінші кезекте, қазіргі заман ұстаздарының үлесінде емес пе.

...Әлемді сұлулық құтқарады деген түсінік бар. Бірақ қандай сұлулық туралы сөз болып тұрғанын әркім әр түрлі түсінеді, қабылдайды. Шынымен де, қандай сұлулықты сөз етіп тұр... Мен бұл сөздің астарын мүмкін өзгелерге қарағанда басқаша түсінетін, қабылдайтын шығармын. Мен үшін сұлулықтың ең басты түсінігі – жан сұлулығы деп түсінемін. Себебі менің жан дүнием, менің мамандығым, менің болмысым соны таңдауға мәжбүрлейді.

Ұстаздықтың ауыр жүгін арқалауды өзіме бақыт санайтын жандардың бірі – менмін.

Күнде таңертең асыға-аптыға мектептің есігін ашып кіріп келгенімде, мені жылы шыраймен, үлкен ылтипатпен шәкірттерім қарсы алып тұрады. Осы сәтте ұстаз бақытының биік екенін түсінгендей боласыз...ал көздері мөлдіреген балғын бөбектер мен бозбалаларды көргенімде бұл мамандықтың ауыртпалығын ұмытып, бәрі құлпырып сала бергендей болады. Сол сәтте ойға берілесің.

Балаға ең бірінші кезекте шексіз мейірім керегі екендігін жақсы білеміз. Алайда, шексіз мейірім мен махаббат тікелей жанашырлық іс-әрекеттермен көрініс таппаса, ол өзінің жемісін бермесі хақ....

Әр шәкірттің арман-мұратының желкені болуы үшін не істеу керек? Осы сұрақ мені көптен бері алаңдатушы еді. Міне, бүгін мен бұл сауалдың жауабын тапқандаймын.

Мектеп табалдырығын аттаған әрбір шәкірт, оның ата-аналары жарқын бола-

шағына үлкен сенім арта келеді...Иә, мектеп табалдырығын аттады, ол-бір қуаныш. Ал, сол қуанышына біз демеу беріп, оның үлкен мұратқа ұласарына жағдай жасай аламыз ба? Сенімді түрде мен «Иә» дей аламын. Себебі бүгінде білімнің әлеміне үлкен жаңалық, өзгеріс біртіндеп еніп, өз көкжиегін ұлғайта бастағаны бәрімізге аян.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Кембридж университетінің Білім беру факультетімен бірлесіп әзірлеген Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасы біздердің көптеген сауалдарымыздың жауабы мен шешімін тапқандай.

Бұл бағдарлама идеясын жақсы түсінген әрбір ұстаз үлкен белестерге жетіп қана қоймай, ауыртпашылығы мол мамандық иесінің рахатқа бөленері хақ. Шыныменде, бұл өзгеріс, бұл жаңалық біздерге, барша білім алушылар мен білім берушілерге, ауадай қажет еді. Себебі, әлем қарқынды даму үстінде, сол қарқынға ілесу үшін бұрынғы үйреншікті дүниелерден тез арада арылуымыз және сол заман, қоғам қажеттілігі мен сұранысына сай өзгеруіміз қажет. Бұл курс барысында тренеріміз: «... өзгеру керек, өзгересіздер...» дегенде, іштей «қалай...» деп ойлаушы едім, тіпті күлкім келетін сәттерде болды...ал, бүгін мен бұл – мүмкін, бұл – шындық екендігін айқайлап айтқым келеді, себебі бұл бағдарламаның ең басты идеясы – әр адамның жасына, мүмкіндігіне, ерекшелігіне қарамастан олардың қатып қалған ешкімге (өзіне де өзге де) пайдасы жоқ ұстанымдарын өзгертіп, жаңаша көзбен қарауға алып келеді екен. Сен, сенің кейбір өзің де, өзге де байқап, білмейтін қырларың ашылып, көкірегің оянады, айналаңа, өзің атқарып отырған істеріңе бақылау жүргізе отырып, оны қалай өзгерткенің де білінбей қалады, бірақ ең бастысы ол өзгеріс, жаңалықты шәкірттер, әріптестерің байқайды, саған басқаша қарап, мактан тұтады...

«Мұғалім мәртебесін көтеру керек, қоғамдағы орнын ойып тұрып көрсету керек» деп кейде көп дабылдап, айқайлап жатамыз, бірақ іс жоқ, әрекет жоқ...тура осы өзекті мәселенің оңтайлы шешімі – осы жоғарыда айтылған бағдарлама болары анық...Әрбір ұстаз осы бағдарлама идеясын жете түсініп, оны өз тәжірибесіне енгізсе, ол биіктен көрініп қана қоймай, барлық мәртебелер

мен марапаттардың ең бастысы-шәкірт махаббатына бөленеріне мен сенімдімін, ал, сол бағдарламаның шеңберінде дәріс алып отырған шәкірттер, көп мүмкіндіктерге ие болып, бар білімі мен білігін өмірде қолдана білетін жан-жақты тұлға болмақ...

Мектептің проблемасын анықтау кезінде мен бір қиындықтарға тап болдым, әрі ойла-нып, бері ойланып, ол қиындықтан шығудың бір жолы осы болар деп, шәкірттерімнің көмегіне жүгінсем қайтеді деген ой келді... тез арада шәкірттерімді, әр сыныптан жинап алдым, өздерін еркін сезінсін деген оймен ой сергек жасап көңіл-күйлерін көтеріп алдым да, оларды топтарға бөлдім, топтарға бөлген кезде, бір топқа сабаққа еш қызығушылық танытпайтын енжар оқушылар түсіп қалды, енді не болар екен, бұлар өзге сынып алдында таулары шағылып қайтатын болды-ау деген қорқыныш мені мазалай берді. Жоқ, бәрі керісінше болып шықты, әр түрлі

проблемалық сұрақтардың жауабының ең ұтымдысы мен құндысы солардың аузынан шығып отырды, өзгелер оларға таңқала отырып, оларға оң бағаларын берді. Бар жоғы 45 минут ішінде өзіме қажет ақпаратты жинай алдым, сонымен қатар, оқушылардың осы үрдіске үлкен қызығушылық танытқанын байқадым. Ал, мен алаңдаушылық танытқан шәкірттерім өзгелердің үлкен ықыласына бөленіп, өздерін ерекше сезініп кеткендіктерін байқап, өте қуанып қалдым.

Әлем өзгереді, әлеммен бірге мен де, өзгелер де өзгереді, ол – оңтайлы өзгеріс, бұл өзгеріс біздің шәкірттердің жарқын күндері мен болашағының кепілі болмақ...

Сәуле НҮРКЕЕВА,
Алматы. № 137 жалпы білім
беретін мектептің
Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің
мұғалімі

Отбасы тәрбиесінің өзекті мәселелері

Өмірде ата-ананың ең қымбат нәрсесі – өздерінің балалары. Баласы жақсы жағынан көрінсе – мақтанады, жаман жағынан көрінсе – аяп, қимайды. Оның себебі, бала «бауыр еті», «іштен шыққан шұбар жылан» демекші, оны дүниеге алып келген соң, ата-ананың ел алдындағы, отбасы алдындағы парызы өз ұрпағын өсіру, тәрбиелеу, лайықты білім беру, қоғамға қосу. Айтуға оңай, дегенмен, баланың әлеуметтену процесінен өту жолы біраз уақытқа созылады, соның ең күрделі кезеңі отбасында өтеді. Отбасы әлеуметтік тұрғысынан қоғамда бірнеше негізгі функцияны атқарады, оның ішінде репродуктивтік (*қайта өндіру*), экономикалық (*өндіру және тұтыну*), қорғау (*қауіпсіздік, денсаулықты сақтау*), әлеуметтендіру (*балаларды тәрбиелеу, аяқтандыру*), коммуникативті (*отбасындағы қарым-қатынас*), т.б. Осындай күрделі міндет ата-аналардың иығына түседі. Орыс педагогы В.А. Сухомлинский айтқандай: «Өз балаларыңызды сүйе отырып, оларды сізді де сүйе үйретіңіз, үйретпесеңіз – қартайған шағыңызда көз жасыңызды төгесіз». Осыны есте сақтай отырып ұрпақты дұрыс тәрбиелеу біздің басты міндетіміз. Баланың әлеуметтенуіне жетекшілік ету маңызға не жалпыға бірдей жағдаяттарға сүйенеді. Бала тәрбиесінде қолданатын бірнеше тәрбие стильдері бар: 1. Авторитарлық 2. Демократиялық 3. Бетімен кетушілік 4. Қамқоршылық 5. Хаотикалық. Сонымен қатар әр ұлттың халық педагогика-

сы отбасындағы тәрбиенің негізі болып саналды. Бірде ойшыл Конфуцийге «Он ұрпақтан кейінгілердің не көретінін болжай аласыз ба?» деген сұраққа ұстаз: Ұрпақтан ұрпаққа, әкеден балаға не қалып жатқанын дәл білсек, оныншы емес жүзінші ұрпаққа да не қалатынын болжап білу қиын емес», – деп жауап берген екен. Осы айтылған ойларды қазіргі отбасына келтірсек, заманға сай, қоғамның өзгеруіне байланысты отбасылардың алдында көптеген қиыншылықтар тұр. Ең бастысы, әрине, қоғамның нарық экономикасына көшуі. Бұл қоғамдық формация отбасының дамуына, ұрпағына лайықты білім және тәрбие беруіне өз әсерін тигізуде. Тіпті, отбасының негізгі, репродуктивті функциясына кедергі жасауда.

Қазақстанда 90-жылдары бала туу үрдісі күрт азайып кеткені бәріміздің көз алдымызда болды. Сол жылдардың салдарын демографиялық теңсіздіктен әлі күнге дейін көріп келеміз. Онымен қатар «әлеуметтік жетімдік» пайда болды, әкелердің бала тәрбиесінен қашқақтағаны, феминистік үрдістің жоғарлауы, бүкіл отбасының тіршілігі әйелдің иығына түсуі. Екінші жағдай, бала үшін ата-аналары қай кезде болмасын ең қажетті, ең маңызды адамдар болып қалатыны сөзсіз, алайда, жасыратыны жоқ әке мен ананың тәрбиелік функциясы біркелкі емес. Ана әкеге қарағанда балаға уақытын көп бөледі, эмоциялық және психологиялық жағынан ықпалы мол. Үшіншіден, отба-

сылық институт туралы, оның дұрыс жолда дамуын зерттеу үшін отбасын тек қана ата-аналар жағынан зерттеу аз, оны бала көзімен де қарастыру қажет. Адам баласын тәрбиелеуде бірнеше құндылық параметрлерін анықтауға болады: гуманистік маңызы бар; нормативтік маңызы бар; ұлттық дәстүрлі маңызы бар. Қазіргі педагогикада осы құндылықтар өз көрінісін толығымен алып отыр. Біздің қоғамда педагогтар, отбасы, басқа да тәрбиемен айналысатын мекемелерде тәрбиенің гуманистік маңызы бар әрекеттерін және нормативтік құндылықтарды ұстаным етеді. Дегенмен, күнделікті тәрбиеде тұлғаның бастамасын басып отыру, еркін жүру, сөйлеуге тыйым салуды жиі кездестіруге болады. Әр бала өзінің отбасындағы қабылданған өмірлік құндылықтарды, салт-дәстүрлерді, қарым-қатынастарды бойына сіңіреді. Отбасы ол үшін тәрбиелейтінде, қолдайтында, қастерлейтінде ұжым. Бұл жерде ол жаманның не екенін, жақсының не екенін тани бастайды. Балада ауытқыған мінез-құлық пайда болудың бірден-бір себебі кішкентай кезінен бастап әлеуметтену үдерісіне лайықты жағдай жасалмағанынан болуы мүмкін, немесе, әлеуметтену процесінің тоқтап қалуы да себеп болады.

Баланың асоциалды болмысы әртүрлі жағдайға байланысты. Соның бірден бірі, әрине, отбасылық тәрбие. Бұл жерде баламен ата-аналарының қарым-қатынасында үйлесімділік жоқтығы анық көрінеді. Біріншісі, бір жағынан отбасында баланың барлық тілегі орындалады, ата-аналары оған аса көңіл бөледі, сонымен қатар, баланы түрлі конфликтілік жағдайға итермелейді, демек, үйде жақсы бол, ал, сыртта дөрекілік мінезінді көрсете бер дегендей жол көрсетеді. Екіншісі, үнемі жанжал туындайтын отбасының жағдайына байланысты, әсіресе, толық емес отбасы немесе бала басқа жерде тәрбиеленіп, үйіне оралса, сол сияқты басқа да жағдайларға байланысты. Осы жерде баланың көңіл-күйіне қатты әсер ететін толық емес отбасы типіне тоқталсақ. Бұндай отбасының пайда болуының бірнеше себебі бар: ажырасу, күйеусіз бала табу, ер азаматтардың ерте дүние салуы. Қазақстанда кейінгі жылдары ажырасу саны күрт көбейіп кетті. 2011 жылы олардың саны 44900 болды немесе 2010 жылға қарағанда 7,9 пайызға өсіп отыр. Ал, 2013 жылдың қаңтар-наурыз аралығында 34 мың адам үйленсе, 11600 ажырасу тіркелген, ол 6,4 пайызға былтырғы жылдың осы мерзіміне қарағанда көбейіп отыр. Ажырасқан уақытта бала әдетте шешесімен қалады. Толық емес отбасылардың санын көбейтетін фактор – күйеусіз баланы дүниеге келтіру, осындай отбасының саны жылдан жылға өсіп келеді. Тағы бір

фактор, оны атамасқа болмайды, ол ер азаматтардың өлімінің көбеюінен толық емес отбасының санының өсуі. Қалайда болса, балаға әкесінің жоқтығы, шешесінің оның тәрбиесіне көңіл бөлінуіне уақытының аздығы, тағы басқа жағдайлар баланың көңіліне кібірттік салып, түрлі жағымсыз жағдайларға итермелеуі мүмкін. Үшіншісі, асоциалды қарым-қатынаста отбасы мүшелері ішкіш, нашақор, криминалдық психологиясы бар, зорлық-зомбылыққа жақын, балаға қатыгездікпен қарайтын болады. Осы аталған тәрбиелік стильдер балаға өмір бойы әсерін қалтырады. Бала өз білгенімен жүруге дағдыланады, кей уақытта өзін жаман екендігін, ешкім оны жақсы көрмейтініне, керек еместігіне сене бастайды. Баланың психикасы да, тәртібі де өзгеріп, ол төбелесуге, агрессияға, қатыгездікке барады. Балалардың ауытқыған мінез-құлығының пайда болуына отбасындағы кемшіліктер мен қатар араласып жүрген ортасы, сонымен қатар, БАҚ-ғы агрессиялық, өлтіру, зорлық-зомбылық көрсетілімдер, қанды кинофильмдер, криминогенді сюжеттер. Осындай жан түршіктіретін жағдайларды көріп, кейбір жасөспірімдер соларды қайталағысы келеді. Ақырында не біреуге қиянат жасайды не өзі жамандыққа душар болады.

Қазіргі заманымыздың бір қатері болып суицид саналады. Суицидтік әрекет жасағандар әдетте қатты жан кеселімен ауыратын және күйзеліс қалпында жүрген, сонымен бірге, өздері кездескен қиыншылықтарды жеңуге жолдың жоқтығына сенген адамдар. Девиантты іс-әрекет формаларының бірі болып суицид жастар арасында жиі кездеседі. Статистика мәліметтеріне сүйенсек, әлемде жастар арасындағы суицидтік әрекеттер соңғы екі онжылдықта екі есе жиілеген. Қазақстанның Бас прокуратурасының мәліметі бойынша 2011 жылы балалар арасында 257 суицид болып, 592 суицид жасауға әрекет жасалынған. Ал, соңғы он жыл ішінде жастар арасында өзіне-өзі қол жұмсау үш есеге өскен. Әрбір осындай жағдайға өмір алдындағы қорқыныш өлім қорқынышын жеңіп кететін жеке бастың трагедиясы, тығырықтан шығар жолдың табылмауы әкеліп соғады. Жасөспірімдердің өздігінен өмірден кету себептерін анықтау бойынша тексеру мен қылмыстық істер материалдарының сараптамасына сүйенсек, суицид жасаған балалардың 62 пайызының басты себептері болып отбасындағы даулар мен сәтсіздік, ересектердің зорлық-зомбылығы алдындағы қорқыныш. Кейбір мұғалімдердің келеңсіз әрекеттері, сынныптастары мен достарымен болған қақтығыстар, айналасының қатыгездігі немесе

немқұрайлы көзқарасы анықталған.

Бізді аландататын тағы бір тақырып, ол субмәдениеттің жасөспірімдердің көңіл-күйіне әсері. Әлем бойынша бейресмилікті қабылдаған жасөспірімдер саны күннен-күнге өсіп келеді. Субмәдениетке түскен адам онымен біртұтас қалыптасады. Ол жаңа қоғамның барлық тәртібін, заңын қабылдайды, оның құндылықтар жүйесі мен өмірге деген көзқарасы өзгереді. Кейде өзі берілген бейресми қоғамының мағынасын түсінбейтіндер де болады. Көбіне осылай атүсті қарайтындар – жас жеткіншектер. Ересектерге де қауіпті субмәдениеттерге сенімі қатаймаған тұлға тап болса, онда проблемалардың пайда болатыны сөзсіз. **Жасөспірім еліктейтін субмәдениеттің теріс жағы барлық уақытта табылады. Ең қауыптысы секталар, мысалы, жыншайтандар сектасы. Оған кіргендердің көбісі оралмайды. Гипнозды пайдалана отырып бұл секталарда түрлі әрекеттер жасалынады. Соңғы жылдары жастар ислам діні ағымдарына еліктеушілік жасауда: қыздар неше түрлі хиджаб киіп, ал, ұлдар сақал жіберіп, шалбарларын қысқартып, дәстүрлі діни тәртіптерін бұрмалап жүр.**

Бұқаралық ақпарат құралдарында жазылып жүрген тағы бір көріністі «гламур» субмәдениетіне жатқызуға болады, бірақ, бұл әдеміліктің теріс түсінігін көрсетуде. Батыстың сұлулық индустриясына еліктеушілік көрінісі біздің елімізге де келіп жетті. **Жасөспірім қыздар арасында «45-30-45» сұлулық параметріне еліктеуден «ана девочки» деген ұғым пайда болды. «Ана» ұғымы «анорексия» терминінен бастау алады. «Ана» қыздарының ұстанымы тамақты аз мөлшерде немесе мүлдем татпау. Түрлі дәрі-дәрмектерді ішіп, тамаққа деген тәбетін бұзу. Бұл көзғалыстың ұраны: «Тамақ ішпе, сонда сұлу боласың!» Жастардың бұндай әрекеттері денсаулыққа қауып туғызатыны белгілі, сол себептен отбасында, мектепте арнайы жұмыстар жүргізілуі қажет. Дәл осындай әрекеттерді кальян шегу, нашакорлықтың, алкоголизмнің зияндығын көрсетіп түсіндіру керек.**

Балаларға жақсы тәрбие берудің түрлі жолдары бар. Ең бастысы – тәрбиенің негізі отбасынан, ананың сүтінен, әкенің камқорынан басталатынын ұмытпағанымыз жөн. Ата-аналардың отбасылық тәрбиеде жауапкершілігін арттыру үшін олардың педагогикалық мәдениетін көтеру қажет. Ұлы Абай «Дүние – үлкен көл, заман – соққан жел. Алдыңғы толқын – ағалар, артқы толқын – інілер, баяғыдай көрінер», – деп дүние бірқалыпты тұрмайтынын, бір ғасыр бір ғасырды ауыстыратынын, ұрпақ ұрпаққа жалғасатынын жырлаған. Қазақ халқының көне мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрін ұрпақ тәрбиесіне пайдалану қазіргі ата-аналардың міндеті. Халықтық педагогика – біздің ұлттық болашағымызды, халықтық қасиетімізді баршаға танытатын асыл мұрамыз, ұлттық құндылығымыз. Біз ата-бабаларымыздың ұлттық тәжірибесін пайдалана отырып жас жеткіншектерге отанын, елін құрметтеуге, адал еңбекке, адамгершілікке, білім алуға, өмірге бейімделуге сияқты ізгі қасиеттерге тәрбиелеуіміз қажет. **Ұрпақ тәрбиесі – ұлы мұра. Олай болса, отаншыл, елін, жерін сүйетін ұрпақты намысшыл етіп тәрбиелеу күн тәртібінен түспек емес.**

Күлімхан ЖӘЙШІБЕКОВА,
социология ғылымдарының
кандидаты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Дулатбеков Н. (Жалпы редакциясын басқарған) Ювенология. – Астана, 2010. – 35-366.
2. Семья и родительство – 21 век. (Сборник научных трудов). – Курган, 2009. – 20-226.
3. Қалиев С., Иманбекова Б. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі және оны орта мектептің оқу-тәрбие үрдісіне пайдалану. – Алматы, 2010. – 20-226.
4. Мырзагелді Кемел. Конфуций даналығы. Астана: «Аударма». 2002. – 51-526.
5. Құрастырушы Әбдіқалықова Б. Білім беру мекемелеріндегі суицидтің алдын алу жолдары. Алматы, 2011. – 36.

Қазақ тіліндегі кейбір экономикалық терминдердің қолданылу аясы

Халқымыз көз жеткізбегенге сөз жеткізеді деп бекер айтпаған. Соңғы бес жыл ішінде жарық көрген еңбектерге, экономикалық сөздіктерге, басқа тілдерден аударылған макроэкономикалық зерттеулерге назар аударсақ Г.Жүнісов, Ү.Мәмбетов, Ү. Байжомартовтың еңбектерінің қазақ

тілінің сөздік қоры, лексика-грамматикалық жасалу тәсілдері аталған ғылымның қажетіне жарап жатқандығын көруге болады. Бұл аталған пікірдің айғағы ретінде «Макроэкономика» оқулығының аудармасын тілге тиек етуге болады.

Біз ең алдымен қазақ тілінде экономика термині ретінде қалыптасқан сөздерді, онан соң шет тілдерінен кірген аударылмайтын терминдерді макроэкономиканың негізін құрайтын негізгі қаңқасы деп есептеуге болады. Тәржімалау процесінде байқалғаны бұрын күнделікті өмірімізде сирек немесе қолданыла бермейтін сөздер мен сөз тіркестері: үлгі – модель – model; қозғалмайтын мүлік – недвижимость – real estate; деңгей – уровень – level; ықпал – воздействие – influence; кедергі – помеха – disturbance; жарнама – реклама – advertisement; күәлік – полис – policy; тәсіл – метод – method; кепіл – залог – mortgage; құжат – документ – document; құнды қағаздар – ценные бумаги – securities аз уақыттың ішінде күнделікті өмірімізге еніп кетті.

Макроэкономиканы аудару процесінде байқағанымыз, жалпы терминдердің бәрі бірдей қолданыла бермейді. Біз бұл екінші жағдайға аса көңіл бөлмей, ең жиі қолданылатын экономикалық терминдерді статистика – есептеу тәсілі арқылы біраз қарастырдық (Н.Д.Андреев.1967.,А. Қ.Құрышжанов, А.Қ.Жұбанов, А.Б.Белботаев Құманиша – қазақша жиілік сөздік. 1978). Кейбір кездерде бірінің мағынасына ұқсас синонимдері қолданылуы керек болып қалады. Біреулері өте жиі қайталайды, басқалары ондай емес. Санмен белгілемегенмен өте жиі қолданыс тапқан терминдерді атап өтелік: ақша, айырбас курсы, сұраным, ұсыным, ұтымды күтулер, табыс өнім, деңгей, нарық, тұтыну, инфляция, шығын, кіріс, төлем, баланс, ақша қоры, құнсыздану пайыз мөлшерлемесі, жұмыссыздық, несие, тапшылық, молшылық, болжам, қарыз бағалы қағаздар, банк, акция, экономика, қысқа мерзім, ұзақ мерзім, реттеу, қаржыландыру. Бұл терминдер – экономика ұғымының тірек сөздері. Нарықты экономикаға байланысты сөздерді, терминдерді сандық-статистикалық әдіс арқылы зерттегенде, жиі қолданылатын сөздер қатарына қазақтың байырғы сөздері: құн, мұра, несие, тауар, сауда, шығын, бәсеке, қор жататыны байқалды.

Қазіргі қазақ тілінде экономика термині ретінде қолданылатын «Құн» сөзі, орыс тіліндегі баламасы – стоимость, қазақ халқының сөздік қорында өте ерте кездерден қолданылады. Құн сөзі барлық түркі халықтарының тілінде бар. X-XI ғасырларда Караханидтер мемлекетінің дәуірлеп жоғары көтерілген кезеңі еді. Бұл ұлы түркі мемлекеті Қытайдан бастап, Каспийге шейін созылған кең территорияны алып жатқан болатын. Оның орталығы - Кашгар, солтүстігінде Баласағұн батысында Самарқанд, сауда, саяси орталығы болып есептелетін (Юсуф Хос Ходжиб «Құтадғу билиг» 1972. 8 бет.) Осы

сөз Октябрь революциясынан бұрын адамның төлеуіне берілетін мал-мүлік дегенді білдіретін атау ретінде қолданылған: «Өлтірілген кісі үшін қарсы жаққа төленетін айыптау төлемі» (Қазақ Совет Энциклопедиясы. 7 том. 37 бет). «Ертеде Төле би мен Қазыбек би бір өлген кісінің құнын даулап Алшын еліне барған...» (Н.Төреқұлов «Қазақтың жүз шешені». 1982. 124 б.). Осы сөздің төркінін қарасақ, монғол тілінде хүн (С. Хабишай., Ә. Миніс, «Моңғолия-қазақша сөздік», 1954, 307б., Г.Ж.Санжеев. 1947. 279 б.) – адам деген мағынада (хундәч – адамшыл – қонағуар) ауған, орду (Урду-русский словарь под ред. А.П. Баранникова. 1951. стр. 312. Афгано-рус. словарь под ред. член-корр. Е.Э.Бертельса, 1950, стр. 245.), тілдерінде қан, кісі өлімі деген мағынада қолданылады. Бұл сөзді ертеректе шыққан бір сөздікте құн деп жазған (А.Ф.Бурдаков «Русско-монгольский словарь». 1935. с. 309). Сөйтіп, қазақ тіліндегі «құн» сөзі адам деген ұғымда болған. Өйткені, ерте кезде өлтірілген адамның құнына не адам алып, не адам өлтіреді екен; мұны: «қанға қан; қанды қанмен жуады» деген мәтелдер содан қалған. Бұл сөз, әрине, ауған, орду тілдерінен ауысып келген деуге болмайды, өйткені, арада жатқан өзбек, түрікмен сияқты қалың елге соқпай, олар қабылдамаған сөз бірден қазақ халқының тіліне ауыса қоймайды. Сондықтан, бұл сөзді қазақ халқы өзінің тікелей көршісі монғолдан ауысқан болуы ықтимал. С.Е. Малов, бұл сөздің сары ұйғыр тілінде хүн-қан деген мағынада қолданылатынын айтқан (С.Е. Малов «Язык желтых уйгуров», 1957. стр. 130). Ал, ертеде қазақ халқының сары ұйғырлар мен де қатынасы болған. Міне, бұл сөз бұрын «адамның төлеуі» деген мағынада қолданылып, адам деген ұғымды ғана білдірсе, қазір саяси экономикалық терминге айналған (І.Кенесбаев, Ғ.Мұсабаев. 1975, 50-51 бет.). Ал, бүгінде «құн» сөзінің мағынасы өзгеріп, нарықтық экономика тілінде: құн - 1) бірнәрсенің ақшаға шаққандағы бағасы немесе бір нәрсеге жұмсалған шығын шамасы; 2) тауарды өндіруге жұмсалған және осы тауарда затқа айналған қоғамдық еңбек (Ж.Аяпова, Е. Арынов. 1993. 259 бет.). Осыдан келіп, құнға байланысты мынадай тіркестер жасалды: қосымша құн, құнды ақша қоры, құны жоғары ақша, қосымша құнға салынатын салық, кредит құны, «ноу-хау» лицензия құны т.б.

Нарықтық экономикалық терминдер, сөздер әр түрлі сөз тіркестері арқылы да жасалады: Мәселен: бір ғана нарық сөзіне байланысты тіркестер; нарық – рынок – market сөзі төмендегі тіркестерді тілімізге қалыптастыра бастады: мемлекеттік мекемелер нарығы, монополиялық бәсеке нарығы, сатып алушы нарығы, сатушы нарығы, өндіруші нарығы,

аралық сатушылар нарығы, өндіруші нарығы, делдалдар нарығы, несие капиталының нарығы, таза бәсеке нарығы, нарыққа қатысты теория, нарықты мемлекеттік реттеу, нарық конъюнктурасы, нарықтық құн нарықтық инфрақұрылым, нарық тепе-тендігі, нарық күштері, нарық қорлары, нарыққа шығу, жабық нарық, банкаралық нарық, т.с.

«Баға» сөзін алайық. Оның алғашқы мағынасы біреу болған:

1. Заттың құны, нарқы. Мұндай аттың бағасы кем дегенде 40-50 сом - делі Нығметжан Балуан Шолаққа (*С.Мұқанов. Шығармалар*). Совхоз жұмысшыларына, колхозшыларға және басқа тұтынушыларға олардың жеке пайдалануы үшін керекті облыс белгілеген баға бойынша сатып беріледі (*А.Әбішев. Ауылда*). Біреуі басы артық жүн-жұрқасынан құтылғанына қуанса, біреуі өзіне керегін қалағанынша тандап, қадағына екі - үш тиыннан баға кесіп жатыр (*Ғ.Сыланов, Асау арна*). Сол мағынасы әлі де көнерген жоқ, қайта экономика термині болып қалыптасты.

2. Оқушының білім дәрежесін анықтауда қойылатын бес балдық жүйе. Оқу майданындағы жарты жылдықты өте жақсы бағамен аттандырып, ол «уһ» деп бір дем алды (*М.Иманжанов. Адам туралы*).

3. Ауыспалы мағынасы – қадір-қасиет. Баға жетпес. Ұлы Отан соғысы жалдарында Жамбыл өзінің шабытты өлеңдерімен халыққа баға жетпес қызмет көрсетті (*М.Қаратаев. Туған әдебиет*). Бағасы асты. Қадірі артты, беделі артты. Жарас ай, өзің болдың анық ағам, асты ғой бәрінен де сенің бағаң (*М.Әуезов. Шығармалары*). Ей, Біржан, жасың үлкен, өзің аға, қымбаттығым белгілі білсең баға (*Біржан сал*). Ал, «бірінші» баға-экономикалық баға, заттың құны. Қалған екі баға сол негізгі баға сөзіне еліктеуден және ұқсатудан келіп шыққан. Негізгі мағына мен ауыспалы мағынаны ажырату оңай; «Баға» экономикалық термин ретінде келгенде, оның қолдану аясы өте кең.

«Баға» – экономикада келесі тіркестермен қолданылады: дүниежүзілік нарық бағасы, көтерме сауда бағасы, тұтыну бағасы, лицензиялық баға, талап бағасы, өндіріс бағасы, нарыққа бойлап ену бағасы, бөлшек сауда бағасы, сиф бағасы, өзгермелі баға, кейіннен тіркелетін баға, анықтамалық баға, «тыныштандырушы» баға, фактуралық баға, фас бағасы, фоб бағасы, франко бағасы, мақсатты баға, баға лидері, баға маркетингі, баға шегермесі, кооперативтік сауда бағасы, ноу-хау бағасы, биржалық баға, белдеулік баға, үстеме баға, инженерлік-консультациялық қызметтердің бағасы, баға деңгейі, баға деңгейіндегі өзгерістер, баға көрсеткіші, баға қоры, баға факторы т.б. Сөздің заттармен құбылыстардың және олардың белгілерінің бейнесімен

тікелей байланысты лексикалық мағынасы тура мағына екені белгілі. **Қазіргі тілімізде экономика ғылымында қолданылып жүрген терминдердің тамыры ескі заманда жатқандығы белгілі. Нарықтық қатынастарға байланысты олар күнделікті қолданылатын лексикамызға айналды. Бұл сөздер қазіргі өркениеттің жеткен биігіне, қоғамдық даму дәрежемізге тікелей байланысты.**

Нарық I. Сатылатын заттардың тұрақты құнын білдіретін баға ретінде қолданылатын қазақтың байырғы сөзі. Бұлғын терісі өте жоғары **нарықпен** бағаланады (*Ж.Кенжебаев. Орман*). Базар **нарқынан** артық сұрамайтын (*С.Бегалин. Замана*). Алайда бұл сөздің ауыспалы мағынасы да жоқ емес. Ол – парық қадір, қасиет (*Түсіндірме сөздік. 1973*). Шіркін дүние-ай! Бір үйдің төресі де өзін болып, ештеңенің **нарқын** білмедім-ау! (*К.Асанов, Сағыныш*). Алды көктем, жігіттің арты жаз боп, Асыл енге көрінбес **нарқың** аз боп (*Ғ.Қайырбеков, Қанатты*). (*М.Ә.Қараев. 1993. 426*). «Үйдегі сауданы базардағы нарық бұзар» (*Мақал*). «**Нарыққа** көнбеген – парыққа көнбес».

Экономикаға байланысты нарық мағынасы.

Нарық – экономика саласы, бұл салада тауардың ақшаға айналу және керісінше ақшаның тауарға айналу процесі жасалады. Экономиканың әртүрлі саласында өндірілген тауарларды сатып алу - сатудың өзара байланысты әктілердің жиынтығы (Іскер адамның экономикалық сөздігі. 1993. 235-бет.).

Экономикалық оқулықтарда бұл термин көбінесе сөз тіркестері арқылы қолданылады.

Бақытгүл АҚШАЛОВА, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

Сабырбаев Б. Экономикалық терминдердің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. Алматы. Қазақстан. 1979.

Санжеев Г.Д. Монгольско - русский словарь. Москва. 1947.

Хабшай, Ә. Миніс. Монғолша-қазақша сөздік. Уланбатор. Монғол мемлекеттік баспасы, 1954.

Толковый словарь по рыночной экономике. «Парасат-Самекс». 1991.

Тәжұтов А. Халықаралық экономикалық терминдердің этимологиялық түсіндірме сөздігі.

Алматы. 1997. Б.Н. Ақшалава Макроэкономика (аударма). Білім баспасы. 1997.

Қазақстанның қаржылық-несие жүйесі

Қаржы саласы мемлекет үстінен басқарудың, мемлекет тағдырына тікелей әсер ету тұрғысынан маңызға ие экономикалық артықшылық, жылдам әсер етуші және тез нәтиже беруші басымдылық. Нәтижесінде бөгде концепцияға бекітілу арқылы Қазақстан сияқты әлемдегі ең бай мемлекеттің бірі кедейшілікте өмір сүруде. Шыныменде, еш асыра сілтемей-ақ, дамуға керектің барлығы өзімізде бар, ең аukatты елдердің біріміз, бірақ дәрменсізбіз. Бізде бүкіл пайдалы қазба байлықтар, шикізат, мұнай, газ, көмір, темір, барлық металдар бар. Сонда, себеп неде? Себеп бірауыздан бекіген мақсатты-бағдарламалық концепция, идеология жоқ, аталған игіліктерді ел мүддесіне жұмсау үшін. Оның орнына жақсы ниетте көрінген мемлекеттік билік құрылымдары арқылы бөтен Басқару концепциясына жұмыс жасаудамыз. Деректерді шет елдердің құпия мұрағаттарынан іздеп керек емес, елдер мен халықтарды қаржылық отарлау тәсілдері, Доктрина егелеріне христиандық Інжілдің «Второзаконие - Исаии» атты сүресінде ашық та ұғынықты баяндалған:

«Өз бауырыңа, өзгеге беруге болатын, күміс, нан, не нәрсе болмасын өсімге берме, бөзде бер өсімге, ал өз бауырыңа өсімге берме» (Второзаконие, 23:19).

«... көптеген елдерге өсім бересің, ал өзің өсім алмайсың және көптеген елдердің үстінен басқарасың, олар сені басқара алмайды» (Второзаконие 28:12).

«Сонда өзге елдің ұлдары сенің құрылысыңды салады, патшалары саған қызмет етеді..., ал мойынсұнғысы келмеген елдер мен патшалықтар жойылады» (Исаия 60: 10-12)

Зандастырылған ғаламдық қарақшылық М.Кеннадидің «Деньги без процентов и инфляции» (Lilalex, Швеция, 1993) атты еңбегінде де жақсы жазылған. Орташа статистика бойынша үстеме пайыздық механизм арқылы «дамыған» елдер «дамушы» елдерге 100 млн. доллар беріп, пайызбен қоса 200 млн. доллар қайтарып алады екен. Міне, сіздерге батыстың «экономикалық жетістігінің» құпиясы. Қазақстан бүгін осындай құлдықтың нағыз үлгісі. Бізге көмек ретінде келетін қаражат пен бізден шығатын байлықты салыстырып көрсеніз, тікелей тонаушылықтың схемасын байқайсыз. Жаңағы «Второзаконие - Исаии» доктринасы «По благославению Святейшего Патриарха Московского и всея Руси Алексея II» атты кітапта басылып, жарық көрген.

Егер біз Құранға жүгінетін болсақ, «исламдық терроризм, фундаментализм, уахабизм» секілді қорқынышты терминдердің неге тарағанын, Исламды қаралау, жала жабу, одан

үркітіп, қорқыту, хиджабка оранған адам тектес зомби-мәңгірттердің өзін-өзі жаруы, мұсылман әйелдерінің өмірі теледидар арқылы сұмдық болып көрсетілуі, тіпті мұсылманның сыртқы келбетіне дейін У. Бен Ладен атты қуыршақ арқылы қорқынышты көрсетілуі, бәрі... бәрі... неге екенін түсінесіз. Құран Інжілдік қас әрекеттерге қарама-қайшы. Құранда пайызға ақша беру, алу үлкен күнә. Құран: «Өсім алушылар Қиямет күні шайтан азғырғандардың қатарында оянады. Бұл олардың: *«сауда да - өсім» дегендері үшін жаза. Бірақ Аллаһ сауданы адал етті де, өсімге тиым салды. Кімге ақиқат жетіп, соған сай әрекет ететін болса, Аллаһ өткен күнәларын кешіреді» (Бақара, 2:275).*

«Второзаконие - Исаии» үстеме пайыздық доктринасына негізделген несие-қаржы жүйесі тұрақты дамудың үлгісі бола алмайды. Күйзеліске ұшырау мен даму белгіленген үстемелік пайызға тікелей байланысты. Мақаламызда айтылған үстемелік пайыздың негізсіз екенін нақтылау үшін мысал келтіре кетейік, егер біреу Иса (ғ.с.) туылған жылы 1 цент ақшаны 4% үстемелік пайыздық өсіммен қоятын болса, онда 1750 жылы ол жиылған ақшаға салмағы жер планетасымен тең шар сатып алар еді. 1999 жылы ондай шардың 8200 талына ие болар еді. Сондықтан, барлық дағдарыстар, банкроттық, соғыстар әлеуметтік жүйедегі үстеме пайыздық өсімнің кесірі.

Бұл күйзеліске әкеліп тірейтін жүйеге балама (альтернатива) жүйе бар ма? Бүгінгі таңда орыс ғалымдары Қоғамдық Қауіпсіздік Концепциясын (Концепция Общественной Безопасности) ұсынып отыр. Швецияда «Пайызсыз, инфляциясыз ақша» атты еңбек жарық көрді (орыс тіліне аударылған). Кітапшада несие-қаржы жүйесінің методологиялық деңгейде схемасы көрсетілген. Дұрыс экономикада пайыздық үстемеге жол жоқ, тек ақшаны ұзақ сақтағандар қаражатты қолданғаны үшін аздаған төлем төлейді. Ал ақиқаты Ислам көрсеткен қаржы жүйесі. Жоғарыда айтылған балама жүйелердің барлығы Исламда көрсетілген, айтылып кеткен. Сондықтан ба Ислам опық жеп, мұсылмандар қыспаққа алынып отыр. Мысалы, Құран бойынша әр мұсылман ерікті түрде бір жылдан артық сақтаған ақшасына 2,5% мөлшерде мемлекетке салық төлейді.

Пайызсыз ақша жүйесі Австрияның Вергель қаласында эксперимент ретінде жүргізілді және керемет нәтижелер көрсетіп, экономика бірден көтерілген. Інжілдік концепцияның пайыздық үстеме әрекеті мемлекетіміздің беркесін қашырып отыр. Онда еңбексіз, ештеме өндіріместен, қоғамға пайдалы қыз-

мет істеместен кіріс кіргізудің көптеген модификациялары ақшадан ақша жасауға негізделген. Концепция егелері әртүрлі сылтаулармен қоластындағы елдерге артық ақша бастырып шығартпайды, себебі барлық елдер Халықаралық Валюта Қорына мүше болып, өздері ақша басып шығармауға уағдаласқан. Есесіне өздері қарапайым қағаздан ақша басып пайызға береді де, пайыздық үстемен қалаған дүниелерін, материалдық игіліктерді алып кете береді (орман, мұнай, газ, алтын, т.б.). Пайыздық үстеме - тарих барысында қалыпты жағдайға енген, мемлекет үстінен құрылымсыз басқарудың параметрі. Өз еліндегі және қарыз алушы елдегі қаражат мөлшерімен және қайтару схемасымен манипуляция жасау (басқару) арқылы қоластыдағы елдерде қалаған жағдайды (тенденция) тудыруға болады. Мысалы, экономиканы күйзелтуге (Грекия), гүлдендіруге (Швейцария) немесе буржуазиялық құндылықтарды жасанды көрме (витрина) қылуға (АҚШ) болады.

Марксизмнің өндіріс иесі мен жалдамалы жұмысшыларды құртатын пайыздық үстемені жасырып, ұзақ жылдар бойы ренішін білдіріп жүрген өндіріс иелерін абстрактілі қосымша күнмен алдандырып, Инжілдік концепция иелеріне «ғаламат» жақсылығын жасады. Негізінен бір болған басқару мен өндіріс саласын бір-біріне айдап салып, 1917 жылы болған төңкерісті қолдан жасады. Сөйтіп, су асты кемесі жалған имитатор шығарып, соңынан түскен торпеданың бағытын бұрды.

Несиелік-қаржылық жүйе арқылы мұндай, өндірісті сферасын тоқырату үшін режисура мен басқару мақсатты түрде іске асырылады. Орталық Банк (ОБ) мемлекет басқарылуынан шыға отырып, аймақтық мемлекет үстінен басқаруды іске асырады. Таңғаларлық жағдай емес, мемлекет басқару жүйесіне енгізілген, кез келген елде, кез келген Орталық Банк осы қызметті атқарады. Бұл жүйені дәл сипаттаған М. Ротшильд: «Елдің ақшасын басқаруға мүмкіндік беріңдер, кейін оның заңдарын кім шығаратынында шаруам жоқ»-деген екен.

Ұлттық Банк пайыз мөлшерінің өсу себебін инфляциямен, қайтарылмаған несиені түсіндірген жалғандығын тоқтату керек. Керісінше, инфляция пайыздық үстеменің ұлғаюынан туындайды. Соның әсерінен тауардың өзіндік құны өсіп, капитал айналымының ұзақ мерзімді технологиялық циклін айтпағанда, жай ғана сату-сатып алу операцияларының өзінде құн жоғарылай береді.

Инфляция өскендіктен өндірістің айналым ақшасы таусылып, жұмысы тоқтайды (1991ж. және одан кейінгі жылдар). Кейін шетелден (60-100%) несиеге (кредит) ақша алынады. Төлем қаблеті өндіріс саласынан бірден қаржы саласына өтеді. Егер басшылық,

шеттен келген консультанттың көмегінің, қарапайым арифметиканың төрт тәсілін біліп, ақша қозғалысын есептеп көрсе, онда мұндай жағдайда өндірістің өмір сүруі теориялық тұрғыдан да мүмкін емес екенін түсінер еді. Осыдан кейін өндіріс басшыларын «әдейі өндірісті құлатты» деген жаламен жазалап, керемет өндіріс басшысын іздеу тоқтатылар еді. Мұндай тоқырату жүйесі көне уақыттағысынан айтарлықтай өзгере қойған жоқ. 1907 жылы Ресей азаматы А.Д. Нечволодова жазып кеткен екен: «... пайыздық үстеменің тым өсуі өндіріс және сауда алаңдарының, әлі күнге дейін жұмыс істеуге қабілеті бар көптеген мекемелердің жабылуына әкелді. Жағдайды түзеу үшін экономикалық саясатты өзгерту қажет»-деген екен жарықтық.

Өзіміздің төлеу құралымыздың жетіспеуінен шет ел несие ресурсын алу арқылы, Еуро-Американың концепциясын таратушы – долларға тарау кеңістігін босатып береміз. Америка еліндегі артық ақшаны жедел шығара білмегенде, баяғыда шаруасы тынар еді. Мысалы, Ресейге жылына 25млрд. доллар келеді екен, ал, бізге мөлшері 10-15млрд. келер шамасы. Ал, өндірісімізді әлсіретіп, теңгені құнсыздандыру үшін «қайта құрудың» мәні де осыдан болған. Еліміз көк ақшаға толтырылады да, пайыздық қайтарылыммен материалдық игіліктер, шикізет кете береді. Кезінде Де Голль бұл механизмді түсініп, елдегі ақшаны АҚШ-қа апарып айырбастай бастағаны үшін қызметтен қуылған екен. Ал, ку Эрхард болса тыныш, көк қағаздарды келісім бойынша кейін қайтарып отырған көрінеді, сол себепті Германия соғыстан кейін «ғажап» түрде, бірден гүлденген. 15 тамыз, 1971 жылдан бастап АҚШ-тың алтын қоры таусылған соң, алтын стандарт жойылды. Кең таралыммен басылып шығып жатқан доллар ештеңемен қамтамасыз етілмеген. Сосын байланысты **АҚШ-н сыртқа қарызы экспонентті өсіп келеді, жуырда оның көлемі (17трл. доллар) бүкіл үшінші әлем елдерінің қарыздарынан асып түседі. Біздің тауар массамыз, энергиялық ресурстарымыз долларды қамтамасыз етуге жұмсалады.**

Бұл ерекше жағдай, ешбір егемен мемлекет жоспарына ұлттық қазынасын бөгделердің ақшасына сату енгізілмеген. Жер игерем деп жетім құсап келген өзгенің баласына қазақ ұлты тым болмаса нан сындырып беріп, бауырына басты емес пе, ал біз сурет салынған бір жапырақ қағазбен алданып отырмыз. Күлліәлемдік доллар пирамидасының құлауы, өз кезегінде қорқыныш туғызып, дәл осы жағдай Еуропаның долларға тәуелді болуының салдарынан, евроның шұғыл айналымға түсуіне, Азия және Тынықмұхиттық елдерде ортақ валютаның (Сингапурлық доллар) енуінің себебі сонда. Өз уақытында жеке валю-

таның бақылаусыз қамтамасыз эмиссиясы айтарлықтай бағаланған, мемлекет тақырға отырып қалуы мүмкін. Және бұл жағдайға Қазақстан халқы да ұшырауы ғажап емес.

Осыған байланысты Қазақстан өзінің мол байлығымен, энергия қуатымен араб елдерімен, Жапония сияқты кез келген елмен одақтаса алады. Мысалы, Жапон мемлекеті кең көлемді инвестицияға мүмкіндігі бар, ал Қазақстан энергоресурстары иенге энергоинвариант арқылы тұрақтылық бере алатын еді. Біз бірлесетін аймақ біздің энергоресурстар арқылы өз валютасының тұрақтылығын қамтамасыз ету мүмкіндігіне ие болады.

Адал табыс пен жетістікке жетудің бірден-бір жолы ретінде, өнеркәсіпті дамыту, оған барлық қаражатты бағыттау, тонап-азғындаушылық пен ақшаны пайызға беруге қарсы заңды кедергінің жалғыз жолы. Дәл осы үнсіздік жағдайы Жапон ғажайыптарының негізі. Жапонияда соңғы жылдары еркін пайызға ақша жалдау жойылған, ал пайыздық мөлшері 0,5-1,5% жылдық көрсеткіштен аспаған. 1999 жылы АҚШ-пен бәсекелестік сатысының қарқындау барысында, Жапония пайыздық жалға беру көрсеткіштерін жылына 0,25%-дан 0,15%-ға дейін төмендету шешімін қабылдады. 2003 жылдың ортасында үстеме пайыз мүлдем жойыла бастады. Жапония қабылдаған басқару концепциясында банктер пайыз ақша жинау мекемелері болып табылмайды, тек инвестициялық компания ретінде ғана қарастырылады. Олар кәсіпкерлермен бір ағыста ағып келе жатқан кемеге бірге отырып, тек өндірісте табыстың бір бөлігі, яғни бірлесе атқарған жұмыс нәтижесінде келіп түскен нақты пайданың белгілі бір пайызына иеленеді.

Мемлекеттік жүйені екі блоктан тұратын модель ретінде алып көрейік: біріншісі, Өндірістік-Тұтынушы Жүйесі (ӨТЖ) және Несие-Қаржылық Жүйесі (НҚЖ). Тұтынушылардың қолданысына қажетті заттың барлығы (тұтынушылар құны) ӨТЖ жүйесінде жасалынады. Сатып алу қабілеттілігі, ақылға қонымды жүйеде, толық қамтылуы, тек осы жүйеде өндіріліп шығарған өнімге пропорционалды болуы тиіс. Несие-Қаржылық Жүйенің (НҚЖ) қоғамға пайдалы әрекеті, тиімді тауар айналымды қамтамасыз етіп, ӨТЖ-сін қаржылай қамтамасыз етуі болып табылады. Бірақ, бұл жағдайдың барлығы Ұлттық Банк (ҰБ) арқылы ұйымдастырылып отырады. ҰБ өзінің тікелей қызметтерін орындаудың орнына, өндіріс аясынан тыс сатып алу қабілеттілігінің қамтамасыз етіп, өндірілген өнімдермен еш байланыссыз, үстеме пайыз арқылы НҚЖ-ң өз ішінде жұмыс істеуде. ҰБ істі осылай жүргізсе инфляцияға әкеліп соқтыруына себеп болады. Егер үстеме пайызға тиым салып, дұрыс ақша саясатын ұстана отырып, өндірісті арттырса, инфляция жойлып, мемлекет гүлденер еді.

Егер заң шығару органдары үстеме пайыз туралы үнсіз қала берсе онда мемлекеттің экономиканы қадағалауы бос әңгіме. Ондай жағдайда әрқашан мемлекеті банк қадағалау арқылы, экономиканы да қадағалайды. Батыстың капитализмінде, КСРО-ның социализмінде нақты осы жүйелер (үстеме пайызға деген заңның, айтып өткендегідей, қатынасы және банк жүйесінің несие ресурстарын толтыру көздері) КСРО социализмін АҚШ-тың капитализмінен еш айырмады. Мемлекеттегі үстеме пайыз жайлы түсініксіздік, мемлекетті мемлекет үстінен басқаруға, халықаралық банк жүйесіне бағынышты бір аймақ қылып қалыптастырады.

Пайыздық ақша алуды тонаушылық екенін түсініп, дұрыс көзқарас орнату өте маңызды және шет елдерден пайызға ақша алуды, қарыз болған пайыз төлемді өтеуден бас тарту керек. Қазақстанда шетелдік ресурстардың жұмыс атқаруына шексіз мүмкіндіктер барынша кең болуы керек, бірақ оларға келетін пайда, олардың қатысумен атқарылған жұмыстың бір бөлігі ғана болуы қажет. Біз ұрлықпен келген, ойдан құралған табыстан емес, нақты өндірілген нәрсемен бөлісуге дайынбыз.

Дүниежүзілік шаруашылықта, факт бойынша, валютаның қамтамасыздандырылуы алтын стандарттан энергетикалық жүйеге өтті. Дәл осы тауар құнының баламасына жатады. Сіз бір кірпіш пен нанның құнын теңестіре аласыз ба? Тек оларға жұмсалған энергия құнымен есептелінеді. Энергоинвариант – бізбен қабылданған немесе қабылдамағанымызға қарамастан ол объективті енген нәрсе.

Заң шығарушы орган энергоресурс стандарттарына ауыстыру сұрақтарын шешетін уақыт келген сияқты. Килловат-сағатты инвариант ретінде преискуртан тізіміне қосуға болады. ҰБ ешқандай міндетіне алмайтын сурет салынған қағаздардың орнына, мемлекеттік ақша айналымына жергілікті энергиямен, белгілі жанармай тоннасымен қамтамасыз етілген таза ақшалар жіберу қажет. Бұл «ақша белгілерін» қарызға алудың орнына, халықаралық деңгейде, тауар алмасудың тең құқығына ие болуына мүмкіндік береді. Тек сол жағдайда ғана біз жасыл қағаздар үшін ұлттық байлығымызды таратуды доғарып, мемлекетіміздің үстіндегі биліктен құтыла аламыз. Тең дәрежелі тауар алмасуына өту үшін, біз кез келген энергия көзінің және қарапайым Қазақстан өнімдерін шет мемлекеттерге тек қазақстандық энергетикалық теңгеге сату тәжірибесін тағайындау керек. Біз әлемдік нарыққа мөлшермен айтсам, 20% астам газ, 30% астам мұнай, 10% орман өнімдерін шығарамыз. Есесіне, тонаушылық пайыздан басқа, кепілденген, құнды, тұрақты төлем құралы ретінде бізде не бар.

Сөзімізді аяқтай келе, еліміздегі 30 бен 60 жас аралығындағы аға буын жаңа дүниетаным қалыптастырып, адамзаттың жарқын болашағы үшін алдағы кез келген ғаламдық катастрофаның алдын алу міндеті тұр. Себебі, нақты осы ұрпақ, адам сенгісіз, жылына 200% үстемемен жалаңаштандырылып, ойрандалудың шегіне жеткен. Дәл осы ұрпаққа екі ақымақтық әлеуметтік таңдау мұрасы берілген - социализм әлде капитализм. 1986 жылдан бері мемлекет уақыт заңына сай бүтін бір тарихи белесті бастан кешірді. Бұрындары оған жүздеген жылдар кететін. Бұқаралық ақпарат

құралдары бұл кезеңді қалай жеткізсе де, ол қоғам жадында өзінше кері ұғымда болды.

Соңғы мыңжылдық барысында, інжілдік догманың құлдырау сәтінде қазақ халқы, терең, бір сәттік генетика талабына жауап беретін, мың өліп, мың тірілсе де жойылмаған ұлы ұлттың жадында сақтаулы ежелгі бабаларымыз берік ұстанған, жаңа дүниетаным (идеология) қалыптастыруға даяр.

**Берік КУДИНОВ,
«Қазақтың МШМАӨ» ЖШС-і
ғылыми-зерттеу институтының
кіші ғылыми қызметкері**

Инновациялық педагогика қызметін ұйымдастыру

Қоғамдағы қазіргі өзгерістер білім беру жүйесіне көптеген міндеттер жүктейді. Еліміздегі серпінді иустриялық және инновациялық даму бағдарламасына сай мемлекет экономикасын жан-жақты, білікті мамандармен толықтырып отыру, қоғамның интеллектуалды деңгейін арттыру – бүгінгі білім берудің басты мақсаты болып табылады. Әсіресе, осы мәселені назарда ұстау керектігін Елбасы Н.Назарбаев «Нұр Отан» партиясының съезінде сөйлеген сөзінде нақты айтты. Ол еліміздің экономикасы әлемдік дағдарыс жағдайында даму қарқынын жоғалтпай, елімізде 250 индустриялық-инновациялық жобаның енгізіліп, соған байланысты ішкі нарықта жұмысшыларға деген сұраныстың еселеп артатынын ескертті. Осы даму қарқынына сай білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойылатыны туралы да айтты. Бұл талаптарға сай болу үшін білім беру жүйесінің өзі де инновациялық тәсілдерді жетік меңгеріп, инновациялық даму жолына түсуі тиіс.

Инновациялық даму жолына түсу дегеніміз білім беру жүйесінің үнемі жаңа технологиялардың даму қарқыны аясында болуын және жаңа әдістемелер мен нақты тәжірибені педагогикамен ұдайы ұштастыра отырып, ел экономикасына білікті мамандарды даярлауды және мемлекет азаматтарын тәрбиелеп шығаруды қамтамасыз ету болып табылады.

Бүгінде еліміздегі жоғары және орта оқу орындары, басқа да білім беру мекемелері нарықтық экономика жағдайында орын алатын қатаң бәсекелестікке түсіп отыр. Мемлекеттік тапсырыспен оқытумен (гранттар) қатар, Жоғары және орта оқу жүйесінде «ақылы оқу» және «кредиттік оқу»

түрлері де қалыптасып үлгерді. Осындай – қатаң нарық жағдайында инновациялық оқыту әдістемелерін білім беру ісіне толық әрі сапалы түрде енгізген оқу орындары ғана мемлекет пен қоғам тарапынан қойылатын талаптарға сай болып, оқушылар мен оқытушылардың әлеуметтік және құқықтық жағдайларының тұрақты болуын қамтамасыз ете алады.

Әрине, бұрынғы өзге құндылықтар аясында өскен аға буын өкілдеріне, ата-аналарға білім беру жүйесінде жасалып жатқан қарқынды өзгерістер түсініксіз болуы мүмкін. Сол себепті, көптеген адамдар жағдайдың өзгермеуін, тұрақты болуын қалайды. Алайда, нарықтық бәсекелестік білім беру жүйесін ғана емес, қоғам өмірін тұтас қамту үстінде екені анық. Ендеше өзгерістерден білім беру ісі де тысқары қала алмайды. Ал, оқу орындары бәсекелестікке төтеп беру үшін әлеуметтік сұранысты үнемі қанағаттандырып отыратын жағдайда болулары тиіс. Бұл инновациялық жетілдіру процесін іске асырмайынша мүмкін емес. Білім берудің сапасы осыған тікелей байланысты болып келеді. Қоғамның дамуы білім сапасына жаңа талаптар қояды. Ол талаптарды бұрынғы әдістермен шешу мүмкін емес. Сондықтан нарық жағдайында өзгерістерге бейімделе алған білім мекемелері ғана сұранысқа төтеп береді. Олай болмағанда – нарық оны ығыстырады.

Қазір ҒБМ нақты дерегі бойынша елімізде 888 техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері жұмыс істеуде. Әрине, білім беру мекемелері өздері оқытатын мамандықтарға сәйкес оқыту және үйрету процесіне инновациялық жаңалықтарды енгізуге әрекеттенуде. Бірақ енгізіліп

жатқан инновациялық жаңалықтардың көпшілігі жоғары жақтың нұсқауымен ену-де. Сондықтан, кейде бұл жаңа әдістемелер мамандандырылған білім берумен үйлеспей жататын фактілері кездеседі. Сол себепті инновациялық жаңа әдістемелерді енгізуде білім беру мекемесінің, онда қызмет атқаратын мамандардың кәсіби біліктілігіне сүйену аса қажет. Жергілікті мамандар министрлік тарапынан «басқару мен даму принциптері» ретінде ұсынылған әдістемелерді өз жағдайына бейімдеп, тиімділік тұрғысынан өзгерістер енгізіп отыруға тиісті. Яғни, оқытушылардың кәсіби шеберлігін жетілдіріп отыруға жетелейтін қызметтің педагогтар үшін маңызы зор. Әрине, Білім министрлігінің әдістемелік орталықтары еліміздегі жаңа тәжірибені жинақтап, жүйеге келтіріп, үлгі ретінде таратып және ақпараттандырып отыруы оңды құбылыс. Ол педагогтарға көп нәрсені жеңілдетеді. Бірақ оны әрбір оқу орнының ерекшеліктерін ескермей басшылыққа алудың зиянды жақтары да болатынын ескеру қажет.

Педагогтардың инновациялық қызметі өте күрделі және жан-жақты. Оның өзінің мазмұндық құрылымы: а) оқушы жастарды дамыту, олардың адами және кәсіби деңгейін жаңа сатыға көтеру; ә) жаңа тәрбие құралдарын жасау, игеру және қолданысқа енгізу; б) жаңа технологияны игеру және жаңа білімге қол жеткізу болып табылады. Инновациялық қызмет бір мақсатқа – білім беру мекемесінің нақты мәселелерін шешуге қызмет етеді. Оның нәтижесінде туындайтын жаңалықтар білім беру сапасын өзгертеді, ол өзгерістер «жаңа» немесе «жетілдірілген» болуы мүмкін. Бірақ инновациялық қызмет мақсат ретінде қалып қоймай, ең алдымен, «мақсатқа жету құралы» ретінде қабылдануы қажет. Сондықтан бұл процесс білім мекемесі басшылығының басқаруымен және бақылауымен жүзеге асқанда ғана тиімді.

Білім беру мекемесін инновациялық үрдіске көшірудің технологиялық негіздерін, яғни ұйымдастыру тәсілдерін меңгеру де маңызды мәселелер қатарына жатады – бұл процесті жүзеге асыру үшін педагогикалық ұжымды оған даярлау қажет. Ол мекеме басшыларынан көп күш-жігерді талап етеді. Біріншіден, инновациялық процесті жүзеге асыру үшін педагогикалық ұжымды оған дайындау, ынта-жігерін ояту, екіншіден оқу орнының техникалық мүмкіншілігін инновация талаптарына сәйкестендіру. Сонда ғана нақты нәтижеге қол жеткізуге болады.

Сонымен қатар, басшылыққа алынған іс-

шаралардың барлығы да ұжымдық сипатта болуы тиіс. Бұл ұжымды жұмылдыруға, оның шығармашылық әлеуетін ортақ мақсатқа жұмылдыруға оң ықпалын тигізеді.

1-кезең. Өзгерістер қажеттілігін білім беру мекемесінің басшылығы дер кезінде ұғып, болашақ идеялардың туындатушысы ролін өз мойындарына алуы. Әдетте, мұндай идеяны «басшылыққа алу» мекеме басшысының араласуымен жүзеге асады, өйткені, ол ұжымның заңды көшбасшысы саналады.

2-кезең. Идеяны жүзеге асырушы топты жасақтау. Оған алдымен мекеме басшылығындағы адамдар енеді. Өз кезегінде олар қатарына кәсіби-әдістемелік білігі жоғары, жаңа тұрғыда ойлауға қабілеті мол педагогтарды тарта бастайды.

3-кезең. Оқытушылардың инновациялық қызметке араласуына және оған дайын болуына қызығушылық тудыру. Мұндай қызығушылықты ұжымдағы педагогтардың кемінде төрттен бірі танытуы қажет. Өйткені, онсыз оқыту процесіне қандай да бір өзгерістер енгізу талабы ешқандай нәтиже бермейді. Себебі «төрттен бірі» деген мөлшер жаңа әдістемеге көшуді қамтамасыз етуге қабілетті ұжым түзілуінің ең төменгі деңгейі. Онсыз жаңа іске тәуекел етуге болмайды. Ал, оқытушыларды жаңа идеяға тарту, қызықтыру тетіктерін мекеме басшылығы өздері шешуі тиіс.

4-кезең. Идея жобасын нақтылау барысында тек қана осы мекемеге қатысты «мәселелер ауқымын» өте дәл анықтау.

5-кезең. Алынған нәтижелерді салыстыра отырып «басты мәселені» анықтау және жакын арадағы атқарылатын жұмыстардың тізімін белгілеу. Онда бастапқы болып білім беру әдістерін дамытуда аса маңызды саналатын мәселелер таңдалынып, оның мазмұнын, қажеттілігін бүкіл ұжымға түсіндірумен айналысу қажет. Бұл кезеңде болашақ инновациялық өзгерістердің бет-бейнесі қандай болары, қандай оқыту не одан тыс мәселелерді қамтитыны, олардың қайсысы басымдыққа ие екендігі айқындала бастайды. Сөйтіп, инновациялық бағытты айқындауға педагогикалық ұжым жаппай тартылады. Бұл педагогтардың қызметіне оң әсерін тигізіп, олардың шығармашылығына қозғау салатын шара. Осы кезеңде а) стратегиялық маңызы бар басқару жүйесіне қатысты мамандар іріктеледі; ә) шешімі оқу орнына тәуелді емес мәселелер тобы анықталады; б) инновацияға ықпал етуші өзге бағыттар анықталады. Мұнда әрекетті алғашқы мәселені шешуден бастаудың маңызды екендігін қайталап айту қажет деп ойлаймыз.

6-кезең. Нақты басшылық жобасын: жоспар мен бағдарламалар жасау.

7-кезең. Жүзеге асырыла бастаған әрбір қадамды мұқият бақылап отыру және оның қорытындысына сәйкес болашақ инновациялық басқару процесіне түзетулер енгізіп отыру.

Дамудың осы кезеңінде педагогикалық ұжымның инновациялық потенциалын арттыру механизмдері жетілдіріліп отырылады және педагогикалық ұжымның өзі де оқу орнындағы білім беруді дамытудың кепілі өздері екендігін ұғынулары тиіс. Сонымен, жұмысты осындай кезеңдерге бөлгенде оның ең маңыздысы 4-кезеңі болып табылады. Себебі, ол мәселені алдын ала дұрыс анықтап алмаған жағдайда – одан кейінгі барлық бастамалар зая кетуі мүмкін.

Оқу орнында жаңалыққа жаны құмар бастамашыл топтың болуы өте қажет әрі маңызды. Әдетте, мұндай жұмысты оқу орнының аса білікті тәжірибелі педагогтардың атқаратыны белгілі. Сондықтан кез келген ортада инновация білікті ұстаздарды топтастыру, ортақ мақсатқа біріктіруден бастау алады. Олардың бірлесе атқарған қызметі білім берудегі инновациялық өзгерістердің тірегіне және өзегіне айналады. Әрине, педагогтарға қойылатын ондай талаптар міндеттеу не жүктеу арқылы жүзеге аспайды. Оны жүзеге асыруға педагогтардың өздері ықыласты болулары тиіс. Ал, егер ол процеске студенттер мен олардың ата-аналары мүдделілік танытса – атқарылатын шаруаның жүгі әлдеқандай жеңілдей түседі. Шынында да, ізденбеген жерде ешбір мәселе тұмайтыны сияқты, егер осы мәселеде бастаманы мекеме басшылығы қолға алмаса – онда ешбір де жаңалық туралы сөз көтерілмес еді. Ендеше іске кірісер алдында мекеме басшылығы өз мүмкіндіктері мен инновациядан күтетін жетістіктерді, басқа да білім беру мекемелеріндегі осы бағыттағы тәжірибелерді зерттеп, талдап, електен өткізіп алулары қажет. Тек содан кейін ғана бастама көтерілуі тиіс. Онсыз, әсіресе – өз ерекшелігі мен мүмкіндіктерін дұрыс ұға алмаған ұжымның инновацияға баруы абсурд болып шығар еді. Бірақ бәсекелестікке төтеп беру үшін, оған баруға бәрібір мәжбүр. Ендеше инновациялық педагогикалық қызметті бастаудың өзін де қадам-қадаммен, алғашқы нәтижені келесі мәселенің іргесіне айналдыра отырып жүзеге асырған абзал.

1) Проблемалық идеяларды жинақтау сабақтарға қатысу, мамандықтар бойынша жаңалықтарды жинау, пікірлесу, анкеталар арқылы жүргізіледі.

2) Жинақталған материалдар іріктеліп, оның инновациялық мәселелері педагогикалық кеңестің талқысына салынып, ұжымдық тұрғыда шешімдер қабылданады.

3) Ұжымды алға қойған міндетті орындауға даярлау, ғылыми-техникалық конференция өткізу, педагогтарды даярлау курстарынан өткізу, әдістемелік оқулықтар жазу, шығару және басқа шаралар жүзеге асырылады.

4) Қазіргі кезде ел экономикасында мамандар тапшылығы пайда болуына байланысты студенттерді де бұл іске тарту. Олардың шығармашылық бастамаларын қолдау.

5) Оқу-тәрбие жұмысын түбегейлі қайта қарау. Мамандық пен азаматтық түсінікті жастардың бойына қатар сіңіру.

Инновациялық педагогикалық қызмет адам капиталын өндірудің тармағы болып табылады. Оның бөлігі ретінде ол процеске қатысушы жақтардың шығармашылық потенциалын атаймыз. Әлемдік және отандық педагогикалық тәжірибе бізге педагогикада шығармашылық бастаудың болуы қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Сондықтан онсыз педагогикада инновацияны жүзеге асыру мүмкін емес. Педагогиканың басты ерекшелігі де мынада: ол оның «объектісі» мен «өндірген өнімі» – Тұлға қалыптастыру екендігінде. Педагогика адамның бейнесін емес, Адамның өзін жасап шығуға міндеттенеді. Сол себепті, инновация негізі үш тұғырдың бір арнаға тоғысуына тәуелді. Ол тұғырлар: педагогтар, ата-аналар, студенттер. Сол «үш тұғыр» бір-бірімен толыққанды үйлесімде қызмет атқарса ғана педагогтардың инновациялық қызметі баянды болады.

**Мақпал АСАНОВА,
Алматы полиграфия
колледжінің әдіскері**

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2006.

Бөрібекова Ф., Жанатбекова, Қусанова А.А., И.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті. «Оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану ерекшеліктері» (<http://kaznmu.kz/press>)

Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.

В.С.Кукушкин. Педагогикалық технологиялар. Алматы.2002.

НӘПСІ МЕН НАЛА

Өткен 20-ғасырда экономикасы мен ғылым-техникасы қарыштап дамыған Америкада нарықтық мүддені көздейтін әмбебаб өнердің (Кино, теле сериял, эстрадалық музыка) төске өрлеп, өзге елдердіңде рухани кеңістігін жаулап, дәстүрлі өнерлерді (Әдебиет, театр, классикалық музыка) төрден ығыстырғаны белгілі. Егемен ел атанып, қызыл идеологияның бұғауынан құтылған біздің жадымызды жаңғыртып үлгерместен арзанқол әмбебаб өнердің, әмбебаб өнерді өзек еткен Америка мәдениетінің тұтқынына айналғанымыз анық аңғарылады. Кино, көркемөнер өкілдерін айтпағанда, саясат саханасындағылардың оның ішінде нәзік жандылардың тосын сөзі мен әрекеті де бүгінгі рухани хал күйімізді айшықтап тұрғандай. Экс депутат Бақыт Сыздықованың тоқал алуды заңдастырмақ болып қағынған ер әріптестерінен қалыспай, көп күйеуге тиюді ұсынғаны, билікпен араз Гүлжан Ерғалиеваның интернетте тырдай жалаңаш шешінгені жұрттың көз алдында. Аты мен заты қабыспайтын «Астарлы ақиқат» бағдарламасында Дина Төлепберген жынысын өзгерткендер, өлікпен ойнасқа түскендер жайында еш шімірікпей әңгімелейді. Атыс, шабыс, зорлық-зомбылық, зинақорлық, азғындық көріністерін бұрынғыдай Америка киносынан емес, күнделікті жаңалықтардан тамашалайтын болдық.

Сұлулықты, ахлақты, өскелең рухты әспеттейтін дәстүрлі мәдениеттен басты айырмасы, тобырлық әмбебаб мәдениет озық технологияға (нарықтық, жаһандық) арқа сүйеген, яғни, жоғары техника мен адамзаттың қанағатсыз індінінің өзара ұштасуынан пайда болған шаһуани мәдениет. Оның еліктіргіштігінің сыры озықтығында, көркемдік сапасында емес, керісінше, жауыздықтың қайнары болып табылатын нәпсіні бейнелеу объектісі етуінде, пенпелердің бейсанасын боямасыз суреттеуінде жатыр. Нәпсәуі түс алған рухани өнімдермен су-

сындап, тобырлық мәдениеттің бесігінде ержеткен тұлғаларда әрұждан жауапкершілігі болмайды. Американың экс президенті Бил Клинтонның ақ үйде ашына ойнауы, темір жұдырық Тайсынның әлем аруын зорлап түрмеден бір-ақ шыққаны, рок би патшасы Майкол Жексонның өспірім балаларға жыныстық зорлық жасады деп айыпталып, соттан көз ашпай кеткені, әнші Мадоннаның абиыр жапқышын лақтырып тастап, жалаңаш суреттер албомын шығарғаны соның дәлелі. Америка қоғамын жайлаған мұндай нәпсіқұмарлық тенденцияны өздерінің уәжі бойынша, Америкалық демократияның көрінісі, жыныс азаттығы қозғалысының жемісі деп түсіндіруге болғанмен, нәпсінің жетегінде кетуді азғындық санайтын шығыс жұртының, әсіресе, мұсылмандардың назасын, қарсылығын өршітетіні айдай ақиқат. Американың нөмері бірінші қасжауы болған Бен Ладен кезінде Америка киноларының әлем, сондай-ақ, мұсылман жастарын теріс жолға бастайтынын, сол үшін Америкалықтарға қарсы жиһат жариалағанын әлде неше рет мәлімдеген болатын. Американдық мәдениет пен діни ұшқары элементтердің арасындағы теке-тірестің ауыр ахуетке алып келгені «11 қыркүйек» оқиғасынан белгілі.

Америка мектеп аулаларында жиі жүз беретін, өзінің сыныптастарымен мұғалімдерін қанға бөктіріп, ата-анасын зар жылатқан «Бала рамболар» мен «Бала тенминаторлардың» іс-әрекеті де нәпсіні, жауыздықты жарнамалайтын Америка киноларының өскелең ұрпаққа тигізетін зардабының қанды көрінісі. Голливуд фильмдері қаһармандарының противі көркем әдебиеттен, «Америка әдебиетінің екі қошқары» Эрнест Хэмингуей мен Уилям Фолкнер кейіпкерлерінен бастау алады. Өз елінің осы заманғы мәдениетінде айрықша орны бар Хэмингуей кейіпкерлері өлімнен қорықпайтын жау жүрек,

мерген, ұрыс өнеріне жетік, қатын құмар, құмарпаз, тәуекелшіл болып келсе, ал, Фолкнер кейіпкерлері керісінше, жаны да, тәні де жараланып психикасы ауытқыған, рухани мүгедек тұлғалар. Біздің естігенде делебемізді қоздыратын, «Жау малын талап алған» қиялымыздағы батырларымызбен мүлдем кереғар.

Қазіргі ғаламтор жалпыласқан жаһандану дәуірінде, рухани қауіпсіздіктің өзектілігі, мемлекеттің тұтастығы мен орнықтылығын сақтаудың алғы шарты екені айтпасада түсінікті. Қазақстан билігінің кезінде бұл салада бейғамдық танытып, қолын мезгілінен кеш сермеп, соңынан қамданып, салдарымен күресіп жатқан жәйі бар. Ұлттық мүддені шығар түйін еткен идеялық, заңдық бақылаудың жоқтығынан рухани кеңістігімізді жат пиғылды діни секталар, ұлттық этикамызға қайшы Американдық құндылықтар мен Американдық қалыптан шыққан Ресейдің тобырлық мәдени өнімдері жаулап алған. Осы арада ашалап айтатын нәрсе, жат ағымдардың алдын алудағы шарасыздығымыздың басты себебі, мәселенің барлық түйіні қос тілділік саясатта жатыр. Ділімізді, ұлттық болмысымызды күйретуші рухани вирустардың басты тасымалдаушысы, әрине, орыс тілі. Мақаламыздың басында тілге тиек еткен Бақыт Сыздықова да, Гүлжан Ерғалиева да орысша білім алған, орысша түс көретіндер. «Астарлы ақиқатта» орысша бағдарламаның қазақша нұсқасы. Қазақтың арғы-бергі тарихын парактасак, кеңес заманындағы әсіре қызыл шығармаларды қоспағанда, ұлттық этикадан шыққан, дәстүрді белден басқан, тексіздікке ынталандыратын шығармалар атымен жоқ.

Қорыта келгенде қазірден бастап төменшектеген туған тілімізді, төл мәдениетімізді тұғырына қондырып, идеялық қорғанысымыздың ірге тасын бекемдемесек, жаһандық мәдениетке жұтылып кетуіміз бек мүмкін.

Есбол ҮСЕНҰЛЫ



Сықақшы
Толымбек
ӘЛІМБЕК-
ҰЛЫНЫҢ
әзіл-оспақ
беті

Толымбек ӘЛІМБЕКҰЛЫ

ӘЙЕЛ МЕН МАШИНА

Еркек үшін әйел мен машина
Бістық және жақын,
Екеуі де өмір.
Бірақ әйел – қатын,
Ал, машина – темір.
Ұқсайтыны – еркек
Екеуін де аялайды,
Екеуін де бағалайды.
Машинасынан
Ақшасын аямайды.
Өйткені оны айдайды,
Уақтылы күтіп,
Уақтылы майлайды.
Оның бір жақсы жері
Қайта-қайта ақша сұрап,
Алақанын жасаймайды.
Ал, әйел алған бетінен таймайды,
жүйкеңе ойнайды.
Берген сайын тоймайды.
Машина күн демейді,
Түн демейді,
Ақша бермесен үндемейді,
Кей кезде сілейіп
Кідіріп, тұрып қалады.
Ондай кезде еркек ашуланып,
Теуіп қалады, ұрып қалады –
Жауап жоқ,
бар айыбы сынып қалады.
Ал, әйелді соқпай-ақ қой,
Жәй әшейін түртіп қал.
Жолыққандай күртік қар
Қар бораған бұзық қабағы,
Өткен-кеткенді тізіп, табады,
Сенің қан қысымың
250-ге жеткенде ғана
Тыныш табады,
«Жедел жәрдем» әкеткен соң
Амалсыз аузын жабады.

Пародия

ТОЙ

Музыкасын ысқырттып,
Асабасын пыстыртып,
Тағы да бір Талтаңбай,
Ұлын жатыр піштіртіп...

Ханбибі Есенгараева,
«Әдебиет айдыны»,
№49, 04.12.08

«ПІШТІРУ» МЕН
«ПЫСТЫРУ»

Ажыратар ән, биді,
Ақын еді Ханбибі.
Мына сөзін оқып ап,
Қарап тұрып жан күйді.

Ауылданбыз, елденбіз,
Мал өсіріп көргенбіз.
Бұқа менен қошқарды,
«Піштіргенін» көргенбіз.

Оқыған соң «...айдынды»,
Көңіл сәл-пәл қайғырды:

Тамашалап тұрушы ек –
«Піштіргенде» айғырды.

Айтар болсақ шын бетке –
Дәстүрді біл – құрметте!
«Піштірмейді» баланы
Отырғызар сүндетке!

Оны еркектер білеміз,
Мәңгі ұмытпай жүреміз.
«Піштіру» мен «пыстыру» –
«Қандай сөз?» деп күлеміз.

Бөле-жармай бүтінді,
Сөз айтқан жөн ұтымды.
Білген дұрыс – «піштіру»,
Алып тастау тұқымды.

Қылмыс бар да – жаза бар,
Осы ой бізді мазалар.
«Піштіргенді» естіп ап,
Өкпелеп жүр Қожалар!

Жазғанымыз жала емес,
Жапқанымыз бәле емес.
«Піштіретін» Ханбибі
Еркек біткен мал емес!

ГИПЕРМАРКЕТ

«Тарлан»
сыйлығының иегері
ақын, драматург, сазгер
Исраил САПАРБАЙҒА

Сұлулыққа бас иіп,
құлдық ұрған,
Көңілдегі күдікті мұңды
қуған.
Жүрген жері сезімнің айдын
көлі –
Ойын-сауық,
Кездесу,
Жырлы думан.

Өлең де бар,
ән де бар, драмасы:
Жиынтығы өнердің –
құрамасы.
Поэзия дейтұғын ну
орманның
Эротика – өзгеше бір
ағашы.

Ғашық болып үйренген
бала жаста-ақ,
Сұлу көрсе қиырға ала
қашпақ.
Ну орманда өзгеше сол
ағашты

Өлеңімен келеді
жалаңаштап.

Әдебиетке бергені, алғаны
бар,
Қанжығада сыйлығы –
«Тарланы» бар.
Қол босында кетеді шар
қуалап,
Бильярдтан да бәйге алу –
арманы бар.

Қажымайды,
талмайды,
шаршамайды.
Өмірді ол отты өлең, ән
санайды.
Басы ауырар жыл сайын
концерт қойып,
Әнге бөлеп тұрмаса Кең
сарайды.

Оңға басып келетін ісі
дәйім,
Жалықпайтын жазудан –
күшті дайын.
Бар дүние ішінен табыла-
тын
Гипермаркет сияқты Исраил

ӘЙЕЛДЕР-АЙ,
ӘЙЕЛДЕР

Халықты әкім билейді,
Әкімді қатын билейді.

Еркекті ақылы билемеген
кезде қатыны билейді.

Көрікті әйел еркектің
көркін ғана сыйламайды,
бөркін сыйлайды.

Әйелдің ақылы мен ажа-
ры бір қазанға сыймай-
тын екі қошқардың басы
сияқты.

Қатында қанағат бол-
майды,
Қарақшыда шапағат бол-
майды.

Сиырдың тілі – нәрлі,
Әйелдің тілі – зәрлі.

Ата-бабаларымыз ерте-
ректе: «Әйелдің шашы –
ұзын, ақылы – қысқа» деп
қысқа тұжырым жасапты.
Қазір шаш қысқарып –
жота, етек қысқарып –
сұмдық, көйлек қысқарып –
кіндік көрініп жүр. Бұны
әйелдердің ақылының
«ұзарғаны», еркектердің
ұяттан беті қызарғаны деп
түсіну керек.

Әдетте әйелдерімізді
жартымыз дейміз. Жарты-
мыз болған соң ол – жар-
тымсыз, егер бүтініміз де-
сек, түтініміз ылғи да түзу
ұшар ма еді?...

Жеуге болмаса да –
май жақсы
Үйге қонбаса да –
бай жақсы.

«Есектің жүгі жеңілдеген
сайын жатаған болады» –
қатынның жүгі жеңілдеген
сайын «атаман» болады.

СОДЕРЖАНИЕ

Алдан Аимбетов. Нам не хватает чувства достоинства.
Н. А. Назарбаев. Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее.
Обращение Ассамблеи народа Казахстана к гражданам страны.
Самат Ескалиев. Послание, которое приведет к великим целям.
Гүлмира Султанбаева. Проблемы и будущее казахстанской «электронной демократии».
Жания Абдибек. Религия и традиция.
Зикрия Жандарбек. Традиции и обычаи являются генетическим кодом нации.
Амангелди Айталы. Чувство национализма, это хорошо или плохо? Безнационализм казах.
Сейлбек Мусатаев. Геополитика – это борьба между сильными странами.
Бауржан Момышулы. Мнение о казахском языке.
Жарас Сейтнур. Какой должна быть национальная элита?
Нурлыхан Калкаман. Почему погибло много казахов?
Мархабат Байгут. Залог успеха зависит от количества денег.
Шынгыс Ергобек. Интеграция это зависимость или выгода?
Досай Кенжетай. Отношение между религией и государством не стабильные.
Иген Аймен. Мысли насущного дня.
Дидакхмет Ашимхан. Профессор. Редактор. Корректор.
Гулбигаш Омарова. Казахстанский народ потерял своего уважаемого человека.
Гулбигаш Омарова. Пусть «Казахская правда» расскажет о казахской правде.
Акжол Калшабек. Смысл модернизма.
Гүлзия Прали. Современная казахская проза и традиции Аuezova.
Талгат Айтбай. Горькие слова приходят в состоянии досады.
Думан Рамазан. Везунчик.
Серик Ергали. Тюркский календарь: времена года.
Сауле Нуркеева. Показателем мастерства учителя является достижение ученика.
Кулимхан Жайшибекова. Актуальные проблемы семейного воспитания.
Бакыткул Акшалова. Область применения некоторых экономических терминов в казахском языке.
Берик Кудинев. Финансово-кредитная система Казахстана.
Макпал Асанова. Организация инновационной педагогической деятельности.
Похоть и горькое чувство обиды.
Толымбек Алимбекова. Сатирическая страница.

CONTENT

Aldan Aimbetov. We lack of self-esteem
Nursultan Nazarbayev. “Kazakhstan’s way-2050: Common goal, common interests, common future”
Address of the Assembly of People of Kazakhstan
Samat Yeskaliyev. The Address, that will lead to fulfillment of targets.
Gulmira Sultanbayeva. Problems and future of the “e-democracy” in Kazakhstan.
Zhania Abdibekov. Religion and tradition.
Zikria Zhandarbek. Traditions and custom are the genetic code of the nation.
Amangeldi Aitaly. Sense of nationalism, is it good or bad? Kazakh anationalism.
Seilbek Musatayev. Geopolitics is a struggle between powerful countries.
Baurzhan Momyshuly. Thoughts about the Kazakh language.
Zharas Seitnur. What is the national elite like?
Nurlykhan Kalkaman. Why did so many Kazakhs die?
Markhabat Baygut. The key to success depends on the amount of money.
Shyngys Ergobek. Is integration dependency or profitability?
Dosai Kenzhetai. The relationship between religion and state is not stable.
Iglik Aymen. Thoughts on mind
Didakhmet Ashimkhan. Professor. Editor. Proofreader.
Gulbigash Omarova. Kazakh people lost their respectable man
Gulbigash Omarova. Let the “Kazakhskaya pravda” depict the truth of Kazakhs.
Akzhol Kalshabek. Sense of modernism.
Gulziya Prali. Modern Kazakh prose and traditions of Auezov.
Talgat Aitbai. Frustration causes bitterness
Duman Ramazan. Lucky.
Serik Yergali. Turkic calendar: Seasons.
Saule Nurkeyeva. Indicator of teacher’s work is his students’ achievements.
Kulimkhan Zhaichibekova. Actual problems of family education.
Bakytkul Akshalova. Range of use of certain economic terms in the Kazakh language.
Berik Kudinov. Financial and credit system of Kazakhstan.
Makpal Assanova. Organization of innovative educational activities
Lust and mortification.
Tolymbek Alimbekov. Satirical page of

Редакцияның мекен-жайы: 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй, 6-қабат.

Байланыс телефоны: 394-42-63. **Факс:** 8 (7272) 394-37-62. **электронды адрес:** akikat1921@mail.ru
www.akikatkaz.kz

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2006 жылғы 4 маусымда № 7347-Ж куәлігі берілген. Журнал айына 1 рет шығады.

Басуға 25. 01. 2014 ж. қол қойылды. Көлемі 70х108 1/16. Қағазы газеттік. Офсеттік басылым. Есептік б. т. – 10.15. Таралымы Тапсырыс ?

Журнал редакцияның компьютерлік орталығында теріліп-беттеліп, «Дәуір» ЖШС-нің Республикалық полиграфиялық баспа комплексінде басылып шықты. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Гагарин даңғылы 93 а. Тел: 394-39-27, 394-39-24.

КОМПЬЮТЕРЛІК ОРТАЛЫҚ: *Техникалық редактор* – Гүлжан ОРАЗБАҚҚЫЗЫ, *Корректор* – Айгүл МАҚАТАЕВА, *Компьютер операторы* – Эльмира ЕРҒАЗИНА.

КЕЗЕКШІ РЕДАКТОР – Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ.

Мұқабаның бірінші бетінде: Қыс көрінісі

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, кері қайтармайды.

Журнал материалдары басқа басылымдарда көшіріліп басылса, «Ақиқатқа» сілтеме жасау міндетті.